

Алғысөз

Таңдаған EyeSight™ жүйесі бар SUBARU автокөлігіңіз құтты болсын. EyeSight жүйесі SUBARU жүргізушісіне көмектесетін су жаңа функцияларды қамтиды. Олардың ішінде бейімделетін круиз-контроль, алдағы автокөліктің жүре бастағаны туралы хабарландыру, қозғалыс жолағынан шығып кету мүмкіндігі туралы ескерту және жолақтағы қозғалыстың ауытқыуы туралы ескерту және т.б. бар. Бұлардың барлығы жүргізушіге шешім қабылдауға және жүргізу жайлылығы мен ыңғайлылығын арттыруға көмектесуге арналған. Егер EyeSight жүйесінің жұмыс істеу принципімен және әртүрлі функцияларымен таныс болмасаңыз, жүйені пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызға кеңес береміз. Сонымен бірге EyeSight жүйесімен және оның функцияларымен тыныш жағдайда іс жүзінде танысуға уақыт бөліңіз.

Есіңізде болсын: автокөлікті қауіпсіз басқару жауапкершілігі әрдайым жүргізушінің мойнында. Автокөлікті басқарғанда әрдайым өте мұқият болыңыз және EyeSight жүйесінің функцияларын пайдаланғанда бақылауды жоғалтпаңыз.

EyeSight жүйесі ешбір жағдайда жүргізушінің бөлсенді қатысуын алмастыра алмайды және белгілі бір қозғалыс жағдайларында тиімді істемеуі мүмкін.

Бұл брошюра SUBARU автокөлігіңіздің пайдалану нұсқаулығының қосымшасы ретінде берілген және EyeSight жүйесінің толық сипаттамасын қамтиды. Бұл құжаттар сізге автокөлігіңіздің функциялары мен оларды пайдалану туралы толық сипаттама береді.

Осы брошюрадағы ақпарат, техникалық сипаттамалар мен суреттер жариялау сәтінде жарамды. SUBARU CORPORATION кез келген уақытта алдын ала хабарламастан және бұған дейін сатылған автокөліктерге дәл осындай немесе осыған ұқсас өзгертулер енгізу бойынша қандай да бір міндеттемені өзіне қабылдамастан техникалық сипаттамаларды және конструкцияны өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Осы брошюраны пайдалану нұсқаулығымен бірге сақтап, оны автокөлік сатылған жағдайда автокөлікте қалдырыңыз. Онда берілген ақпарат көліктің келесі иесіне қажет болады.

SUBARU CORPORATION, ТОКИО, ЖАПОНИЯ

SUBARU және алты жұлдызды эмблема — SUBARU CORPORATION корпорациясының тіркелген сауда белгілері.

© SUBARU CORPORATION 2025

EyeSight

EyeSight жүйесі туралы.....	3
Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі.....	32
Бейімделетін круиз-контроль.....	83
Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль.....	111
Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі.....	141
Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші.....	165
Интеллектуалды жылдамдық шектегіші	174
Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы	185
Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі	196
Акселераторды апат алды басқару жүйесі.....	208
Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту.....	216
Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы	222
Алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау	227
Жол белгілерін тану жүйесі	229
EyeSight жүйесінің проекциялық дисплейі.....	243
Круиз-контроль	246
Интеллектуалды круиз-контроль.....	257
Ескертулер тізімі.....	271
EyeSight жүйесінің ақаулығы және уақытша өшірілуі.....	274
Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат.....	278
Баптауларды өзгерту	279
Хабарламалар экрандарының тізімі	287
Ақауларды іздеу және жою.....	292

EyeSight жүйесі туралы

EyeSight — жүргізушінің көмекші жүйесі, оның функциялары әлдеқайда қауіпсіз және жайлы жүргізуді қамтамасыз етуге және жүргізушінің шаршауын азайтуға бағытталған. EyeSight жүйесі камерадан алынған суреттерді пайдалана отырып, алдағы автокөлікті, кедергілерді, жол бойындағы сызықтар мен басқа да объектілерді табады. EyeSight жүйесінде алдыңғы және артқы радар датчиктері пайдаланылады. Олар алда көлденең бағытта жүріп бара жатқан, сондай-ақ автокөліктің артынан тақалған көлік құралдарын (мотоцикл мен велосипед жүргізушілерінен басқа) анықтауға арналған.

ЕСКЕРТУ

Қауіпсіз жүргізу жауапкершілігі жүргізушінің мойнында. Автокөлігіңіз EyeSight жүйесімен жабдықталғанына қарамастан, әрдайым барлық жол қозғалысы ережелері мен нормаларын сақтап жүріңіз. Алдағы автокөлікке дейінгі қауіпсіз қашықтықты әрқашан сақтаңыз, айналаға және қозғалыс жағдайларына назар аударып, қауіпсіз қашықтықты сақтау үшін қажетті іс-қимылдарды орындаңыз. Автокөлікті тек EyeSight жүйесіне сүйеніп басқаруға тырыспаңыз.

Ол тек шешім қабылдауға көмектеседі, апат катерін немесе зақымдануды азайтуға автокөлікті басқару кезінде жүргізушіге түсетін жүктемені азайтуға жәрдемдеседі.

EyeSight жүйесінің ескертулері қосылғанда, автокөлігіңіздің алдында не тұрғанына және сырттағы жағдайда назар аударып, қажетті шараларды қолданыңыз. Бұл жүйе нашар көріну жағдайында немесе өте қолайсыз ауа райында, сондай-ақ жүргізуші жолдағы және автокөлік айналасындағы жағдайға қарамағанда, қауіпті жүргізуден қорғау үшін автокөлігіңіздің қозғалысын сақтауға арналмаған, сонымен бірге жүйе кез келген жағдайда соқтығысудың алдын алуға қабілетті емес. Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі, автономды апаттық жағдайда рульді бұру функциясы немесе кез келген басқа функцияның ескертулері/хабарламалары пайда болғанда жүргізуші автокөлік айналасындағы жағдайды мұқият тексеріп, тиісті шараларды қолдануы керек. EyeSight жүйесінің нысандарды тану және түзеу әрекеттерін жасау мүмкіндіктері шектеулі. Жүйені пайдаланбас бұрын, міндетті түрде әр функцияның сипатымен танысып, оларды әрдайым дұрыс қолданыңыз. Дұрыс қолданбау салдары тиісті функцияларды істен шығарып, жол-көлік оқиғасының себебіне айналуы мүмкін.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

Әр функцияның сипаты мына беттерде берілген:

- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі: 31-бетті қараңыз.
- Бейімделетін круиз-контроль: 82-бетті қараңыз.
- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль: 110-бетті қараңыз.
- Қозғалыс жолағында ұстау функциясы: 140-бетті қараңыз.
- Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші: 164-бетті қараңыз.
- Интеллектуалды жылдамдық шектегіші: 173-бетті қараңыз.
- Қозғалыс жолағынан шығармау функциясы: 184-бетті қараңыз.
- Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі: 195-бетті қараңыз.
- Апат алдында акселераторды басқару жүйесі: 207-бетті қараңыз.
- Қозғалыс жолағынан шығу ықтималдығын ескерту функциясы: 215-бетті қараңыз.
- Қозғалыс жолағынан ауытқу туралы ескерту функциясы: 220-бетті қараңыз.
- Алдағы автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы ескерту функциясы: 225-бетті қараңыз.
- Жол белгілерін тану функциясы: 227-бетті қараңыз.
- Круиз-контроль: 245-бетті қараңыз.
- Интеллектуалды круиз-контроль: 256-бетті қараңыз.

Басқару құралдары оң жақта орналасқан автокөліктерінде EyeSight жүйесі жолдың сол жағымен жүруге бапталған. Алайда Driving Lane Customize («Қозғалыс жолағының баптауларын өзгерту») мәзір тармағындағы тиісті параметрді таңдап, жүйені оң жақтағы қозғалыс үшін қайта баптауға болады. *

⇒277-бет:

Қозғалыс бағытының таңдалған баптауы жолдағы автокөліктің нақты орналасу жағдайына сай келмесе, EyeSight жүйесінің функциялары толығымен қолжетімді болмауы мүмкін.

***: Басқару құралдары оң және сол жақта орналасқан автокөліктер арасындағы ерекше айырмашылықтар әсер ететін сипаттамалар мен баптауларды өзгертуге болмайды.**

- Жүйе төменде берілген жағдайлар кезінде дұрыс істемеуі мүмкін. Осы жағдайлар туындағанда автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін ажыратып қойыңыз. Одан басқа, мұндай жағдайларда бейімделетін круиз-контрольді, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді, қозғалыс жолағында ұстау функциясын, қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін, интеллектуалды жылдамдық шектегішін, қозғалыс жолағынан шығармау функциясын, төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін, круиз-контрольді немесе интеллектуалды круиз-контрольді пайдаланбаңыз.
 - Шиналардағы ауа қысымы нормаға сай емес. *1
 - Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек орнатылған. *1
 - Өркелкі тозған шиналар орнатылған. *1
 - Ұсынылмаған өлшемдегі шиналар орнатылған. *1
 - Ауасы шыққан шина, шина жөндеу жинақтамасымен жөнделген дөңгелек пайдаланылып тұр.
 - Аспа конструкциясы өзгертілген (соның ішінде жетілдірілген түпнұсқа SUBARU аспасы).

Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автокөлікте камераның шолу аймағын кішірейтетін немесе бүркемелейтін зат орнатылып тұр.
 - Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
 - Фаралар кірлеген (қар, мұз немесе балшық). (Нысандар дұрыс жарықтандырылып тұрған жоқ, сондықтан оларды тану қиын.)
 - Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі бұзылған. (Нысандар дұрыс жарықтандырылып тұрған жоқ, сондықтан оларды тану қиын.)
 - Жарықтандыру жүйесі, соның ішінде фаралар мен тұман фаралары өзгертілген.
 - Автокөлік апатқа ұшырағандықтан немесе ақау пайда болғандықтан автокөліктің бағыт тұрақтылығы бұзылған.
 - Тежеу жүйесінің бақылау шамы жанып тұр (қызыл). *2
 - Автокөлікке жүк біркелкі тиелмегендіктен немесе басқа факторларға байланысты шанақ қалпы әдеттегіден өзгеше.
 - Жолаушылардың максималды саны шамадан асты.
 - Аспаптар тақтасы дұрыс істемей тұр. Мысалы, бақылау шамдары мен индикаторлар жанбайды, дыбыстық ескертулер естілмейді, дисплей әдеттегіден өзгеше және т.б. *3
 - Жүйе мынадай жағдайларда дұрыс істей алмайды. Бейімделетін круиз-контрольді, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді, қозғалыс жолағында ұстау функциясын, қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін, интеллектуалды жылдамдық шектегішін, қозғалыс жолағынан шығармау функциясын, төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін, бейімделмейтін круиз-контрольді немесе интеллектуалды круиз-контрольді пайдаланбаңыз.
 - Дөңгелектердің теңгерімі бұзылған (мысалы, теңгергіш жүк жоғалған немесе жылжып кеткен және т.с.с.). *1
 - Дөңгелектерді орнату бұрыштары бұзылған. *1
 - Тіркеме, басқа автокөлік сүйреуге алынған және т. б.
 - Жүйе мынадай жағдайларда дұрыс істемеуі мүмкін. Қозғалыс жолағында ұстау, қозғалыс жолағынан шығармау функциясын немесе төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін пайдаланбаңыз.
 - Рульде қалыптан тыс діріл сезіледі және рульді бұру әдеттегіге қарағанда ауырлау.
 - Руль түпнұсқа емес SUBARU руліне ауыстырылды.
- *1: дөңгелектер мен шиналар маңызды функцияларды атқарады. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды пайдаланыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.
- *2: Егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.
- *3: аспаптар тақтасы туралы толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.


ЕСКЕРТУ

- Видеокамераның мүмкіндіктері адам көзінің қасиеттеріне ұқсас. Сондықтан, жүргізуші үшін көру мүмкіндігі қиындағанда, жүйенің көлік құралдарын, кедергілерді және қозғалыс жолақтарын анықтау кезінде камералардың да жұмысы қиындай түседі.
- EyeSight жүйесінің анықтауы камераның көру және алдыңғы радар датчиктерінің аймағындағы нысандармен шектеледі. Оған қоса, нысан камераның және алдыңғы радар датчиктерінің тану аймағына түскенде, жүйеге оны мақсатты нысан ретінде танып, жүргізушіге ескерту үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін.

Стереокамераның шолу аймағының диапазон үлгісі.



Кең бұрышты монокуляр камераның шолу аймағының диапазон үлгісі.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Төменде көрсетілген жағдайларда жүйе алдағы автокөлікті, мотоцикл, велосипед жүргізушілерін, жаяу жүргіншілерді және жолдағы кедергілерді, сондай-ақ қозғалыс жолағын шектейтін жолдағы сызықтарды әрең анықтайды. Оған қоса, EyeSight жүйесі уақытша ажыратылуы мүмкін. Оның жұмысы көру мүмкіндігі жақсарып, автокөлік қозғала бастағанда қалыпқа келеді.
 - Қолайсыз ауа райы (мысалы, нөсер жауын, бұрқасын жел немесе қалың тұман). Көбінесе, алдыңғы әйнекте май үлдірі болса, зауыттық емес үлдір жапсырылса немесе тозған әйнектазартқыш щеткалар пайдаланылып тұрса, жүйе уақытша өшіп қалуы мүмкін.
 - Камераның объективіне қарсыдан күшті жарық түсіп тұр (күн жарығы немесе қарсы бағыттағы көліктің фара сәулелері және т.б.).
 - Алдыңғы әйнек жуғыш істеп тұр.
 - Жаңбыр, су тамшылары немесе балшық алдыңғы әйнектен дұрыс тазартылмайды.
 - Әйнек буланғанда, алдыңғы әйнекте қар, балшық, қырау, шаң, сызат немесе дақ тұрғанда немесе балшық тамшыларына жарық шағылысқанда туындайтын әсерлерден және т.б. камера жұмысының тиімділігі нашарлайды.
 - Автокөлікке жүк біркелкі тиелмегендіктен немесе басқа факторларға байланысты шанақ қалпы әдеттегіден өзгеше.
 - Жел соққанда шашырайтын құм, түтін немесе су буынан; алдағы автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысынан пайда болатын су, қар, балшық немесе шаң шашырандыларынан көру мүмкіндігі нашарлаған.
 - Камераның шолу аймағы шектелген (мысалы, автокөліктің төбесіндегі жүксалғышына өлшемі ұзын зат тиелгендіктен).
 - Туннельге кіргенде не одан шыққанда.
 - Алдағы автокөліктің артқы бөлігі төмен, өлшемі кішкентай немесе тегіс емес (мысалы, рамасы төмен тіркеме және т.б.).
 - Алда кедергі бар – суреті біртекті немесе суретсіз қоршау, қабырға, бағандар және т.б. (жолақтар, кірпіш қабырға және т.б.).
 - Алда әйнек қабырға, есік немесе шағылысатын әйнек түріндегі кедергі.
 - Түнде немесе туннель ішінде артқы шамдары қосылмаған автокөлік алда жүріп бара жатқанда.
 - Баннер немесе ту қасынан өткенде; ағаштардың төмен бұтақтарынан немесе қалың/биік бұталардан, шөптен және т.с.с. өткенде.
 - Тік өрде және еңісте.
 - Автокөлік айналасында толығымен қараңғы болғанда ешбір нысан анықталмайды.
 - Автокөлік айналасында біртекті түсте болғанда (мысалы, айналаны қар басқанда және т.с.с. кезде).
 - Алдыңғы әйнекте пайда болатын шағылысу салдарынан дәл анықтау мүмкін емес.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Төменде көрсетілген жағдайларда EyeSight жүйесі уақытша ажыратылып қалуы мүмкін. Жағдай жақсарғанда ол қайтадан іске қосылады.
 - Алдыңғы әйнектің стереокамера алдындағы ішкі не сыртқы беті кірлеген не буланған.
 - Автокөлік салонында жоғары температура, мысалы, автокөлік күн астында қалып қойғанда немесе төмен температура, мысалы, автокөлік көп уақыт бойы қатты аязда тұрып қалғанда.
 - Қозғалтқышты оталған соң бірден
- Төменде көрсетілген жағдайларда жүйенің автокөліктерді, мотоцикл, велосипед жүргізушілерін, жаяу жүргіншілерді, жолдағы кедергілерді, автокөлік алдындағы бойлық таңба сызықтарын және т.б. анықтауы қиындайды. Мұндай жағдайларда EyeSight жүйесі уақытша ажырап қалуы мүмкін. Егер EyeSight жүйесі жиі әрі еш себепсіз ажыратыла беретін болса, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
 - Камера объективі балшықтан немесе шаңнан кірлеген.
 - Камераның күйі автокөлік кедергіге соқтығысқандықтан бұзылған
 - Автокөлік ұзақ уақыт бойы (мысалы, 1 не одан көп жыл) пайдаланылмай тұрды.
- EyeSight жүйесінде ақау пайда болғанда автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін, қозғалыс жолағынан шығармау функциясын, төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін ажыратып қойыңыз, сондай-ақ бейімделетін круиз-контрольді, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді, қозғалыс жолағында ұстау функциясын, қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін, интеллектуалды жылдамдық шектегішін, бейімделмейтін круиз-контрольді және интеллектуалды круиз-контрольді пайдалануды тоқтатыңыз. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. ⇒ 277-бет
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің бақылау шамы жанса (Vehicle Dynamics Control), автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл шам жанып тұрса, автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін өшіріп қойыңыз. Сонымен бірге бейімделетін круиз-контрольді, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді, қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін, интеллектуалды жылдамдық шектегішін, бейімделмейтін круиз-контрольді және интеллектуалды круиз-контрольді пайдалануды тоқтатыңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғанда, EyeSight жүйесінде ақау болғанда немесе ол нашар көріну жағдайына байланысты немесе камераның қалпы / бұрышы сәйкес болмағандықтан уақытша ажырағанда, автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі іске қосылғанда немесе «Кедергі анықталды» (Obstacle Detected) ескертуі шығып, алда көлденең бағытта жүріп бара жатқан автокөлік болғанда тежеу кезінде EyeSight жүйесінде мынадай деректер жазылып, сақталады. Жазу құрылғысы әңгімелерді немесе басқа да аудиодеректерді жазбайды.
 - Стереокамерадан алынған деректер
 - Кең бұрышты монокуляр камерадан алынған деректер
 - Алдағы автокөлікке дейінгі қашықтық
 - Автокөлік жылдамдығы
 - Рульдің бұрылу бұрышы
 - Қозғалыс бағытына қатысты көлденең қозғалыс
 - Акселератор педалінің күйі
 - Тежегіш педалінің күйі
 - Селектор тұтқасының күйі
 - Одометр көрсеткіші
 - ABS функцияларына қатысты деректер, автокөлік динамикасын басқару жүйелері және бос айнарудан сақтау жүйесі
 - Алдыңғы радар датчиктері туралы ақпарат
 - Пайда болған уақыты
- SUBARU компаниясы және SUBARU компаниясымен келісімшарт жасасқан үшінші тұлғалар автокөліктерді зерттеу және жасау сапасын арттыру мақсатында сақталған деректерді алуға және пайдалануға құқылы. Төменде келтірілген жағдайларды қоспағанда, SUBARU компаниясы және SUBARU компаниясымен келісімшарт жасасқан үшінші тұлғалар жиналған деректерді ешбір үшінші тарапқа жария етпейді және бәрмейді.
 - Автокөлік иесінің және егер автокөлік жалға/лизингке алынған болса, жалға алушының келісімі бойынша.
 - Ақпаратты ашу/беру сот қаулысы немесе басқа да заңды маңызы бар сұрау салу негізінде жүзеге асырылады.
 - Пайдаланушы мен автокөлікті сәйкестендіру мүмкін болмайтындай етіп өзгертілген деректер зерттеу институтына статистикалық өңдеу және басқа да осыған ұқсас мақсаттар үшін беріледі.

Камераны қолдану

Стереокамера мен кең бұрышты монокуляр камера алдыңғы әйнекке орнатылады.




ЕСКЕРТУ

- Камера объективте кір болмауын қадағалайды. Алайда бұл кезде ол 100 % дәл анықтай алмайды.
Кейбір жағдайларда бұл функция камера объективіндегі кірлерді, ағу іздерін және т.с.с. дәл анықтамауы мүмкін. Оған қоса, бұл функция алдыңғы әйнектегі камера маңында қардың немесе мұздың болуын анықтай алмайды. Мұндай жағдайларда алдыңғы әйнектің тазалығын сақтап отыру қажет (көрсетіледі **A**). Кері жағдайда, жүйе дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл функция стереокамера объективінде кірлердің, ағу іздерінің және т.с.с. бар екенін анықтаса, қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішінен немесе круиз-контрольден басқа, EyeSight жүйесінің ешбір функциясы пайдаланыла алмайды.
- Камера объективтерінің айналасындағы аймақ кірлесе, алдыңғы әйнекті өзіңіз тазалауға тырыспаңыз. Автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Камера объективтері – өте дәл құрамдас бөліктер. Камера объективі айналасындағы аймақта жұмыс істегенде мынадай сақтық шараларды сақтаңыз.
 - Камера объективін қолмен ұстаушы болмаңыз. Сонымен бірге объективті тазалаушы болмаңыз. Объективке абайсызда тиіп кетсеңіз, міндетті түрде SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
 - Алдыңғы әйнектің ішкі жағында камера қақпағының айналасын тазалағанда тазалау құралдарын алдыңғы әйнекке тікелей бүркуші болмаңыз. Оның орнына тазартқыш құралды матаға бүркіп, содан кейін алдыңғы әйнекті сүртіңіз.
 - Камераға күшті соққы тигізбеңіз.
 - Камераны шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.
 - Камераның орнын ауыстырмаңыз және айналасындағы конструкцияны да өзгертпеңіз.
- Камера қызса, салқындату желдеткіші қосылуы мүмкін. Камера корпусының қақпағындағы желдету саңылауларын жаппаңыз. Сонымен бірге желдету саңылауларына ешнәрсе тықпаңыз. Бұл камера модулінің зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Камера қақпағына тиеңіз, өйткені ол камера модулінен бөлінетін жылудан ыстық болуы мүмкін.
- Егер камера қақпағына соққы тисе, қатты қысым түссе немесе ол басқа да әсерлерге ұшыраса, EyeSight жүйесінің функциясы дұрыс істемеуі мүмкін.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- SUBARU компаниясы көрсеткеннен басқа ешқандай аксессуарларды төмендегі суретте сұр түспен көрсетілген тыйым салынған (1) және (2) аймақтарға, оның ішінде алдыңғы әйнек (сырты және іші), ішкі артқы көрініс айнасы, камера модулінің корпусындағы қақпаққа және алдыңғы панельдің жоғарғы бөлігіне орнатушы болмаңыз.
- Тіпті, кейбір аксессуарлар тыйым салынған аймақтан тыс жерде орнатылып тұрса да, жарықтың шағылысуына немесе қандай да бір заттардың болуына байланысты EyeSight жүйесінің жұмысында ақаулар пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда аксессуарлардың орындарын ауыстырыңыз. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Алдыңғы әйнекке (ішінен не сыртынан) ешқандай жапсырмалар немесе аксессуарлар орналастырмаңыз. Егер мұны істеуге міндетті болсаңыз (мысалы, заң талабы бойынша немесе жолақысын алу жүйесінің электрондық таңбасын орнату қажет болғанда), суретте сұр түспен көрсетілген (1) аймаққа жоламаңыз. Әйтпесе, камераның шолу аймағына кері әсерін тигізуі және жүйенің дұрыс істемеуіне алып келуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- (2) аймаққа (сұр түспен көрсетілген) ешқандай затты орналастырмаңыз. Алдыңғы әйнектегі шағылысу бейнелерінің салдарынан камера объектілерді дұрыс анықтамауы, ал EyeSight жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Алдыңғы панельдің жоғарғы бөлігін химиялық заттармен немесе басқа да заттармен жылтыратпаңыз. Алдыңғы әйнектегі шағылысу бейнелерінің салдарынан камера объектілерді дұрыс анықтамауы, ал EyeSight жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін.



- Алдыңғы әйнектазалағыштың түпнұсқа SUBARU щеткаларынан басқа ешқандай щеткаларды орнатпаңыз. Бұл камераның шолу бұрышына әсер етуі мүмкін және EyeSight жүйесінің дұрыс істеуіне кедергі келтіруі ықтимал.


Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Зақымдалған щеткаларды немесе алдыңғы әйнектазалағыш щеткаларының тозған қырғыштарын барынша тез жаңасына ауыстырыңыз. Зақымдалған немесе тозған әйнектазалағыш щеткаларын пайдалану салдарынан алдыңғы әйнекте жолақтар пайда болуы мүмкін. Алдыңғы әйнектегі шағылысу бейнелерінің салдарынан камера объектілерді дәл анықтамауы, ал EyeSight жүйесі алдыңғы әйнекте түзілген айғыздың немесе тамшылардың салдарынан дұрыс істемеуі мүмкін.

- Автокөліктің алдыңғы бөлігіне, мысалы капотқа немесе радиатор торына ешбір аксессуарды орнатпаңыз. Бұл камераның шолу аймағына теріс әсерін тигізіп, көмекші жүйелер дұрыс істемеуі мүмкін.

- Төбедегі жүксалғышта тасымалданатын заттар камераның шолу аймағына кедергі келтірмейтінін тексеріп алыңыз. Бұл жүйенің жұмысын бұзуы мүмкін. Толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.



- Алдыңғы әйнектің тазалығын үнемі қадағалап отырыңыз (сыртын және ішін). Егер алдыңғы әйнек буланып кетсе, оның бетінде кірдің ізі немесе май үлдірі болса, камера нысандарды дәл анықтамауы, ал EyeSight жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін. Орталық дефлекторға ешқандай құрылғыны немесе аксессуарды орнатпаңыз, өйткені ауа ағынының кез келген өзгерісі EyeSight жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

- Алдыңғы әйнекті тазалаған кезде әйнектерді сұрту үшін ешқандай құралды пайдаланбаңыз. Бұл жүйенің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.

- Алдыңғы әйнекке үлдір немесе әйнектің қосымша қабатын орнатушы болмаңыз. Жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.

- Егер алдыңғы әйнекте сызаттар мен жарықтар пайда болса, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Алдыңғы әйнекті ауыстыру немесе жөндеу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Түпнұсқа SUBARU алдыңғы әйнегінен өзгеше алдыңғы әйнекті орнатпаңыз. Камера нысандарды дәл анықтамауы, ал EyeSight жүйесі дұрыс істемеуі мүмкін.

Радар датчиктерімен жұмыс істеу

Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

EyeSight жүйесінің функциялары

EyeSight жүйесіне келесі функциялар кіреді.

Қозғалтқыш өшіп тұрғанда EyeSight жүйесі істемейді (тек қозғалтқыш автоматты старт-стоп жүйесімен тоқтатылмаса).

■ Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі

Бұл жүйе істегенде қашықтықтың қауіпті қысқарғаны туралы ескертетін функция пайдаланылады, ол жүргізушіге автокөлік алдында тұрған кедергіге соқтығысудың алдын алу қажеттігі туралы ескертеді (басқа автокөлік, мотоцикл, велосипед жүргізушісі, жаяу жүргінші және т.б.). Егер жүргізуші соқтығысудың алдын алуға еш шара қолданбаса, автокөліктің соқтығысу кезіндегі зақымдану қаупін азайту үшін немесе мүмкін болса, соқтығысуға толық жол бермеу үшін автокөлік автоматты түрде тежеледі.

⇒31-бет:

Автономды апаттық руль бұру жүйесі

Бұл жүйенің көмегімен жүргізуші алдағы автокөлікке, мотоцикл, велосипед жүргізушісіне немесе жаяу жүргіншіге соқтығысу мүмкіндігі туралы ескерту алады. Жүргізуші соқтығысуды болдырмауға қатысты еш шара қолданбаса, кедергіні айналып өту үшін рульді басқару функциясы автоматты түрде іске қосылады.

⇒52-бет:

Алдағы жол қиылысында тежеу

Бұл функция жүргізушіге автокөлік алдындағы көлік құралына (мотоцикл мен велосипед жүргізушілерінен басқа) соқтығысуды болдырмау қажеттігі туралы ескертеді. Егер жүргізуші соқтығысудың алдын алуға еш шара қолданбаса, автокөліктің соқтығысу кезіндегі зақымдану қаупін азайту үшін немесе мүмкін болса, соқтығысуға толық жол бермеу үшін автокөлік автоматты түрде тежеледі.

⇒63-бет:

■ Жетілдірілген бейімделетін круиз-контроль (AACC)

Жетілдірілген бейімделетін круиз-контроль — жүргізушіге автомагистральда жүруге көмектесуге арналған қозғалысты сақтау функциясы (соның ішінде кептеліс жағдайында және жоғары жылдамдықпен жүргенде). Бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, сондай-ақ бейімделетін круиз-контрольмен немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольмен бірге жұмыс істейтін жолаққа ұстау функциясы дроссель жапқышын, тежеу жүйесін және рульді автоматты түрде басқару арқылы автокөлікті басқаруға көмектесу үшін пайдаланылады.

Бейімделетін круиз-контроль

Бұл функция жүргізуші қолмен орнатқан автокөліктің белгіленген жылдамдығын сақтайды. Егер сол жолақпен сіздің автокөлігіңіздің алдында басқа автокөлік қозғалып бара жатса, сіздің автокөлігіңіз сіз орнатқан жылдамдық диапазонында сол автокөлік артынан ілесіп отырады.

⇒82-бет:

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль

Бұл функция автокөліктің белгіленген жылдамдығын сақтайды, ол танылған жол белгілеріне сәйкес автоматты түрде орнатылады. Егер сол жолақпен сіздің автокөлігіңіздің алдында басқа автокөлік қозғалып бара жатса, сіздің автокөлігіңіз сіз орнатқан жылдамдық диапазонында сол автокөлік артынан ілесіп отырады. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қоспай тұрып, автокөліктің белгіленген жылдамдығын жүргізуші қолмен орнатуы керек.

⇒110-бет:

Жүру жолағында ұстау функциясы

Жол бойындағы таңбаларды (мысалы, ақ түсті), жылдамдығы жоғары автомагистральдарда жүргенде шектеуші жүру жолақтарын тани отырып, жүргізушіге түсетін жүктемені азайтып, автокөлікті жүру жолағының ортасында ұстайды. Жүру жолағында ұстау функциясы бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосулы болған кезде іске қосылады.

⇒140-бет:

■ Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші

Автокөлік жылдамдығын автокөліктің жүргізуші қолмен орнатқан жылдамдықтан аспайтын жылдамдықпен жүретіндей етіп бақылауда ұстайды.

⇒164-бет:

■ Интеллектуалды жылдамдық шектегіші

Автокөлік жылдамдығын автокөліктің жол белгілерін анықтау функциясы арқылы автоматты түрде орнатылатын жылдамдықтан аспайтын жылдамдықпен жүретіндей етіп бақылауда ұстайды. Жүргізуші интеллектуалды жылдамдық шектегішін іске қоспай тұрып, автокөліктің жүру жылдамдығын қолмен орнатуға тиіс.

⇒173-бет:

■ Жүру жолағында ұстау функциясы

Жылдамдығы жоғары тасжолдармен, автострадалармен немесе автомагистральдармен жүргенде бұл жүйе жол бойында сызылған таңбалар мен жолдың шекарасын анықтап отырады. Автокөлік жүру жолағының сыртына шығып кететін кезде жүйе автоматты түрде рульді бұру арқылы оның алдын алады.

⇒184-бет:

■ Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі

Автокөліктің жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан шығып кету ықтималдығы болса, көршілес жолақта жолай немесе қарсы бағыттағы көлік құралы қозғалып келе жатқанда, жүйе рульді басқару арқылы автокөлікті автоматты түрде қарсы жаққа бағыттап, соқтығысудың алдын алады.

⇒195-бет:

■ Акселераторды апат алды басқару жүйесі

Селектор иінтірегінің күйі дұрыс болмауынан немесе акселератор педалінің кездейсоқ басылуынан немесе тым қатты басылуынан болатын автокөлігіңіздің кездейсоқ жылжып кету мүмкіндігін азайтады.

⇒207-бет:

■ Қозғалыс жолағынан шығу ықтималдығы туралы ескертетін функция

Бұл функция көмегімен жүргізуші автокөліктің қозғалыс жолағынан шығу ықтималдығы туралы ескерту алады.

⇒215-бет:

■ Жолақпен жүруден ауытқу туралы ескерту

Бұл функция жүргізушіге жүргізушінің шаршауы, жолға зейін қоя алмауы, мұқиятсыздық, қарсы соққан қатты жел немесе басқа факторлардың салдарынан автокөлік жолақпен жүргенде бір жаққа едеуір жылжып бара жатқаны туралы ескертеді.

⇒220-бет:

■ Алдағы автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау

Бұл функция алда тоқтаған автокөлік қозғала бастап, ал сіздің автокөлігіңіз қозғалыссыз қалған кезде жүргізушіге хабар береді.

⇒225-бет:

■ Жол белгілерін тану функциясы

Функция жұмысы стереокамераға негізделген, ол жол белгілерін тауып, анықтап тұрады. Жылдамдықты шектеу белгілерін немесе автокөлігіңіз келе жатқан жолаққа қатысты қолданылатын басқа да шектеулерді анықтағанда, аспаптар тақтасының дисплейінде жол белгісінің символы көрсетіледі.

⇒227-бет:

■ Круиз-контроль

Бұл жүйе жүргізуші қолмен орнатқан автокөліктің белгіленген жылдамдығын сақтайды. Бұл режимде алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты сақтау функциясы істемейді. Бұл жүйе EyeSight жүйесі уақытша ажыратылып тұрғанда да пайдаланылады (⇒ 273-бет). Сонымен бірге ол бейімделетін круиз-контроль режимінен круиз-контроль режиміне ауыстырылғанда да пайдаланылады.



⇒245-бет:

■ Интеллектуалды круиз-контроль

Бұл функция автокөліктің белгіленген жылдамдығын сақтайды, ол танылған жол белгілеріне сәйкес автоматты түрде орнатылады. Жүргізуші интеллектуалды круиз-контрольді іске қоспай тұрып, автокөліктің белгіленген қозғалыс жылдамдығын қолмен орнатуға тиіс. Бұл режимде алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты сақтау функциясы істемейді. Бұл режим бейімделетін интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль режимінен интеллектуалды круиз-контроль режиміне ауыстырылғанда да іске қосылады.

⇒256-бет:

Аспаптар тақтасы



H02308

Өлшем бірліктерін экран баптауларында өзгертуге болады. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

(1)		<p>Алда автокөліктің бар екенін білдіретін индикатор</p> <p>Бұл индикатор круиз-контроль* қосулы немесе старт-стоп функциясы қосулы кезде алда кетіп бара жатқан автокөлікті анықтағанда жанады.</p> <p>⇒90, 118-бет:</p> <p>*: Бейімделетін круиз-контроль және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль</p>
(2)		<p>Қозғалыс жолағында ұстау үшін алда автокөліктің бар екенін білдіретін индикатор</p> <p>Бұл индикатор қозғалыс жолағында ұстау функциясы алда кетіп бара жатқан автокөлікті анықтағанда дисплейде пайда болады.</p>
(3)		<p>Дистанцияны таңдау индикаторы</p> <p>Бұл индикатор  /  ауыстырып қосқыш көмегімен орнатылған алда кетіп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық шамасын шартты түрде көрсетеді.</p> <p>⇒98, 128-бет:</p>
(4)		<p>Қозғалыс жолағының индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жүру жолағында ұстау функциясы жүру жолағының бойлық белгі сызықтарын анықтағанда көк түспен бойлық белгі сызықтарын білдіретін оң және сол жақ сызықтар немесе бір ғана сызық жарықтандырылады. • Жүру жолағында ұстау функциясы қосулы кезде автокөліктің жолақтан шығып кету ықтималдығы болса, автокөлік қиып кетуі мүмкін сызық суреті сары түспен жыпылықтайды. • Белгі сызықтарының суреті жүру жолағынан шығармау және жүру жолағынан шығу ықтималдығы туралы ескерту функциясы қосулы кезде жарықтандырылады. • Оң және сол немесе бір ғана бойлық белгі сызығы жүру жолағында ұстау функциясы жүру жолағының бойлық белгі сызықтарын анықтағанда ақ түспен көрсетіледі. • Бойлық белгінің сызықтарын көрсету жүру жолағынан шығармау функциясы қосылған жағында сары түспен жарықтандырылады. <p>⇒148, 153 және 190-бет:</p>
(5)		<p>Сіздің автокөлігіңіздің индикаторы</p> <p>Тежеліш педалінің басқанда стоп-сигнал суреті аспаптар тақтасының дисплейінде қызыл түспен жанады</p>

(6)		<p>Жол белгілерінің индикаторы. Бұл индикаторда анықталған жылдамдық шектеу белгілері мен басқа да жол белгілері көрсетіледі. ⇒227-бет:</p>
(7)	<p>Автокөліктің қазіргі жылдамдығы Автокөлігіңіздің қазіргі жылдамдығы көрсетіледі.</p>	
(8)	<p>Автокөліктің белгіленетін жылдамдығы Автокөліктің белгіленген жылдамдығы көрсетіледі. ⇒90, 118, 166, 175, 246 және 257-бет</p>	
(9)		<p>Бейімделетін круиз-контроль индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> •  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басқанда жанады. ⇒90, 118-бет: • Круиз-контрольді* қосқанда бұл индикатордың ақ түсі жасылға өзгереді. Круиз-контроль* істеп тұрғанда, жүргізуші акселератор педалін басқанда автокөлік жылдамдығы үдесе, индикатордың жасыл түсі аққа өзгереді. ⇒90, 118-бет: <p>*: Бейімделетін круиз-контроль және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль</p>
(10)		<p>Круиз-контроль индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> •  /  ауыстырып қосқышты басып тұрғанда (алда кетіп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты таңдау)  (CRUISE) ауыстырып қосқышты басқаннан кейін жанады. ⇒246, 257-бет: • Круиз-контрольді* қосқанда бұл индикатордың ақ түсі жасылға өзгереді. ⇒246, 257-бет: <p>*: (Бейімделмейтін) круиз-контроль және (бейімделмейтін) интеллектуалды круиз-контроль</p>

(11)		<p>Жылдамдық шектегішінің индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> Жылдамдық шектегіші қосұлы кезде жанады*. <p>⇒166, 175-бет:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жылдамдық шектегішін* қосқанда бұл индикатордың ақ түсі жасылға өзгереді. <p>⇒166, 175-бет:</p> <ul style="list-style-type: none"> Бұл индикатор жылдамдық шектегіші* акселератор педалін қатты басқандықтан уақытша ажыратылғанда немесе селектор тұтқасы R күйінде тұрғанда ақ түспен жанады. Бұл индикатор акселератор педалі қатты басылған кезде жылдамдық шектегіші* уақытша ажыратылғанда, жылдамдық шектеуі белсенді болғанда немесе белгіленген жылдамдық шектеуіне жуық жылдамдықпен жүргенде ақ түспен жанады. <p>*: Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші мен интеллектуалды жылдамдық шектегіші</p>
(12)		<p>Жылдамдық шектеуін анықтау индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды жылдамдық шектегіші немесе интеллектуалды круиз-контроль қосұлы кезде жанады. Бұл индикатор әрдайым бейімделетін круиз-контроль индикаторымен , жылдамдық шектегішінің индикаторымен  немесе круиз-контроль индикаторымен  бірге пайдаланылады. <p>⇒118, 175 және 257-бет:</p>
(13)		<p>Дайындық индикаторы (READY)</p> <p>Круиз-контроль*¹ немесе жылдамдық шектегіші*² қосылатын кезде жанады.</p> <p>⇒90, 118, 166, 175, 246 және 257-бет</p> <p>*1: бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль</p> <p>*2: қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші мен интеллектуалды жылдамдық шектегіші</p>
(14)		<p>Ұстап тұру индикаторы (HOLD)</p> <p>Круиз-контроль* қосылғанда тоқтағаннан кейін ұстау функциясы істеп тұрғанда жанады.</p> <p>⇒99, 129-бет:</p> <p>*: Бейімделетін круиз-контроль және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль</p>
(15)	 <p>ақ</p>	<p>Жүру жолағында ұстау индикаторы</p>

<p>(16)</p>	 <p>жасыл</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Тиісті ажыратқышты басып, жүру жолағында ұстау функциясын қосқанда жанады  (ек круиз-контроль қосулы болу керек*). • Жүру жолағында ұстау функциясы* қосылғанда бұл индикатордың ақ түсі жасылға өзгереді. • Бұл индикатор круиз-контроль өшкенде сөнеді*. <p>⇒148-бет: *: Бейімделетін круиз-контроль және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль</p>
<p>(17)</p>		<p>EyeSight жүйесінің ескертуші сигнализаторы (сары)</p> <ul style="list-style-type: none"> • EyeSight жүйесінде ақау болған кезде жанады немесе жыпылықтайды. • Ол жанып тұрса не жыпылықтаса, EyeSight жүйесінің ешбір функциясы пайдаланыла алмайды (соның ішінде автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі, бейімделетін круиз-контроль және т.б.). <p>⇒272-бет:</p>
<p>(18)</p>		<p>EyeSight жүйесінің уақытша ажырау индикаторы (ақ)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оталдыру жүйесі қосылғанда (ON режимі) бұл индикатор жанады, ол үшін қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден  CRUISE ауыстырып қосқышын басу керек. Ол қозғалтқыш іске қосылған соң бірнеше секундтан кейін сөніп қалады. • EyeSight жүйесі уақытша ажырағанда жанады. • Бұл индикатор жанғанда EyeSight жүйесінің жылдамдық шектегішінен*¹ немесе круиз-контрольдан*² басқа ешбір функциясы қолжетімді болмайды. Бұл жағдайда жүйе жол белгілерін анықтамайды, ал орнатылған автокөлік жылдамдығы орнатылған жылдамдық шектеулерінің белгілерін сәйкес жаңармайды. <p>⇒273-бет: *1: Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші мен интеллектуалды жылдамдық шектегіші *2: Круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль</p>
<p>(19)</p>		<p>Төтенше жағдайда жолақта ұстау жүйесінің өшу индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оталдыру жүйесі қосылғанда жанып (ON күйі), қозғалтқыш оталған соң бірнеше секундтан кейін сөнеді. • Төтенше жағдайда жолақта ұстау жүйесі ажырағанда да жанады. • SRVD жүйесі немесе төтенше жағдайда жолақта ұстау жүйесі ақау себебінен немесе SRVD жүйесі ажыратылып тұрғанда пайдаланылмайды. <p>⇒206-бет:</p>


(20)		<p>Автономды апаттық руль бұру жүйесінің сөну индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оталдыру жүйесі қосылғанда жанып (ON күйі), қозғалтқыш оталған соң бірнеше секундтан кейін сөнеді. • SRVD жүйесі немесе автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі ажырағанда жанады. • Ақау себебінен автономды апаттық руль бұру жүйесі пайдаланылмайтын кезде жанады. <p>⇒62-бет:</p>
(21)		<p>Кең бұрышты монокуляр камераның өшу индикаторы</p> <p>Кең бұрышты монокуляр камера уақытша ажыраған кезде жанады.</p> <p>⇒80-бет:</p>
(22)		<p>Кең бұрышты монокуляр камераның ескертуші сигнализаторы</p> <p>Осы камераның ақауы болған кезде жанады</p> <p>⇒81-бет:</p>
(23)		<p>Алдағы жол қиылысында тежеу функциясының өшу индикаторы</p> <p>Алдағы жол қиылысында тежеу функциясы өшкенде және алдағы жол қиылысы туралы ақпарат болғанда жанады.</p> <p>⇒76-бет:</p>
(24)		<p>Алдағы жол қиылысында тежеу функциясының ескертуші сигнализаторы</p> <p>Алдағы жол қиылысында тежеу функциясында ақау және алдағы жол қиылысы туралы ақпарат болғанда жанады.</p> <p>⇒77-бет:</p>
(25)		<p>Қозғалыс жолағынан шығармау функциясының өшу индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оталдыру жүйесі қосылғанда жанып (ON күйі), қозғалтқыш оталған соң бірнеше секундтан кейін сөнеді. • Қозғалыс жолағынан шығармау функциясы өшкенде жанады. <p>⇒194-бет:</p>

<p>(26)</p>		<p>Жолақпен жүруден ауытқу туралы ескертудің өшу индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оталдыру жүйесі қосылғанда жанып (ON күйі), қозғалтқыш оталған соң бірнеше секундтан кейін сөнеді. • Жолақпен жүруден ауытқу туралы ескерту функциясы өшкенде жанады. <p>⇒223-бет:</p>
<p>(27)</p>		<p>Жолақпен жүруден ауытқу туралы ескерту функциясының индикаторы</p> <p>Жолақпен жүруден ауытқу туралы ескерту функциясында ақау болғанда жанады.</p> <p>⇒224-бет:</p>
<p>(28)</p>		<p>Интеллектуалды жылдамдық шектегіші жүйесінің ескертуші сигнализаторы</p> <p>Жол белгілерін тану функциясында ақау пайда болғанда жанады.</p> <p>⇒238-бет:</p>
<p>(29)</p>		<p>Жылдамдықты шектеу туралы ескертудің өшу индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жылдамдықты шектеу туралы ескерту функциясы өшкенде жанады. <p>⇒233-бет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Интеллектуалды жылдамдық шектегішінің ISA ескертуші сигнализаторы жанғанда индикатор сөнеді.
<p>(30)</p>		<p>SRVD OFF жүйесінің өшу бақылау шамы</p> <p>SRVD жүйесі өшкенде жанады. ⇒ Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>
<p>(31)</p>		<p>Старт-стоп жүйесінің индикаторы</p> <p>Старт-стоп жүйесі өшкенде жанады. Старт-стоп жүйесі қосылғанда сөнеді.</p> <p>⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>
<p>(32)</p>		<p>Старт-стоп жүйесінің индикаторы (жасыл)</p> <p>Старт-стоп жүйесі іске қосылғанда жанады. Қозғалтқыш қайта оталған соң сөнеді.</p> <p>⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p> <hr/> <p>Старт-стоп жүйесінің ескертуші сигнализаторы (сары)</p> <p>Старт-стоп жүйесінде ақау пайда болғанда жанады.</p> <p>⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>

(33)		<p>Старт-стоп жүйесінің іске қосылмау индикаторы. Автокөлік тоқтағанда, қозғалтқыштың уақытша өшу функциясының қосылу шарттары сақталмаса, осы индикатор жанады. Автокөлік қозғала бастағанда сөнеді. ⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>
(34)		<p>Селектор тұтқасы күйінің индикаторы Бұл индикатор селектор тұтқасы қай күйде тұрғанын көрсетеді.</p>
(35)		<p>X-MODE жүйесінің индикаторы X-MODE режимі қосылғанда жанады. ⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>
(36)		<p>Қозғалыс жолағынан шығу ықтималдығы туралы ескерту функциясының өшу индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оталдыру жүйесі қосылғанда жанып (ON күйі), қозғалтқыш оталған соң бірнеше секундтан кейін сөнеді. • Қозғалыс жолағынан шығу ықтималдығы туралы ескертетін функция өшкенде жанады. <p>⇒219-бет:</p>
(37)		<p>Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесінің ажырау индикаторы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оталдыру жүйесі қосылғанда жанып (ON күйі), қозғалтқыш оталған соң бірнеше секундтан кейін сөнеді. • Автоматты түрде шұғыл тежеу және апат алдында акселераторды басқару жүйесі өшкенде жанады. <p>⇒78, 213-бет:</p>
(38)		<p>Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы (сары) Электр-механикалық тұрақ тежегішінде ақау пайда болғанда жанады. ⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>
(39)		<p>Тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл) Егер электр-механикалық тұрақ тежегішін қозғалыс кезінде өшіргенде тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл) жанса, автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін ажыратып қойыңыз. Мұндай жағдайда круиз-контрольді*1 немесе жылдамдық шектегішін*2 пайдаланбаңыз. Егер электр тұрақ тежегішінің бақылау шамы (қызыл) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.</p>

		<p>⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p> <p>*1: бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль</p> <p>*2: қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші мен интеллектуалды жылдамдық шектегіші</p>
(40)		<p>Электр-механикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы</p> <p>Электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылғанда осы бақылау шамы жанады.</p> <p>⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>
(41)		<p>Автокөлік динамикасын басқару жүйесінің ескерту/автокөлік динамикасын басқару жүйесінің істеу бақылау шамы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл бақылау шамы автокөлік динамикасын басқару жүйесінде ықтимал ақау болғанда жанады. • Ол осьті лақтыру кезінде қайтару функциясы және тарту күшін бақылау функциясы қосылғанда жыпылықтайды. <p>⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.</p>





Руль



H01056

<p>(1)</p>		<p>Алдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты таңдау ауыстырып қосқышы</p> <ul style="list-style-type: none"> Төрт мәннің біреуін таңдау үшін осы ауыстырып қосқыштардың кез келгенін басыңыз (тек бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосұлы болуы керек). ⇒98, 128-бет: Круиз-контроль қосылып тұрғанда бейімделетін круиз-контрольден бейімделмейтін круиз-контрольге ауысу немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольден интеллектуалды бейімделмейтін круиз-контрольге ауысу  /  ауыстырып қосқышты басқан кезде жүзеге асады (Алдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты таңдау)*. <p>*: Бейімделмейтін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделмейтін круиз-контроль режиміне қосылу үшін ауыстырып қосқышты шамамен 2 секунд немесе одан ұзақ басып тұрыңыз.</p>
<p>(2)</p>		<p>CRUISE ауыстырып қосқышы</p> <ul style="list-style-type: none"> Круиз-контрольді қосу/өшіру үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз*. <p>Егер аспаптар тақтасының дисплейінде  (бейімделетін круиз-контроль индикаторы) немесе  (бейімделмейтін круиз-контроль индикаторы) көрінсе, демек негізгі круиз-контроль қосұлы тұрғаны. ⇒90, 118, 246 және 257-бет: Круиз-контрольді өшіру үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз*. ⇒103, 133, 251 және 263-бет: <p>*: Бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, бейімделмейтін круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль</p> </p>
<p>(3)</p>	<p>RES/+</p>	<p>RES/+ ауыстырып қосқышы (RES/SET ауыстырып қосқышы)</p> <ul style="list-style-type: none"> Круиз-контрольді*¹ немесе жылдамдық шектегішін*² қосу үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз. Круиз-контрольді*¹ немесе жылдамдық шектегішін*² өшіргеннен кейін круиз-контроль*¹ режимінде жүруді қалпына келтіру үшін немесе бұрын орнатылған жылдамдықпен жүру мақсатында жылдамдық шектегішін*² қосу үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз. Автокөліктің белгіленген жылдамдығын арттыру үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз (бұл кезде круиз-контроль*¹ немесе жылдамдық шектегіші*² пайдаланылып тұруы керек). ⇒90, 95 және 106-бет (бейімделетін круиз-контроль үшін) ⇒118, 125 және 136-бет (интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль үшін) ⇒166, 168 және 171-бет (қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші үшін)

		<p>⇒175 және 181 (интеллектуалды жылдамдық шектегіші) ⇒246, 249 және 254-бет (бейімделмейтін круиз-контроль үшін) ⇒257, 262 және 266-бет (бейімделмейтін интеллектуалды круиз-контроль үшін)</p> <p>*1: бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль</p> <p>*2: қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші мен интеллектуалды жылдамдық шектегіші</p>
(4)	SET/—	<p>SET ауыстырып қосқышы/- (RES/SET ауыстырып қосқышы)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Круиз-контрольді*1 немесе жылдамдық шектегішін*2 қосу үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз. • Автокөліктің орнатылған жылдамдығын баяулату үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз (бұл кезде круиз-контроль*1 немесе жылдамдық шектегішін*2 пайдаланылып тұруы керек). <p>⇒95 және 96-бет (бейімделетін круиз-контроль үшін) ⇒118 және 126-бет (интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль үшін)</p> <p>⇒166 және 168-бет (қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші үшін) ⇒175 (интеллектуалды жылдамдық шектегіші үшін) ⇒246 және 250-бет (бейімделмейтін круиз-контроль үшін) ⇒257 және 262-бет (бейімделмейтін интеллектуалды круиз-контроль үшін)</p> <p>*1: бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль</p> <p>*2: қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші мен интеллектуалды жылдамдық шектегіші</p>
(5)	LIM	<p>LIM ауыстырып қосқышы (жылдамдық шектегіші)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жылдамдық шектегішін қосу/өшіру үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз*. <p>LIM ауыстырып қосқышын (жылдамдық шектегішін) басқанда, аспаптар тақтасының дисплейінде мына индикаторлардың біреуі пайда болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші <p>Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші қосылғанда  (жылдамдық шектегішінің индикаторы) пайда болады. ⇒166-бет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Интеллектуалды жылдамдық шектегіші <p>Интеллектуалды жылдамдық шектегішін қосқанда  (Жылдамдық шектегішінің индикаторы) мен  (Жылдамдық шектеуін анықтау индикаторы) пайда болады. ⇒175-бет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жылдамдық шектегішін өшіру үшін осы ауыстырып қосқышты басыңыз*. <p>⇒169, 178-бет:</p>

		*: Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші мен интеллектуалды жылдамдық шектегіші
(6)		<p>Жүру жолағында ұстау жүйесінің ажыратқышы Жүру жолағында ұстау функциясын қосу/өшіру үшін осы ажыратқышты басыңыз (тек круиз-контроль қосулы болуы керек*). ⇒148-бет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жүру жолағында ұстау функциясы күту режимінде тұрғанда  жанады (жүру жолағында ұстау жүйесінің индикаторы) (ақ). • Жүру жолағында ұстау функциясы қосулы кезде  жанады (жүру жолағында ұстау жүйесінің индикаторы) (жасыл). <p>*: Бейімделетін круиз-контроль және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль</p>
(7)		<p>i режимінің ауыстырып қосқышы Аспаптар тақтасының дисплейіне шыққан хабарлама қайтадан көрсетілуі үшін осы ажыратып қосқышты басыңыз. ⇒284-бет:</p>

Орталық ақпараттық дисплей

■ Баптауларды өзгерту

EyeSight жүйесінің баптауларын орталық ақпараттық дисплей арқылы өзгертуге болады.

⇒277-бет:

Келесі жүйелерді де орталық ақпараттық дисплей арқылы қосуға/өшіруге болады.

- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі
- Старт-стоп жүйесі
- X-MODE жүйесі
- Автокөліктердің артқы жақтан жақындағанын анықтау (Subaru Rear Vehicle Detection (SRVD))

⇒Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.

■ Ескерту экрандары

Орталық ақпараттық дисплейде ескертулері бар келесі экрандар көрсетіледі.

Көрсетілетін экран	Позиция
 <p>H01690</p>	Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі (бірінші және екінші тежеу)
	Автономды апаттық руль бұру жүйесінің қосылғаны туралы ескерту
	«Кедергі табылды» ескертуі
 <p>S03540</p>	Жүру жолағында ұстау функциясы қосылғаны туралы ескерту (автономды руль бұру функциясын қоспай)
	Жүру жолағынан шығармау функциясы шамамен 180 секунд ішінде 3 рет немесе одан да көп рет қосылды, ол кезде жүру жолағынан шығармау функциясы қосұлы болғанда жүргізуші рульмен ешбір әрекет жасамағаны анықталды
 <p>S03541</p>	Жүру жолағында ұстау функциясынан бас тарту (автономды руль бұру функциясын қоспай)
 <p>H01691</p>	Жолақпен жүруден ауытқу туралы ескерту

Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі

Алдағы анықталған нысанға (автокөлікке, мотоциклге, жаяу адамға, велосипедке және т. б.) соғылу қаупі болғанда EyeSight жүйесі соқтығысудың алдын алу немесе оның салдарының ауырлығын азайту мақсатында, жүргізушіге соқтығысу ықтималдығы туралы ескертеді. Егер жүргізуші бәрібір соқтығысуды алдын алуға еш әрекет жасамаса, дәл соқтығысу алдында тежеу жүйесі іске қосылып, соқтығысу салдарының ауырлығын азайтуға немесе мүмкін болса, соқтығысуды толық болдырмауға тырысады. Егер жүргізуші соқтығысудан құтылу үшін оның алдын алу шараларын қолданса, автоматты түрде шұғыл тежеуге көмектесу жүйесі іске қосылып, жүргізушіге соқтығысудың алдын алуға немесе оның салдарының ауырлығын азайтуға көмектеседі.

Бұл жүйе автокөлік түзу жүріп келе жатып, басқа автокөліктің артына соғылу кезінде тиімді болады. Бұдан басқа, бұл жүйе жолдың көлік жүретін бөлігін қиып өтетін жаяу жүргіншілерге, велосипед жүргізушілеріне соқтығысудың алдын алуда тиімді болмақ. Сонымен бірге бұл жүйе қарсы бағыттағы автокөліктерге, мотоцикл жүргізушілеріне және кері бұрылу кезінде жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге соқтығысудың алдын алуда тиімді болады.

Бұл функция селектор тұтқасы D, M немесе N қалпында тұрған кезде іске қосыла алады.

Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі анықтайтын нысандар туралы

EyeSight жүйесі автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі қабылдайтын келесі нысандарды анықтайды. (Анықталатын нысандар функцияға байланысты ерекшеленуі мүмкін.)

- Көлік құралдары
- Мотоцикл жүргізушілері
- Жаяу жүргіншілер
- Велосипед жүргізушілері



Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін пайдалану

- Автокөлікті тоқтату және кәдімгі жағдайда соқтығысудың алдын алу үшін автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін және автоматты түрде шұғыл тежеу көмекшісін пайдаланыңыз. Бұл функциялар кез келген жағдайдағы соқтығысудың алдын ала алмайды. Егер жүргізуші тек осы жүйелерге сүйенсе, онда соқтығысу орын алуы мүмкін.
- Ескерту іске қосылғанда автокөліктің алдыңғы бөлігі мен айналасына қарап, тежегіш педалін басыңыз және/немесе қажет болғанда басқа іс-әрекеттер қолданыңыз.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі мақсатты нысан ретінде автокөліктерді, мотоцикл, велосипед жүргізушілерін және жаяу жүргіншілерді таниды. Жүйе соқтығысудың алдын алуға немесе оның салдарын азайтуға арналған, бірақ белгілі бір жағдайларда жүйе нысандарды танымауы мүмкін*. Мысалы, автокөлік қапталдан, қарсыдан келе жатқанда, артқа жүріп келе жатқанда, автокөлік қасында немесе алдында ұсақ жануарлар немесе кішкентай балалар тұрғанда, сондай-ақ қабырғалар, есіктер және т.с.с., мұндай нысандардың анықталмау және танылмау ықтималдығы жоғары болады.
- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі соқтығысудан құтылу мүмкін емес деп анықтағанда іске қосылады және дәл соқтығысу алдында барынша тежеуге күш салуға арналған. Нәтижесі көп жағдайларға байланысты* Сондықтан бұл функция әрдайым бірдей емес.
- Егер автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі қосылып тұрса, ол акселератор педалін жартылай басқанда да істеп тұрады. Бірақ бұл жүйе акселератор педалін күрт және/немесе түбіне дейін басқанда өшеді.
- Егер жүргізуші тежегіш педалін басса немесе рульді бұрса жүйе бұл әрекетті жүргізуші тарапынан соқтығысудың алдын алу үшін жасалды деп анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда автоматты тежеу жүргізушіге жағдайды толығымен өз бақылауына алуға мүмкіндік беру үшін пайдаланылмауы мүмкін.
- Анықталған нысанмен жылдамдық айырмашылығы шамамен 60 км/с шамасынан жоғары болса, EyeSight жүйесінің шектеулеріне байланысты соқтығысудан құтылу мүмкін болмайды. Алайда, тіпті, жылдамдық айырмашылығы шамамен 60 км/с немесе одан кем болса, анықталған нысан кенеттен автокөлігіңізді алдында пайда болса немесе камераның шолу аймағынан тыс тұрса, автокөлігіңіз тоқтамауы мүмкін немесе жүйе жол төсемінің жағдайы немесе көріну мүмкіндігі сияқты әртүрлі жағдайларға байланысты іске қосылмауы мүмкін. Осыған ұқсас, шұғыл тежеу жүйесі әртүрлі жағдайларға байланысты іске қосылмауы мүмкін*.

*: Шарттар

- Анықталған нысанға дейінгі қашықтық, жылдамдықтағы айырмашылық, өзара орналасу, жанға ығысу (ығысу шамасы).
- Автокөліктің күйі (жүктің, жолаушылардың саны/орналасуы және т. б.).
- Жолдың күйі (еңіс, төсем күйі, форма, тегіссіздіктер және т. б.).
- Алдыңғы аймақтың жеткілікті көрінбеуі (жаңбыр, қар, тұман, түтін және т. б.).
- Анықталған нысан — тануға арналған мақсатты нысаннан бөлек нәрсе.
 - Үй немесе жабайы жануар (ит, бұғы және т. б.)
 - Қоршау, телефон бағаны, ағаш, дуал, қабырға және т. б.
- Тіпті нысан мақсатты нысан ретінде танылса да, айналаның жарықтығына, оның салыстырмалы қозғалыс, орналасу сипаттамасына байланысты жүйе оны мақсатты нысан ретінде анықтай алмайтын жағдайлар туындауы мүмкін.
- Жүйе жүргізушінің іс-қимылдарын соқтығысуды болдырмауға бағытталған деп анықтайды (акселератор, тежегіш педалін басу, рульді бұру бұрышы және т.б. туралы деректер негізінде).
- Автокөліктің күйі (тежеу жүйесі, шиналардың тозуы, шиналардағы ауа қысымы, толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек және т. б.).

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Тіркеме, басқа автокөлік сүйреуге алынған және т. б.
- Тежегіш дискілері/қыспақтары ауаның төмен температурасы салдарынан немесе қозғалтқыш оталғаннан кейін бірден салқын.
- Тежеу жүйесінің бөлшектері ұзақ еңісте жүргенде қызады (тежеу тиімділігі төмендейді).
- Жауын-шашын кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін (тежеу механизмдерінің бөлшектерінде ылғал болуына байланысты тежеу тиімділігі төмендейді).
- Камераның нысандарды анықтау шарттары
Оған қоса, жүйе төменде сипатталған жағдайларда автокөлікті тоқтатпауы немесе іске қосылмауы мүмкін.
 - Анықталған мақсатты нысан камераның шолу аймағынан тыс жатыр.
 - Қолайсыз ауа райы (нөсер жауын, бұрқасын жел немесе қалың тұман).
 - Жел соққанда шашырайтын құм, түтін немесе су буынан; алдағы автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысынан пайда болатын су, қар, балшық немесе шаң шашырандыларынан көру мүмкіндігі нашарлаған.
 - Түнде немесе туннельде фарасыз жүргенде.
 - Түнде немесе туннель ішінде артқы шамдары қосылмаған автокөлік алда жүріп бара жатқанда.
 - Қараңғы кезде жаяу адамға немесе велосипед жүргізушісіне жақындау.
 - Анықталатын нысан фара жарғынан тыс аймақта тұр.
 - Қарсы бағыттан күшті жарықтың түсуі (таң атқандағы немесе кеш батқандағы күн сәулесі, фара сәулелері және т.б.).
 - Қолайсыз ауа райында (алдыңғы әйнектегі тұман, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар және т.б. немесе балшықтың, қардың және т.с.с. түйірлерінен жарықтың шағылысуы.).
 - Алдыңғы әйнекте әйнектазалағыш сөнгеннен кейін, әйнекжуғыш сұйықтығының іздері қалды.
 - Нысан дұрыс анықталмайды, себебі камераның шолу аймағында су тамшылары, сондай-ақ әйнектазалағыш щеткалары тұр.
 - Камераның шолу аймағы шектелген (мысалы, автокөліктің төбесіндегі жүксалғышына өлшемі ұзын зат тиелгендіктен).
 - Автокөлікке жүк біркелкі тиелмегендіктен немесе басқа факторларға байланысты шанақ қалпы әдеттегіден өзгеше.
 - Автокөлік айналасы толығымен қараңғы және ешқандай заттар жоқ.
 - Қоршаған кеңістік негізінен бір түсті (мысалы, боран, күртік қар және т.с.с жағдайларда).
 - Алдағы автокөліктің артқы бөлігінің өлшемі шағын немесе тегіс емес (жүйе автокөліктің басқа бөлігін оның арты деп қабылдауы мүмкін, сондықтан оның әрекеті осыған байланысты анықталады).
 - Артқы және/немесе бүйір жүк платформаларының панельдері жоқ бос жүк көлігі немесе тіркеме.
 - Жүгі габариттен шығып тұрған көлік құралдары.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Пішіні әдеттегіден тыс көлік құралдары (эвакуатор автокөліктер, арбалы мотоциклдер және т.с.с.).

• Өте төмен автокөліктер және т. б.

• Тоқтаған автокөлік алдында қабырға және т.б. тұр.

• Автокөлік жанында тағы бір нысан тұр.

• Автокөлік немесе басқа нысан сіздің автокөлігіңізге жанымен қаратылып тұр.

• Басқа автокөлік артпен немесе қарсы жүріп келе жатса және т. б.

• Кедергінің өлшемі мен биіктігі камераның анықтау мүмкіндігінен кішкентай.

- Ұсақ жануарлар, кішкентай балалар және т.б. анықталғанда.

- Отырған немесе жатқан жүргіншілер анықталғанда.

• Суреттері біртекті дуал, қабырға және т.б. анықталғанда (жолақтар, қаланған кірпіштер және т.б.).

• Автокөлік алдында мөлдір материалдан немесе айналы әйнектен жасалған қабырға немесе есік тұр.

• Алдағы автокөлік кенеттен бұрылып бара жатыр, үдейді немесе баяулайды.

• Танылған нысан кенеттен бүйірден атып шығады немесе күтпеген жерден автокөлігіңіздің жолын қиып өтеді.

• Жолақ ауыстырғаннан кейін автокөлігіңіздің алдында кедергі пайда болады.


• Танылатын нысан автокөлігіңіздің алдыңғы бамперінің дәл алдында тұр.

• Автокөлігіңіз бен кедергінің қозғалыс жылдамдығы арасындағы жылдамдық айырмашылығы шамамен 5 км/с немесе одан кем шаманы құрайды. (Кедергі автокөлігіңізге өте жақын тұрғанда тежеу жүзеге асырылатындықтан, кедергінің пішіні мен өлшеміне байланысты кедергі камераның көру аймағынан тыс қалатын жағдайлар орын алуы мүмкін.)


• Күрт бұрылыстарда, тік өрде немесе еңісте.

• Ойлы-қырлы немесе топырақ жолда.

• Жарық күрт өзгергенде, мысалы, туннельге кіргенде немесе одан шыққанда немесе эстакада астынан өткенде.



S02133



H00996

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін мәжбүрлеп тексермеңіз. Бұл дұрыс істемеу және соқтығысу жағдайына алып келуі мүмкін.
- Жүйе төменде берілген жағдайлар кезінде дұрыс істемеуі мүмкін. Осы жағдайлар туындағанда автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін ажыратып қойыңыз.

⇒78-бет:

- Шиналардағы ауа қысымы нормаға сай емес. *1
- Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек орнатылған. ¹
- Өркелкі тозған шиналар орнатылған. *1
- Ұсынылмаған өлшемдегі шиналар орнатылған. *1
- Ауасы шыққан шина, шина жөндеу жинақтамасымен жөнделген дөңгелек пайдаланылып тұр.
- Аспа конструкциясы өзгертілген (соның ішінде жетілдірілген түпнұсқа SUBARU аспасы).
- Автокөлікте камераның шолу аймағын кішірейтетін немесе бүркемелейтін зат орнатылып тұр.
- Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
- Фаралар кірлеген (қар, мұз немесе балшық). (Нысандар дұрыс жарықтандырылып тұрған жоқ, сондықтан оларды тану қиын.)
- Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі бұзылған. (Нысандар дұрыс жарықтандырылып тұрған жоқ, сондықтан оларды тану қиын.)
- Жарықтандыру жүйесі, соның ішінде фаралар мен тұман фаралары өзгертілген.
- Автокөлік апатқа ұшырағандықтан немесе ақау пайда болғандықтан автокөліктің бағыт тұрақтылығы бұзылған.
- Тежеу жүйесінің бақылау шамы жанып тұр (қызыл). *2
- Автокөлікке жүк біркелкі тиелмегендіктен немесе басқа факторларға байланысты шанақ қалпы әдеттегіден өзгеше.
- Жолаушылардың максималды саны шамадан асты.
- Аспаптар тақтасы дұрыс істемей тұр. Мысалы, бақылау шамдары мен индикаторлар жанбайды, дыбыстық ескертулер естілмейді, дисплей әдеттегіден өзгеше және т.б. *3

*1: дөңгелектер мен шиналар маңызды функцияларды атқарады. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды пайдаланыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

*2: Егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.


*3: аспаптар тақтасы туралы толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

Бұрылыстан өткенде автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесінің қосылуы

• Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі автокөлігіңіз бұрылып жатқанда автокөліктерді, мотоцикл, велосипед жүргізушілерін және жаяу жүргіншілерді мақсатты нысан ретінде таниды. Жүйе қарсы бағытта келе жатқан автокөліктермен және қатарлас қарсы жолақта жақындап келе жатқан автокөліктермен соқтығысудың алдын алуға немесе оның салдарының ауырлығын азайтуға арналған, бірақ белгілі бір жағдайларда автокөлік тоқтап үлгермеуі немесе жүйе іске қосылмай қалуы мүмкін*.



• Егер бұрылып жатқанда автокөлігіңіздің қозғалыс жылдамдығы шамамен 25 км/с жоғары болса (мақсатты нысан ретінде қарсы келе жатқан жаяу адам болса шамамен 35 км/с жоғары және мақсатты нысан арттан жақындап келе жатқан жаяу адам болса 10–20 км/с диапазоны шегінен асады), жүйе іске қосылмайды. Одан басқа, тіпті, автокөлігіңіздің жылдамдығы жүйенің іске қосылу диапазоны шегінде болғанның өзінде, кедергі кенеттен автокөлігіңіздің алдынан шыға келгенде немесе камераның шолу аймағынан тыс болғанда автокөлігіңіз тоқтамауы мүмкін немесе жеткіліксіз көру мүмкіндігі немесе автокөлік тайғақ жол төсемімен келе жатқан сияқты өртүрлі жағдайларда жүйе іске қосылмай қалады.


*: Шарттар

- Анықталатын мақсатты нысанмен салыстырғандағы жылдамдық айырмашылығы, осындай нысанға дейінгі қашықтық, жақындау бұрышы, нысанның қозғалысындағы өзгерістер және сіздің автокөлігіңіздің бортына қатысты нысанның қалпы.
- Автокөліктің күйі (жүктің орналасуы, жолаушылардың саны және т. б.).
- Жолдың күйі (еңіс, төсем күйі, форма, тегіссіздіктер және т. б.).
- Алдыңғы аймақтың жеткілікті көрінбеуі (жаңбыр, қар, тұман, түтін және т. б.).
- Анықталған нысан — тануға арналған мақсатты нысаннан бөлек нәрсе.
 - Тұраққа қойылған автокөлік немесе автокөлігіңіздің бағытымен жүріп келе жатқан автокөлік.
 - Жолдағы жануар және т. б.
 - Қоршау, телефон бағаны, ағаш, дуал, қабырға және т. б.
- Мақсатты нысан анықталғанның өзінде, сіз автокөлігіңіз жүріп бара жатқан бағытқа жүру үшін сигнал бермеуіңіз керек.
- Нысан мақсатты ретінде анықталғанның өзінде, ол жол шетіндегі нысандардың қасынан өтіп бара жатыр.
- Нысан мақсатты ретінде анықталғанның өзінде, ол тоқтап қалды немесе автокөлігіңіз тұрған жолақпен жүріп бара жатыр.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Нысан анықталғанның өзінде, жүйе оны мақсатты ретінде анықтай алмайды, өйткені анықталатын нысанның алдыңғы бөлігі көрінбейді немесе оны ажырату қиын, себебі ол қараңғы кезде фарасыз жүріп бара жатыр.
- Тіпті, кедергі қарсы келе жатқан автокөлік болғанның өзінде, жүйе басқа автокөлікті мақсатты ретінде анықтағанға дейін сіздің автокөлігіңіз қарсы бағыттағы автокөліктің қозғалыс траекториясына түсті.
- Нысан мақсатты ретінде анықталса да, автокөлігіңіз қарсы бағыттағы жолаққа түсті.



- Тіпті нысан анықталса да, айналаның жарықтығына, нысанның салыстырмалы қозғалыс, орналасу сипаттамасына байланысты жүйе оны мақсатты нысан ретінде анықтай алмайтын жағдайлар туындауы мүмкін.
- Көбінесе, келесі жағдайларда автокөлігіңіз тоқтай алмауы немесе жүйе іске қосылмауы ықтимал.
 - Жел соққанда шашырайтын құм, түтін немесе су буынан; алдағы автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің болуынан пайда болатын су, қар, балшық немесе шаң шашырандыларынан көру мүмкіндігі нашарлаған.
 - Қараңғы кезде қарсы келе жатқан мотоцикл, велосипед жүргізушісіне немесе жаяу адамға жақындау.
 - Анықталған нысан фара жарғынан тыс аймақта тұр.
 - Қарсы бағыттағы автокөліктің алдыңғы бөлігінің өлшемі кішкентай, көбінесе биіктігі төмен, немесе әдеттегіден тыс формада.
 - Автокөлік және т. б. сіздің автокөлігіңізге бүйірімен қаратылып тұр.
 - Автокөлік/нысан және т. б. артпен жүріп келеді.
 - Қарсы келе жатқан автокөлік кенеттен бұрылып бара жатыр, үдейді немесе баяулайды.
 - Танылған нысан кенеттен бүйірден атып шығады немесе күтпеген жерден автокөлігіңіздің жолын қиып өтеді.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.


- Танылған нысан автокөлігіңіздің бамперінің қасында тұр.
- Рұльді жанға күрт бұрып қалдыңыз.
- Жолды қиып өту бұрышы сүйір, немесе автокөлігіңіз өте жатық иілген жолға кіріп келеді және т.б.
- Бұрылысқа кіру, ирелең жол және т. б.

 **ЕСКЕРТУ**

- Мына жағдайларда автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін ажыратып қойыңыз. Өйтпесе, жүйе кенеттен іске қосылып кетуі мүмкін.

⇒78-бет:


- Автокөлік сүйреуге алынған.
- Автокөлік эвакуатор үстіне тиелген.
- Автокөлік жүгіретін барабандары бар стендке, тасымалдау үшін жартылай тиейтін арбаға шығарылған немесе соған ұқсас жабдықты пайдалану кезінде.
- Автокөлік көтергіш бағанмен көтеріліп, қозғалтқышы оталып, дөңгелектері тіреусіз еркін айналады.
- Баннерлердің, тулардың немесе өсімдік бұтақтарының қасынан өту.
- Автокөлікке тиетін биік/қалың шөптің/бұталардың арасынан өту.
- Жарыс трассасымен жүру.
- Автоматты көлік жуу бекетінде.



Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі мына жағдайларда іске қосылып кетуі мүмкін. Сондықтан автокөлік алдындағы және айналасындағы жағдайды үнемі бақылап отырыңыз.
 - Автоматты қақпалар арқылы өту (ашылу және жабылу кезінде).
 - Мақсатты деп танылуы мүмкін нысанның қасынан жүріп өту.
 - Қабырғадағы немесе жол төсеміндегі автокөлігіңіздің алдында тұрған бейнені немесе таңбаны мақсатты деп танылуы мүмкін нысаннан айыру қиын.
 - Бойлық еңіс бұрышы тез өзгеретін жолмен жүру.



Жел соққанда шашырайтын құм, түтін немесе су буынан; алда немесе қарсы бағытта жүріп бара жатқан көліктен туындайтын су, қар, балшық немесе шаң шашырандыларынан көру мүмкіндігі нашарлаған.


- Бу, түтін, қалың тұман бұлттары арасынан өту және т. б.
- Қолайсыз ауа райында, мысалы қалың қар жауғанда немесе боран соққанда.
- Алдыңғы әйнектің камера алдындағы ішкі немесе сыртқы бетіндегі балшықтың немесе тұманның әсерінен күшті жарық шағылысып, жарық сәулелері камера объективіне түседі.
- Алда кетіп бара жатқан автокөліктің пайдаланылған газдары суық ауа райында жақсы көрінеді және т. б.




Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Бұрылыста немесе жол қиылысында мақсатты деп немесе кедергі деп танылатын нысан бар.
- Автокөлігіңіз мақсатты немесе кедергі және т.б. деп танылуы мүмкін нысанға жақын өтіп барады.
- Алда тұрған қабырғаға немесе автокөлікке тым жақын аялдау.



- Суарғыш машиналардың су шашырандылары арқылы немесе көктайғаққа қарсы реагенттер шашатын механизм шашырандылары арқылы жүріп өту.




- Төбедегі жүксалғыштағы жүк, орнатылған аксессуарлар және т. б. алдыңғы бамперден асып тұрса, автокөлік ұзындығы ұзарады, ал жүйе соқтығысудың алдын ала алмауы мүмкін.
- Автоматты түрде шұғыл тежеу кезінде тежегіш педалін бассаңыз, педаль өздігінен қозғалатынын сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тежегіш педалін одан әрі қаттырақ басқанда, сіз тежеуге көбірек күш түсіре аласыз. Қажет болса көбірек тежеу күшін түсіріңіз.

Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жақындап келе жатқан нысан мақсатты деп танылғанның өзінде автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі мына жағдайларда іске қосылып кетуі мүмкін.


- Автокөлігіңіз бұрылатын кезде және қарсы жолаққа кіретін кезде анықталатын нысан жол қиылысының алдында баяулағанда немесе тоқтағанда.



- Бұрылыс алдында және қарсы жолаққа кірер кезде автокөлігіңіздің жанынан мақсатты деп танылатын нысан өткенде.




- Дәл бұрылыс алдында және қарсы жолаққа кірер кезде автокөлігіңіз мақсатты деп танылатын бұрылып жатқан нысанның жанынан өткенде.




Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Автокөлігіңіз жолақ ауыстыру немесе кедергіні айналып өту әрекетін жасаған мақсатты деп танылатын нысанға кенеттен жақындағанда.
- Автокөлігіңіз бұрылғанда, жаяу адам сіздің автокөлігіңіздің алдынан жол қиып өткенде немесе өткелдің дәл алдында баяулағанда/тоқтағанда.



- Қарсы келе жатқан мотоцикл немесе велосипед жүргізушісі кенеттен тоқтап қалады немесе автокөлігіңіз бұрыла бастағанда қозғалыс бағытын өзгертеді.
- Мақсатты ретінде танылған нысан жол қиылысы алдында және сіздің автокөлігіңіздің алдында баяулайды немесе тоқтайды.



- Мақсатты ретінде танылған нысан сіздің автокөлігіңіз келе жатқан жолаққа ауысу үшін немесе сіздің автокөлігіңізге қарсы бағытта қасыңыздан өте шығу үшін, автокөліктердің траекториясы қиылысар алдында қозғалыс бағытын өзгертеді.




ЕСКЕРТПЕ

Автоматты түрде тежеу кезінде біртүрлі дыбыстар естілуі мүмкін. Бұл тежегішті бекіту жүйесінің жұмысы және қалыпты жағдай саналады.

Жаяу жүргіншілерді анықтау

EyeSight жүйесі жаяу жүргіншілерді де анықтай алады. EyeSight жүйесі жаяу жүргіншілерді олардың өлшемдері, пішіндері және қозғалыс сипаты бойынша анықтайды. Жүйе жаяу жүргіншінің сұлбасы анық көрінгенде оны анықтайды.



ЕСКЕРТУ


Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі жаяу жүргіншілерді де мақсатты нысан ретінде таниды. Бірақ жағдайларға байланысты, жүйе жаяу жүргіншіні анықтай алмайтын кездер де болады. Мынадай жағдайларда жүйенің жаяу жүргіншілерді мақсатты нысан деп танымай қалу ықтималдығы жоғары.

- Жаяу жүргіншінің денесінің бір бөлігі көлеңкеде.
- Жаяу жүргіншілер топтасып жүріп барады.
- Жаяу жүргінші қабырғаның немесе басқа үлкен нысанның қасында тұр.
- Жаяу жүргінші ашылған қолшатырды төбесіне ұстап барады.
- Жаяу жүргіншінің киімінің түсі қоршаған ортаның ортақ бояуына өте ұқсас.
- Жаяу жүргінші арбиған немесе биік затты көтеріп барады немесе алдында арба сияқты бір затты итеріп барады.
- Жаяу жүргінші еңкейеді, отырады, жатады немесе күрт қозғалыс істейді, мысалы атып тұрады.
- Жаяу жүргінші жарық түспейтін жерде тұр.
- Жаяу жүргінші тура алдыңыздан жолды қиып өтеді немесе жүгіріп өтеді.

Велосипед жүргізушілерін анықтау

EyeSight жүйесі велосипед жүргізушілерін де анықтай алады. EyeSight жүйесі велосипед жүргізушілерін олардың өлшемдері, пішіндері және қозғалыс сипаты бойынша анықтайды.

Жүйе велосипед жүргізушісін адамның фигурасының және велосипедтің қырлары анық болғанда анықтайды және жүйе адам қимылына ұқсас қозғалыстарды анықтайды.



ЕСКЕРТУ

Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі белгілі бір жағдайларда нысандарды мақсатты деп анықтамауы мүмкін. Мынадай жағдайларда велосипед жүргізушісін жүйенің мақсатты нысан деп танымай қалу ықтималдығы жоғары.

- Велосипед жүргізушісінің немесе велосипедтің бір бөлігі көлеңкеде тұрғанда / басқа нысандар жауып тұрғанда.
- Велосипед жүргізушісі жаяу жүргіншілермен немесе басқа велосипед жүргізушілерімен қатар жүріп бара жатқанда.
- Велосипед жүргізушісі қабырғаның немесе басқа үлкен нысанның қасында тұр.
- Велосипед жүргізушісінің киімінің және/немесе оның велосипедінің түсі қоршаған ортаның ортақ бояуларына ұқсас.
- Велосипедпен үлкен зат тасымалданып бара жатқанда.
- Велосипед жүргізушісі аяғын педальға қойып немесе рульге сүйеніп тұрғанда.
- Велосипед жүргізушісі жарық нашар түсетін жерде тұрғанда.
- Велосипед жүргізушісі автокөлігіңізді кенеттен жанынан басып озғанда немесе автокөлігіңіздің алдынан шыға келгенде.
- Велосипед жүргізушісі автокөлігіңіздің алдында жолды жоғары жылдамдықпен қиын өткенде.

Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесін пайдалану

Қозғалыс кезінде автокөлігіңіздің алдында кедергі пайда болғанда жүйе жүргізушіге ескерту және тежеу жүйесі мен стоп-сигналдарды қосу үшін төменде сипатталған ретпен іске қосылады.

Қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы ескерту:

Жүйе соқтығысу қаупі бар екенін анықтағанда қысқа дыбыстық ескертулер жиі естіледі және аспаптар тақтасының дисплейінде жүргізушіге қауіп туралы ескертетін үзу экраны пайда болады.

Жүргізуші баялау үшін тежегіш педалін басқанда және қозғалыс қауіпсіз қашықтықта қалпына келгенде, ескертудің естілуі тоқтайды.

Алдағы автокөлікке дейін қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы дыбыстық ескертудің берілуін орталық ақпарат дисплейінің басты экранынан ажыратып қоюға болады.

⇒277-бет:



ЕСКЕРТПЕ

- Тіпті, қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы дыбыстық ескертудің берілуі ажыратылғанның өзінде, жүйе соқтығысудың жоғары қаупі бар деп анықтайтын болса, қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы дыбыстық ескертуі бәрібір беріледі.
- Егер жүйе жүргізушінің зейінсіздік, қатты ұйқысы келгенінің белгілерін байқаса, яғни жүргізуші ұйықтап қалды немесе автокөлік қозғалыс жолағының ішінде әдеттегіден қатты жүріп келе жатыр деп анықтаса, «Алдағы соқтығысу ықтималдығы ескерту» параметрі үшін «Үлкен қашықтық» мәні орнатылып, «Қашықтықтың қауіпті қысқаруы» дыбыстық ескертуі беріледі.
 - EyeSight жүйесінің баптаулары жүргізушінің зейінсіздігі салдарынан өзгертілген болса, жүйе жүргізушіні қайтадан жолға зейін қойды деп анықтамайынша немесе жүргізушінің өзі орталық ақпараттық дисплейден өзгертпейінше сол баптаулар әрі қарай қолданыла береді.
 - Егер EyeSight жүйесінің баптаулары жүйе жүргізушінің қатты қалғып отырғанын анықтағаннан, жүргізуші ұйықтап кеткенін немесе автокөлік қозғалыс жолағының ішінде қатты жүріп келе жатқанын анықтағаннан кейін өзгертілген болса, жүргізуші қозғалтқышты сөндіріп, қайта оталдырмайынша немесе орталық ақпараттық дисплейден баптауларды өзгертпейінше, сол баптаулар әрі қарай қолданыла береді.

Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі


Бірінші тежеу және ескерту:

Жүйе алдағы кедергіге соқтығысу қаупі жоғары екенін анықтағанда, қысқа дыбыстық ескертулер жиі естіледі, сондай-ақ аспаптар тақтасының дисплейінде және орталық ақпараттық дисплейде жүргізушіге қауіп туралы ескертетін үзу экраны көрсетіледі. Автоматты түрде тежеу функциясы іске қосылуы, ал кей жағдайларда қозғалтқыш қуаты төмендеуі мүмкін. Жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін қолданған шаралар (тежеу, рульді бұру және т.б.) соқтығысу қаупін азайтты деп анықтаса, автоматты түрде тежеу функциясы іске қосылмайды.

Екінші тежеу және ескерту:

Егер жүйе соқтығысу қаупі тым жоғары деп анықтаса, дыбыстық ескерту тұрақты болады да ұлғайтылған күшпен автоматты түрде тежеу режимі іске қосылады. Жүргізушінің соқтығысудың алдын алуға қатысты барлық әрекетіне қарамастан жүйе соқтығысудан құтылу мүмкін емес деп анықтаса, ол төтенше тежеу және қозғалтқыш қуатын азайту мүмкіндігін қолдануды жалғастыратын болады.

Автокөлік екінші рет тежеу режимінде тоқтағанда, жүргізуші автокөлік қозғалыссыз тұрғанын тексеру мақсатында тежегіш педалін басуға тиіс.




H01238

Жүйенің іске қосылуы	Автоматты түрде тежеу кезіндегі баяулау деңгейі	Аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация	Хабарлау түрі
Қашықтықтың (алдағы автокөлікке дейін) қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы ескерту	Автоматты тежеу функциясының болмауы	 <p>H01080</p>	Жиі естілетін қысқа үзік ескертулер
Бірінші тежеу	Қалыпты		Жиі естілетін қысқа үзік ескертулер
Негізгі тежеу	Жоғары		Үздіксіз дыбыстық ескерту



ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда тежеу жүйесі автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесінің көмегімен толық аялдағанша автокөлік тежелгеннен кейін блоктан шығарылады.
 - Тежегіш педалін басқанда.
 - Акселератор педалін басқанда (селектор тұтқасы N күйінде тұрғаннан басқа кезде).
 - Селектор тұтқасын Р күйіне орнатқанда.
 - Автокөлік шамамен 2 минут қозғалыссыз тұрды.
 - Электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылды.
- Екінші рет тежеу көмегімен тоқтағаннан кейін мына жағдайларда автоматты түрде электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылады.
(Электр-механикалық тұрақ тежегішін қалай ажырату керектігі туралы ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.)
 - Тоқтағаннан кейін 2 минут өтті және тежегіш педалі басылмады.
 - Кез келген есік ашылады (тек жүксалғыш қақпағынан басқа).
 - EyeSight жүйесінде ақау орын алды. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнализаторы  сары түспен жанып тұр)

⇒272-бет:

 - EyeSight жүйесі уақытша ажыратылды. (EyeSight жүйесінің уақытша ажырау индикаторы  : ақ)

⇒273-бет:
- Не бірінші, не екінші рет тежеу мына жағдайларда іске қосылмайды.
 - Автокөлік жылдамдығы шамамен 1 км/с немесе одан кем (селектор тұтқасы N күйінде тұрғанда шамамен 4 км/с немесе кем) немесе шамамен 160 км/с не одан жоғары жылдамдықты құрайды.
 - Автокөлік жылдамдығы шамамен 100 км/с немесе одан жоғары жылдамдықты құрайды, ал кедергі – мотоцикл, велосипед жүргізушісі немесе жаяу жүргінші.
 - Автокөлік динамикасын басқару жүйесі іске қосылғанда.
- Жүйе алдағы автокөліктің стоп-сигнал шамдары жанғанын анықтаса, автокөлігіңіз стоп-сигнал шамдары жанбаған кездегіден ертерек баяулай бастайды.
- Кей жағдайда бірінші тежеу ұзақ уақыт ішінде жүзеге асырылады. Мұның бір себебі — алда кедергі болғанда жылдамдық айырмашылығының үлкен болуы. Бұл жағдайларда анағұрлым қарқынды немесе қарқындылығы азырақ тежеу мүмкіндігі қолданылуы мүмкін.

■ Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесінің іс-әрекет экраны

Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі іске қосылғанда үзу экраны пайда болады, ол аспаптар тақтасының дисплейінде біраз уақыт көрсетіледі.

Экранда жүргізушіге тежегіш педалін басқызу үшін «Автокөлікті ұстау үшін тежегіш педалін басыңыз» хабары көрсетіледі. Осы кезде дыбыстық ескерту беріледі. Жүргізуші тежегіш педалін баспайынша, осы экран шамамен 2 минут бойы көрсетіліп тұрады.



Аспаптар тақтасының дисплейінде автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі іске қосылғанын білдіретін үзу экраны көрсетіліп тұрады.



Шұғыл тежеу жүйесінің іс-әрекеті

Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі іске қосылғанда (жүйе алдағы кедергіге соқтығысу қаупі жоғары деп анықтағанда), жүргізуші тежегіш педалін басса, жүйе шұғыл тежеу әрекеті жасалып жатыр деп анықтап, автоматты түрде шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе қосылады.



ЕСКЕРТУ

Егер жүргізуші қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы ескерту функциясы қосылу кезде тежегіш педалін басса, автоматты түрде шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе қосылмайды. Автокөлік жүргізушінің тежегіш педалін кәдімгідей басқан кезіндегідей күшпен баяулайды.




ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлік жылдамдығы шамамен 10 км/с немесе одан кем, не болмаса шамамен 160 км/с немесе одан жоғары жылдамдықты құрағанда автоматты түрде шұғыл тежеу көмекші жүйесі іске қосылмайды.
- Шұғыл тежеу көмекші жүйесі туралы ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.

Автономды апаттық руль бұру жүйесі

Егер автокөлігіңіздің қозғалысы кезінде алдынан кедергі пайда болса, автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі жүргізушіге кедергімен соқтығысудың алдын алуға көмектесу үшін бірінші тежеуді, одан кейін екінші тежеуді іске қосады. Екінші рет тежеу функциясы іске қосылғаннан кейін, жүйе жолда бойлық белгі сызықтары бар не жоғын, сондай-ақ автокөлігіңіз келе жатқан жолақта соқтығысудың алдын алу үшін орынның жеткілікті екенін не еместігін анықтайды. Сонымен бірге жүйе автономды апаттық руль бұру жүйесін іске қосу үшін жүру жолағы бос екенін не еместігін анықтау үшін арттағы автокөлікті анықтау жүйесін (SRVD) пайдалана отырып, арттан жақындап келе жатқан автокөліктің бар не жоғын тексереді. Егер тек екінші рет тежеу функциясын пайдалану кезінде кедергіге соқтығысу ықтималдығы тым жоғары болса, автономды апаттық руль бұру функциясы іске қосылып, жүйе рульді басқару арқылы автокөлігіңіздің қозғалыс траекториясын өзгертіп, қозғалыс жолағынан шықпаған кезде орын алатын соқтығысудан құтылуға көмектеседі. Нысанға соқтығысудың алдын алғаннан кейін, автокөлік толық тоқтағанша келе жатқан жүру жолағынан шықпас үшін жүйе тежеуді және траекторияны түзеуді әрі қарай жалғастырады.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Автономды апаттық руль бұру жүйесі мақсатты нысан ретінде автокөліктерді, мотоцикл, велосипед жүргізушілерін және жаяу жүргіншілерді таниды. Жүйе соқтығысудың алдын алу немесе ауырлығын азайтуға арналған, бірақ жүйе белгілі бір жағдайларға байланысты* нысандарды анықтай алмаса, ол іске қосылмай қалуы мүмкін.
- Автономды апаттық руль бұру функциясы іске қосылғанда, жүргізуші қоршаған ортаны тексеріп, тиісті шараларды қолдануы, мысалы рульді тиісті бұрышқа бұруы немесе тежегіш педалін басыуы керек.
- Автономды апаттық руль бұру жүйесі тек автоматты түрде шұғыл тежеу көмегімен ғана және қозғалыс ерекшеліктері және нысандарды анықтау сияқты басқа шарттар сақталған кезде соқтығысудан құтылу мүмкін еместігін анықтағанда іске қосылады. Жүйе тиімділігі шарттарға байланысты өзгереді. Сондықтан бұл жүйе функциялары әрдайым бірдей орындалмайды.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автономды апаттық руль бұру жүйесі автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі ажырап тұрғанда іске қосылмайды. Сонымен бірге бұл жүйе автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі іске қосылғанда баяулау жеткіліксіз болса да іске қосылмайды.
- Егер жүргізуші рульді басқарып, ал жүйе бұл әрекетті соқтығысудың алдын алуға бағытталған деп анықтаса, автономды апаттық руль бұру жүйесі іске қосылмауы мүмкін.
- Автономды апаттық руль бұру жүйесі жүргізушінің қолы рульде тұрған жоқ деп анықтағанда іске қосылмайды.
- Сонымен бірге жүйе автокөліктің жылдамдығы шамамен 80 км/с шамасынан асатын болса да іске қосылмайды. Одан басқа, тіпті, автокөлігіңіздің жылдамдығы 80 км/с немесе одан кем шамасын құрағанда, автокөлігіңіздің алдынан басқа автокөлік шыға келгенде соқтығысу бәрібір орын алуы мүмкін, ал көру мүмкіндігі немесе автокөлік тайғақ жол төсемімен келе жатқан сияқты әртүрлі жағдайларда жүйе іске қосылмай қалуы мүмкін.

*: Шарттар

- Автокөліктің күйі (жүктің орналасуы, жолаушылардың саны және т. б.).
- Жолдың күйі (еңіс, төсем күйі, форма, тегіссіздіктер және т. б.).
- Алдыңғы аймақтың жеткілікті көрінбеуі (жаңбыр, қар, тұман, түтін және т. б.).
- Тіпті, нысан мақсатты нысан ретінде танылғанмен, айналаның жарықтығына, оның салыстырмалы қозғалысының және қозғалыс бағытының сипаттамасына байланысты жүйе оны мақсатты нысан ретінде анықтай алмайтын жағдайлар орын алуы мүмкін.
- Тіпті нысан мақсатты ретінде танылса да, жүйе оның көрінісі немесе қаратылған жағына сүйене отырып, оны автокөлігіңіздің алдында жолды қиып өтуі немесе оның бойымен қозғалуы мүмкін деп анықтайды.
- Нысан мақсатты деп танылғанның өзінде, ол автокөлігіңіздің қозғалыс траекториясына көлденең жүріп барады, мысалы көшені қиып барады немесе сіздің жолыңызды «қиып кетеді».
- Автокөлігіңіздің алдындағы қозғалыс траекториясының ортасына жақын тұрған анықталған нысанға соқтығысқанда.
- Жүйе жүргізушінің іс-қимылдарын соқтығысуды болдырмауға бағытталған деп анықтайды (акселератор, тежегіш педалін басу, рульді бұру бұрышы және т.б. негізінде).
- Автокөліктің күйі (тежеу жүйесі, шиналардың тозуы, шиналардағы ауа қысымы, толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек және т. б.).
- Тіркеме, басқа автокөлік сүйреуге алынған және т. б.
- Тежегіш дискілері/қыспақтары ауаның төмен температурасы салдарынан немесе қозғалтқыш оталғаннан кейін бірден салқын.
- Тежеу жүйесінің бөлшектері ұзақ еңісте жүргенде қызады (тежеу тиімділігі төмендейді).
- Жауын-шашын кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін (тежеу механизмдерінің бөлшектерінде ылғал болуына байланысты тежеу тиімділігі төмендейді).

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Кедергі мақсатты нысан ретінде анықталмайды.
- Жол белгілерінің сызықтары анықталмайды.
- Жүргізуші руль басқарып отырғанын анықтау мүмкін емес.
- Автокөлік ирелең жолмен жүріп келеді.
- Автокөлік тік еңіспен түсіп келеді.

- Стереокамераның нысандарды анықтау шарттары
Оған қоса, жүйе төменде сипатталған жағдайларда автокөлікті тоқтатпауы немесе іске қосылмауы мүмкін.
 - Құрылыс жұмыстарына және т.с.с. байланысты жолда қозғалыс жолақтарымен жүру шектеулері немесе уақытша жүру жолақтары бар.
 - Ирелең жолмен жүру.
 - Ескі жол белгісі анықталды.
 - Жол бетінде қар, шалшық сулар және т.с.с бар.
 - Жол төсемінде жарықтар немесе басқа да біртүрлі іздер бар.
 - Мұз, қар басқан жолдар және и т.б. Мұндай жағдайларда дөңгелектер тайғанауы мүмкін, соның салдарынан автокөлікті басқарудан шығып кетуі мүмкін.
 - Күрт бұрылысқа, жол айырығына немесе жол қиылысына, сондай-ақ қызмет көрсету аймағына, тұраққа, төлем алу пунктіне немесе басқа да нысандарға кіру.
 - Анықталған мақсатты нысанның қасында автокөлік, велосипед жүргізушісі немесе жаяу жүргінші пайда болды.
 - Қарсыдан автокөлік жақындап келеді немесе жүргізушісі сіздің автокөлігіңізді басып озуды көздеген автокөлік жақындап келеді.
 - Анықталған мақсатты нысан автокөлігіңіздің қозғалысына көлденең бағытта жүріп келеді.
 - Автокөлігіңіз жүріп келе жатқан қозғалыс жолағының шекарасын стереокамераның көмегімен анықтау қиын. (Мысалы, бойлық белгі сызықтары жоқ (ақ түсті және т.б.), немесе оларды анықтау қиын (олар көмескі тартқан, жіңішке немесе белгі түсі жол төсемінің түсіне жақын).)
 - Көрші жолақта алдыңғы жақтан автокөлік жақындап келеді.
 - Автокөлігіңіздің жүру жолағының шегінде соқтығысудан қашу үшін орын жеткіліксіз.
 - Артқы бампер айналасы кірлеген, оның үстінде қызылсу мұзы, балшық және т. б. бар.
 - Автокөлігіңіздің артқы бампері сырылған, майысқан, қисайған жерлері бар және т. б.
 - Автокөлігіңіз қарлы жолмен келе жатыр, жолда шалшық су немесе судың іздері бар және автокөлігіңіздің немесе көршілес автокөліктердің қозғалысынан су шашырайды және т.б.
- Автономды апаттық руль бұру жүйесін мәжбүрлеп тексермеңіз.
 - Автокөлігіңіз тоқтамауы немесе жүйе іске қосылмауы мүмкін, оны салдары кенеттен соқтығысуға алып келеді.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

• Жүйе төменде берілген жағдайлар кезінде дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайлар туындағанда автономды апаттық руль бұру функциясын ажыратыңыз.

⇒78-бет:

- Шиналардағы ауа қысымы нормаға сай емес. *1
- Өркелкі тозған шиналар орнатылған. *1
- Ұсынылмаған өлшемдегі шиналар орнатылған. *1
- Дөңгелектердің теңгерімі бұзылған, мысалы теңгергіш жүк жоғалған немесе жылжып кеткен және т.с.с.). *1
- Дөңгелектерді орнату бұрыштары бұзылған. *1
- Рульде қалыптан тыс діріл сезіледі және рульді бұру әдеттегіге қарағанда ауырлау.
- Руль түпнұсқа емес SUBARU руліне ауыстырылды.
- Тіркеме, басқа автокөлік сүйреуге алынған және т. б.
- Ауасы шыққан шина, шина жөндеу жинақтамасымен жөнделген дөңгелек пайдаланылып тұр.
- Аспа конструкциясы өзгертілген (соның ішінде жетілдірілген түпнұсқа SUBARU аспасы).
- Автокөлікте камераның шолу аймағын кішірейтетін немесе бүркемелейтін зат орнатылып тұр.
- Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
- Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек орнатылған.
- Фаралар кірлеген (қар, мұз немесе балшық). (Нысандар дұрыс жарықтандырылып тұрған жоқ, сондықтан оларды тану қиын.)
- Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі бұзылған. (Нысандар дұрыс жарықтандырылып тұрған жоқ, сондықтан оларды тану қиын.)
- Жарықтандыру жүйесі, соның ішінде фаралар мен тұман фаралары өзгертілген.
- Автокөлік апатқа ұшырағандықтан немесе ақау пайда болғандықтан автокөліктің тұрақтылығы бұзылған.
- Тежеу жүйесінің бақылау шамы жанып тұр (қызыл).*2
- Руль күшейткішінің бақылау шамы жанып тұр.
⇒ Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.
- Автокөлікке жүк біркелкі тиелмегендіктен немесе басқа факторларға байланысты шанақ қалпы әдеттегіден өзгеше.
- Жолаушылардың максималды саны шамадан асты.
- Аспаптар тақтасы дұрыс істемей тұр. Мысалы, бақылау шамдары мен индикаторлар жанбайды, дыбыстық ескертулер естілмейді, дисплей әдеттегіден өзгеше және т.б.*3

*1: дөңгелектер мен шиналар маңызды функцияларды атқарады. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды пайдаланыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

*2: Егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

*3: аспаптар тақтасы туралы толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.

• Келесі жағдайларда стереокамера қозғалыс жолағы белгілерінің сызықтарын әрең анықтауы мүмкін және жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.

- Түнде немесе туннельде фарасыз жүргенде.
- Қолайсыз ауа райында (нөсер жауын, бұрқасын жел немесе қалың тұман).
- Жолдың беті ылғал және фара сәулелері әсерінен жылтырап жатыр.
- Автокөлігіңіз келе жатқан жолақта басқа да белгілер бар (көрсеткілер, жазбалар және т. б.).
- Автокөлігіңіз бен алдағы автокөлік арасындағы қашықтық қысқа, сондықтан қозғалыс жолағындағы белгілер сызығын анықтау қиын.
- Автокөлігіңіздің алдында басқа жолақтан ауысқан автокөлік кенеттен шыға келді немесе алдағы автокөлік басқа жолаққа ауысты.

- Жолдың иілген формасы өзгереді.

- Қоршаулардың немесе басқа да ұқсас нысандардың көлеңкелері жүру жолағының белгі сызықтарының үстіне түсіп тұр.


- Камераның объективіне қарсыдан күшті жарық түсіп тұр (күн жарығы немесе қарсы бағыттағы көліктің фара сәулелері және т. б.).

- Қозғалыс жолағының ені тым тар немесе тым кең.

- Жүру жолағының ені өзгерді.

- Стереокамера камераның ерекшелігіне байланысты жүру жолағын әрең анықтайды.


- Жүру жолағының белгі сызықтары жоқ немесе өшіп қалған.
- Автокөлік сары түсті бойлық сызықтары бар жолақпен жүріп келеді.
- Белгі сызығының түсі жол төсемінің түсіне ұқсас.
- Жолақ белгісінің қос сызықтары пайдаланылып тұр.
- Жолақ белгісінің жіңішке сызықтары пайдаланылып тұр.
- Жолда белгі сызығын құрамайтын басқа сызықтар бар.
- Жүру жолағы белгісінің сызықтары қабырғалар мен бағандарға тиіп тұр.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жүру жолағы белгісінің пішіні күрт өзгереді (жолға кіру, жолдан шығу, ирелең жол және т. б.).



- Жол айырықтарына, қиылыстарына, қызмет көрсету аймақтарына немесе тұраққа апаратын жолақпен жүру.
- Жол шетінде жиектас немесе бүйір қабырға бар.
- Жарық күрт өзгергенде, мысалы, туннельге кіргенде немесе одан шыққанда немесе эстакада астынан өткенде.
- Алдыңғы әйнекте әйнектазалағыш сөнгеннен кейін, әйнекжуғыш сұйықтығының іздері қалды.






ЕСКЕРТУ

- Автономды апаттық руль бұру жүйесі келесі жағдайларда кенеттен іске қосылып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда бұл жүйені ажыратып қоюды ұмытпаңыз.

⇒78-бет:

- Автокөлік сүйреуге алынған.
- Автокөлік эвакуатор үстіне тиелген.
- Автокөлік жүгіретін барабандары бар стендке, тасымалдау үшін жартылай тиейтін арбаға шығарылған немесе соған ұқсас жабдықты пайдалану кезінде.
- Автокөлік көтергіш бағанмен көтеріліп, қозғалтқышы оталып, дөңгелектері тіреусіз еркін айналады.
- Баннерлердің, тулардың немесе өсімдік бұтақтарының қасынан өту.
- Автокөлікке тиетін биік/қалың шөптің/бұталардың арасынан өту.
- Жарыс трассасымен жүру.
- Автоматты көлік жуу бекетінде.




Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автономды апаттық руль бұру жүйесі келесі жағдайларда іске қосылып кетуі мүмкін. Сондықтан автокөлік алдындағы және айналасындағы жағдайды үнемі бақылап отырыңыз.


- Автокөлігіңіз мақсатты деп анықталмайтын нысанға жақындап келеді.
- Жел соққанда шашырайтын құм, түтін немесе су буынан; алда немесе қарсы бағытта жүріп бара жатқан көліктен туындайтын су, қар, балшық немесе шаң шашырандыларынан көру мүмкіндігі нашарлаған.
- Бу, түтін, қалың тұман бұлттары арасынан өту және т. б.
- Қолайсыз ауа райында, мысалы қалың қар жауғанда немесе боран соққанда.
- Алда кетіп бара жатқан автокөліктің пайдаланылған газдары суық ауа райында жақсы көрінеді және т. б.



- Автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолақта бойлық белгі сызықтары жоқ. Бірақ алған жолағыңыз бен көршілес жолақ, жол шеті, қабырға және т. б.

арасындағы түстің айырмашылығы осы нысандарды белгі сызықтары деп анықтауға әкеп соғуы мүмкін.

- Автокөлігіңіз алған жолақта балшық, жарықтар, жиектастар және т.б. бар, оларды жүйе белгі сызықтары деп анықтауы мүмкін.



- Жол тар, ал қарсы бағыттағы жолақтың сызықтары автокөлігіңіз алған жолақтың белгі сызықтары деп анықталуы мүмкін.

- Бұрылыста немесе жол қиылысында кедергі бар.

- Автокөлігіңіз анықталатын нысанның, кедергінің немесе биік өсімдіктің қасынан өтіп барады.


- Жүйе кенеттен пайда болған нысанды немесе автокөлігіңіздің жолын бүйірден «қиып өткен» автокөлікті анықтай алмайды.

- Кедергі кенеттен жылжи бастайды.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Суарғыш машиналардың су шашырандылары арқылы немесе көктайғаққа қарсы реагенттер шашатын механизм шашырандылары арқылы жүріп өту.





- Автономды апаттық руль бұру жүйесінің жұмысын тоқтату үшін рульді бұрыңыз немесе акселератор педалін басыңыз.
- Төбедегі жүксалғыштағы жүк, орнатылған аксессуарлар және т. б. алдыңғы бамперден асып тұрса, автокөлік ұзындығы ұзарады, ал жүйе соқтығысудың алдын ала алмауы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ


Автономды апаттық руль бұру жүйесі келесі жағдайларда іске қосылмайды.

- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі ажыратылып тұр.
- SRVD жүйесі ажыратылған.
- Қарсы келе жатқан автокөлік, мотоцикл не велосипед жүргізушісі кедергі болады.
- Анықталған нысан автокөлігіңіздің алдынан жолды қиып өтеді.
- Соқтығысудың алдын алу үшін орын жеткіліксіз немесе соқтығысу аймағының айналасындағы кеңістікте басқа нысан анықталды.
- Нысандар автокөлігіңіздің алдынан не артынан жақындап келеді.
- Жүру жолағын немесе жолақ белгісінің сызығын анықтау мүмкін болмай тұр.
- Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі автокөлік шарбақ, қорғаныш қоршаулар немесе басқа да конструкциялардың қасынан өткенде іске қосылды.
- Жүйе рульмен жасалатын маневр соқтығысудан құтылуға мүмкіндік бермейді деп анықтайды.
- Апаттық аялдау жүйесі іске қосылады.
- EyeSight жүйесінде ақау орын алды. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнализаторы сары түспен  жанып тұр)
⇒272-бет:
- EyeSight жүйесі уақытша ажыратылды. (EyeSight жүйесінің уақытша ажырау индикаторы:  ақ)
⇒273-бет:


Автономды апаттық руль бұру жүйесі іске қосылғанда аспаптар тақтасының дисплейінде біраз уақыт бойы осы жүйенің іске қосылғаны туралы хабарлайтын үзу экраны пайда болады.

⇒50-бет:

Автономды апаттық руль бұру жүйесінің ақауы және уақытша ажыратылу


Автономды апаттық руль бұру жүйесі уақытша ажыратылса,  индикатор жанады (Автономды апаттық руль бұру жүйесі ажыратылды). Уақытша ажыратылу себебі жойылғаннан кейін жүйе қайта қосылады.

Бұл индикатор аптап ыстық немесе қатты суық кезде де, сондай-ақ аккумулятор батареясының кернеуі нормадан ауытқығанда жана бастайды.

Егер индикатор  (Автономды апаттық руль бұру жүйесі ажыратылды) ұзақ уақыт жанып тұрса, EyeSight жүйесінде ақау болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.



ЕСКЕРТПЕ


Автономды апаттық руль бұру жүйесі SRVD жүйесі ажыратылып тұрғанда пайдаланылмайды. Бұл жағдайда  индикатор жанады (Автономды апаттық руль бұру жүйесі ажыратылды).

■ Автономды апаттық руль бұру жүйесінің сөну индикаторы

Оталдыру жүйесі қосылғанда (ON күйі) бұл индикатор жанып, қозғалтқыш оталған соң бірнеше секундтан кейін сөнеді.

Сонымен бірге ол автономды апаттық руль бұру жүйесі ажыратылған кезде жанады.

⇒78-бет:



S04099

Алдағы жол қиылысы кезінде тежеу жүйесі

Алдағы көлік құралына (тек мотоцикл және велосипед жүргізушілерінен басқа) соқтығысу қаупі туындағанда EyeSight жүйесі жүргізушіге ескерту арқылы соқтығысудың алдын алуға немесе оның салдарын азайтуға көмектеседі. Егер жүргізуші бәрібір соқтығысуды алдын алуға еш әрекет жасамаса, дәл соқтығысу алдында тежеу жүйесі іске қосылып, соқтығысу салдарының ауырлығын азайтуға немесе мүмкін болса, соқтығысуды толық болдырмауға тырысады.

Бұл функция селектор тұтқасы D, M немесе N қалпында тұрған кезде іске қосыла алады.

ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті тоқтату және кәдімгі жағдайда соқтығысудың алдын алу үшін алдағы жол қиылысында тежеу жүйесін пайдаланбаңыз.
 - Бұл жүйе кез келген жағдайдағы соқтығысудың алдын ала алмайды. Егер жүргізуші тежеу кезінде алдағы жол қиылысында тежеу жүйесіне сүйенетін болса, бұл соқтығысуға алып келуі мүмкін.
- Ескерту іске қосылғанда автокөліктің алдыңғы бөлігі мен айналасына қарап, тежегіш педалін басыңыз және/немесе қажет болғанда басқа іс-әрекеттер қолданыңыз.
- Алдағы жол қиылысында тежеу жүйесі жолды қиып бара жатқан көлік құралдарын (мотоцикл мен велосипед жүргізушілерінен басқа) мақсатты нысан ретінде анықтайды. Жүйе алда көлденең өтіп бара жатқан автокөліктермен соқтығысудың алдын алуға немесе оның салдарының ауырлығын азайтуға арналған, бірақ әртүрлі жағдайларға байланысты* автокөлік тоқтап үлгермеуі немесе жүйе іске қосылмай қалуы мүмкін.
- Алдағы жол қиылысында тежеу жүйесі соқтығысудан құтылу мүмкін емес деп анықтағанда іске қосылады және дәл соқтығысу алдында барынша тежеуге күш салуға арналған. Нәтижесі көп жағдайларға байланысты*

Сондықтан бұл функция әрдайым бірдей емес.

- Егер бұл жүйе қосылып тұрса, ол акселератор педалін жартылай басқанда да істеп тұрады. Бірақ жүйе акселератор педалін күрт және/немесе түбіне дейін басқанда өшеді.
- Егер жүргізуші тежегіш педалін басса немесе рульді бұрса жүйе бұл әрекетті жүргізуші тарапынан соқтығысудың алдын алу үшін жасалды деп анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда автоматты тежеу жүргізушіге жағдайды толығымен өз бақылауына алуға мүмкіндік беру үшін пайдаланылмауы мүмкін.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автокөлігіңіз бен анықталған мақсатты нысанның жылдамдығы іске қосылу диапазонынан тыс шекте тұрса, соқтығысуды болдырмау мүмкін емес. Алайда, тіпті, жылдамдық іске қосылатын диапазонда тұрғанның өзінде, анықталған нысан кенеттен автокөлігіңізді алдында пайда болса немесе камераның шолу аймағынан тыс тұрса, автокөлігіңіз тоқтамауы мүмкін немесе жүйе алдыңғы бампердің күйі, жол төсемінің күйі немесе көріну мүмкіндігі сияқты әртүрлі жағдайларға байланысты іске қосылмауы мүмкін.

Алдыңғы радар датчиктері алдыңғы бампердің екі жағынан орнатылады, сондықтан олардың көру аймағы жүргізушінің көру аймағынан ерекшеленеді. Нәтижесінде, қоршаған орта жағдайларына байланысты (жиектастар, қоршаулар, дуалдар және т. Б. сияқты кедергілер), жүргізуші жақындап келе жатқан автокөлікті көргенімен, оны алдыңғы радар датчиктері анықтамайтын жағдайлар болуы ықтимал, сондықтан жүргізушінің көмекші жүйелері іске қосылмауы мүмкін.

*: Шарттар

- Анықталған нысанға дейінгі қашықтық, оның жылдамдығымен салыстырғандағы айырмашылық немесе өзара жайғасу
- Автокөліктің күйі (жүктің орналасуы, жолаушылардың саны және т. б.).
- Жолдың күйі (еңіс, төсем күйі, форма, тегіссіздіктер және т. б.).
- Алдыңғы аймақтың жеткілікті көрінбеуі (жаңбыр, қар, тұман, түтін және т. б.).
- Анықталатын мақсатты нысан емес әлдебір нәрсе анықталды.
 - Үй немесе жабайы жануар (ит, бұғы және т. б.)
 - Мотоцикл, велосипед жүргізушісі немесе жаяу жүргінші
 - Қоршау, телефон бағаны, ағаш, дуал, қабырға және т. б.
- Тіпті, кедергі анықталатын мақсатты нысан болса да, оның салыстырмалы қозғалыс және өзара жайғасу параметрлеріне байланысты жүйе оны анықтай алмайды.
- Жүйе жүргізушінің іс-қимылдарын соқтығысуды болдырмауға бағытталған деп анықтайды (акселератор, тежегіш педалін басу, рульді бұру бұрышы және т.б. негізінде).
- Автокөліктің күйі (тежеу жүйесі, шиналардың тозуы, шиналардағы ауа қысымы, толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек және т. б.).
- Тіркеме, басқа автокөлік сүйреуге алынған және т. б.
- Тежегіш дискілері/қыспақтары ауаның төмен температурасы салдарынан немесе қозғалтқыш оталғаннан кейін бірден салқын.
- Тежеу жүйесінің бөлшектері ұзақ еңісте жүргенде қызады (тежеу тиімділігі төмендейді).
- Жауын-шашын кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін (тежеу механизмдерінің бөлшектерінде ылғал болуына байланысты тежеу тиімділігі төмендейді).


Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Алдыңғы радар датчиктеріне арналған анықтау шарттары

Оған қоса, жүйе төменде сипатталған жағдайларда автокөлікті тоқтатпауы немесе іске қосылмауы мүмкін.

- Қолайсыз ауа райы (мысалы, нөсер жауын, бұрқасын жел немесе қалың тұман).
- Датчиктердің айналасындағы беттердің күйі желмен ұшып кіретін құм, түтін немесе су буы немесе алда жүретін автокөліктен, қарсы бағытта жүретін көліктен немесе жолды қиып өтетін көліктен туындайтын су, қар, балшық немесе шаң шашырандылары салдарынан қанағаттанарлықтай емес.
- Жабық кеңістіктер (туннельдер және т.б.).
- Жолды қиып бара жатқан көлік құралының алдыңғы және бүйір бөліктерінің көлемі үлкен емес (мысалы, биіктігі тым төмен автокөліктерде).
- Артқы және/немесе бүйір жүк платформаларының панельдері жоқ бос жүк көлігі немесе тіркеме.
- Пішіні әдеттегіден тыс көлік құралдары (эвакуатор автокөліктер, арбалы мотоциклдер және т.с.с.).
- Автокөлігіңіз жол қиылысында анықталатын мақсатты нысан алдынан өтіп барады.



- Сіздің автокөлігіңіз бен алда жүріп бара жатқан автокөлік арасында кедергі бар (қабырға, дуал, ғимарат, қоршау, баған, жол белгісі, ағаш және т. б.).



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Анықталатын нысан – қарсы бағыттағы автокөлік, арпеп келе жатқан автокөлік, сіздің автокөлігіңізбен қатарлас келе жатқан көлік, онша байқалмайтын автокөлік және т.б.
- Кедергінің өлшемдері, көбінесе биіктігі, оны анықтауға мүмкіндік бермейді.
- Анықталған нысан бұрылып барады, жылдамдықты үдетті немесе баяулатты.
- Автокөлігіңіз бұрылып жатқанда (оңға немесе солға) немесе бұрылыстан өткеннен кейін бірден.
- Жолақ ауыстыру кезінде немесе ауыстырғаннан кейін бірден.
- Танылған нысан автокөлігіңіздің алдыңғы бамперінің дәл алдында тұр.
- Күрт бұрылыстарда, тік өрде немесе тік еңісте.
- Ойлы-қырлы немесе топырақ жолда.
- Алдағы жол қиылысында тежеу жүйесін күштеп қоспаңыз. Бұл дұрыс істемеу және соқтығысу жағдайына алып келуі мүмкін.
- Жүйе төменде берілген жағдайлар кезінде дұрыс істемеуі мүмкін. Мұндай шарттар туындағанда алдағы жол қиылысында тежеу жүйесін ажыратып қойыңыз.
⇒78-бет:
 - Шиналардағы ауа қысымы нормаға сай емес. *1
 - Өркелкі тозған шиналар орнатылған. *1
 - Ұсынылмаған өлшемдегі шиналар орнатылған. 1
 - Ауасы шыққан шина, шина жөндеу жинақтамасымен жөнделген дөңгелек пайдаланылып тұр.
 - Аспа конструкциясы өзгертілген (соның ішінде жетілдірілген түпнұсқа SUBARU аспасы).
 - Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
 - Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек орнатылған.
 - Автокөлікке алдыңғы радар датчиктерінің айналасындағы аймақты жауып тұратын әлдебір заттар (мысалы, жапсырмалар) бекітілген.
 - Алдыңғы радар датчиктерінің айналасындағы аймақ (қармен, мұзбен, балшықпен және т. Б.) жабылған (Анықталатын нысандарды жүйе дұрыс қабылдамайды және олар анықталмайды.)
 - Автокөлік апатқа ұшырағандықтан немесе ақау пайда болғандықтан автокөліктің тұрақтылығы бұзылған.
 - Алдыңғы бампер соқтығысу салдарынан бүлінген.
 - Қауіпсіздік жастығы іске қосылды. (Алдыңғы бампердің деформациялану ықтималдығы жоғары.)
 - Тежеу жүйесінің бақылау шамы жанып тұр (қызыл). *2
 - Автокөлікке жүк біркелкі тиелмегендіктен немесе басқа факторларға байланысты шанақ қалпы әдеттегіден өзгеше.
 - Жолаушылардың максималды саны шамадан асты.
 - Аспаптар тақтасы дұрыс істемей тұр. Мысалы, бақылау шамдары мен индикаторлар жанбайды, дыбыстық ескертулер естілмейді, дисплей әдеттегіден өзгеше және т.б.*3

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

Алдыңғы радар датчиктерінің нысандарды анықтау шарттары

• Төменде көрсетілген шарттар бойынша жүйе мақсатты нысандарды дұрыс анықтамауы мүмкін. Нысандарды анықтау қиындаған кезде алдағы жол қиылысында тежеу жүйесі және алдағы жол қиылысы туралы ескерту жүйесі уақытша ажыратылып қалуы мүмкін.

Көру мүмкіндіктері жақсарған және автокөлік қозғалған бойда жүйе жұмысы қысқа уақыт ішінде қалпына келеді.

- Қолайсыз ауа райында (нөсер жауын, бұрқасын жел немесе қалың тұман).
- Алдыңғы бампер кірлеген (жаңбыр тамшылары, балшық және т.б.).
- Алдыңғы бампердегі қар, балшық, қырау, мұз, шаң немесе сызаттар алдыңғы радар датчиктері жіберетін/қабылдайтын радиотолқындарды бөгейді.
- Автокөлікке жүк біркелкі тиелмегендіктен немесе басқа факторларға байланысты шанақ қалпы әдеттегіден өзгеше.
- Жел соққанда шашырайтын құм, түтін немесе су буынан; алда немесе қарсы бағытта жүріп бара жатқан көліктен туындайтын су, қар, балшық немесе шаң шашырандыларынан көру мүмкіндігі нашарлаған.
- Анықталатын нысанның алдыңғы, бүйірлік немесе артқы бөлігінің өлшемдері кішкентай (мысалы, трейлер), көбінесе биіктігі аласа.
- Нысан әйнек немесе ағаш сияқты радиотолқындарды нашар шағылыстыратын материалдан жасалған.
- Автокөлігіңіз радиотолқын шығаратын нысандардың (мысалы, радиообсерватория) қасынан өтіп барады.
- Баннерлердің, тулардың немесе өсімдік бұтақтарының қасынан өту.
- Автокөлікке тиетін биік/қалың шөптің/бұталардың арасынан өту.
- Тік өрде немесе тік еңісте.

*1: дөңгелектер мен шиналар маңызды функцияларды атқарады. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды пайдаланыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

*2: Егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.

*3: аспаптар тақтасы туралы толық ақпаратты автокөлікті пайдалану нұсқаулығынан табуға болады.

 **ЕСКЕРТУ**

Келесі жағдайларда алдағы жол қиылысында тежеу жүйесін ажыратып қойыңыз. Әйтпесе, жүйе кенеттен іске қосылып кетуі мүмкін.

⇒78-бет:

- Автокөлік сүйреуге алынған.
- Автокөлік эвакуатор үстіне тиелген.
- Автокөлік жүгіретін барабандары бар стендке, тасымалдау үшін жартылай тиетін арбаға шығарылған немесе соған ұқсас жабдықты пайдалану кезінде.
- Автокөлік көтергіш бағанмен көтеріліп, қозғалтқышы оталып, дөңгелектері тіреусіз еркін айналады.
- Баннерлердің, тулардың немесе ағаш бұтақтарының қасынан өту.
- Автокөлікке тиетін биік/қалың шөптің/бұталардың арасынан өту.
- Жарыс трассасымен жүру.
- Автоматты көлік жуу бекетінде.
- Су басқан жолмен жүру.

Алдағы жол қиылысында тежеу жүйесі мына жағдайларда іске қосылуы мүмкін. Сондықтан автокөлік алдындағы және айналасындағы жағдайды үнемі бақылап отырыңыз.

- Автоматты қақпалар арқылы өту (ашылу және жабылу кезінде).
- Жолдың бойлық еңіс бұрышы немесе жол төсемі тез өзгеретін жолмен жүру кезінде.
- Бұрылыста немесе жол қиылысында кедергі бар.
- Автокөлігіңіз басқа автокөліктің қапталына, кедергінің немесе биік өсімдік қасына жақын жүріп барады.
- Алда тұрған қабырғаға немесе жүріп бара жатқан автокөлікке тым жақын аялдау кезінде.
- Суарғыш машиналардың су шашырандылары арқылы немесе көктайғаққа қарсы реагенттер шашатын механизм шашырандылары арқылы жүріп өту.

Егер жүк немесе түпнұсқа SUBARU аксессуарларына кірмейтін аксессуарлар алдыңғы бамперден асып тұрса, автокөлік ұзындығы ұзарады, ал жүйе соқтығысудың алдын ала алмауы мүмкін.


Автоматты түрде тежеу кезінде тежегіш педалін бассаңыз, педаль өздігінен қозғалатынын сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тежегіш педалін одан әрі қаттырақ басқанда, сіз тежеуге көбірек күш түсіре аласыз. Қажет болса көбірек тежеу күшін түсіріңіз.

Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

Жүйе келесі жағдайларда жақын маңда жақындап келе жатқан автокөліктер болмаса да іске қосылуы мүмкін.

- Радиотолқындарды қатты шығаратын нысандардың (мысалы, үлкен металл белгі) қасынан өту.
- Шектеулі/тұйық кеңістік ішінде (мысалы, қала ортасында немесе туннель ішінде) жүру.
- Тоқтаған көлік құралының (мысалы, автобус, жүк көлігі немесе жеңіл автокөлік) қасынан өту.
- Кептеліс пайда болған жолақпен жүру.
- Қызмет көрсету аймағы немесе тұрақ сияқты жерлерде бұрыштап қойылған көлік құралдарының (автобустар, жүк көліктері, жеңіл автокөліктер және т. Б.) қасынан өту.




- Қабырға немесе сол сияқты нысанның (кірпіш қабырға, металл дуал, трамвай аялдамасының қабырғасы және т. Б.) қасынан өту.
- Құрылыс алаңының қасынан өту.
- Анықталған нысан жол қиылысы алдында аялдайды.




Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Автокөлігіңіз оңға не солға бұрылғанда, оң не сол жақтан анықталатын нысан жақындап келеді.



- Автокөлігіңіз жол қиылысына жақындағанда басқа автокөлік оңға не солға бұрылады.




- Автокөлігіңіз жол қиылысына жақындағанда, басқа автокөлік сіздің автокөлігіңізден қашық келденең көшемен өтіп барады.




Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автокөлігіңіз көрші жолақтағы автокөлікті басып озып барады немесе сіздің автокөлігіңізді басқа автокөлік басып озып барады.
- Қарсы бағыттағы көлікке жақындап, жанынан өте шығу.
- Оңға не солға бұрылғанда нысан анықталды.
- Автокөлігіңізге жаяу жүргінші, велосипед жүргізушісі, арба және т. б. жақындап келеді.
- Көршілес жолаққа шыққан автокөлік арттан жақындап келеді.




- Автокөлігіңіз қаржығыш машина сияқты профилі стандартты емес автокөлік қасынан өтіп барады.
- Көше бұрышына орнатылған белгінің қасынан өту.
- Бұрылыста қарсы бағыттағы көлікке жақындап, жанынан өте шығу.



- Бағанның немесе жол ортасындағы белгіш қоршаудың қасынан өту.
- Автокөлігіңіз бағдаршам алдында тұрғанда, басқа автокөлік алдыңыздан қиып өтіп барады.
- Алдыңғы радар датчиктері орнатылған орындардың қасында кедергі (мысалы, биік шөп, бұталар немесе ағаштардың/бұталардың салбыраған бұтақтары) бар.

Бұл жағдайда алдыңғы радар датчиктері көлденең бағытта жақындап келе жатқан автокөліктерді анықтау үшін пайдаланылады. Жүйе нашар көрінетін жол қиылысы немесе тұрақтан шығу сияқты кезде соқтығысу ықтималдығы бар жағдайларда автоматты түрде тежейді.

Система EyeSight Assist жүйесінің монитормы, аспаптар тақтасы дисплейінің үзу экрандары және орталық ақпараттық дисплей (алдыңғы көрініс дисплейі) көмегімен дыбыстық және визуалдық ескертулер береді.



Алдыңғы жақтан көлденең бағытта келе жатқан автокөлік жақындағанда (шамамен 5–60 км/с жылдамдықпен), жүйе жүргізушіге ескерту және тежеу мен стоп-сигналдар шамдарын қосу үшін төменде сипатталған ретпен іске қосылады.

Қашықтықтың (алда көлденең бағытта келе жатқан автокөлік жақындағанда) қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы ескерту (автокөлігіңіздің жылдамдығы шамамен 1–60 км/с құрайды):

Жүйе алдағы автокөлікке соқтығысу қаупі бар екенін анықтағанда қысқа дыбыстық ескертулер жиі естіледі және аспаптар тақтасының дисплейінде жүргізушіге ескертетін үзу экраны көрсетіледі, сондай-ақ қозғалтқыш қуаты азайтылады. Жүргізуші жылдамдықты баяулатып, соқтығысу қаупін азайту үшін тежегіш педалін басқанда, ескертулердің берілуі тоқтайды.

Автокөлікке дейін (алда жүріп бара жатқан) қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы дыбыстық ескертудің берілуін орталық ақпарат дисплейінің басты экранынан ажыратып қоюға болады.

⇒277-бет:



ЕСКЕРТПЕ

- Тіпті, қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы дыбыстық ескертудің берілуі ажыратылғанның өзінде (алдыда көлденең бағытта жүріп келе жатқан автокөлік жақындағанда), жүйе соқтығысудың жоғары қаупі бар деп анықтайтын болса, қашықтықтың қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы дыбыстық ескертуі бәрібір беріледі.
- Егер жүйе жүргізушінің зейінсіздігін, қатты ұйқысы келгенін, жүргізушінің ұйықтап қалғанын және автокөлік жүру жолағының ішінде әдеттегіден қатты жүріп келе жатқанын анықтаса, қашықтықтың (алда көлденең бағытта келе жатқан автокөлік жақындағанда) қауіпті деңгейге қысқарғаны туралы дыбыстық ескерту беріледі.
 - EyeSight жүйесінің баптаулары жүргізушінің зейінсіздігі салдарынан өзгертілген болса, жүйе жүргізушіні қайтадан жолға зейін қойды деп анықтамайынша немесе жүргізушінің өзі орталық ақпараттық дисплейден өзгертпейінше сол баптаулар әрі қарай қолданыла береді.
 - Егер EyeSight жүйесінің баптаулары жүйе жүргізушінің қатты қалғып отырғанын анықтағаннан, жүргізуші ұйықтап кеткенін немесе автокөлік қозғалыс жолағының ішінде қатты жүріп келе жатқанын анықтағаннан кейін өзгертілген болса, жүргізуші қозғалтқышты сөндіріп, қайта оталдырмайынша немесе орталық ақпараттық дисплейден баптауларды өзгертпейінше, сол баптаулар әрі қарай қолданыла береді.

Бірінші тежеу және ескерту

(автокөлігіңіздің жылдамдығы шамамен 1–30 км/с құрайды):




Жүйе алдағы көлденең бағытта жүріп бара жатқан автокөлікке соқтығысу қаупі жоғары екенін анықтағанда, жүргізушіге ескерту үшін қысқа дыбыстық ескертулер жиі естіледі және аспаптар тақтасының дисплейі мен орталық ақпараттық дисплейде үзу экраны көрсетіледі. Автоматты түрде тежеу функциясы іске қосылуы, ал кей жағдайларда қозғалтқыш қуаты төмендеуі мүмкін. Жүргізуші соқтығысудың алдын алу үшін қолданған шараларды (тежеу, рульді бұру және т.б.) жүйе соқтығысу қаупін азайтты деп анықтаса, автоматты түрде тежеу тоқтатылады.

Екінші тежеу және ескерту

(автокөлігіңіздің жылдамдығы шамамен 1–30 км/с құрайды):

Егер жүйе соқтығысу қаупі тым жоғары деп анықтаса, дыбыстық ескерту тұрақты болады да ұлғайтылған күшпен автоматты түрде тежеу режимі іске қосылады. Жүргізушінің соқтығысудың алдын алуға қатысты барлық әрекетіне қарамастан жүйе соқтығысудан құтылу мүмкін емес деп анықтаса, ол төтенше тежеу және қозғалтқыш қуатын азайту мүмкіндігін қолдануды жалғастыратын болады. Автокөлік екінші рет тежеу режимінде тоқтағанда, жүргізуші автокөлік қозғалыссыз тұрғанын тексеру мақсатында тежегіш педалін басуға тиіс.


Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі


Жүйені белсендіру	Автоматты түрде тежелу кезіндегі баяулау деңгейі	Аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация	Хабарлау типі
Қашықтық туралы ескерту (алдыңғы жақта көлденең қозғалыс болған жағдайда) (Экран оң жақтан көлік құралы анықталған жағдайда көрсетіледі.)	Автоматты тежелудің болмауы	 <p style="text-align: right;">H01251</p>	Жіі берілетін қысқа дыбыстық ескертулер
Бастапқы тежелу	Орташа	 <p style="text-align: right;">H01252</p>	Жіі берілетін қысқа дыбыстық ескертулер
Негізгі тежелу	Жоғары	 <p style="text-align: right;">H01253</p>	Үздіксіз дыбыстық ескерту


Алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу операциясын орындағаннан кейін үзілу экраны пайда болады, ол аспаптар тақтасының дисплейінде белгілі уақыт бойы сақталып тұрады.

⇒63-бет

Алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу функциясын тоқтата тұру

Егер алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу функциясының әрекеті уақытша тоқтатылса,  индикатор жанады. Уақытша тоқтату себептері жойылған кезде функцияның әрекеті қалпына келеді. Бұл индикатор сондай-ақ қатты ыстық немесе суық ауа райы жағдайларында, сондай-ақ аккумулятор батареясының кернеуі нормадан ауытқыған кезде жана бастайды.

Егер алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу функциясын өшіру индикаторы  ұзақ уақыт бойы жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.




■ Алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу функциясын өшіру индикаторы


Бұл индикатор оталдыру жүйесі қосқаннан кейін (ON күйі) жанады, және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секундтан соң сөнеді.


Ол алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу функциясы өшірулі тұрғанда жанады.

⇒78-бет



Алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу функциясының ескертуші сигнал бергіші

Алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу функциясының ескертуші сигнал бергіші  жүйеде ақаулық пайда болғанда жанады. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.




Автоматты шұғыл тежеу жүйесін қосу/өшіру


Автоматты шұғыл тежеу жүйесін (соның ішінде автоматты шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйені, апаттық жағдайда рульді автономды бұру және алдыңғы жақтан көлденең қозғалыс болған жағдайда тежелу жүйесін) қосу/өшіру үшін қозғалыссыз тұрған автокөлікте орталық ақпараттық дисплейді қолданыңыз.

Бұл жүйе EyeSight жүйесінің баптауларында Pre-Collision Braking (Автоматты шұғыл тежеу) экранында Setting ON (Баптауларды орнату) тармағын таңдаған кезде қосылады.

Бұл жүйе EyeSight жүйесінің баптауларында Pre-Collision Braking (Автоматты шұғыл тежеу) экранында Setting OFF (Баптаудың күшін жою) тармағын таңдаған кезде өшеді.

⇒277-бет

Егер автоматты шұғыл тежеу жүйесі өшірілген болса, аспаптар тақтасында  индикатор пайда болады.

Егер автоматты шұғыл тежеу жүйесі қосулы болса, аспаптар тақтасында  индикатор сөнеді.



ЕСКЕРТПЕ

- Автоматты шұғыл тежеу жүйесін қосу/өшіру апаттық жағдайда рульді автономды бұру, алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу және апат алдында акселераторды басқару жүйелерімен бірге жүзеге асырылады.
- Тіпті автоматты шұғыл тежеу жүйесі өшірулі болса да, қозғалтқышты өшіріп, қайта қосқан кезде ол әдепкі қалып бойынша қайтадан қосылады.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде өшіріле алмайды.

■ Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің өшірілу индикаторы

Бұл индикатор оталдыру жүйесі қосқаннан кейін (ON күйі) жанады, және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секундтан соң сөнеді. Ол автоматты шұғыл тежеу жүйесі мен апат алдында акселераторды басқару жүйесі өшірілген кезде жанады.


Ол сондай-ақ келесі жағдайларда жанады.

- EyeSight жүйесінде қателік пайда болғанда. ( EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші: сары түспен жанып тұрады)




⇒272-бет

- EyeSight жүйесі уақытша өшірілі. ( EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы: ақ түсті)



⇒273-бет



ЕСКЕРТПЕ


- Егер сондай-ақ  апаттық шұғыл тежеу,  апаттық жағдайда рульді автономды бұру және  алдыңғы жақтан қиылысатын қозғалыс болған жағдайдағы тежеу жүйелерінің өшірілу индикаторлары жанса.

⇒ 62 және 76-бет

- Егер  апаттық шұғыл тежеу жүйесінің өшірілу индикаторы жанып тұрса, тежелумен көмектесу (автоматты шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйені қоса алғанда), апаттық жағдайда рульді автономды бұру, алдыңғы жақта қиылысқан қозғалыс болған жағдайда тежелу және апат алдында акселераторды басқару жүйелері жұмыс істемейді.
- Апаттық жағдайда рульді автономды бұру жүйесі SRVD жүйесі өшірілуі тұрғанда қолданыла алмайды. Бұл жағдайда  апаттық жағдайда рульді автономды бұру жүйесінің өшірілу индикаторы жанады.

Кең бұрышты монокуляр камераның өшірілу индикаторы

Егер кең бұрышты монокуляр камера уақытша өшірілсе,  индикатор жанады. Уақытша тоқтату себептері жойылған кезде функцияның әрекеті қалпына келеді. Бұл индикатор сондай-ақ алдыңғы әйнектің кең бұрышты монокуляр камераның алдындағы ішкі немесе сыртқы беті ластанған немесе буланып тұрған болса да, өте ыстық немесе суық ауа райында, сондай-ақ аккумулятор батареясы кернеуінің нормадан күшті ауытқуы жағдайында жанады. Егер кең бұрышты монокуляр камераның  өшірілу индикаторы ұзақ уақыт бойы жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.




ЕСКЕРТПЕ




- Егер кең бұрышты монокуляр камераның  өшірілу индикаторы жанып тұрса, ал автоматты шұғыл тежеу жүйесінің  өшірілу индикаторы жанбай тұрса, бұл EyeSight жүйесінің шолу өрісінің әдеттегіден анағұрлым тар екенін білдіреді. Бұл жағдайда EyeSight жүйесінің кедергілерді анықтау қабілеті төмендейді, және автоматты шұғыл тежеу жүйесі автокөлікті тоқтатпауы немесе іске қосылмауы мүмкін.
- Егер кең бұрышты монокуляр камераның алдындағы алдыңғы әйнектің сыртқы беті ластанған немесе буланған болса, алдыңғы әйнекті тазалаңыз.
- Егер алдыңғы әйнектің кең бұрышты монокуляр камераның алдындағы ішкі бөлігі буланса, жүйе автокөлікпен біршама уақыт жол жүргеннен кейін және жағдайлар жақсарған кезде қайтадан іске қосылады. Сонымен қатар жүйенің жұмыс істеу жағдайларын жақсарту үшін алдыңғы әйнекті жылыту функциясын қолдануға болады.
⇒Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.
- Егер кең бұрышты монокуляр камераның алдындағы алдыңғы әйнектің ішкі жағы немесе камера объективінің айналасындағы аймақ ластанған болса немесе үнемі буланып кете берсе, автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Кең бұрышты монокуляр камераның ескертуші сигнал бергіші

Бұл индикатор жүйенің ақаулығы пайда болған жағдайда жанады. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер кең бұрышты монокуляр камераның  ескертуші сигнал бергіші жанып тұрса, ал автоматты шұғыл тежеу жүйесінің  өшірілу индикаторы жанбай тұрса, бұл EyeSight жүйесінің шолу өрісінің әдеттегіден тар екенін білдіреді. Бұл жағдайда EyeSight жүйесінің кедергілерді анықтау қабілеті төмендейді, және автоматты шұғыл тежеу жүйесі автокөлікті тоқтатпауы немесе іске қосылмауы мүмкін.
- Егер кең бұрышты монокуляр камераның  ескертуші сигнал бергіші тіпті қозғалтқышты өшіріп қосқаннан кейін де жанып тұра берсе, бұл кең бұрышты монокуляр камера жүйесінің ақаулы екенін білдіреді. Бұл ретте автокөлікті қалыпты режимде басқара беруіңізге болады. Алайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.

Бейімделетін круиз-контроль

Бейімделетін круиз-контроль — автомагистральдарда көлікті әлдеқайда жайлы жүргізуге арналған жүргізушінің көмекші жүйесі. Стереокамера дәл осы жолақпен алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтайды, және сіздің автокөлігіңіз сіз белгілеген жылдамдықты сақтай отырып осы автокөліктің артынан ілесіп отырады. Бұл ретте жүйе алдыда орналасқан автокөлікке дейін оның жылдамдығына сәйкес келетін қашықтықты ұстап отырады. Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтаған кезде сіздің автокөлігіңіз де тоқтайды және автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады. Мұндай режимде автокөлік шамамен 0–145 км/сағ жылдамдық диапазонында басқарыла алады. Белгіленген жылдамдық шектеулерінен асырмаңыз.



ЕСКЕРТУ

- Жүйе автокөлікті кез келген жол жағдайларында автоматты түрде жүргізуге есептелмеген.
- Бейімделетін круиз-контрольге шектен тыс сенім артпаңыз. Бұл жүйе алаңдатушы факторлардың себебінен немесе қозғалыс кезінде зейінді шоғырландыру болмағандықтан, сондай-ақ нашар көрініс жағдайларында жүргізуші автокөліктің алдында орналасқан нәрсеге толық көңіл бөлмейтін кезде автокөлікті басқаруға көмектесуге арналмаған. Бұл жүйе сондай-ақ сіздің автокөлігіңізге артқы жақтан келіп соғылудың алдын алуға арналмаған.
Кез келген жағдайларда көлікті қауіпсіз жүргізуге тырысыңыз. Өрдайым алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз, айналадағы мән-жайға және қозғалыс жағдайларына назар аударыңыз, қажеттігіне қарай тежегіш педалін басыңыз және қауіпсіз қозғалыс жағдайларын сақтап отыруға қажетті басқа да әрекеттерді орындаңыз.
- Бейімделетін круиз-контрольді қолданған кезде жылдамдықты әрдайым жылдамдық шектеуіне, қозғалыс қарқындылығына, жол жағдайларына және басқа да мән-жайларға сәйкес белгілеңіз.
- Жүйені қолданар алдында автокөлікке күнделікті қарап тексеру әрекетін жүргізіңіз және дөңгелектердің/шиналардың және тежеу жүйесінің ақаулықтарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жүйе төменде келтірілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайлар туындаған кезде бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз.
 - Шиналардағы ауа қысымы нормаға сәйкес келмейді. *1
 - Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек орнатылған. *1
 - Тозуы біркелкі емес шиналар орнатылған. *1
 - Өлшемдері ұсынылмаған шиналар орнатылған. *1
 - Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықтың көмегімен жөнделген ауасы шығып кеткен шинасы бар дөңгелек қолданылуда.
 - Аспа конструкциясына (соның ішінде SUBARU жетілдірілген түпнұсқа аспасына) өзгертулер енгізілген.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Автокөлікке стереокамераның шолуына кедергі келтіретін зат орнатылған. - Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
 -
 - Фаралар ластанған (қар, мұз немесе балшық). (Объектілер дұрыс жарықтандырылмайды және оларды анықтау қиын.)
 - Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі бұзылған. (Объектілер дұрыс жарықтандырылмайды және оларды анықтау қиын.)
 - Фараларды және тұман фараларын қоса алғанда жарықтандыру жүйесіне өзгертулер енгізілген.
 - Автокөліктің апатқа ұшырауының немесе ақаулықтың туындауының нәтижесінде автокөліктің бағдар тұрақтылығы бұзылған.
 - Төжеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл) жанып тұр. *2
 - Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шанақ күйі әдеттегіден ауытқыған.
 - Максималды жолаушылар санынан асып кеткен.
 - Тіркеме, басқа автокөлік және т.б. сүйрелуде.
 - Аспаптар тақтасы дұрыс жұмыс істемейді. Мысалы, бақылау шамдары мен индикаторлар жанбайды, дыбыстық ескертулер берілмейді, дисплей әдеттегіден өзгеше және т.б.*3
- *1: дөңгелектер мен шиналар аса маңызды функцияларды орындайды. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды қолданыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *2: егер төжеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *3: аспаптар тақтасы туралы толық ақпаратты автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.
- Бейімделетін круиз-контроль автомагистральдарда және кіруі шектелген осыған ұқсас жолдарда қолдануға арналған. Бұл жүйе қалалық жағдайларда қолдануға арналмаған. Келесі жағдайларда бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.
 - Көдімгі жолдар (жоғарыда айтылғандарға жатпайтын жолдар)
 - Қозғалыс жағдайларына (жолдардың профилінің күрделілігіне және басқа факторларға) байланысты жүйе өз міндетін жол жағдайлары талап ететіндей дәрежеде орындай алмауы, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
 - Тік бұрылыстары бар жолдар немесе ирелең жолдар
 - Мұз, қар немесе басқа сырғанақ заттар басқан жолдар. Дөңгелектердің тайғанап айналуынан автокөлік тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін.
 - Жылдамдықты жиі үдетулер мен баяулаулар алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты сақтауды қиындататын жол жағдайлары.
 - Жүйе тиісті түрде жұмыс істей алмауы мүмкін.
 - Тік ылдилар
 - Жүргізушінің белгілеген автокөлік жылдамдығынан асып кетуі мүмкін.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Тік ұзақ ылдиларда

Тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетуі мүмкін.



- Қайталанатын тік өрлері мен ылдилары бар жолдар мен эстакадалар. Алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты ұстау режимі бұзылуы мүмкін, немесе алдыдағы автокөліктің орнына жол төсемі анықталуы мүмкін, бұл дұрыс басқаруды мүмкін емес етеді.

- Тік бұрылысқа/артқа бұрылу жолына көлік жолайрығына немесе жол қиылысына, сондай-ақ жол шетіндегі инфрақұрылым аумағына, тұрақ алаңына, ақы төлеу пунктіне немесе басқа объектілерге кіру

Алдыдағы автокөлікті анықтау мүмкін емес болуы мүмкін.

- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; шашыраған судан, қардан, балшықтан, су шашыратқыштардан немесе көктайғаққа қарсы реагенттерден; алдыдағы автокөліктен немесе қарсы бағыттағы көліктен көтерілген шаңнан көрініс нашарлаған.

Алдыдағы көлік құралын анықтау мүмкін емес болуы мүмкін, немесе оның орнына су не басқа заттар анықталуы мүмкін, бұл автокөлікті дұрыс басқаруды мүмкін емес етуі мүмкін.




- Қолайсыз ауа райында, мысалы, қар күшті жауып тұрғанда немесе боранда.
- Стереокамераның қалыпты жұмысына алдыңғы әйнектегі булану, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар, балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. кедергі келтіріп тұр.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жаңбырдың немесе алдыңғы әйнекжуғыштың тамшыларын әйнектазартқыш толық кетіре алмайды.
Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтау мүмкін емес болуы мүмкін, бұл автокөлікті дұрыс басқаруды мүмкін емес етеді.
- Стереокамераның көріну аймағы толық ашылмаған немесе жабық (мысалы, автокөліктің үстіңгі жүксалғышына ұзын өлшемді жүкті салып тасымалдағанда).
- Стереокамераның көмегімен объектілерді анықтау келесі объектілер және/немесе жағдайлар үшін қиын болуы мүмкін. Тежегіш педалін қолданыңыз және басқа қажетті әрекеттерді орындаңыз.
 - Жылдамдығы ағынның қозғалу жылдамдығынан айтарлықтай өзгешеленетін көлік құралдары (баяу қозғалып келе жатқан, тоқтаған, қарсы келе жатқан және т.с.с. автокөліктер).
 - Сіздің автокөлігіңіз қозғалып келе жатқан қозғалыс жолағында кенеттен пайда болатын көлік құралдары.
 - Мотоциклшілер, велосипедшілер, жаяу жүргіншілер, жануарлар және т.с.с.
 - Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі
 - Түнде немесе туннельде, егер алдыда артқы шамдары қосылмаған автокөлік қозғалып бара жатса
 - Қатты түсіп тұрған қарсы жарық (күн жарығы, фаралардың шалғай жарығы және т.с.с.).
 - Алдыдағы көлік құралының артқы бөлігінің өлшемдері шағын немесе пішіні әдеттен тыс (жүйе автокөліктің басқа бөлігін оның арты ретінде анықтауы мүмкін және оның әрекеттері осыған қарай анықталатын болады).
 - Жүк платформасында артқы және/немесе бүйірлік панельдері жоқ бос жүк көлігі немесе тіркеме.
 - Артынан жүгі салбырап тұрған көлік құралдары.
 - Пішіні стандарттан тыс көлік құралдары (эвакуатор автокөліктер, мотоарбасы бар мотоциклдер және т.с.с.).
 - Биіктігі тым шағын және т.с.с. автокөліктер.
 - Жарықтандыру қарқындылығы күрте өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
 - Автокөлігіңіздің алдыңғы бамперінің жанында орналасқан объектілер бар.
- Егер бейімделетін круиз-контроль қолданылып жатса, оны міндетті түрде өшіріңіз. Егер бұл жүйені қосулы күйінде қалдырсаңыз, ол кездейсоқ іске қосылып кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келеді. Сонымен бірге автокөлікті тұраққа қойғаннан кейін міндетті түрде электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор иіңтірегін Р күйіне ауыстырыңыз.

⇒ 107-бет



Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Бейімделетін круиз-контрольді қолданар алдында міндетті түрде автокөлігіңіздегі жолаушылардың және алдағы маневрлердің қауіпсіздігіне көз жеткізіп алыңыз. Автокөліктің сыртында тұрып круиз-контрольді басқармаңыз.


Стереокамераның көмегімен алдыдағы автокөлікті анықтау*

- Келесі жол жағдайларында немесе автокөлігіңіздің күйінде алдыдағы көлік құралын анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Көршілес қозғалыс жолақтарындағы көлік құралдары немесе жол жиегіндегі объектілер де дұрыс анықталмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз. Егер қазіргі сәтте круиз-контроль қолданылып жатса, тежегіш педалін басыңыз және басқа қажетті әрекеттерді орындаңыз.

- Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының арасына басқа автокөлік келіп кіріп жатыр.



- Бұрылыстың басында және соңында, сондай-ақ ирелең жолдарда (бұл жағдайларда жүйеге автокөліктерді анықтау қиын, себебі олар анықтау аймағынан тыс орналасқан).
- Автострадаға, тас жолға немесе кіруі шектелген басқа жолға кірерде немесе мұндай жолдардан шығарда (бейімделетін круиз-контроль мұндай жағдайларда қолдануға арналмаған).




- Қалада немесе қала айналасында (бейімделетін круиз-контроль мұндай қозғалыс аймақтарында қолдануға сәйкес келмейді. Бейімделетін круиз-контрольді тек қозғалысының қарқындылығы жоғары емес жолдарда ғана қолданыңыз).


Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Алдыдағы көлік құралы тура сіздің автокөлігіңіздің алдында орналасқан және бір жағына қарай ығысқан.



- Жол жиегінде кедергілер бар.
- Алдыдағы көлік құралымен жылдамдықтың салыстырмалы айырмашылығы үлкен.
- Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының арасына сіздің жолыңызды кесіп, басқа автокөлік келіп кіріп жатыр.
- Автокөліктердің арасындағы қашықтық өте шағын.
- Сіздің автокөлігіңіз қозғалыс жолағының шегінде көлденең қозғалыстар жасап жатыр.



- Өте тегіс емес немесе қара жолда.
- Өте тар жолақтары бар жолдарда, мысалы, қозғалыс шектеулері қолданылатын кезде немесе жол/құрылыс жұмыстары жүргізілетін жерлерде.
- Жолдағы қозғалыс апатқа және т.с.с. байланысты қиындады.
- Жүксалғыш бөлімде немесе артқы орындықта жолжүктің/жүктің ауыр заттары орналасқан.
- Бейімделетін круиз-контрольдің жағдайды бағалау бойынша мүмкіндіктері шектеулі. Келесі жағдайларда баяулау орын алмауы мүмкін. Қажет болса, автокөлік қозғалысын баяулату үшін тежегіш педалін қолданыңыз.
 - Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының жылдамдықтарының айырмашылығы тым үлкен немесе ол күтпеген жерден, соның ішінде
 - күрт баяулап жатыр.
- Егер ескертулер/хабар берулер жиі беріліп жатса, бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

• Тіпті аз қашықтықта да Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі келесі жағдайларда берілмеуі мүмкін.

- Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының жылдамдықтарының айырмашылығы үлкен емес. Екі автокөлік те бірдей дерлік жылдамдықпен қозғалып келе жатыр.
- Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік сіздің автокөлігіңізден тезірек қозғалуда. Автокөліктердің арасындағы қашықтық ұлғайып жатыр.
- Басқа автокөлік сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолаққа сіздің жолыңызды кесіп кіріп келе жатыр.
- Алдыдағы автокөлік күрт тежеліп жатыр.
- Жолда бірнеше мәрте өрлер мен ылдилар кездеседі.

⇒108-бет

*: алдыдағы автокөліктің стереокамера көмегімен анықталу күйін алдыда автокөліктің бар-жоғын көрсететін индикатордың күйі бойынша растауға болады.



⇒90-бет



 **ЕСКЕРТУ**

- Бейімделетін круиз-контрольді қосқаннан кейін ол алдыдағы көлік құралының қозғалу жылдамдығына сәйкес үздіксіз басқаруды қолдап отырады. Сіздің автокөлігіңіз тоқтаған кезде егер алдыдағы көлік құралы тоқтап қалған болса, автоматты түрде аялдау функциясы қолданылады. Алайда егер стереокамера алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтауды тоқтатқан болса, жүйе сіздің автокөлігіңізді тоқтатпауы мүмкін. Қажет болса, тежегіш педалін қолданыңыз және қауіпсіз қашықтықты ұстаңыз. EyeSight жүйесі жылдамдығы сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығына қатысты үлкен емес объектілерді немесе көлік құралдарын қиын анықтайтынын есте ұстаңыз. Сондықтан егер сіздің автокөлігіңіз көлік кептелісінің соңына жақындап келе жатқанда EyeSight жүйесі алдыдағы автокөлікті «жоғалтып» алса, сізге тежегіш педалін басу арқылы автокөлікті тоқтатуға тура келеді.
- Автоматты түрде тоқтауға дейін тежелгеннен кейін автокөлігіңіздің автоматты түрде қозғалысты бастауы мүмкін емес.
- Егер тоқтатылған автокөлікте круиз-контрольді автоматты түрде өшіруге қажетті шарттар орындалса (⇒ 104-бет), бейімделетін круиз-контроль өшіріледі. Қауіпсіздік мақсатында автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.
- Тежелу қарқындылығы келесі жағдайларға байланысты жеткіліксіз болуы мүмкін. Тежегіш педалін басыңыз және қажет болса, өз бетіңізше жылдамдықты түсіріңіз.
 - Автокөліктің күйі (жүктің, жолаушылардың және т.б. саны/орналасуы).
 - Жолдың күйі (көлбеуі, жабынының күйі, пішіні, кедір-бұдыры және т.б.).
 - Автокөліктің техникалық күйі (тежеу жүйесі, шиналардың тозуы, шиналардағы ауа қысымы, толық өлшемді емес қосалқы дөңгелекті қолдану және т.б.).
 - Тежеу механизмдерінің бөлшектері суық. (Мысалы, қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден немесе төмен сыртқы температурада.)
 - Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қысқа уақыт бойы, қозғалтқыш қызғанша.
 - Ылдиға қарай ұзақ түсулер кезінде тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетеді (тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін).
 - Жаңбыр кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін (тежеу механизмдерінің бөлшектері ылғал/дымқыл болуы мүмкін, және тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін).

Бейімделетін круиз-контрольді қалай қолдану қажет

■ Бейімделетін круиз-контрольді баптау

1. Бейімделетін круиз-контрольді қолдану үшін орталық ақпараттық дисплейді қолданыңыз.
Бұл жүйені EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Круиз-контроль) экранында Manual (Қолмен) түймесін таңдау арқылы қолдануға болады.
⇒277-бет
2. Бейімделетін круиз-контрольді күту режиміне ауыстыру
Ауыстырып қосқышты (CRUISE) басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасының дисплейінде бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы  (ақ түсті), сіздің автокөлігіңіздің индикаторы  және қашықтықты баптау индикаторы көрсетіледі. Автокөліктің белгіленген жылдамдығының дисплейінде — km/h (— км/сағ) жазуы пайда болады.



- (1) Қашықтықты баптау индикаторы
- (2) Бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

Дайындық режимін орнату үшін:


Келесі барлық шарттар орындалған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде **READY** индикаторы көрсетіледі және бейімделетін круиз-контрольді белсендіруге болады.

- Барлық есіктер (жүксалғыш бөлім қақпағынан өзге) жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші өшірулі. Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанбай тұр.
- Селектор тұтқасы D не M күйінде тұр.



- (1) READY индикаторы


Бейімделетін круиз-контроль



- Тежегіш педалі қозғалыс кезінде басылмайды, немесе ол автокөлікті тоқтату үшін қатты басылады.
- EyeSight жүйесі уақытша өшірілмеген. EyeSight жүйесінің  ақ түсті уақытша өшірілу индикаторы жанбай тұр.
⇒273-бет
- Автокөлік тік ылдимиен қозғалып келе жатқан жоқ.
- Руль дөңгелегі тараптардың бір де бір жағына қатты бұрылмаған.
- X-MODE режимі өшірулі (X-MODE индикаторы жанбай тұр).
- Автокөлік жылдамдығы 0–145 км/сағ диапазонында.
- Қозғалтқыш жоғары айналу жиілігінде жұмыс істеп тұрған жоқ.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айнарудан сақтау жүйесі белсендірілмеген.


3. Бейімделетін круиз-контроль баптаулары

RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ не SET/- күйіне ауыстырыңыз. Ауыстырып қосқышты басу сәтінде автокөлік жылдамдығы автокөліктің берілген жылдамдығына айналады және бейімделетін круиз-контроль қосылады.

Егер алдыңғы жақта бір де бір көлік құралы анықталмаса, автокөлік тұрақты берілген жылдамдықпен қозғалады.



Бейімделетін круиз-контроль белсендірілген кезде  индикаторы сөнеді, автокөліктің берілген жылдамдығы көрсетіледі, ал бейімделетін круиз-контроль индикаторының  түсі ақ түстен жасыл түске өзгереді.







(1) Жасыл


⚠ ЕСКЕРТУ

Бейімделетін круиз-контрольді қолданған кезде жылдамдықты әрдайым қолданыстағы жылдамдық шектеулеріне, қозғалыс қарқындылығына, жол жағдайларына және басқа да мән-жайларға сәйкес белгілеңіз.

🏠 ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің берілген жылдамдығы 30–145 км/сағ диапазонында бола алады.
- Егер берілген жылдамдықты белгілеу кезінде автокөлік жылдамдығы шамамен 30 км/сағ-ты құрайтын немесе одан кем болса, 30 км/сағ берілген жылдамдыққа айналады.
- Тіпті берілген жылдамдық автокөліктің ағымдағы жылдамдығынан жоғары болса да, қисық жолмен қозғалғанда автокөлік жылдамдықты үдетпеуі немесе баяулауы мүмкін.
- Егер  бейімделетін круиз-контроль индикаторы тіпті ауыстырып қосқышты  (CRUISE) басқан кезде де жанбайтын болса, демек бейімделетін круиз-контроль жұмыс істемей тұр.
- Егер  бейімделетін круиз-контроль индикаторы тіпті ауыстырып қосқышты  (CRUISE) басқан кезде де жанбайтын болса және бұл жиі орын алса, жүйе ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Алдыңғы жақта көлік құралы анықталған жағдайда алдыда автокөліктің болуын қадағалау индикаторы жанады. Автокөлігіңіз бұл автокөліктің артынан таңдалған қашықтықты сақтап қозғалып отырады. Бұл ретте сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы автокөліктің берілген жылдамдығынан аспайтындай етіп реттеледі. Егер алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталмаса, алдыда автокөліктің болуын қадағалау индикаторы сөнеді.



(1) Алдыда автокөліктің болуын қадағалау индикаторы

🏠 ЕСКЕРТПЕ


Бейімделетін круиз-контроль белсендірілген кезде алдыда көлік құралын анықтау немесе анықтауды тоқтату кезінде (алдыда автокөлік анықталған жағдайда) берілетін дыбыстық ескертуді баптауларын өзгерту арқылы қосуға болады.

⇒277-бет

Бейімделетін круиз-контрольді қолдану


- Алдыда автокөлік болмаған жағдайда

Сіздің автокөлігіңіз 30–145 км/сағ диапазонында берілген жылдамдықпен қозғалып келеді.



- Алдыда автокөлік анықталған жағдайда


Сіздің автокөлігіңіз алдыдағы көлік құралының артынан жүріп келеді және 30–144,5 км/сағ диапазонында берілген жылдамдық ұстала отырып таңдалған қашықтық сақталып отыр (төрт деңгей бойынша баптау).



- Егер алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталмаса

Сіздің автокөлігіңіз берілген жылдамдыққа дейін үдейді және осы жылдамдықпен біркелкі қозғалып келеді.

Егер берілген жылдамдыққа дейін үдеген кезде алдыда автокөлік анықталса, онда ілесіп жүру режимі қайтадан қосылады.



ЕСКЕРТУ

Егер автоматты түрде тежеу кезінде тежегіш педалін бассаңыз, педальдің өз бетінше қозғалып жатқанын сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тежегіш педалін одан да қаттырақ басу арқылы көбірек тежеу күшін түсіруіңізге болады. Қажет болса, көбірек тежеу күшін түсіріңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Бейімделетін круиз-контрольдің көмегімен тежелген кезде автокөлігіңіздің стоп-сигнал шамдары жанады.
- Ылдиға қарай түскенде алдыңғы жақта автокөлік болмаған жағдайда да автокөліктің берілген жылдамдығын ұстау үшін бейімделетін круиз-контрольдің автоматты тежеу функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Автоматты түрде тежеу кезінде біршама әдеттен тыс шуыл естілуі мүмкін. Бұл тежеу жүйесін басқарудан туындайды және ақаулық белгісі болып табылмайды.
- Жылдамдықты уақытша үдету үшін акселератор педалін қолданыңыз. Жылдамдықты үдеткеннен кейін автокөлік біртіндеп дисплейде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдыққа қайтады.
- Егер сіздің автокөлігіңіз автоматты тежеу жүйесімен әлі тежеліп жатқан кезде алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталмаса, тежелу автоматты түрде біртіндеп доғарылады. Қажет болса, акселератор педалін басыңыз.
- Егер бұл объект автокөлік ретінде анықталса, жылдамдықты үдету қарқыны бұрынырақ азаяды.
- Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке ілесі функциясының келесідей сипаттамалары бар:
 - Егер жүйе алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің жолақты ауыстырғанын анықтаса, берілген жылдамдыққа дейін үдеу ертерек басталады.
 - Егер алдыдағы автокөліктің стоп-сигнал шамдарының жанғаны анықталса, баяулау стоп-сигналдың қосылуы анықталмаған жағдаймен салыстырғанда ертерек басталады.
 - Егер автокөлік 60 км/сағ-тан асатын қозғалыс жылдамдығымен жоғары жылдамдықты жолаққа шығып бара жатса, жүйе автокөліктің берілген жылдамдығына дейін үдеуді қарқындырақ бастайды, себебі бұл әрекет сәйкес бұрылыс көрсеткіші қосуға сәйкес жүзеге асырылады.
 - Егер сіз шамамен 10 км/сағ не одан жоғары жылдамдықта бұрылыс көрсеткішін қоссаңыз, онда айналадағы жағдайларға байланысты сіз бұрылыс көрсеткішінің көмегімен көрсеткен жақтағы қозғалыс жолағында орналасқан автокөлік мақсатты ретінде анықталуы мүмкін және сіздің автокөлігіңіз осы автокөліктің жылдамдығына сәйкес арақашықтықты сақтайтын болады.
 - Егер «Қозғалыс жолағының параметрлері» баптауы нақты қозғалыс жылдамдығынан басқаша болса, басып озуға арналған жолақтан қозғалысқа арналған жолаққа ауысу үшін жүргізуші жолақты ауыстыру сигналын қосқан кезде автокөлік әдеттегімен салыстырғанда жылдамдықты тезірек үдете бастауы мүмкін.


⇒277-бет

■ Автокөліктің берілген жылдамдығын ұлғайту

● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану


- RES/+ түймесін басып қалыңыз.
Өр басқан сайын автокөліктің берілген жылдамдығы 5 км/сағ-қа ұлғаятын болады.
- RES/+ түймесін үздіксіз басқан кезде автокөлік жылдамдығы түйме басылып тұрған кезде 1 км/сағ қадамымен ұлғая беретін болады.

Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдық мәні өзгереді.



● Акселератор педалін қолдану

1. Автокөліктің жылдамдығын ұлғайту үшін акселератор педалін басыңыз.
2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз. Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.




ЕСКЕРТУ

- Сіздің автокөлігіңіз алдыдағы көлік құралының артынан жүріп келе жатқанда автокөліктің нақты жылдамдығы осы көлік құралының жылдамдығына байланысты реттеледі. Сондықтан егер RES/SET ауыстырып қосқышы RES/+ жағына қарай басылған болса және алдыдағы көлік құралының жылдамдығынан асатын жылдамдық белгіленген болса, сіздің автокөлігіңіз жылдамдықты үдетпейді, себебі бірінші кезекте қауіпсіз қашықтықты ұстау қажет. Алайда алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы жоқ болып кетсе (мысалы, бос жолаққа ауысқан кезде), сіздің автокөлігіңіз осы берілген жылдамдыққа дейін үдейді. Автокөліктің берілген жылдамдығын бір мезгілде аспаптар тақтасының дисплейіндегі белгішенің көмегімен көрсетілетін мәнді қадағалай отырып өзгертіңіз.
- Егер бейімделетін круиз-контроль қосулы тұрғанда акселератор педалін бассаңыз, бейімделетін круиз-контрольмен тежелуді автоматты түрде басқару және ескерту орындалмайды. Алайда егер мұндай жағдайда автокөлігіңіздің алдында орналасқан кедергімен соқтығысу жоғары қаупі бар болса, автоматты шұғыл тежеу жүйесі белсендірілуі мүмкін.

■ Автокөліктің берілген жылдамдығын азайту


● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану

- Ауыстырып қосқыштың SET/- тарабын басып қалыңыз.

Әр басқан сайын автокөліктің белгіленген жылдамдығы 5 км/сағ-қа азаяды.

- SET/- түймесін тұрақты басып тұрған кезде автокөліктің берілген жылдамдығы 1 км/сағ қадаммен кемиді.


Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдық мәні өзгереді.



H00897

● Тежегіш педалін қолдану

1. Автокөліктің жылдамдығын азайт үшін тежегіш педалін басыңыз.



Бейімделетін круиз-контроль өшеді және  бейімделетін круиз-контрольдің индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді.

2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз. Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.

■ Уақытша үдеу


Жылдамдықты уақытша үдету үшін акселератор педалін басыңыз.

Акселератор педалін жіберген кезде автокөлік берілген жылдамдыққа қайтып оралады.


Акселератор педалі бейімделетін круиз-контрольдің әрекеті кезінде басылғанда,  бейімделетін круиз-контроль индикаторының түсі аққа айналады. Үдеу аяқталғаннан кейін  бейімделетін круиз-контроль индикаторының түсі жасылға айналады.

■ Уақытша баяулау

Уақытша баяулау үшін тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалін басқан кезде бейімделетін круиз-контроль өшеді.

 бейімделетін круиз-контроль индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді, ал автокөліктің берілген жылдамдығы аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін жалғастырады.

Тежегіш педалін жіберіңіз және берілген жылдамдықпен қозғалысты қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ жағына қарай басыңыз.



(1) Ақ

ЕСКЕРТУ

Бейімделетін круиз-контрольді қолдана отырып басқа автокөліктің артынан ілесіп қозғалғанда сіздің автокөлігіңіз оның жылдамдығына байланысты үдейді немесе баяулайды.

Алайда жүргізуші әрдайым қозғалыс қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілік көтеруі тиіс және жүйеге тым көп сенім артпауы тиіс.


Егер сізге жылдамдықты үдету (мысалы, жолақты ауыстырғанда) немесе баяулау (мысалы, алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің кенеттен баяулауына немесе басқа автокөліктің кенеттен сіздің автокөлігіңіздің алдына шығып алуына байланысты) қажет болса, онда нақты жағдайға байланысты акселератор немесе тежегіш педалін қолданыңыз.

■ Алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты өзгерту

Алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты 4 деңгей бойынша өзгертуге болады.

: ауыстырып қосқыштың (▲) жағын басқан кезде қашықтық ұлғаяды.

: ауыстырып қосқыштың (▼) жағын бассаңыз, қашықтық қысқарады.




ЕСКЕРТПЕ

- Қашықтық автокөліктердің қозғалу жылдамдығына байланысты өзгереді. Олар неғұрлым тез қозғалып келе жатса, қашықтық соғұрлым үлкенірек.


Қашықтықты анықтауға арналған шамамен алынған бағдар

Қашықтық индикаторы	40 км/сағ жылдамдықта	100 км/сағ жылдамдықта
	Шамамен 30 м	Шамамен 60 м
	Шамамен 25 м	Шамамен 50 м
	Шамамен 20 м	Шамамен 40 м
	Шамамен 15 м	Шамамен 30 м

-  (CRUISE) түймесін басу жолымен бейімделетін круиз-контрольді қайтадан қосқан кезде бұған дейін таңдалған қашықтық қалпына келтіріледі.

■ Толық тоқтауға дейін тежелу функциясы

Егер бейімделетін круиз-контрольді қолдану кезінде алдыда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтаса, сіздің автокөлігіңіз де толық тоқтауға дейін тежеледі.

Сіздің автокөлігіңіз алдыдағы автокөліктің тоқтауына байланысты толық тоқтаған сәтте бейімделетін круиз-контрольдің әрекеті уақытша тоқтатылады және автоматты аялдау функциясы белсендіріледі.  бейімделетін круиз-контроль индикаторының түсі жасылдан аққа өзгерген кезде экранда **HOLD** (HOLD) индикаторы мен **READY** (READY) индикаторы пайда болады.



- (1) Ақ
- (2) READY индикаторы
- (3) HOLD индикаторы

Алдыда орналасқан автокөліктің бар немесе жоқ болуына қарамастан егер аялдау кезінде тежегіш педалін қатты бассаңыз, **READY** (READY) индикаторы жанады. Осы кезде RES/+ немесе SET/- ауыстырып қосқышын басқан кезде автоматты аялдау режимі белсендіріледі.


Автоматты аялдау режимін белсендірген кезде **HOLD** (HOLD) индикаторы жанады, ал **READY** (READY) индикаторы сөнеді. Егер тежегіш педалін жіберсеңіз, **READY** (READY) индикаторы қайтадан жанады.

ЕСКЕРТУ

Автокөліктің тоқтаған сәтінен бастап автоматты аялдау режимінің іске қосылуына дейін шамамен 3 секунд өтеді. Аялдау режимін белсендіргенге дейін автокөліктің қозғала бастауы ықтимал болғандықтан, айналадағы мән-жайды қадағалаңыз және қажет болса, тежегіш педалін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Тежегіш педалін жайымен басқанда автоматты аялдау режимі өшпеуі мүмкін. Бұл жағдайда **READY** (READY) индикаторы жанбайды.
- Егер старт-стоп жүйесінің жұмысына қажетті шарттар сақталса және автокөлік тоқтатылған болса, тежегіш педалін баспастан қозғалтқыш автоматты түрде осы жүйенің көмегімен өшіріледі. Старт-стоп жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) осы жүйенің көмегімен қозғалтқышты өшіргеннен кейін жанады.
⇒ Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.




S03481

- Бейімделетін круиз-контрольдің жұмысын автоматты аялдау режимінде қайта жалғастыру

RES/SET ауыстырып қосқышының көмегімен ▼ баптауын таңдау

Тіпті алдыда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтаса да, бейімделетін круиз-контрольді RES/+ не SET/- ауыстырып қосқышының көмегімен белсендіруге болады. **HOLD**

(HOLD) және **READY** (READY) индикаторлары сөнеді, ал  бейімделетін круиз-контроль индикаторының түсі ақтан жасылға өзгереді.

- SET/- ауыстырып қосқышын басыңыз. Жылдамдық автоматты түрде 30 км/сағ-қа қойылады.
- RES/+ ауыстырып қосқышын басыңыз. Автокөліктің автоматты аялдау функциясын белсендіргенге дейін таңдалған жылдамдығы қайтадан берілген жылдамдық ретінде орнатылады.

⇒106-бет

**ЕСКЕРТПЕ**

- Автокөлігіңізді тоқтатқаннан және алдыда жүріп бара жатқан автокөлік үдегеннен кейін бейімделетін круиз-контрольдің жұмысын қайта жалғастырған жағдайда сіздің автокөлігіңіз де жылдамдығын үдетеді және бұған дейін таңдалған қашықтықты сақтай отырып қозғалуы жалғастырады. Алайда егер алдыдағы көлік құралы қозғалысты бастамаса немесе тоқтаса, сіздің автокөлігіңіз шамамен 3 секундтан кейін автоматты түрде тоқтайды.
- Егер қозғалтқыш старт-стоп жүйесінің* көмегімен тоқтатылса және бейімделетін круиз-контроль белсендірілсе, алдыда орналасқан автокөлік қозғалысын бастаған кезде қозғалтқыш автоматты түрде қайтадан іске қосылады және старт-стоп жүйесінің индикаторы (жасыл түсті) сөнеді.

*: старт-стоп жүйесі автоматты аялдау режимін қосқаннан кейін белсендіріледі.

▼ Акселератор педалінің көмегімен орнату

Автоматты аялдау режимі қосулы тұрғанда акселератор педалін басқан кезде бұл режим өшеді. Бұл ретте бейімделетін круиз-контрольдің жұмысы қайта жалғастырылады. Автокөлік тиісті жағдайларда бұған дейін белгіленген жылдамдықпен қозғалады. Егер алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталса, бейімделетін круиз-контроль бұған дейінгі қашықтық мәнін ұстап отырады.

ЕСКЕРТУ

Егер автоматты аялдау режимі өшірілсе, автокөлігіңіздің қозғалтқышы іске қосылады. Автоматты аялдау режимін өшірер алдында қауіпсіздікке көз жеткізіп алыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер акселератор педалі күшпен басылмаса, автоматты аялдау режимі өшіріле алмайды және бейімделетін круиз-контрольдің әрекеті қайта жалғастырылмайды.
- Егер старт-стоп жүйесінің* көмегімен қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқан кезде акселератор педалін бассаңыз, қозғалтқыш автоматты түрде қайта іске қосылады және осы жүйенің индикаторы (жасыл түсті) сөнеді.


*: старт-стоп жүйесі автоматты аялдау режимін қосқаннан кейін белсендіріледі.

● Автоматты аялдау режимін өшіру

Егер автокөлік автоматты аялдау режимінде тұрған кезде келесі операциялардың кез келгені орындалса (⇒ 99-бет), автоматты аялдау функциясы өшеді және бір мезгілде бейімделетін круиз-контроль өшіріледі.

- Тежегіш педалі басылады.
-  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.
- Жүргізуші электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосу үшін осы тежегіштің ажыратқышын іске қосады.
- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

 **ЕСКЕРТУ**

- Егер  (CRUISE) ауыстырып қосқышының көмегімен автоматты аялдау режимін өшірсеңіз, автокөлік өздігінен минималды жылдамдықпен қозғала бастайды. Қажет болса, тежегіш педалін басыңыз.
- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышын басқан кезде бейімделетін круиз-контроль өшеді. Бұл ретте электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылмайды, және автокөлік минималды жылдамдықпен өздігінен алдыға қарай қозғала бастайды. Апаттан сақтану үшін қажет болса, тежегіш педалін басыңыз.
- Автоматты аялдау режимі өшірулі тұрғанда автокөліктен шықпаңыз.
- Бұл режим электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қолданылуын ауыстырмайды. Автокөлікті тұраққа қойған кезде тежегіш педалін әрдайым ол толық тоқтағанша басыңыз, содан кейін электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз, селектор иінтірегін Р күйіне, ал оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF режиміне ауыстырыңыз.

 **ЕСКЕРТУ**

Автоматты аялдау режимі келесі жағдайларда өшеді:

- Автокөлік автоматты аялдау режимінде шамамен 10 минут бойы тұр. Жүргізуші бұл режимнің белсендірілгені туралы 5 үзік-үзік дыбыстық растау түріндегі хабарлама алады: 1 қысқа, 1 ұзақ
- Режимнің өшуі орын алатын кез келген жағдай. 1 қысқа және 1 ұзақ сигнал түрінде дыбыстық хабарлама беріледі.

⇒104-бет

Автоматты аялдау функциясын өшіргеннен кейін электрмеханикалық тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады және электрмеханикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады. Алайда егер электрмеханикалық тұрақ тежегіші өшірілуі тиіс қандай да бір шарт орындалса (мысалы акселератор педалін бұғаттау жүйесі, тұрақ тежегішінің ажыратқышын басқанда және т.б.), тұрақ тежегіші өшіріледі. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.

Егер старт-стоп жүйесі белсендірілген күйде акселератор педалі қатты басылмаса, бұл жүйе өліп қалуы және тұрақ тежегіші белсендірілмеуі мүмкін.

●Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосулы тұрғанда бейімделетін круиз-контрольді баптау

Егер бейімделетін круиз-контрольді баптар алдында электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылған болса, акселератор педалін басу арқылы немесе жоғарыда сипатталған басқа тәсілмен оны өшіріңіз. Электрмеханикалық тұрақ тежегішін қалай өшіруге болатыны туралы толық мәліметтерді автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.

■ Бейімделетін круиз-контрольді өшіру


● Жүргізушінің әрекеттерінің көмегімен өшіру

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келгенінде бейімделетін круиз-контроль өшеді.




Бейімделетін круиз-контроль индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді, ал автокөліктің берілген жылдамдығы аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін жалғастырады.

- Тежегіш педалінің басылуы.




(1) Ақ


-  (CRUISE) ауыстырып қосқышының басылуы.





● Жүйенің өзінің автоматты түрде күшін жоюы

Келесі жағдайларда 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық хабарлама беріледі және бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде өшеді. 

Бейімделетін круиз-контроль индикаторының (...) түсі жасылдан аққа өзгереді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі. Автоматты аялдау режимі қосылғанда (⇒ 99-бет) автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады. Қозғалтқыш старто-стоп жүйесінің көмегімен автоматты түрде тоқтатылған жағдайда қозғалтқыш автоматты түрде қайта іске қосылады және автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.



(1) Ақ

- Автокөлік өте тік ылдида тұр.
- Автокөлік динамикасын басқару функциясы немесе бос айналудан сақтау жүйесі белсендірілген.
- Автокөлік жылдамдығы круиз-контроль қосулы тұрғанда шамамен 160 км/сағ-тан асты.
- Руль дөңгелегі кез келген жаққа қарай қатты бұралады.
- Селектор иінтірегі D не M күйлерінен өзге күйге ауыстырылады.
- Кез келген есік (жүксалғыш қақпағынан өзге) ашылады.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі ағытылады.
- Жүргізуші электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосады.
- Ұзақ уақыт бойы акселератор педалі басылады.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігі айтарлықтай ұлғайды.
- X-MODE режимі қосылды (X-MODE индикаторы жанып тұр).
- EyeSight жүйесінде қателік пайда болғанда. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  : сары)
⇒ 272-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшірулі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  : ақ түсті)
⇒ 273-бет
- Екіншілік автоматты шұғыл тежеу белсендіріледі

Шарттар қалпына келгеннен кейін бейімделетін круиз-контрольді белсендіру үшін оны баптау операциясын қайтадан орындаңыз.

 **ЕСКЕРТУ**

Бейімделетін круиз-контрольді сырғанақ жолда қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

 **ЕСКЕРТУ**


- Селектор иінтірегін N күйіне қойған кезде бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде өшеді. Селектор иінтірегін тек ерекше қажеттілік жағдайында ғана N күйіне ауыстырыңыз. Әйтпесе қозғалтқышпен тежелу жұмыс істемей қалуы мүмкін, бұл белгілі бір жағдайларда апатқа алып келуі мүмкін.
- Егер бейімделетін круиз-контроль автокөлік тоқтағаннан кейін бірден жүйе тарапынан өшірілетін болса (шамамен 1 секундтан кейін), электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылмайды.



⇒99-бет

 **ЕСКЕРТПЕ**


- Егер EyeSight жүйесі ақаулы болса, EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. Бұл жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер қозғалтқышты қайта қосқаннан кейін сигнал бергіші әлі жанып тұрса, бұл бейімделетін круиз-контрольдің қолданыла алмайтынын білдіреді. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
⇒272-бет
- Егер EyeSight жүйесінің әрекеті уақытша тоқтатылған болса,  индикаторы (ақ түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.
⇒273-бет
- Егер бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде өшірілген болса, оны қолдануға қажетті шарттар қалпына келгеннен кейін бейімделетін круиз-контрольді баптау операциясын қайтадан орындаңыз. Егер бейімделетін круиз-контрольді тіпті шарттар қалпына келгеннен кейін де белсендіру мүмкін болмаса, EyeSight жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

■ Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығын қалпына келтіру

Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығы туралы деректер жүйенің жадында сақталады. Осы жылдамдықты қайта қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырыңыз. Осы кезде  бейімделетін круиз-контроль индикаторының түсі ақтан жасылға өзгереді.




ЕСКЕРТПЕ


- Жадқа жазылған жылдамдық туралы деректер келесі жағдайларда жойылады:
 - Круиз-контроль  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басу арқылы өшіріледі.
 - Бейімделетін круиз-контроль режимінен қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші режиміне ауысу үшін LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы қолданылады.
 - Круиз-контроль бейімделетін режимнен бейімделмейтін круиз-контрольге ауысады.
- Егер жадта автокөліктің бұған дейін таңдалған жылдамдығы туралы (бұған дейінгі баптау) деректер болмаса, онда RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырған кезде автокөліктің ағымдағы жылдамдығы берілген жылдамдық болып орнатылады.


⇒90-бет

■ Бейімделетін круиз-контрольді өшіру

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келген бейімделетін круиз-контрольдің өшірілуіне алып келеді.



- Егер бейімделетін круиз-контроль белсенді болмаса,  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.



Сіздің автокөлігіңіздің  бейімделетін круиз-контролінің және алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты баптау индикаторлары аспаптар тақтасының дисплейінде сөнеді.



- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

Бейімделетін круиз-контроль өшеді және қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші қосылады.

Аспаптар тақтасының дисплейінде  бейімделетін круиз-контрольдің және қашықтықты белгілеудің индикаторлары сөнеді, ал  жылдамдық шектегішінің индикаторы ақ түспен жана бастайды.




(1) Жылдамдық шектегішінің индикаторы (ақ түсті)

Басқа функциялар

■ Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі

Бұл ескерту бейімделетін круиз-контроль сіздің автокөлігіңіздің алдыда орналасқан автокөліктің артынан қозғалысын ұстап отыру режимінде жұмыс істеп тұрған кезде беріледі. Бұл функция тежелуді автоматты басқару кезінде ағымдағы баяулау деңгейінің жеткіліксіз екенін анықтаған кезде жүргізушіге ескертеді.

- Егер жүйе автокөлігіңіздің жылдамдығын жүргізуші төмендетуі тиіс екенін анықтаса, үзік сигналмен дыбыстық ескерту беріледі және үзілу экраны көрсетіледі.
- Бұл функцияны қосқан кезде баяулау және автокөліктер арасында оңтайлы қашықтықты ұстап отыру үшін тежегіш педалін басыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Егер ескертулер/хабар берулер жиі беріліп жатса, бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз.
- Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі келесі жағдайларда берілмейді.
 - Акселератор педалі басылады.
 - Тежегіш педалі басылады.
- Тіпті аз қашықтықта да Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі келесі жағдайларда берілмеуі мүмкін.
 - Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының жылдамдықтарының айырмашылығы үлкен емес. Екі автокөлік те бірдей дерлік жылдамдықпен қозғалып келе жатыр.
 - Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік сіздің автокөлігіңізден тезірек қозғалуда. Автокөліктердің арасындағы қашықтық ұлғайып жатыр.
 - Басқа автокөлік сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолаққа сіздің жолыңызды кесіп кіріп келе жатыр.
 - Алдыдағы автокөлік күрт тежеліп жатыр.
 - Жолда бірнеше мәрте өрлер мен ылдилар кездеседі.
- Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі егер автокөлік шлагбаумның жанында басқа автокөліктің артында, бағдаршамда, жол қиылысында немесе кептелісте тоқтаған немесе алдыда орналасқан автокөлік сіздің автокөлігіңізден әлдеқайда баяуырақ қозғалып бара жатқан жағдайда уақтылы берілмеуі мүмкін. EyeSight жүйесі үшін әлеуетті қауіпті кедергіні анықтау және оған жауап әрекетін жасау сәтінде жылдамдықта белгілі бір айырмашылық болуы қажет.



ЕСКЕРТПЕ

Стереокамера сіздің автокөлігіңіздің қозғалу жолағында және қозғалу бағытында шамамен 130 м қашықтықта автокөліктерді анықтайды. Алайда анықтау қашықтығы жолдағы мән-жайға, қозғалыс жағдайларына және алдыдағы көлік құралының күйіне байланысты кемірек болуы мүмкін.

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль — жоғары жылдамдықты тас жолдармен, автострадалармен және автомагистральдармен жүрген кезде анағұрлым жайлы жүргізуге арналған жүргізушінің көмекші жүйесі. Стереокамера дәл осы жолақпен алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтайды, және сіздің автокөлігіңіз сіз белгілеген жылдамдықты сақтай отырып осы автокөліктің артынан ілесіп отырады. Автокөліктің берілген жылдамдығы жол белгілерін тану жүйесі арқылы танылған жол белгілеріндегі жылдамдық шектеулерінің мәндеріне сәйкес автоматты түрде белгіленеді. Бұл ретте жүйе алдыда орналасқан автокөлікке дейін оның жылдамдығына сәйкес келетін қашықтықты ұстап отырады. Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтаған кезде сіздің автокөлігіңіз де тоқтайды және автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады. Мұндай режимде автокөлік шамамен 0–145 км/сағ жылдамдық диапазонында басқарыла алады. Белгіленген жылдамдық шектеулерінен асырмаңыз.



ЕСКЕРТУ

- Жүйе автокөлікті кез келген жол жағдайларында автоматты түрде жүргізуге есептелмеген.
- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольге шектен тыс сенім артпаңыз. Бұл жүйе алаңдатушы факторлардың себебінен немесе қозғалыс кезінде зейінді шоғырландыру болмағандықтан, сондай-ақ нашар көрініс жағдайларында жүргізуші автокөліктің алдында орналасқан нәрсеге толық көңіл бөлмейтін кезде автокөлікті басқаруға көмектесуге арналмаған. Ол артқы жақтан соқтығысулардың алдын алуға арналмаған.

Кез келген жағдайларда көлікті қауіпсіз жүргізуге тырысыңыз. Өрдайым алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз, айналадағы мән-жайға және қозғалыс жағдайларына назар аударыңыз, қажеттігіне қарай тежегіш педалін басыңыз және қауіпсіз қозғалыс жағдайларын сақтап отыруға қажетті басқа да әрекеттерді орындаңыз.

- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданған кезде жылдамдықты әрдайым қолданыстағы жылдамдық шектеулеріне, қозғалыс қарқындылығына, жол жағдайларына және басқа да мән-жайларға сәйкес белгілеңіз.
- Жүйені қолданар алдында автокөлікке күнделікті қарап тексеру әрекетін жүргізіңіз және дөңгелектердің/шиналардың және тежеу жүйесінің ақаулықтарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль — жүргізушіге көмектесетін, алайда жол белгілерінің талаптарын сақтаудың күшін жоймайтын жүйе. Жүргізуші жергілікті жол қозғалысы ережелерін сақтауы және қауіпсіз жүргізу ережелерін ұстануы тиіс.
- Жүйе төменде келтірілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Төменде сипатталған жағдайлар туындаған кезде интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз.
 - Шиналардағы ауа қысымы нормаға сәйкес келмейді. *1
 - Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелек орнатылған. *1
 - Тозуы біркелкі емес шиналар орнатылған. *1
 - Өлшемдері ұсынылмаған шиналар орнатылған. *1

Жалғасы келесі бетте→

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықтың көмегімен жөнделген ауасы шығып кеткен шинасы бар дөңгелек қолданылуда.
- Аспа конструкциясына (соның ішінде SUBARU жетілдірілген түпнұсқа аспасына) өзгертулер енгізілген.
- Автокөлікке стереокамераның шолуына кедергі келтіретін зат орнатылған.
- Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
- Фаралар ластанған (қар, мұз немесе балшық). (Объектілер дұрыс жарықтандырылмайды және оларды анықтау қиын.)
- Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі бұзылған. (Объектілер дұрыс жарықтандырылмайды және оларды анықтау қиын.)
- Фараларды және тұман фараларын қоса алғанда жарықтандыру жүйесіне өзгертулер енгізілген.
- Автокөліктің апатқа ұшырауының немесе ақаулықтың туындауының нәтижесінде автокөліктің бағдар тұрақтылығы бұзылған.
- Тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл) жанып тұр. *2
- Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шанақ күйі әдеттегіден ауытқыған.
- Максималды жолаушылар санынан асып кеткен.
- Тіркеме, басқа автокөлік және т.б. сүйрелуде.
- Аспаптар тақтасы дұрыс жұмыс істемейді. Мысалы, бақылау шамдары мен индикаторлар жанбайды, дыбыстық ескертулер берілмейді, дисплей әдеттегіден өзгеше және т.б.*3

*1: дөңгелектер мен шиналар аса маңызды функцияларды орындайды. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды қолданыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.

*2: егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.


*3: аспаптар тақтасы туралы толық ақпаратты автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.

- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль жоғары жылдамдықты тас жолдарда, автострадаларда, ақылы/жоғары жылдамдықты жолдарда, автомагистральдарда және кіруі шектелген осыған ұқсас жолдарда қолдануға арналған. Бұл жүйе қалалық жағдайларда қолдануға арналмаған. Төменде сипатталған жағдайларда интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Кәдімгі жолдар (жоғарыда айтылғандарға жатпайтын жолдар)
Қозғалыс жағдайларына (жолдардың профилінің күрделілігіне және басқа факторларға) байланысты жүйе өз міндетін жол жағдайлары талап ететіндей дәрежеде орындай алмауы, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Тік бұрылыстары бар жолдар немесе ирелең жолдар
- Мұз, қар немесе басқа сырғанақ заттектер басқан жолдар. Дөңгелектердің тайғанап айналуынан автокөлік тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін.
- Жылдамдықты жиі үдетулер мен баяулаулар алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты сақтауды қиындататын жол жағдайлары.
Жүйе тиісті түрде жұмыс істей алмауы мүмкін.
- Тік ылдилар
- Жүргізушінің белгілеген автокөлік жылдамдығынан асып кетуі мүмкін.
- Тік ұзақ ылдиларда (Тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетуі мүмкін).
- Қайталанатын тік өрлері мен ылдилары бар жолдар мен эстакадалар
Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік «жоғалып» кетуі мүмкін, немесе оның орнына жол төсемі анықталуы мүмкін, бұл автокөлікті дұрыс басқаруды мүмкін емес етеді.
- Тік бұрылысқа/артқа бұрылу жолына көлік жолайрығына немесе жол қиылысына, сондай-ақ жол шетіндегі инфрақұрылым аумағына, тұрақ алаңына, ақы төлеу пунктіне немесе басқа объектілерге кіру
Алдыдағы автокөлікті анықтау мүмкін емес болуы мүмкін.
- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; шашыраған судан, қардан, балшықтан, су шашыратқыштардан немесе көктайғаққа қарсы реагенттерден; алдыдағы автокөліктен немесе қарсы бағыттағы көліктен көтерілген шаңнан көрініс нашарлаған.
Алдыдағы көлік құралын анықтау мүмкін емес болуы мүмкін, немесе оның орнына су не басқа заттар анықталуы мүмкін, бұл автокөлікті дұрыс басқаруды мүмкін емес етуі мүмкін.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.



- Қолайсыз ауа райында, мысалы, қар күшті жауып тұрғанда немесе боранда.
- Стереокамераның қалыпты жұмысына алдыңғы әйнектегі булану, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар, балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. кедергі келтіріп тұр.
- Жаңбырдың немесе алдыңғы әйнекжуғыштың тамшыларын әйнектазартқыш толық кетіре алмайды.


Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтау мүмкін емес болуы мүмкін, бұл автокөлікті дұрыс басқаруды мүмкін емес етеді.

- Стереокамераның көріну аймағы толық ашылмаған немесе жабық (мысалы, автокөліктің үстіңгі жүксалғышына ұзын өлшемді жүкті салып тасымалдағанда).
- Стереокамераның көмегімен объектілерді анықтау келесі объектілер және/немесе жағдайлар үшін қиын болуы мүмкін. Тежегіш педалін қолданыңыз және басқа қажетті әрекеттерді орындаңыз.
 - Жылдамдығы ағынның қозғалу жылдамдығынан айтарлықтай өзгешеленетін көлік құралдары (баяу қозғалып келе жатқан, тоқтаған, қарсы келе жатқан және т.с.с. автокөліктер).
 - Сіздің автокөлігіңіз қозғалып келе жатқан қозғалыс жолағында кенеттен пайда болатын көлік құралдары.
 - Мотоциклшілер, велосипедшілер, жаяу жүргіншілер, жануарлар және т.с.с.
 - Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі
 - Түнде немесе туннельде, егер алдыда артқы шамдары қосылмаған автокөлік қозғалып бара жатса

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Қатты түсіп тұрған қарсы жарық (күн жарығы, фаралардың шалғай жарығы және т.с.с.).
- Алдыдағы көлік құралының артқы бөлігінің өлшемдері шағын немесе пішіні әдеттен тыс (жүйе автокөліктің басқа бөлігін оның арты ретінде анықтауы мүмкін және оның әрекеттері осыған қарай анықталатын болады).
 - Жүк платформасында артқы және/немесе бүйірлік панельдері жоқ бос жүк көлігі немесе тіркеме.
 - Артынан жүгі салбырап тұрған көлік құралдары.
 - Пішіні стандарттан тыс көлік құралдары (эвакуатор автокөліктер, мотоарбасы бар мотоциклдер және т.с.с.).
 - Биіктігі тым шағын және т.с.с. автокөліктер.
- Жарықтандыру қарқындылығы күрте өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
- Автокөлігіңіздің алдыңғы бамперінің жанында орналасқан объектілер бар.



• Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданбайтын болсаңыз, оны міндетті түрде өшіріңіз. Егер бұл жүйені қосуды күйінде қалдырсаңыз, ол кездейсоқ іске қосылып кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келеді. Сонымен бірге автокөлікті тұраққа қойғаннан кейін міндетті түрде электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор иінірегін Р күйіне ауыстырыңыз.

⇒ 137-бет

• Бейімделетін круиз-контрольді қолданар алдында міндетті түрде автокөлігіңіздегі жолаушылардың және алдағы маневрлердің қауіпсіздігіне көз жеткізіп алыңыз. Автокөліктің сыртында тұрып круиз-контрольді басқармаңыз.


Стереокамераның көмегімен алдыдағы автокөлікті анықтау*

• Келесі жол жағдайларында немесе автокөлігіңіздің күйінде алдыдағы көлік құралын анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Көршілес қозғалыс жолақтарындағы көлік құралдары немесе жол жиегіндегі объектілер де дұрыс анықталмауы мүмкін. Осындай және осыған ұқсас жағдайларда интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз. Егер қазіргі сәтте круиз-контроль қолданылып жатса, тежегіш педалін басыңыз және басқа қажетті әрекеттерді орындаңыз.

Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының арасына басқа автокөлік келіп кіріп жатыр.




- Бұрылыстың басында және соңында, сондай-ақ ирелең жолдарда (бұл жағдайларда жүйеге автокөліктерді анықтау қиын, себебі олар анықтау аймағынан тыс орналасқан).

- Автострадаға, тас жолға немесе кіруі шектелген басқа жолға кірерде немесе мұндай жолдардан шығарда (интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль мұндай жағдайларда қолдануға арналмаған).



- Қаладағы немесе қала айналасындағы жағдайларда (интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль мұндай қозғалыс аймақтарында қолдануға сәйкес келмейді. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді тек қозғалысының қарқындылығы жоғары емес жолдарда ғана қолданыңыз).


- Алдыдағы көлік құралы тура сіздің автокөлігіңіздің алдында орналасқан және бір жағына қарай ығысқан.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жол жиегінде кедергілер бар.
 - Алдыдағы көлік құралымен жылдамдықтың салыстырмалы айырмашылығы үлкен.
 - Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының арасына сіздің жолыңызды кесіп, басқа автокөлік келіп кіріп жатыр.
 - Автокөліктердің арасындағы қашықтық өте шағын.
 - Сіздің автокөлігіңіз қозғалыс жолағының шегінде көлденең қозғалыстар жасап жатыр.
 - Өте тегіс емес немесе қара жолда
 - Өте тар жолақтары бар жолдарда, мысалы, қозғалыс шектеулері қолданылатын кезде немесе жол/құрылыс жұмыстары жүргізілетін жерлерде.
 - Жолдағы қозғалыс апатқа және т.с.с. байланысты қиындады.
 - Жүксалғыш бөлімде немесе артқы орындықта жолжүктің/жүктің ауыр заттары орналасқан.
 - Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль жүйесінің жағдайды бағалау бойынша мүмкіндіктері шектеулі. Келесі жағдайларда баяулау орын алмауы мүмкін. Қажет болса, автокөлік қозғалысын баяулату үшін тежегіш педалін қолданыңыз.
 - Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының жылдамдықтарының айырмашылығы тым үлкен немесе ол күтпеген жерден, соның ішінде
 - күрт баяулап жатыр.
 - Егер ескерту/хабарлама жиі беріліп жатса, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз.
 - Тіпті аз қашықтықта да Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі келесі жағдайларда берілмеуі мүмкін.
 - Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының жылдамдықтарының айырмашылығы үлкен емес. Екі автокөлік те бірдей дерлік жылдамдықпен қозғалып келе жатыр.
 - Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік сіздің автокөлігіңізден тезірек қозғалуда. Автокөліктердің арасындағы қашықтық ұлғайып жатыр.
 - Басқа автокөлік сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолаққа сіздің жолыңызды кесіп кіріп келе жатыр.
 - Алдыдағы автокөлік күрт тежеліп жатыр.
 - Жолда бірнеше мәрте өрлер мен ылдипар кездеседі.
- ⇒ 138-бет
- *: алдыдағы автокөліктің стереокамера көмегімен анықталу күйін алдыда автокөліктің бар-жоғын көрсететін индикатордың күйі бойынша растауға болады.
- ⇒ 118-бет





ЕСКЕРТУ

- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қосқаннан кейін ол алдыда орналасқан автокөліктің қозғалу сипатына байланысты сіздің автокөлігіңіздің қозғалысын тұрақты ұстап отырады. Сіздің автокөлігіңіз тоқтаған кезде егер алдыдағы көлік құралы тоқтап қалған болса, автоматты түрде аялдау функциясы қолданылады. Алайда егер стереокамера алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтауды тоқтатқан болса, жүйе сіздің автокөлігіңізді тоқтатпауы мүмкін. Қажет болса, тежегіш педалін қолданыңыз және қауіпсіз қашықтықты ұстаңыз. EyeSight жүйесі жылдамдығы сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығына қатысты үлкен емес объектілерді немесе көлік құралдарын қиын анықтайтынын есте ұстаңыз. Сондықтан егер сіздің автокөлігіңіз көлік кептелісінің соңына жақындап келе жатқанда EyeSight жүйесі алдыдағы автокөлікті «жоғалтып» алса, сізге тежегіш педалін басу арқылы автокөлікті тоқтатуға тура келеді.
- Автоматты түрде тоқтауға дейін тежелгеннен кейін автокөлігіңіздің автоматты түрде қозғалысты бастауы мүмкін емес.
- Егер тоқтатылған автокөлікте круиз-контрольді автоматты түрде өшіруге қажетті шарттар орындалса (⇒ 134-бет), интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшіріледі. Қауіпсіздік мақсатында автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.
- Тежелу қарқындылығы келесі жағдайларға байланысты жеткіліксіз болуы мүмкін. Тежегіш педалін басыңыз және қажет болса, өз бетіңізше жылдамдықты түсіріңіз.
 - Автокөліктің күйі (жүктің, жолаушылардың және т.б. саны/орналасуы).
 - Жолдың күйі (көлбеуі, жабынының күйі, пішіні, кедір-бұдыры және т.б.).
 - Автокөліктің техникалық күйі (тежеу жүйесі, шиналардың тозуы, шиналардағы ауа қысымы, толық өлшемді емес қосалқы дөңгелекті қолдану және т.б.).
 - Тежеу механизмдерінің бөлшектері суық. (Мысалы, қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден немесе төмен сыртқы температурада.)
 - Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қысқа уақыт бойы, қозғалтқыш қызғанша.
 - Ылдиға қарай ұзақ түсулер кезінде тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетеді (тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін).
 - Жаңбыр кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін (тежеу механизмдерінің бөлшектері ылғал/дымқыл болуы мүмкін, және тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін).
- Егер жол белгілерін тану жүйесі жылдамдық шектеуін дұрыс анықтай алмаса, автокөліктің берілген жылдамдығы нақты жылдамдық шектеуінен өзгеше болуы мүмкін.

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қалай қолдану қажет




■ Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді баптау

1. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолдану үшін орталық ақпараттық дисплейді қолданыңыз.



Бұл функцияны EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Круиз-контроль) экранында Intelligent (Интеллектуалды) тармағын таңдау арқылы қолдануға болады.

⇒277-бет

2. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді күту режиміне ауыстыру.

 (CRUISE) ауыстырып қосқышын басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасының дисплейінде бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы  (ақ түсті), жылдамдық шектеуін анықтау индикаторы  (ақ түсті) сіздің автокөлігіңіздің индикаторы, сондай-ақ қашықтықты баптау индикаторы көрсетіледі.

Автокөліктің белгіленген жылдамдығының дисплейінде — km/ (— km/cap) жазуы пайда болады.



- (1) Қашықтықты баптау индикаторы
- (2) Жылдамдық шектеуін анықтау индикаторы (ақ түсті)
- (3) Бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

Дайындық режимін орнату үшін:

Төменде сипатталған барлық шарттар орындалған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде **READY** (READY) индикаторы көрсетіледі және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендіріле алады.

- Барлық есіктер (жүксалғыш бөлім қақпағынан өзге) жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші өшірулі.
Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанбай тұр.
- Селектор тұтқасы D не M күйінде тұр.
- Тежегіш педалі қозғалыс кезінде басылмайды, немесе ол автокөлікті тоқтату үшін қатты басылады.
- EyeSight жүйесі уақытша өшірілмеген. EyeSight жүйесінің ақ түсті уақытша өшірілу индикаторы **Eye Sight** жанбай тұр.
⇒273-бет
- Автокөлік тік ылдимиен қозғалып келе жатқан жоқ.
- Руль дөңгелегі тараптардың бір де бір жағына қатты бұрылмаған.
- X-MODE режимі өшірулі (X-MODE индикаторы жанбай тұр).
- Автокөлік жылдамдығы 0–145 км/сағ диапазонында.
- Қозғалтқыш жоғары айналу жиілігінде жұмыс істеп тұрған жоқ.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айналу сақтау жүйесі белсендірілмеген.




(1) READY индикаторы

3. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді баптау. RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ тарабына не SET/- тарабына ауыстырыңыз.

Ауыстырып қосқышты басу сәтінде автокөлік жылдамдығы автокөліктің берілген жылдамдығына айналады және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосылады.

Егер алдыңғы жақта бір де бір көлік құралы анықталмаса, автокөлік тұрақты берілген жылдамдықпен қозғалады.



Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді белсендірген кезде **READY** (READY) индикаторы сөнеді, автокөліктің берілген жылдамдығы көрсетіледі, ал бейімделетін круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түстері ақтан жасылға өзгереді.



(1) Жасыл

4. Жылдамдық шектеуінің белгісін анықтаған кезде белгіде көрсетілген жылдамдық мәні автокөліктің берілген жылдамдығына айналады.

Жылдамдық шектеуі белгісінің индикаторының шекарасы жасыл түспен жанып тұрады.



(1) Жылдамдық шектеуі белгісінің индикаторы (жасыл түсті)







ЕСКЕРТУ


Автокөліктің белгіленген жылдамдығы жылдамдық шектеуінің нақты мәнінен өзгеше болуы мүмкін. Жол жағдайларына және автокөлік айналасындағы мән-жайға сәйкес жылдамдықты белгілеу үшін акселератор және тежегіш педалін немесе RES/SET ауыстырып қосқышын қолданыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің берілген жылдамдығы 30–145 км/сағ диапазонында бола алады.
- Егер берілген жылдамдықты белгілеу кезінде автокөлік жылдамдығы шамамен 30 км/сағ-ты құрайтын немесе одан кем болса, 30 км/сағ берілген жылдамдыққа айналады.
- Тіпті берілген жылдамдық автокөліктің ағымдағы жылдамдығынан жоғары болса да, қисық жолмен қозғалғанда автокөлік жылдамдықты үдетпеуі немесе баяулауы мүмкін.
- Егер бейімделетін круиз-контроль индикаторы  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторы  тіпті  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басқан жағдайда да жанбаса, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолдану мүмкін емес.
- Егер бейімделетін круиз-контроль индикаторы  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторы  тіпті  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басқан кезде де жанбайтын болса және бұл жиі орын алса, жүйе ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендірілген жағдайда рұқсат етілген жылдамдықтан асыру туралы ескерту жұмыс істемейді.
- RES/SET ауыстырып қосқышының көмегімен автокөліктің берілген жылдамдығын өзгерткен кезде жол белгісінің суреті бар индикатордың жасыл түсті жиектемесі сөнеді.
- Жылдамдық шектеуінің белгілері жоқ жол аймақтарында автокөліктің белгіленген жылдамдығы өзгермейді.
- Егер жылдамдық шектеуінің жоқтығын білдіретін жол белгісі анықталса, автокөліктің берілген жылдамдығы 130 км/сағ мәніне орнатылады.

Алдыңғы жақта көлік құралы анықталған жағдайда алдыда автокөліктің болуын қадағалау индикаторы жанады. Автокөлігіңіз бұл автокөліктің артынан таңдалған қашықтықты сақтап қозғалып отырады. Бұл ретте сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы автокөліктің берілген жылдамдығынан аспайтындай етіп реттеледі. Егер алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталмаса, алдыда автокөліктің болуын қадағалау индикаторы сенеді.



(1) Алдыда автокөліктің болуын қадағалау индикаторы




ЕСКЕРТПЕ


Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендірілген кезде алдыда көлік құралын анықтау немесе анықтауды тоқтату кезінде (алдыда автокөлік анықталған жағдайда) берілетін дыбыстық ескертуді баптауларын өзгерту арқылы қосуға болады.
⇒277-бет

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолдану


- Алдыда автокөлік болмаған жағдайда Жылдамдық шектеуінің белгісін анықтаған кезде белгіде көрсетілген жылдамдық мәні автокөліктің берілген жылдамдығына айналады. Сіздің автокөлігіңіз 30–145 км/сағ диапазонында берілген жылдамдықпен қозғалып келеді.



- Алдыда автокөлік анықталған жағдайда Сіздің автокөлігіңіз алдыдағы көлік құралының артынан жүріп келеді және 30–1445 км/сағ диапазонында берілген жылдамдық ұстала отырып таңдалған қашықтық сақталып отыр (төрт деңгей бойынша баптау).



- Егер алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталмаса Сіздің автокөлігіңіз берілген жылдамдыққа дейін үдейді және осы жылдамдықпен біркелкі қозғалып келеді. Егер берілген жылдамдыққа дейін үдеген кезде алдыда автокөлік анықталса, онда ілесіп жүру режимі қайтадан қосылады.



ЕСКЕРТУ

Егер автоматты түрде тежеу кезінде тежегіш педалін бассаңыз, педальдің өз бетінше қозғалып жатқанын сезуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тежегіш педалін одан да қаттырақ басу арқылы көбірек тежеу күшін түсіруіңізге болады. Қажет болса, көбірек тежеу күшін түсіріңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің көмегімен тежелген кезде автокөлігіңіздің стоп-сигнал шамдары жанады.
- Ылдиға қарай түскенде алдыңғы жақта автокөлік болмаған жағдайда да автокөліктің берілген жылдамдығын ұстау үшін интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің автоматты тежеу функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Автоматты түрде тежеу кезінде біршама әдеттен тыс шуыл естілуі мүмкін. Бұл тежеу жүйесін басқарудан туындайды және ақаулық белгісі болып табылмайды.
- Жылдамдықты уақытша үдету үшін акселератор педалін қолданыңыз. Жылдамдықты үдеткеннен кейін автокөлік біртіндеп дисплейде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдыққа қайтады.
- Егер сіздің автокөлігіңіз автоматты тежеу жүйесімен әлі тежеліп жатқан кезде алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталмаса, тежелу автоматты түрде біртіндеп доғарылады. Қажет болса, акселератор педалін басыңыз.
- Егер бұл объект автокөлік ретінде анықталса, жылдамдықты үдету қарқыны бұрынырақ азаяды.
- Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке ілесі функциясының келесідей сипаттамалары бар:
 - Егер жүйе алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің жолақты ауыстырғанын анықтаса, берілген жылдамдыққа дейін үдеу ертерек басталады.
 - Егер алдыдағы автокөліктің стоп-сигнал шамдарының жанғаны анықталса, баяулау стоп-сигналдың қосылуы анықталмаған жағдаймен салыстырғанда ертерек басталады.
 - Егер автокөлік 60 км/сағ-тан асатын қозғалыс жылдамдығымен жоғары жылдамдықты жолаққа шығып бара жатса, жүйе автокөліктің берілген жылдамдығына дейін үдеуді қарқындырақ бастайды, себебі бұл әрекет сәйкес бұрылыс көрсеткіші қосуға сәйкес жүзеге асырылады.
 - Егер сіз шамамен 10 км/сағ не одан жоғары жылдамдықта бұрылыс көрсеткішін қоссаңыз, онда айналадағы жағдайларға байланысты сіз бұрылыс көрсеткішінің көмегімен көрсеткен жақтағы қозғалыс жолағында орналасқан автокөлік мақсатты ретінде анықталуы мүмкін және сіздің автокөлігіңіз осы автокөліктің жылдамдығына сәйкес арақашықтықты сақтайтын болады.
 - Егер «Қозғалыс жолағының параметрлері» баптауы нақты қозғалыс жылдамдығынан басқаша болса, басып озуға арналған жолақтан қозғалысқа арналған жолаққа ауысу үшін жүргізуші жолақты ауыстыру сигналын қосқан кезде автокөлік әдеттегімен салыстырғанда жылдамдықты тезірек үдете бастауы мүмкін.


⇒277-бет

■ Автокөліктің берілген жылдамдығын ұлғайту

● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану

- RES/+ түймесін басып қалыңыз.
Әр басқан сайын автокөліктің берілген жылдамдығы 5 км/сағ-қа ұлғаятын болады.
- RES/+ түймесін үздіксіз басқан кезде автокөлік жылдамдығы түйме басылып тұрған кезде 1 км/сағ қадамымен ұлғая беретін болады.


Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдық мәні өзгереді.



● Акселератор педалін қолдану

1. Автокөліктің жылдамдығын ұлғайту үшін акселератор педалін басыңыз.
2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз.

Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Сіздің автокөлігіңіз алдыдағы көлік құралының артынан жүріп келе жатқанда автокөліктің нақты жылдамдығы осы көлік құралының жылдамдығына байланысты реттеледі. Сондықтан егер RES/SET ауыстырып қосқышы RES/+ жағына қарай басылған болса және алдыдағы көлік құралының жылдамдығынан асатын жылдамдық белгіленген болса, сіздің автокөлігіңіз жылдамдықты үдетпейді, себебі бірінші кезекте қауіпсіз қашықтықты ұстау қажет. Алайда алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы жоқ болып кетсе (мысалы, бос жолаққа ауысқан кезде), сіздің автокөлігіңіз осы берілген жылдамдыққа дейін үдейді. Автокөліктің берілген жылдамдығын бір мезгілде аспаптар тақтасының дисплейіндегі белгішенің көмегімен көрсетілетін мәнді қадағалай отырып өзгертіңіз.
- Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосулы тұрғанда акселератор педалін бассаңыз, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольмен тежелуді автоматты түрде басқару және ескерту орындалмайды. Алайда егер мұндай жағдайда автокөлігіңіздің алдында орналасқан кедергімен соқтығысу жоғары қауіп бар болса, автоматты шұғыл тежеу жүйесі белсендірілуі мүмкін.

■ Автокөліктің берілген жылдамдығын азайту


● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану

- Ауыстырып қосқыштың SET/- тарабын басып қалыңыз.



Әр басқан сайын автокөліктің белгіленген жылдамдығы 5 км/сағ-қа азаяды.

- SET/- түймесін тұрақты басып тұрған кезде автокөліктің берілген жылдамдығы 1 км/сағ қадаммен кемиді.

Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдық мәні өзгереді.







● Тежегіш педалін қолдану

1. Автокөліктің жылдамдығын азайт үшін тежегіш педалін басыңыз. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшеді; бейімделетін круиз-контрольдің индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді. Бұл ретте жол белгілері индикаторының айналасындағы жасыл түсті жиектеме сөнеді.
2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз. Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.

■ Уақытша үдеу

Жылдамдықты уақытша үдету үшін акселератор педалін басыңыз.


Акселератор педалін жіберген кезде автокөлік берілген жылдамдыққа қайтып оралады.

Жүргізуші интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің жұмысы кезінде акселератор педалін басу арқылы автокөлікті үдеткен кезде бейімделетін круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түйі аққа айналады. Үдеу аяқталғаннан кейін бейімделетін круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылға айналады.

■ Уақытша баяулау

Уақытша баяулау үшін тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалін басқан кезде интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшеді. Бейімделетін круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, ал осы кезде автокөліктің белгіленген жылдамдығының мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін жалғастырады. Бұл ретте жол белгілері индикаторының айналасындағы жасыл түсті жиіктеме сөнеді.

Тежегіш педалін жіберіңіз және берілген жылдамдықпен қозғалысты қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ жағына қарай басыңыз.



(1) Ақ

ЕСКЕРТУ

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолдана отырып басқа автокөліктің артынан ілесіп қозғалғанда сіздің автокөлігіңіз оның жылдамдығына байланысты үдейді немесе баяулайды. Алайда жүргізуші әрдайым қозғалыс қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілік көтеруі тиіс және жүйеге тым көп сенім артпауы тиіс.


Егер сізге жылдамдықты үдету (мысалы, жолақты ауыстырғанда) немесе баяулау (мысалы, алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің кенеттен баяулауына немесе басқа автокөліктің кенеттен сіздің автокөлігіңіздің алдына шығып алуына байланысты) қажет болса, онда нақты жағдайға байланысты акселератор немесе тежегіш педалін қолданыңыз.

■ Алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты өзгерту

Алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты 4 деңгей бойынша өзгертуге болады.

: ауыстырып қосқыштың (▲) жағын басқан кезде қашықтық ұлғаяды.

: ауыстырып қосқыштың (▼) жағын бассаңыз, қашықтық қысқарады.




ЕСКЕРТПЕ



- Қашықтық автокөліктердің қозғалу жылдамдығына байланысты өзгереді. Олар неғұрлым тез қозғалып келе жатса, қашықтық соғұрлым үлкенірек.



Қашықтықты анықтауға арналған шамамен алынған бағдар

Қашықтық индикаторы	40 км/сағ жылдамдықта	100 км/сағ жылдамдықта
	Шамамен 30 м	Шамамен 60 м
	Шамамен 25 м	Шамамен 50 м
	Шамамен 20 м	Шамамен 40 м
	Шамамен 15 м	Шамамен 30 м

-  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басқан кезде интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қайтадан қосқан кезде бұған дейін берілген қашықтық қалпына келтіріледі.

■ Толық тоқтауға дейін тежелу функциясы

Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолдану кезінде алдыда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтаса, сіздің автокөлігіңіз де толық тоқтауға дейін тежеледі. Сіздің автокөлігіңіз алдыдағы автокөліктің тоқтауына байланысты толық тоқтаған сәтте интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің әрекеті уақытша тоқтатылады және автоматты аялдау функциясы қосылады. Бейімделетін круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгерген кезде **HOLD** (HOLD) және **READY** (READY) индикаторлары көрсетіледі.



- (1) Ақ
- (2) READY индикаторы
- (3) HOLD индикаторы

Алдыда орналасқан автокөліктің бар немесе жоқ болуына қарамастан егер аялдау кезінде тежегіш педалін қатты бассаңыз, **READY** (READY) индикаторы жанады. Осы кезде RES/+ немесе SET/- ауыстырып қосқышын басқан кезде автоматты аялдау режимі белсендіріледі.


Автоматты аялдау режимін белсендірген кезде **HOLD** (HOLD) индикаторы жанады, ал **READY** (READY) индикаторы сөнеді. Егер тежегіш педалін жіберсеңіз, **READY** (READY) индикаторы қайтадан жанады.

ЕСКЕРТУ

Автокөліктің тоқтаған сәтінен бастап автоматты аялдау режимінің іске қосылуына дейін шамамен 3 секунд өтеді. Аялдау режимін белсендіргенге дейін автокөліктің қозғала бастауы ықтимал болғандықтан, айналадағы мән-жайды қадағалаңыз және қажет болса, тежегіш педалін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ**

- Тежегіш педалін жайымен басқанда автоматты аялдау режимі өшпеуі мүмкін. Бұл жағдайда **READY** (READY) индикаторы жанбайды.
- Егер старт-стоп жүйесінің жұмысына қажетті шарттар сақталса және автокөлік тоқтатылған болса, тежегіш педалін баспастан қозғалтқыш автоматты түрде осы жүйенің көмегімен өшіріледі. Старт-стоп жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) осы жүйенің көмегімен қозғалтқышты өшіргеннен кейін жанады.
⇒ Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.



●Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің жұмысын автоматты аялдау режимінде қайта жалғастыру

RES/SET ауыстырып қосқышының көмегімен ▼ баптауын таңдау

Тіпті алдыда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтаса да, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді RES/+ не SET/- ауыстырып қосқышының көмегімен белсендіруге болады. **HOLD** (HOLD) және **READY** (READY) индикаторлары сөнеді, және бейімделетін круиз-контроль индикаторы  мен жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының түсі ақтан жасылға өзгереді .

- SET/- ауыстырып қосқышын басыңыз. Жылдамдық автоматты түрде 30 км/сағ-қа қойылады.
- RES/+ ауыстырып қосқышын басыңыз. Автокөліктің автоматты аялдау функциясын белсендіргенге дейін таңдалған жылдамдығы қайтадан берілген жылдамдық ретінде орнатылады.
⇒136-бет

**ЕСКЕРТПЕ**

- Автокөлігіңізді тоқтатқаннан және алдыда жүріп бара жатқан автокөлік үдегеннен кейін интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің әрекетін қайта жалғастырған жағдайда сіздің автокөлігіңіз де жылдамдығын үдетеді және бұған дейін таңдалған қашықтықты сақтай отырып қозғалуы жалғастырады. Алайда егер алдыдағы көлік құралы қозғалысты бастамаса немесе тоқтаса, сіздің автокөлігіңіз шамамен 3 секундтан кейін автоматты түрде тоқтайды.
- Егер қозғалтқыш автоматты аялдау жүйесінің* көмегімен тоқтатылса және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендірілсе, алдыда орналасқан автокөлік қозғалысын бастаған кезде қозғалтқыш автоматты түрде қайтадан іске қосылады және старт-стоп жүйесінің индикаторы (жасыл түсті) сөнеді.
*: старт-стоп жүйесі автоматты аялдау режимін қосқаннан кейін белсендіріледі.

Акселератор педалінің көмегімен ▼ орнату

Автоматты аялдау режимі қосулы тұрғанда акселератор педалін басқан кезде бұл режим өшеді. Бұл ретте интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің жұмысы қайта жалғастырылады. Автокөлік тиісті жағдайларда бұған дейін белгіленген жылдамдықпен қозғалады. Егер алдыда автокөлік анықталса. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль автокөліктер арасындағы қашықтықтың бұған дейінгі баптауын сақтайды.

ЕСКЕРТУ

Егер автоматты аялдау режимі өшірілсе, автокөлігіңіздің қозғалтқышы іске қосылады. Автоматты аялдау режимін өшірер алдында қауіпсіздікке көз жеткізіп алыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер акселератор педалі күшпен басылмаса, автоматты аялдау режимі өшіріле алмайды және бейімделетін круиз-контрольдің әрекеті қайта жалғастырылмауы мүмкін.
- Егер старт-стоп жүйесінің* көмегімен қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқан кезде акселератор педалін бассаңыз, қозғалтқыш автоматты түрде қайта іске қосылады және осы жүйенің индикаторы (жасыл түсті) сөнеді.


*: старт-стоп жүйесі автоматты аялдау режимін қосқаннан кейін белсендіріледі.

● Автоматты аялдау режимін өшіру

Егер автокөлік автоматты аялдау режимінде тұрған кезде келесі операциялардың кез келгені орындалса (⇒ 129-бет), автоматты аялдау режимі өшеді және бір мезгілде интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшіріледі.

- Тежегіш педалі басылады.
-  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.
- Жүргізуші электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосу үшін осы тежегіштің ажыратқышын іске қосады.
- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

 **ЕСКЕРТУ**

- Егер  (CRUISE) ауыстырып қосқышының көмегімен автоматты аялдау режимін өшірсеңіз, автокөлік өздігінен минималды жылдамдықпен қозғала бастайды. Қажет болса, тежегіш педалін басыңыз.
- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышын басқан кезде интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшеді. Бұл ретте электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылмайды, және автокөлік минималды жылдамдықпен өздігінен алдыға қарай қозғала бастайды. Апаттан сақтану үшін қажет болса, тежегіш педалін басыңыз.
- Автоматты аялдау режимі өшірулі тұрғанда автокөліктен шықпаңыз.
- Бұл режим электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қолданылуын ауыстырмайды. Автокөлікті тұраққа қойған кезде тежегіш педалін әрдайым ол толық тоқтағанша басыңыз, содан кейін электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз, селектор иінтірегін Р күйіне, ал оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF режиміне ауыстырыңыз.

 **ЕСКЕРТУ**

Автоматты аялдау режимі келесі жағдайларда өшеді:

- Автокөлік автоматты аялдау режимінде шамамен 10 минут бойы тұр. Жүргізуші бұл режимнің белсендірілгені туралы 5 үзік-үзік дыбыстық растау түріндегі хабарлама алады: 1 қысқа, 1 ұзақ
- Режимнің өшуі орын алатын кез келген жағдай. 1 қысқа және 1 ұзақ сигнал түрінде дыбыстық хабарлама беріледі.
⇒134-бет

Автоматты аялдау функциясын өшіргеннен кейін электрмеханикалық тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады және электрмеханикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады. Алайда егер электрмеханикалық тұрақ тежегіші өшірілуі тиіс қандай да бір шарт орындалса (мысалы акселератор педалін бұғаттау жүйесі, тұрақ тежегішінің ажыратқышын басқанда және т.б.), тұрақ тежегіші өшіріледі. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.

Егер старт-стоп жүйесі белсендірілген күйде акселератор педалі қатты басылмаса, бұл жүйе өліп қалуы және тұрақ тежегіші белсендірілмеуі мүмкін.




●Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосуды тұрғанда интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді баптау

Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді баптар алдында электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылған акселератор педалін басу арқылы немесе жоғарыда сипатталған басқа тәсілмен оны өшіріңіз. Электрмеханикалық тұрақ тежегішін қалай өшіруге болатыны туралы толық мәліметтерді автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.


■ Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді өшіру


● Жүргізушінің әрекеттерінің көмегімен өшіру

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келгенінде интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшеді.


Бейімделетін  круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, ал осы кезде автокөліктің белгіленген жылдамдығының мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін жалғастырады. Бұл ретте жол белгілері индикаторының айналасындағы жасыл түсті жиіктеме сөнеді.

- Тежегіш педалінің басылуы.

-  (CRUISE) ауыстырып қосқышының басылуы.




(1) Ақ





● Жүйенің өзінің автоматты түрде күшін жоюы

Келесі жағдайларда 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту беріледі және интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде өшеді. Бейімделетін круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, және жол белгілерін анықтау индикаторының жасыл түсті жиектемесі сөнеді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі. Автоматты аялдау режимі қосылғанда (⇒ 129-бет) электрмеханикалық тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады.



(1) Ақ

Қозғалтқыш старт-стоп жүйесі арқылы автоматты түрде тоқтатылған жағдайда қозғалтқыш автоматты түрде қайта қосылады және автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші іске қосылады.

- Автокөлік өте тік ылдида тұр.
- Автокөлік динамикасын басқару функциясы немесе бос айналуудан сақтау жүйесі белсендірілген.
- Автокөлік жылдамдығы круиз-контроль қосулы тұрғанда шамамен 160 км/сағ-тан асты.
- Руль дөңгелегі кез келген жаққа қарай қатты бұралады.
- Селектор иінірегі D не M күйлерінен өзге күйге ауыстырылады.
- Кез келген есік (жүксалғыш қақпағынан өзге) ашылады.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі ағытылады.
- Жүргізуші электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосады.
- Ұзақ уақыт бойы акселератор педалі басылады.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігі айтарлықтай ұлғайды.
- X-MODE режимі қосылды (X-MODE индикаторы жанып тұр).
- EyeSight жүйесінде қателік пайда болғанда. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  : сары)
⇒ 272-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшірулі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  : ақ түсті)
⇒ 273-бет
- Екіншілік автоматты шұғыл тежеу белсендіріледі

Шарттар қалпына келгеннен кейін интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қайта белсендіру үшін оны баптау операциясын қайтадан орындаңыз.



 **ЕСКЕРТУ**

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді сырғанақ жолда қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.



 **ЕСКЕРТУ**



- Селектор иінтірегін N күйіне қойған кезде интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде өшеді. Селектор иінтірегін тек ерекше қажеттілік жағдайында ғана N күйіне ауыстырыңыз. Әйтпесе қозғалтқышпен тежелу жұмыс істемей қалуы мүмкін, бұл белгілі бір жағдайларда апатқа алып келуі мүмкін.
- Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль автокөлік тоқтағаннан кейін бірден жүйе тарапынан өшірілетін болса (шамамен 1 секундтан кейін), электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылмайды.
⇒129-бет

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер EyeSight жүйесі ақаулы болса, EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. Бұл жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер қозғалтқышты қайта қосқаннан кейін индикатор әлі жанып тұрса, бұл интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің қолданыла алмайтынын білдіреді. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
⇒272-бет
- Егер EyeSight жүйесінің әрекеті уақытша тоқтатылған болса, индикатор  (ақ түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.
⇒273-бет
- Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде өшірілген болса, оны қолдануға қажетті шарттар қалпына келгеннен кейін интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді баптау операциясын қайтадан орындаңыз. Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді тіпті шарттар қалпына келгеннен кейін де белсендіру мүмкін болмаса, EyeSight жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.


■ Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығын қалпына келтіру

Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығы туралы деректер жүйенің жадында сақталады. Осы жылдамдықты қайта қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырыңыз. Бейімделетін круиз-контроль индикаторы  мен жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі ақтан жасылға өзгереді.




(1) Жасыл

Егер жылдамдық шектеуі анықталса, жол белгісі индикаторының жиектемесе жасыл түспен жанады, содан кейін анықталған жылдамдық мәні автокөліктің берілген жылдамдығы ретінде орнатылады.



(1) Жасыл


ЕСКЕРТПЕ



- Жадқа жазылған жылдамдық туралы деректер келесі жағдайларда жойылады:
 - Круиз-контроль  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басу арқылы өшіріледі.
 - Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольден қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші режиміне ауысу үшін LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы қолданылады.
 - Круиз-контроль интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль режимінен бейімделмейтін интеллектуалды круиз-контроль режиміне ауысады.
- Егер жадта автокөліктің бұған дейін таңдалған жылдамдығы туралы (бұған дейінгі баптау) деректер болмаса, онда RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырған кезде автокөліктің ағымдағы жылдамдығы берілген жылдамдық болып орнатылады.


⇒118-бет

■ Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді өшіру

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келген интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің өшірілуіне алып келеді.



- Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсенді болмаса,  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.



Бейімделетін круиз-контроль индикаторы , жылдамдық шектеуін анықтау индикаторы  сіздің автокөлігіңіздің индикаторы және қашықтықты баптау индикаторы аспаптар тақтасында сөнеді.



- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшеді және интеллектуалды жылдамдық шектегіші қосылады.

Аспаптар тақтасының дисплейінде бейімделетін круиз-контрольдің  және қашықтықты белгілеудің индикаторлары сөнеді, ал жылдамдық шектегішінің индикаторы  ақ түспен жана бастайды.



- (1) Жылдамдық шектегішінің индикаторы (ақ түсті)

Басқа функциялар

■ Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі

Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль басқа көлік құралының артынан ілесу режимінде қолданылған кезде белсендіріледі. Бұл функция тежелуді автоматты басқару кезінде ағымдағы баяулау деңгейінің жеткіліксіз екенін анықтаған кезде жүргізушіге ескертеді.

- Егер жүйе автокөлігіңіздің жылдамдығын жүргізуші төмендетуі тиіс екенін анықтаса, үзік сигналмен дыбыстық ескерту беріледі және үзілу экраны көрсетіледі.
- Бұл функцияны қосқан кезде баяулау және автокөліктер арасында оңтайлы қашықтықты ұстап отыру үшін тежегіш педалін басыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Егер ескерту/хабарлама жиі беріліп жатса, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз.
- Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі келесі жағдайларда берілмейді.
 - Акселератор педалі басылады.
 - Тежегіш педалі басылады.
- Тіпті аз қашықтықта да Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі келесі жағдайларда берілмеуі мүмкін.
 - Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының жылдамдықтарының айырмашылығы үлкен емес. Екі автокөлік те бірдей дерлік жылдамдықпен қозғалып келе жатыр.
 - Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік сіздің автокөлігіңізден тезірек қозғалуда. Автокөліктердің арасындағы қашықтық ұлғайып жатыр.
 - Басқа автокөлік сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолаққа сіздің жолыңызды кесіп кіріп келе жатыр.
 - Алдыдағы автокөлік күрт тежеліп жатыр.
 - Жолда бірнеше мәрте өрлер мен ылдилар кездеседі.
- Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі егер автокөлік шлагбаумның жанында басқа автокөліктің артында, бағдаршамда, жол қиылысында немесе кептелісте тоқтаған немесе алдыда орналасқан автокөлік сіздің автокөлігіңізден әлдеқайда баяуырақ қозғалып бара жатқан жағдайда уақтылы берілмеуі мүмкін. EyeSight жүйесі үшін әлеуетті қауіпті кедергіні анықтау және оған жауап әрекетін жасау сәтінде жылдамдықта белгілі бір айырмашылық болуы қажет.




ЕСКЕРТПЕ

Стереокамера сіздің автокөлігіңіздің қозғалу жолағында және қозғалу бағытында шамамен 130 м қашықтықта автокөліктерді анықтайды. Алайда анықтау қашықтығы жолдағы мән-жайға, қозғалыс жағдайларына және алдыдағы көлік құралының күйіне байланысты кемірек болуы мүмкін.

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі


Стереокамера қозғалыс жолағының бойлық белгілеу сызықтарын (соның ішінде Боттс нүктелерін) және алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтайды, ал жүйе автокөлігіңізді жоғары жылдамдықты тас жолда, автострадалармен және автомагистральдармен жүрген кезде жүріп келе жатқан жолақта ұстау мақсатында рульмен басқару электрқұшейткішінің көмегімен рульді автоматты бұру әрекетін жүзеге асырады.



Бұл жүйе бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендірілген кезде қолданыла алады.

⇒90-, 118-бет

0-ден шамамен 145 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықпен қозғалғанда жүйе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын және/немесе алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтайды және автокөлік ілесіп жүру режимінде жолақтың ортасына жақын қозғалуы үшін жүргізушіге руль дөңгелегін басқаруға көмектеседі.



⚠ ЕСКЕРТУ

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі автономды жүргізу жүйесі болып табылмайды. Бұл жүйенің мүмкіндіктерін шектен тыс бағаламаңыз. Ол зейінсіз көлік жүргізу кезіндегі көмекші жүйе болып табылмайды және руль дөңгелегін қолмен ұстамай-ақ автокөлікті басқаруға мүмкіндік беретін жүйе емес. Қозғалыс кезінде міндетті түрде руль дөңгелегін қолдарыңызбен ұстап отырыңыз. Қауіпсіз жүргізу үшін қозғалыс кезінде алдыда немесе сіздің автокөлігіңізге параллель қозғалып бара жатқан көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықтың сақталуын, айналадағы жағдайлар мен мән-жайды қадағалаңыз.

Егер жүйенің әрекеттерінің сіздің өз жүргізу стиліңізден өзгеше екенін сезсеңіз, жүйе қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясын қолданбаңыз.

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы барлық жағдайларда бірдей іске қосылмайды. Егер автокөлік жүріп келе жатқан жолақта ұсталуы үшін тек қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясына ғана сенетін болсаңыз, бұл апатқа, мысалы, сіздің қозғалыс жолағыңыздың жанында орналасқан кедергіге немесе көршілес жолақта қозғалып келе жатқан автокөлікке соқтығысуға алып келуі мүмкін.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жүйені қолданар алдында күнделікті қарап тексеру кезінде шиналармен және тежеу жүйесімен байланысты проблемалардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
 - Жүйе келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясын қолданбаңыз.
 - Шиналардағы ауа қысымы нормаға сәйкес келмейді. *1
 - Тозуы біркелкі емес шиналар орнатылған. *1
 - Өлшемдері ұсынылмаған шиналар орнатылған. *1
 - Дөңгелектер теңгерілмеген (мысалы, теңгеру жүгі түсіп қалған немесе ығысып кеткен). 1
 - Дөңгелектердің орнатылу бұрыштары бұзылған. *1
 - Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықтың көмегімен жөнделген ауасы шығып кеткен шинасы бар дөңгелек қолданылуда.
 - Аспа конструкциясы өзгертілген (қосымша өңделген SUBARU түпнұсқа бөлшектерінің конструкциясын қоса алғанда).
 - Автокөлікке стереокамераның шолуына кедергі келтіретін зат орнатылған.
 - Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
 - Руль дөңгелегінде қалыптан тыс діріл сезіледі немесе руль дөңгелегін бұрау әдеттегімен салыстырғанда ауырлаған.
 - Руль дөңгелегі SUBARU түпнұсқа емес руль дөңгелегіне ауыстырылған.
 - Фаралар ластанған немесе оларға қар, мұз немесе балшық тиген. (Объектілер жеткіліксіз жарықтандырылған және оларды анықтау қиын.)
 - Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі бұзылған. (Объектілер жеткіліксіз жарықтандырылған және оларды анықтау қиын.)
 - Фаралардың, тұман фараларының және басқа да жарық аспаптарының конструкциясына өзгертулер енгізілген.
 - Автокөліктің апатқа ұшырауының немесе ақаулықтың туындауының нәтижесінде автокөліктің бағдар тұрақтылығы бұзылған.
 - Тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл) жанып тұр. *2
 - Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шанақ күйі әдеттегіден ауытқыған.
 - Максималды жолаушылар санынан асып кеткен.
 - Тіркеме, басқа автокөлік және т.б. сүйрелуде.
 - Аспаптар тақтасы дұрыс жұмыс істемей тұр. Мысалы, бақылау шамы және/немесе ескертуші сигнал бергіштер дұрыс қосылмайды немесе өшірілмейді, дыбыстық ескертулер берілмейді немесе аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация қалыпты индикациядан өзгеше. *3
- *1: дөңгелектер мен шиналар аса маңызды функцияларды орындайды. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды қолданыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *2: егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *3: аспаптар тақтасының функциялары мен жұмысы туралы толық ақпаратты автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.

- Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жоғары жылдамдықты тас жолдарда, автострадаларда, ақылы жолдарда, автомагистральдарда және кіру шектелген осыған ұқсас жолдарда қолдануға арналған. Бұл жүйе қалалық жағдайларда қолдануға арналмаған. Келесі жағдайларда қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясын қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Көдімгі жолдар (жоғарыда айтылғандарға жатпайтын жолдар)

Қозғалыс жағдайларына (жолдардың профилінің күрделілігіне және басқа факторларға) байланысты жүйе өз міндетін жол жағдайлары талап ететіндей дәрежеде орындай алмауы, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Тік бұрылыстары бар жолдар

- Жол/құрылыс жұмыстарына және т.б. байланысты қозғалыс жолақтары бойынша шектеулері немесе уақытша қозғалу жолақтары бар жолдар.

- Жолдың бұрынғы белгілеу сызықтары көрініп тұр.

- Тұраққа қойылған автокөліктерге жақындаудан сақтаныңыз.

- Жол төсемінде қардың қалдықтары, шалшық сулар және т.б. бар.

- Жол төсемінде жарықтар немесе жол/құрылыс материалдарының қалдықтары бар.

- Мұздың, қардың, балшықтың және т.с.с. болуына байланысты жол сырғанақ.

- Дөңгелектер бос айналуы мүмкін, бұдан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

- Жолайрыққа немесе тік бұрылысы бар жол қиылысына, сондай-ақ қызмет көрсету аймағына, тұраққа, төлемақы алу пунктіне немесе басқа объектілерге кіру.


- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; алдыдағы автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысы кезінде шашыраған судан, қардан, балшықтан немесе шаңнан көрініс нашарлаған.

- Стереокамераның қалыпты жұмысына алдыңғы әйнектегі булану, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар, балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. кедергі келтіріп тұр.

- Алдыңғы әйнекте балшықтың немесе судың іздері қалып қойып жатыр. Стереокамераның қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтай алмау қаупі бар.

- Стереокамераның көріну аймағы толық ашылмаған немесе жабық (мысалы, автокөліктің үстіңгі жүксалғышына ұзын өлшемді жүкті салып тасымалдағанда).


- Келесі жағдайларда стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтауы мүмкін және жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒Алдыңғы беттің жалғасы.


- Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі
- Қолайсыз ауа райында (мысалы, жаңбыр, қар немесе қалың тұман).
- Жолдың беті ылғал, және одан жарық шағылысып тұр.
- Сіздің автокөлігіңіз қозғалып келе жатқан жолақта басқа да белгілемелер (көрсеткілер, жазулар және т.б.) бар.
- Сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының арасындағы қашықтық шағын, бұл қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтауды қиындатады.
- Сіздің автокөлігіңіз көршілес жолаққа ауысты немесе алдыда жүріп келе жатқан автокөлік басқа жолаққа ауысты.
- Жолдың иілу пішіні кенеттен өзгереді.
- Қоршаулардың немесе басқа осындай объектілердің көлеңкелері бойлық белгілеу сызықтарына түсіп тұр.
- Камера объективіне күшті жарық (күн жарығы немесе қарсы көліктің фараларының сәулесі және т.б.) түсіп тұр.
- Қозғалыс жолағының ені тым кіші, немесе тым үлкен.
- Қозғалыс жолағының ені өзгерді.
- Стереокамера камера жұмысының ерекшеліктеріне байланысты қозғалыс жолағын қиын анықтай алады.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары жоқ немесе өшіп қалған.
 - Автокөлік сары түсті бойлық белгілеу сызықтары бар қозғалыс жолағымен қозғалып келеді.
 - Белгілеу сызықтарының түсі жол төсемінің түсіне ұқсайды.
 - Жолақтардың қосарлы белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолақтардың жіңішке белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолда белгілеу сызықтары болып табылмайтын сызықтар бар.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары қабырғаларға және бағандарға тиіп тұр.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының пішіні кенеттен өзгереді (бұрылысқа кіру / бұрылыстан шығу, тік бұрылыстар, ирелең жолдар және т.б.).



- Сіздің автокөлігіңіз жол қиылыстарына, қызмет көрсету аймақтарына немесе тұрақтарға апаратын жолақтарға түскен.
- Жол жиегінде жиектас немесе бүйір қабырға бар.
- Жарықтандыру қарқындылығы күрте өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
- Алдыңғы әйнектазартқышты/әйнекжуғышты қолданған кезде немесе одан кейін сұйықтық алдыңғы әйнектен толық кетпейді.




- Төменде сипатталған жағдайларда стереокамера алдыда тұрған автокөлікті қиындықпен анықтауы мүмкін, және қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Сонымен бірге алдыдағы көлік құралдарының әрекетіне және жол жағдайларына байланысты болжанбаған апат қаупі бар (мысалы, көршілес жолақтағы автокөлікпен немесе қоршаумен соқтығысу).

Жалғасы келесі бетте⇒


Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік жолағын ауыстырып, солға немесе оңға бұрылып жатыр немесе осыған ұқсас әрекеттер жасауда.
- Алдыдағы автокөлік қозғалыс жолағының ішінде жылжуда.



- Алдыдағы автокөлік жолақтың ортасымен емес, белгілеу сызықтарын дөңгелектердің ортасымен өткізіп немесе жолақтың жиегімен келе жатыр.



- Алдыдағы автокөліктің әрекеті кенеттен өзгеруде (мысалы, бұрылыстың басында немесе соңында немесе ирелең жолда).




Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Алдыдағы автокөлік жол жиегінде тоқтаған автокөліктен немесе жолдағы кедергіден айналып өту үшін шетке ығысуда.
- Сіздің автокөлігіңіз сіздің жолағыңызда орналасқан көлік құралының (мотоцикл немесе басқа осыған ұқсас көлік құралы) жанынан немесе белгілеу сызығына жақын өтіп бара жатыр.
- Мотоцикл немесе осыған ұқсас көлік құралы алдыдағы автокөліктің жанында қозғалып немесе оның жанынан өтіп бара жатыр.
- Басқа автокөлік сіздің автокөлігіңіз бен алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің арасына келіп кіріп жатыр.
- Алдыдағы автокөлікті бұрылыс көрсеткіші, апаттық жарық сигналын беру жүйесі немесе осыған ұқсас жарықтар қосылды.
- Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі
- Түнде немесе туннельде алдыда артқы шамдары қосылмаған автокөлік қозғалып бара жатқан кездегі қозғалыс.
- Егер алдыдағы автокөліктің пішіні әдеттен тыс болса немесе әдеттен тыс жағдайлар туындаса, қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Алдыдағы көлік құралының артқы бөлігінің өлшемдері шағын немесе пішіні әдеттен тыс (жүйе автокөліктің басқа бөлігін оның арты ретінде анықтауы мүмкін және оның әрекеттері осыған қарай анықталатын болады).
 - Жүк платформасында артқы және/немесе бүйірлік панельдері жоқ бос жүк көлігі немесе тіркеме.
 - Артынан жүгі салбырап тұрған көлік құралдары.
 - Пішіні стандарттан тыс көлік құралдары (эвакуатор автокөліктер, мотоарбасы бар мотоциклдер және т.с.с.).
 - Биіктігі тым шағын және т.с.с. автокөліктер.
 - Алдыда ықшам автокөлік, мотоцикл немесе ені шағын басқа көлік құралы жүріп бара жатыр.
 - Алдыдағы көлік құралымен жылдамдықтың салыстырмалы айырмашылығы үлкен. (Алдыда орналасқан автокөлік жоқ болып кетеді.)
 - Қолайсыз ауа райында (мысалы, жаңбыр, қар немесе қалың тұман).
 - Алдыдағы көлік құралының артқы жағынан шағылысқан күннің, фаралардың жарығы немесе басқа жарық.
 - Қатты түсіп тұрған қарсы жарық (күн батар кездегі күн жарығы, фаралардың шалғай жарығы және т.с.с.).
 - Жарықтандыру қарқындылығы күрте өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
 - Алдыңғы әйнектасартқышты/әйнекжуғышты қолданған кезде немесе одан кейін сұйықтық алдыңғы әйнектен толық кетпейді.



 **ЕСКЕРТУ**

- Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі келесі жағдайларда оңтайлы жұмыс істемеуі мүмкін. Сонымен қатар қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жұмыс істемеуі немесе өшіп қалуы мүмкін.
 - Сіздің автокөлігіңіздің салмағы қатты өзгергеннен кейін бірден.
 - Тікелей шинаны ауыстырғаннан немесе шинадағы ауа қысымын реттегеннен кейін.
 - Камераны немесе онымен байланысты компоненттерді калибрлеуден, жөндеуден немесе ауыстырудан кейін.
 - Аспа немесе рульмен басқару жүйесінің бөлшектерін жөндеуден немесе ауыстырудан кейін.
 - Қысқы шиналар немесе SUBARU ұсыныстарына сәйкес келмейтін шиналар қолданылуда.
 - Автокөлікке қарсы соққан күшті жел әсер етіп тұр.
 - Жолдың бойлық көлбеу бұрышының кенеттен өзгеруі (өрге көтерілу немесе ылдифа түсу).
 - Жолдарды қиылысуы бағытындағы көлбеу үлкен немесе бірден өзгереді.
 - Тегіс емес, ирелең жол, жол төсемінің жапсарлары.
 - Жылдамдықты күрт үдеткенде/баяулатқанда.
 - Сыртқа ауаның төмен температурасында қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден.
 - Ыстық ауа райында.
- Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесін қолданбайтын болсаңыз, оны өшіріп қойыңыз. Егер бұл жүйені қосулы күйінде қалдырсаңыз, ол кездейсоқ іске қосылып кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келеді.
⇒ 152-бет
-  ажыратқышын (қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу) басқан кезде руль дөңгелегінің бұралу күші өзгеруі мүмкін.

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясын қалай қолдану қажет

Бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосулы тұрғанда  ажыратқышын (қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу) басыңыз. ⇒90-, 118-бет

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі қосылады, және аспаптар тақтасында қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесінің ақ түсті индикаторы  сондай-ақ қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының сұр түсті индикаторы пайда болады.




(1) Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесінің индикаторы (ақ түсті)

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі келесі шарттардың бәрі орындаған жағдайда жұмыс істей бастайды.

- Бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендірілген.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі қосулы.
- Автокөлік жылдамдығы 0-ден 145 км/сағ-қа дейінгі диапазонда.
- Жүйе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын немесе алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтайды.
- Жүргізуші руль дөңгелегін басқарып отыр.
- Автокөлік түзу жолмен немесе жатық бұрылыста қозғалып келеді.
- Жолағының ені шамамен 3-4 м-ді құрайтын жолда.
- Автокөлік қозғалыс жолағының ортасымен қозғалып келеді.

Жүйенің жұмысы кезінде аспаптар тақтасының дисплейіндегі қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі индикаторының  түсі ақтан жасылға өзгереді. Егер осы кезде қозғалыс жолағының белгілеу сызықтары анықталған болса жолақтың белгілеу сызықтарының индикаторы көкшіл түспен жанады. Егер алдыда жүріп бара жатқан автокөлік анықталса, жолақта ортаға дәлдеу жүйесінің индикаторы көкшіл түспен жанады.



- (1) Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеуге арналған алдыдағы автокөліктің индикаторы (көкшіл)
- (2) Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының индикаторы (көкшіл)
- (3) Жасыл

 **ЕСКЕРТУ**

Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жұмыс істеп тұрса, ал белгілеу сызықтары анықталмаса, онда алдыдағы автокөлік жолақты ауыстырғанда немесе оның осыған ұқсас маневрі кезінде ол сіздің автокөлігіңіз сәйкес траектория бойынша қозғалуы үшін рульді автоматты түрде автономды бұру үшін қолданылады. Әрдайым айналадағы автокөліктерді және кедергілерді қадағалаңыз және нақты жағдайларға сәйкес руль дөңгелегін басқарыңыз. Рульді автоматты түрде автономды бұрудың әрекеті кезінде қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясына сенім артып, ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне әкелуі мүмкін апатқа ұшырап қалуыңыз мүмкін.

 **ЕСКЕРТУ**

Егер руль дөңгелегін сенімді ұстап тұрсаңыз, жүйе сіздің руль дөңгелегін өз бетіңізше басқарып отырғаныңызды анықтай және көмектесу деңгейін төмендете алады.


 **ЕСКЕРТПЕ**


- Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының анықталу күйіне байланысты қозғалыс жолағының белгілеу сызығының индикаторы тек бір жағынан ғана (сол немесе оң жағынан) көкшіл түспен жанып тұруы мүмкін.
- Егер жүйе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтамаса және автокөлік алдыдағы автокөліктің орналасуы туралы деректердің көмегімен басқарылып жатса, қозғалыс жолағының белгілеу сызығының индикаторы көкшіл түспен жанбайды.
- Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясының қосылу/өшірілу күйі қозғалтқышты қайта оталдырған кезде қалпына келеді.

■ Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясын өшіру

● Жүргізушінің әрекеттерінің көмегімен өшіру


Төменде сипатталған операциялардың кез келгені орындалған жағдайда қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі әрекетінің уақытша тоқтатылуы орын алады.

Бұл жүйенің жұмысы уақытша тоқтатылған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейіндегі қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесінің индикаторы  ақ түспен жанады, ал алдыдағы автокөлік индикаторы сөнеді.


- Тежегіш педалінің басылуы
- Бейімделетін круиз-контрольді немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді өшіру үшін  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басыңыз.
- Бұрылыс көрсеткішінің ауыстырып қосқышын басқару

● Жүйенің өзінің автоматты түрде күшін жоюы



Келесі жағдайларда 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту беріледі және қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі уақытша өшеді.

Егер жүйе уақытша өшірілсе, аспаптар тақтасының дисплейіндегі қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесінің индикаторы  ақ түспен жанады, ал алдыдағы автокөлік индикаторы сөнеді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі.

- Жүйе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын және алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтамайды.
- Бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде өшеді.
- Жүйе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттерін жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан шығуға бағытталған әрекеттер деп таниды.
- Руль дөңгелегі күрт бұрылады.
- Тік бұрылысқа кіру орындалып жатыр.
- Тік бұрылыстан өту кезінде.
- Басқа жүйенің әрекетіне байланысты.



(1) Ақ

- EyeSight жүйесінде қателік пайда болғанда. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші : сары)
⇒ 272-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшірулі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы : ақ түсті)
⇒ 273-бет
- Жүйе жүргізушінің белгілі бір уақыт бойы рульді басқармай отырғанын анықтамайды.

- Жүйе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттерінің жоқ екенін анықтаған кезде аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі. Егер мұндай күй ары қарай да жалғасса, дыбыстық ескерту беріледі және кезең-кезеңімен ескертулері бар экрандар көрсетіледі.



- Егер жүйе бұрынғыша жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттер жасағанын анықтамаса, ескертуі бар келесі экран көрсетіледі және төтенше апаттық тоқтату жүйесі белсендіріледі.
⇒ 155-бет



ЕСКЕРТПЕ



Келесі жағдайларда төтенше апаттық тоқтату жүйесі іске қосылуы мүмкін, себебі жүйе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттер жасағанын анықтай алмайды.


- Жүргізуші руль дөңгелегін күш салмай ұстап отыр.
- Жүргізушінің руль дөңгелегін басқару кезіндегі әрекеттері жеткіліксіз.

■ Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясын өшіру

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесінің

 ажыратқышын басыңыз.

Аспаптар тақтасының дисплейінде қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу индикаторы  мен қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының индикаторы  сөнеді.





H00540

■ Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі белсенді болса және автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кете алатын болса


Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі белсенді болса және автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кете алатын болса, 3 қысқа дыбыстық ескерту беріледі және аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі. Сонымен бірге автокөлік кесіп өтуі мүмкін қозғалыс жолағының белгілеу сызығының индикаторы сары түспен жыпылықтайды.


Осы ескерту берілген кезде руль дөңгелегін автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кетпейтіндей етіп басқарыңыз.



- (1) Сары
- (2) Жасыл

*: қозғалыс жолағының автокөлік көбірек ықтималдықпен шығып кетуі мүмкін жағындағы индикатор сары түспен жыпылықтайды.

Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі осы ескертудің әрекет етуі кезінде өшсе, үзілу экранының көрінісі өзгереді. Бұл ретте қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді.



- (1) Ақ

 **ЕСКЕРТУ**

Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі белсенді болса, ал қозғалыс жолағының белгілеу сызықтары анықталмаса, бұл ескерту және қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескерту (⇒ 215-бет) әрекет етпейді. Айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз және қажет болса траекторияны руль дөңгелегінің көмегімен түзеңіз. Егер тек қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескерту жүйесіне ғана сүйенсеңіз, бұл болжанбаған апатқа алып келуі мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ**

Бұл жүйе қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескерту жүйесі өшірулі тұрғанда да жұмыс істейді.
⇒ 218-бет

■ Автоматты апаттық тоқтату жүйесі

Жүргізушінің бұл көмекші жүйесі жүргізуші, мысалы, өзін кенеттен нашар сезінуінің салдарынан автокөлікті басқара алмайтын жағдайда апат қаупін төмендетуге арналған. Егер жүйе жүргізушінің басқаруды игере алмайтынын анықтаса, ол автокөлікті жүріп келе жатқан қозғалыс жолағында баяулатады, содан кейін тоқтатады. Егер белгілі бір уақыт ішінде жүйе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттер жасауын анықтамаса, онда жолақта ортаға дәлдеу жүйесінің жұмысы кезінде дыбыстық ескертулер беріледі және жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекет жасауға шақыратын ескертулері бар экрандар пайда болады. Егер жүйе бұрынғыша жүргізушінің руль дөңгелегін басқарып отырғанының белгілерін анықтай алмаса, ол жүргізуші мұны жасай алатын жағдайда емес деп анықтайды, нәтижесінде руль дөңгелегін басқару қажеттігі туралы ескертулердің берілуі жалғасады. Содан кейін жүйе бағыттас және көршілес көлік құралдарының жүргізушілеріне апаттық жағдайдың туындағаны туралы апаттық жарық сигналын беру жүйесінің көмегімен ескерте отырып, автокөлікті баяулатады. Соңында жүйе автокөлікті жүріп келе жатқан қозғалыс жолағында тоқтатады. Автокөлік тоқтағаннан кейін барлық есіктердің (жүксалғыш бөлім қақпағын қоса алғанда) құлпы автоматты түрде ашылады.

ЕСКЕРТУ

Апаттық тоқтату жүйесі автономдық жүргізу жүйесінің бөлігі болып табылмайды. Жүргізуші әрдайым көлікті қауіпсіз жүргізуге толық жауапкершілік көтереді. Апаттық тоқтату жүйесінің қолданылуы үшін жауапкершілік жүргізушіге жүктеледі.

- Төтенше апаттық тоқтату жүйесіне шектен тыс сеніп қалмаңыз. Бұл жүйе қолдарды руль дөңгелегіне қоймай-ақ жүргізуге немесе зейінсіз жүргізуге, сондай-ақ өзіңізді нашар сезініп тұрғанда автокөлікті автономды басқаруға арналмаған. Егер жүйе қолдарыңызбен руль дөңгелегін сенімді етіп ұстап отыру қажеттігін нұсқаса, дереу мұны орындаңыз.
- Егер төтенше апаттық тоқтату жүйесі іске қосылғаннан кейін өзіңізге келген болсаңыз, автокөліктегі және оның айналасындағы мән-жайдың қауіпсіздігін тексеріңіз, содан кейін қозғалысты жалғастырыңыз немесе автокөлікті қауіпсіз жерге жылжытып қойыңыз. Тоқтаған немесе автокөліктен түскен кезде әрдайым электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор иінтірегін Р күйіне ауыстырыңыз.
- Егер жүйе өзін-өзі нашар сезініп отырған жүргізушінің қолдары тарапынан руль дөңгелегіне күш түсіріліп отырғанын анықтаса, жүйе жүргізушінің автокөлікті басқара алатын жағдайда емес екенін анықтай алмайды және қажет кезде іске қосыла алмайды.
- Бұл жүйе жүргізушінің автокөлікті басқаруға қабілеттілігін оның руль дөңгелегін басқарып отырғанына не отырмағанына қарап анықтайды. Егер жүргізуші руль дөңгелегін әдейі басқармай отырса, жүйе іске қосылады. Егер жүйе қолдарыңызбен руль дөңгелегін сенімді етіп ұстап отыру қажеттігін нұсқаса, дереу мұны орындаңыз.
- Төтенше апаттық тоқтату жүйесін әдейі іске қоспаңыз. Бұл күтпеген апатқа алып келуі мүмкін. Сондай-ақ өзіңізді нашар сезініп тұрсаңыз, сапарды кейінге қалдырыңыз.



ЕСКЕРТУ





- Егер жүйе автокөліктің бұрылыстан өтіп бара жатқанын анықтаса, ол автокөлікті тоқтату функциясын белсендірместен басқаруды жалғастыра береді.
- Егер жүйе, мысалы, тік бұрылыста қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясын өшірсе, ол автокөлікті қозғалыс жолағында ұстай алмауы мүмкін және автокөлік жолақтан шығып кетуі мүмкін.
- Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жүйе арқылы ол жүргізушінің өзін нашар сезінуін анықтағанға дейін өшірілген болса, апаттық тоқтату жүйесі іске қосылмайды.
- Егер жүйе өзінің баяулауды және қозғалыс жолағында ортаға дәлдеуді жалғастыра алмайтынын анықтаса, ол жүйенің бұл функцияларын өшіріп қоюы мүмкін.
- Келесі жағдайларда стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын дұрыс анықтамауы немесе анықтамауы мүмкін және жүйе автокөлікті тиімді баяулатуға немесе оны жолақта ұстап отыруға қабілетті болмайды.
 - Қолайсыз ауа райында (мысалы, жаңбыр, қар немесе қалың тұман).
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі төтенше апаттық тоқтату жүйесі іске қосылуы мүмкін жағдайларда басымдыққа ие.

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі

Төтенше апаттық тоқтату жүйесі қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясының жұмысы кезінде келесі жағдайларда іске қосылады.

- Жүйе жүргізуші тарапынан руль дөңгелегін басқару әрекетінің жоқтығының белгілерін анықтай береді және жүргізушіні руль дөңгелегін сенімді ұстап отыруға шақыруға тырысады.

⇒150-бет

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі жұмыс істеп тұр.	Автоматты апаттық тоқтату жүйесі		
	(1)	(2)	(3)
			
	<ul style="list-style-type: none"> • Ескерту • Ескертуші автоматты тежелу 	<ul style="list-style-type: none"> • Баяулау • Ескертуші автоматты тежелу • Апаттық жарық сигналын беру жүйесі • Акселератор педалін басқаруды өшіру 	<ul style="list-style-type: none"> • Тоқтау • Апаттық жарық сигналын беру жүйесі • Барлық есіктердің (жүксалғыш қақпағын қоса алғанда) құлыптары ашылады



ЕСКЕРТПЕ

- Ескертуші автоматты тежелу — қысқа уақыттың ішінде жүргізушіге ескерту мақсатында бірнеше мәрте тежелу.
- Ескертуші автоматты тежелу автокөлік жылдамдығы шамамен 30 км/сағ не одан көп болған жағдайда белсендіріледі.

(1)





Егер жүйе жүргізуші тарапынан руль дөңгелегін басқару әрекеттерін анықтай алмаса, онда жүргізушіні руль дөңгелегін қолдарымен сенімді ұстап отыруға шақыратын ескерту шығарылады.

Ескерту дыбыс сигналы және ескертуі бар экран түрінде беріледі.

Ескерту беріле бастағаннан кейін бірнеше секундтан соң ескертуші автоматты тежелу іске қосылады.

Бұл кезеңде жүйе келесідей жолмен әрекет етеді.

- Руль дөңгелегін сенімді ұстап отыру қажеттігі туралы ескерту
- Ескертуші автоматты тежелу

Аспаптар тақтасының дисплейі / Дыбыстық ескерту	Күй	Қалай өшіріледі
 <p>Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H02055</p>	<p>Жүйе автокөлікті қозғалыс жолағында ұстай алады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Руль дөңгелегімен әрекеттер жасаңыз. • Келесі ажыратқыштардың бірін басыңыз:  (CRUISE),  қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесінің LIM (жылдамдық шектегіші)
 <p>Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H01707</p>	<p>Жүйе автокөлікті қозғалыс жолағында ұстай алмайды.</p>	

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі





(2)

Егер жүйе (1) кезеңде ескертулердің беріліп тұрғанына қарамастан бұрынғыша жүргізуші тарапынан руль дөңгелегімен ешқандай әрекет жасалып жатпағанын анықтаса, ол жүргізушіні автокөлікті басқаруға қабілетсіз деп анықтайды.

Жүйе автокөлікті баяулатады және тоқтатады және жүргізушінің акселератор педалін басқару мүмкіндігін өшіреді. Жүйе дыбыстық ескерту береді, және экрандарға визуалды ескерту шығарылады. Жақын жердегі автокөліктердің жүргізушілеріне хабар беру үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесі іске қосылады.

Бұл кезеңде жүйе келесідей жолмен әрекет етеді.

- Баяулау
- Ескертуші автоматты тежелу
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі
- Акселератор педалін басқаруды өшіру

Аспаптар тақтасының дисплейі / Дыбыстық ескерту	Күй	Қалай өшіріледі
 <p>Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H01708</p>	<p>Жүйе автокөлікті қозғалыс жолағында ұстай алады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Руль дөңгелегімен әрекеттер жасаңыз. • Келесі ажыратқыштардың бірін басыңыз:  (CRUISE),  қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесінің LIM (жылдамдық шектегіші)
 <p>Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H01164</p>	<p>Жүйе автокөлікті қозғалыс жолағында ұстай алмайды.</p>	



ЕСКЕРТПЕ

- Егер апаттық тоқтату жүйесі (2) кезеңде өшірілсе, ағымдағы жылдамдық бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль үшін автокөліктің берілген жылдамдығы ретінде орнатылады.
- Апаттық тоқтату жүйесінің қашан өшірілгеніне байланысты келесі функциялар қолжетімсіз болуы мүмкін. Ол қозғалтқышты қайта оталдырған кезде қолжетімді болады.
 - Бейімделетін круиз-контроль
 - Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль
 - Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі
 - Круиз-контроль
 - Интеллектуалды круиз-контроль
- Егер жүйе жүргізушінің акселератор педалін біле тұра басқанын анықтаса, акселератор педалін қолдануға уақытша рұқсат беріледі.

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі

(3)

Автокөлік тоқтағаннан кейін барлық есіктердің (жүксалғыш бөлім қақпағын қоса алғанда) құлпы автоматты түрде ашылады, және автокөлік қозғалыссыз күйде қалады.

Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі өшіріледі, және электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады. Дыбыстық ескерту беріледі, және ескертуі бар экран көрсетіледі. Жүргізушінің акселератор педалін басқаруы бұрынғыша мүмкін емес. Жақын жердегі автокөліктердің жүргізушілеріне хабар беру үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесі іске қосылады.

Бұл кезеңде жүйе келесідей жолмен әрекет етеді.

- Тоқтау
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші
- Акселератор педалін басқаруды өшіру
- Барлық есіктердің (жүксалғыш қақпағын қоса алғанда) құлыптары ашылады


Аспаптар тақтасының дисплейі / Дыбыстық ескерту	Күй	Қалай өшіріледі
<div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div> <p style="text-align: center;">Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H02504</p>	<p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесімен басқару өшіріледі.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Руль дөңгелегімен әрекеттер жасаңыз. • Келесі ажыратқыштардың бірін басыңыз:  (CRUISE),  қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі LIM (жылдамдық шектегіші)

ЕСКЕРТПЕ

Баяулауды және қозғалыс жолағында ортаға дәлдеуді басқару мүмкіндікке қарай жалғаса береді, алайда жағдайға байланысты бұл функциялар өшірілуі мүмкін. Тіпті баяулау немесе қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциялары өшірілген болса да, апаттық тоқтату жүйесі дыбыстық және визуалды ескертулер беруін жалғастырады, сондай-ақ маңайдағы автокөліктердің жүргізушілеріне апаттық жағдайдың туындағаны туралы ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесі белсендіріледі.

EyeSight жүйесі уақытша өшірілген кезде апаттық тоқтату жүйесінің іске қосылғандағы экрандардың мазмұны


(1) Руль дөңгелегін басқаруға назар аудару

Аспаптар тақтасының дисплейі / Дыбыстық ескерту	Күй
 <p>Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H01166</p>	<p>Төтенше апаттық тоқтату жүйесі жұмыс істеуін жалғастырады, алайда қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі өшеді.</p>

(2) Баяулау

Аспаптар тақтасының дисплейі / Дыбыстық ескерту	Күй
 <p>Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H01167</p>	<p>Төтенше апаттық тоқтату жүйесі жұмыс істеуін жалғастырады, алайда қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі өшеді.</p>

Апаттық тоқтату жүйесінің әрекеті кезіндегі EyeSight жүйесінде ақаулық болған жағдайдағы экранда

Аспаптар тақтасының дисплейі / Дыбыстық ескерту	Күй
 <p>Қайталанатын 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескертулер</p> <p style="text-align: right;">H01168</p>	<p>Тек аспаптар тақтасының дисплейінде ескерту көрсетіліп тұра береді. Өзге басқару өшіріледі. (Егер апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмыс істеп тұрса, ол жұмысын жалғастырады.)</p>

Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші

Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші — автокөліктің белгіленген жылдамдығынан асырудың алдын алатын жүргізушінің көмекші жүйесі.

Егер автокөліктің берілген жылдамдықтан асыру ықтималдығы туындаса, ол сәл тежеліп ұсталады.

Үдеу және баяулау жүргізуші өзі белгілеген жылдамдықтан аспайтын шектерде жүргізуші акселератор және тежегіш педальдарын басқаннан кейін орын алады.



ЕСКЕРТУ

- Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішінің жұмысы кезінде жүйе бейімделетін круиз-контрольді қолданғандағыдай алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты сақталуын бақыламайды.

Қауіпсіз жүргізуге тырысыңыз және қажет болса, алдыдағы көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету үшін автокөлікті баяулатуға тежегіш педалін қолданыңыз.

- Келесі жағдайларда қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Мұз, қар немесе басқа сырғанақ заттектер басқан жолдар
Дөңгелектердің тайғанап айналуынан автокөлік тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін.
- Тік ылдилар
- Жүргізушінің белгілеген автокөлік жылдамдығынан асып кетуі мүмкін.
- Тік ұзақ ылдиларда
Тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетуі мүмкін.

- Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін қолданған кезде жылдамдықты әрдайым жылдамдық шектеуіне, қозғалыс қарқындылығына, жол жағдайларына және басқа да мән-жайларға сәйкес белгілеңіз.

 **ЕСКЕРТУ**

Келесі жағдайларда немесе мән-жайларда тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін және автокөлікті баяулату мүмкін емес болады. Тежегіш педалін басыңыз және қажет болса, өз бетіңізше жылдамдықты түсіріңіз.

- Автокөліктің күйі (жүктің мөлшері мен орналасуы, жолаушылардың саны және т.б.).
- Жолдың күйі (көлбеуі, жабынының типі, пішіні, кедір-бұдыры және т.б.).
- Автокөліктің техникалық күйі (тежеу жүйесі, шиналардың тозуы, шиналардағы ауа қысымы, толық өлшемді емес қосалқы дөңгелекті қолдану және т.б.).
- Тежеу механизмдерінің бөлшектері суық. Мысалы, қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден немесе төмен сыртқы температурада.
- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қысқа уақыт бойы, қозғалтқыш қызғанша.
- Ылдиға қарай ұзақ түсулер кезінде тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетеді (тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін).
- Жаңбыр кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін (тежеу механизмдерінің бөлшектері ылғал/дымқыл болуы мүмкін, және тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін).
- Тіркеме немесе басқа автокөлік және т.б. сүйрелуде.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін тіпті EyeSight жүйесі уақытша тоқтатылған жағдайда да қолдануға болады.
- Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші және интеллектуалды жылдамдық шектегіші бір мезгілде қолданыла алмайды. Орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен EyeSight баптауларында Manual (Қолмен) немесе Intelligent (Speed Limiter / Cruise Control экранында (Жылдамдық шектегіші/ Круиз-контроль)) түймесін таңдаңыз.

Жылдамдықты қолмен басқаратын шектегішті қалай қолдану қажет


■ Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін баптау

1. Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін қолдану үшін орталық ақпараттық дисплейді қолданыңыз.



Бұл жүйені EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Круиз-контроль) экранында Manual (Қолмен) түймесін таңдау арқылы қолдануға болады.

⇒277-бет

2. Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін күту режиміне ауыстыру.

LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады. Осы кезде аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдық шектегішінің индикаторы  (ақ түсті) және сіздің автокөлігіңіздің индикаторы көрсетіледі.


Автокөліктің белгіленген жылдамдығының дисплейінде — км/ (— км/сағ) жазуы пайда болады.



- (1) Жылдамдық шектегішінің индикаторы (ақ түсті)

Дайындық режимін орнату үшін:

Келесі барлық шарттар орындалған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде **READY** (READY) индикаторы көрсетіледі және қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші белсендіріле алады.

- X-MODE режимі өшіріледі (X-MODE индикаторы сөнеді).
- EyeSight жүйесі ақаулы.  (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші: сары түсті) сөнеді.

⇒272-бет





- (1) READY индикаторы

3. RES/SET ауыстырып қосқышы RES/+ не SET/- күйіне ауыстырылады.

Ауыстырып қосқышты басу сәтінде автокөлік жылдамдығы автокөліктің берілген жылдамдығына айналады, және қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші қосылады.

Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші қосылған кезде **READY** (READY) индикаторы сөнеді, автокөліктің берілген жылдамдығы көрсетіледі, ал жылдамдық шектегіші индикаторының **LIM** түсі ақтан жасылға өзгереді.



(1) Жасыл

⚠ ЕСКЕРТУ

Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін қолдану кезінде сіздің автокөлігіңіз бен алдыдағы көлік құралының арасындағы қашықтықты ұстап отыру үшін акселераторды және тежеу жүйесін басқару жүзеге асырылмайды. Қажет болса, акселератор және тежегіш педальдарын қолданыңыз. Акселератор педальін басқан кезде қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші уақытша өшеді.


⇒168-бет

🏠 ЕСКЕРТПЕ

- Ылдиға қарай түскенде автокөліктің берілген жылдамдығын ұстау үшін автоматты тежеу функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішінің көмегімен тежелген кезде автокөліктің стоп-сигналының шамдары жанады.


■ Автокөліктің берілген жылдамдығын ұлғайту

- RES/+ түймесін басып қалыңыз.
Әр басқан сайын автокөліктің берілген жылдамдығы 5 км/сағ-қа ұлғаятын болады.
 - RES/+ түймесін үздіксіз басқан кезде автокөлік жылдамдығы түйме басылып тұрған кезде 1 км/сағ қадамымен ұлғая беретін болады.
- Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдық мәні өзгереді.




■ Автокөліктің берілген жылдамдығын азайту


- Ауыстырып қосқыштың SET/- тарабын басып қалыңыз.
Әр басқан сайын автокөліктің белгіленген жылдамдығы 5 км/сағ-қа азаяды.
 - SET/- түймесін тұрақты басып тұрған кезде автокөліктің берілген жылдамдығы 1 км/сағ қадаммен кемиді.
- Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде көрсетіліп тұрған берілген жылдамдық мәні өзгереді.



■ Уақытша үдеу

Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші келесі әрекеттерге жауап ретінде уақытша өшеді. Бұл ретте  жылдамдық шектегіші индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді.

- Акселератор педалін қатты басу орын алады.
- Акселератор педалі жылдамдықты шектеуді белсенді басқару кезінде немесе автокөліктің берілген жылдамдығына жақын жылдамдықпен қозғалған кезде қатты басылады.

Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші келесі жағдайларда қайтадан белсендіріледі. Бұл ретте  жылдамдық шектегіші индикаторының түсі ақтан жасылға өзгереді.

- Акселератор педалі жіберіледі, және автокөліктің жылдамдығы берілгеннен төмен деңгейге дейін төмендейді.
- Автокөлік жылдамдығы берілгеннен жоғары болып кеткен кезде SET/- ауыстырып қосқышы басылады.


Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші



- Автокөліктің берілген жылдамдығынан асырып қозғалған кезде белгілі уақыт ішінде акселератор педалі толықтай түседі.

■ Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін өшіру

● Жүргізушінің әрекеттерінің көмегімен өшіру


LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

Жылдамдық шектегішінің индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, ал осы кезде автокөліктің берілген жылдамдығының мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін жалғастырады.




(1) Ақ

● Жүйенің өзінің автоматты түрде күшін жоюы


Келесі жағдайларда 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту беріледі және қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші автоматты түрде өшеді. Жылдамдық шектегіші индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі.

- X-MODE режимі қосылды (X-MODE индикаторы жанып тұр).
- EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Круиз-контроль) экранындағы баптау Intelligent (Интеллектуалды) күйіне өзгертілді.

⇒277-бет

- EyeSight жүйесінде қателік пайда болғанда.  (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші: сары түспен жанып тұрады)


⇒272-бет




(1) Ақ

Шарттар қалпына келгеннен кейін қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін қайта белсендіру үшін оны баптау операциясын қайтадан орындаңыз.


ЕСКЕРТУ



Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші селектор иінтірегі R күйінде тұрған кезде қосылмайды. Осы кезде жылдамдық шектегішінің индикаторының  түсі аққа өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер EyeSight жүйесі ақаулы болса, EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. Бұл жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер қозғалтқышты қайта қосқаннан кейін индикатор әлі жанып тұрса, бұл қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішінің қолданыла алмайтынын білдіреді. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
⇒272-бет
- Егер қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші автоматты түрде өшкен болса, жүйенің бас тартуына алып келген жағдайларды жойғаннан кейін берілген жылдамдықты орнатуды қайтадан орындаңыз. Егер қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін тіпті оның қолданылуына кедергі келтірген жағдайлар жойылғаннан кейін де белсендіру мүмкін болмаса, EyeSight жүйесі ақаулы. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

■ Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығын қалпына келтіру

Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығы туралы деректер жүйенің жадында сақталады. Осы жылдамдықты қайта қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырыңыз. Жылдамдық шектегіші индикаторының  түсі ақтан жасылға өзгереді.



ЕСКЕРТПЕ

- Жадқа жазылған жылдамдық туралы деректер келесі жағдайларда жойылады:
 - Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші LIM (жылдамдық шектегіші) ажыратқышын басу жолымен өшіріледі.
 -  (CRUISE) ауыстырып қосқышы қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші режимінен бейімделетін круиз-контроль режиміне ауысу үшін басылды.
 - Автокөліктің берілген жылдамдығы 30–145 км/сағ диапазонында бола алады.
 - Егер берілген жылдамдықты белгілеу кезінде автокөлік жылдамдығы шамамен 30 км/сағ-ты құрайтын немесе одан кем болса, 30 км/сағ берілген жылдамдыққа айналады.
 - Егер жадта автокөліктің бұған дейін таңдалған жылдамдығы туралы (бұған дейінгі баптау) деректер болмаса, онда RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырған кезде автокөліктің ағымдағы жылдамдығы берілген жылдамдық болып орнатылады.
- ⇒166-бет

■ Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін өшіру


Төменде сипатталған әрекеттердің кез келген қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішінің өшірілуіне алып келеді.

- Егер қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші белсенді болмаса, LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

Аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдық шектегішінің индикаторы



мен сіздің автокөлігіңіздің индикаторы сөнеді.




H00566

- (CRUISE) ауыстырып қосқышының басылуы.


Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші өшеді, ал бейімделетін круиз-контроль қосылады.

Аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдық шектегішінің индикаторы сөнеді,

ал бейімделетін круиз-контроль индикаторы және алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтық баптауларының индикаторы ақ түспен жана бастайды



H00567



H01757

(1) Қашықтықты баптау индикаторы

(2) Бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

Интеллектуалды жылдамдық шектегіші

Интеллектуалды жылдамдық шектегіші — жол белгілерін тану жүйесі анықтайтын жылдамдық мәндерін есепке алып жылдамдық шектегіші үшін автокөліктің берілген жылдамдығын автоматты түрде реттейтін жүйе.

⇒227-бет

Егер автокөліктің берілген жылдамдықтан асыру ықтималдығы туындаса, ол сәл тежеліп ұсталады.

Үдеу және баяулау жүргізуші өзі белгілеген жылдамдықтан аспайтын шектерде жүргізуші акселератор және тежегіш педальдарын басқаннан кейін орын алады.

ЕСКЕРТУ

- Интеллектуалды жылдамдық шектегішінің әрекеті кезінде жүйе бейімделетін круиз-контроль қолданылғандағыдай алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты басқаруды жүзеге асырмайды.

Қауіпсіз жүргізуге тырысыңыз және қажет болса, алдыдағы көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету үшін автокөлікті баяулатуға тежегіш педалін қолданыңыз.

- Келесі жағдайларда интеллектуалды жылдамдық шектегішін қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.
 - Мұз, қар немесе басқа сырғанақ заттектер басқан жолдар
Дөңгелектердің тайғанап айналуынан автокөлік тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін.
 - Тік ылдилар
Автокөліктің берілген жылдамдығынан асырыла алады.
 - Тік ұзақ ылдиларда
Тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетуі мүмкін.

 **ЕСКЕРТУ**

- Келесі жағдайларда немесе мән-жайларда тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін және баяулау мүмкін емес болады. Тежегіш педалін басыңыз және қажет болса, өз бетіңізше жылдамдықты түсіріңіз.
 - Автокөліктің күйі (жүктің, жолаушылардың және т.б. саны/орналасуы).
 - Жолдың күйі (көлбеуі, жабынының күйі, пішіні, кедір-бұдыры және т.б.).
 - Автокөліктің техникалық күйі (тежеу жүйесі, шиналардың тозуы, шиналардағы ауа қысымы, толық өлшемді емес қосалқы дөңгелекті қолдану және т.б.).
 - Тежеу механизмдерінің бөлшектері суық. Мысалы, қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден немесе төмен сыртқы температурада.
 - Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қысқа уақыт бойы, қозғалтқыш қызғанша.
 - Ылдиға қарай ұзақ түсулер кезінде тежеу механизмінің бөлшектері қызып кетеді (тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін).
 - Жаңбыр кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін (тежеу механизмдерінің бөлшектері ылғал/дымқыл болуы мүмкін, және тежелу тиімділігі төмендеуі мүмкін).
 - Тіркеме, басқа автокөлік және т.б. сүйрелуде.
- Егер жол белгілерін тану жүйесі жылдамдық шектеуінің мәнін дұрыс анықтай алмаса, максималды жылдамдықтың берілген мәні жылдамдық шектеуінің нақты мәнінен өзгеше болатындай етіп орнатылуы мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ**

Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші және интеллектуалды жылдамдық шектегіші бір мезгілде қолданыла алмайды. Орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен EyeSight баптауларында Manual (Қолмен) немесе Intelligent (Speed Limiter / Cruise Control экранында (Жылдамдық шектегіші/ Круиз-контроль)) түймесін таңдаңыз.

Интеллектуалды жылдамдық шектегішін қалай қолдану қажет



■ Интеллектуалды жылдамдық шектегішін баптау

1. Интеллектуалды жылдамдық шектегішін қолдану үшін орталық ақпараттық дисплейді қолданыңыз.


Бұл функцияны EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Круиз-контроль) экранында Intelligent (Интеллектуалды) тармағын таңдау арқылы қолдануға болады.

⇒277-бет

2. Интеллектуалды жылдамдық шектегішін күту режиміне ауыстыру.

LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады. Осы кезде аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдық шектегішінің индикаторы  (ақ түсті), жол белгілерін анықтау индикаторы  (ақ түсті) және сіздің автокөлігіңіздің индикаторы көрсетіледі.

Автокөліктің белгіленген жылдамдығының дисплейінде — km/ (— км/сағ) жазуы пайда болады.



- (1) Жылдамдықты шектеу белгілерін анықтау индикаторы (ақ түсті)
- (2) Жылдамдық шектегішінің индикаторы (ақ түсті)

Дайындық режимін орнату үшін:

Келесі барлық шарттар орындалған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде **READY** (READY) индикаторы көрсетіледі, және интеллектуалды жылдамдық шектегіші белсендіріле алады.

- X-MODE режимі өшіріледі (X-MODE индикаторы сөнеді).
- EyeSight жүйесі ақаулы. **EyeSight** (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші: сары түсті) сөнеді.
⇒272-бет
- EyeSight жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылмайды. EyeSight жүйесінің ақ түсті уақытша өшірілу индикаторы **EyeSight** жанбай тұр.
⇒273-бет




(1) READY индикаторы


3. RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ не SET/- күйіне ауыстырыңыз.

Ауыстырып қосқышты басу сәтіндегі автокөлік жылдамдығының мәні автокөліктің берілген жылдамдығына айналады, және интеллектуалды жылдамдық шектегіші қосылады.

Интеллектуалды жылдамдық шектегішін қосқан кезде **READY** (READY) индикаторы сөнеді, автокөліктің берілген жылдамдығының мәні көрсетіледі, және жылдамдық шектегіші индикаторының **LIM** және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының **?** түсі ақтан жасылға өзгереді.



H00903



H01718

(1) Жасыл




ЕСКЕРТПЕ

Жылдамдық шектеуі анықталғанша және ол автокөліктің берілген жылдамдығы ретінде орнатылғанша автокөліктің берілген жылдамдығын RES/SET ауыстырып қосқышының көмегімен ауыстыруыңызға болады. Берілген жылдамдықты ұлғайту және азайту тәсілі қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішіндегімен бірдей.

⇒168-бет

4. Жылдамдық шектеуінің белгісін анықтаған кезде белгіде көрсетілген жылдамдық мәні автокөліктің берілген жылдамдығына айналады. Жылдамдық шектеуі белгісінің индикаторының шекарасы жасыл түспен жанып тұрады.



(1) Жылдамдық шектеуі белгісінің индикаторы (жасыл түсті)



ЕСКЕРТУ

- Интеллектуалды жылдамдық шектегішін қолдану кезінде алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты ұстап отыру үшін акселераторды және тежеу жүйесін басқару жүзеге асырылмайды. Қажет болса, акселератор және тежегіш педальдарын қолданыңыз. Акселератор педальін басқан кезде интеллектуалды жылдамдық шектегіші уақытша өшеді.
⇒178-бет
- Автокөліктің берілген жылдамдығы нақты жылдамдық шектеуінен өзгеше болуы мүмкін. Интеллектуалды жылдамдық шектегішін уақытша өшіру үшін акселератор педальін немесе LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышын қолданыңыз және нақты қозғалыс жағдайларына сәйкес келетін жылдамдықты орнатыңыз.





ЕСКЕРТПЕ



- Ылдиға қарай түскенде автокөліктің берілген жылдамдығын ұстау үшін автоматты тежеу функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Тежелу интеллектуалды жылдамдық шектегішінің көмегімен жүзеге асырылған кезде автокөліктің стоп-сигналдары жанады.
- Егер автокөлігіңіз жол белгілері немесе жылдамдық шектеуі жоқ жол аймағымен жүріп келе жатса, берілген жылдамдықтың көрсетілетін мәні «--- км/сағ» болып белгіленеді және жүйе автокөліктің жылдамдығын бақыламайды.

⇒231-бет

■ Уақытша үдеу

Интеллектуалды жылдамдық шектегіші келесі әрекеттерге жауап ретінде уақытша өшеді. Бұл ретте жылдамдық шектегіші индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін тану индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді.

- Акселератор педалін қатты басу орын алады.
- Акселератор педалі жылдамдықты шектеуді белсенді басқару кезінде немесе автокөліктің берілген жылдамдығына жақын жылдамдықпен қозғалған кезде қатты басылады.



Интеллектуалды жылдамдық шектегішінің әрекеті келесі жағдайларда қайта қалпына келеді. Бұл ретте жылдамдық шектегіші индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін тану индикаторының  түсі ақтан жасылға өзгереді.



- Акселератор педалі жіберіледі, және автокөліктің жылдамдығы берілгеннен төмен деңгейге дейін төмендейді.
- Автокөліктің берілген жылдамдығынан асырып қозғалған кезде белгілі уақыт ішінде акселератор педалі толықтай түседі.
- Берілген жылдамдықтан асырып қозғалу кезінде автокөліктің берілген жылдамдығынан кем жылдамдықты шектеу белгісі анықталады, және бұған жауап ретінде автокөліктің берілген жылдамдығы төмендетіледі.

■ Интеллектуалды жылдамдық шектегішін өшіру

● Жүргізушінің әрекеттерінің көмегімен өшіру


LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

Жылдамдық шектегіші индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, ал автокөліктің берілген жылдамдығының мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін жалғастырады. Бұл ретте жол белгілері индикаторының айналасындағы жасыл түсті жиектемесі сөнеді.




(1) Ақ

● Жүйенің өзінің автоматты түрде күшін жоюы


Келесі жағдайларда 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту беріледі және интеллектуалды жылдамдық шектегіші автоматты түрде өшеді. Жылдамдық шектегіші индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, және жол белгісін анықтау индикаторының жасыл түсті жиектемесі сөнеді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі.

- X-MODE режимі қосылды (X-MODE индикаторы жанып тұр).

- EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Круиз-контроль) экранындағы баптау Manual (Қолмен) күйіне өзгертілді. ⇨277-бет



- EyeSight жүйесінде қателік пайда болғанда.  (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші: сары түспен жанып тұрады) ⇨272-бет

Шарттар қалпына келгеннен кейін интеллектуалды жылдамдық шектегішін қайта белсендіру үшін оны баптау операциясын қайтадан орындаңыз.




(1) Ақ

 **ЕСКЕРТУ**



Интеллектуалды жылдамдық шектегіші селектор иіңтірегі R күйінде тұрған кезде қосылмайды. Осы кезде жылдамдық шектегіші индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін анықтау индикаторының  түсі аққа өзгереді.





ЕСКЕРТПЕ

- Егер EyeSight жүйесі ақаулы болса, EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. Бұл жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер қозғалтқышты қайта қосқаннан кейін индикатор әлі жанып тұрса, бұл интеллектуалды жылдамдық шектегішінің қолданыла алмайтынын білдіреді. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
⇒272-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшірулі тұрғанда интеллектуалды жылдамдық шектегіші әрекет етпейді, себебі жол белгілері таныла алмайды.
- Егер интеллектуалды жылдамдық шектегіші автоматты түрде өшкен болса, жүйенің бас тартуына алып келген жағдайларды жойғаннан кейін берілген жылдамдықты орнатуды қайтадан орындаңыз. Егер интеллектуалды жылдамдық шектегішін тіпті барлық шарттар сақталғаннан кейін де белсендіру мүмкін болмаса, EyeSight жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде басқаруға кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.


■ Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығын қалпына келтіру

Автокөліктің бұған дейін белгіленген жылдамдығы туралы деректер жүйенің жадында сақталады. Осы жылдамдықты қайта қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырыңыз. Жылдамдық шектегіші индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін тану индикаторының  түсі ақтан жасылға өзгерген кезде бұған дейін берілген жылдамдықпен қозғалу қайта жалғастырылады.



(1) Жасыл


Егер жылдамдық шектеуі анықталса, жол белгісі индикаторының жиектемесе жасыл түспен жанады, содан кейін анықталған жылдамдық мәні автокөліктің берілген жылдамдығы ретінде орнатылады.



(1) Жасыл



ЕСКЕРТПЕ

- Жадқа жазылған жылдамдық туралы деректер келесі жағдайларда жойылады:
 - Интеллектуалды жылдамдық шектегіші LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышын басу жолымен өшіріледі.
 - Интеллектуалды жылдамдық шектегішінен интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольге ауысу үшін  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.
- Жылдамдық шектеуі анықталғанша және ол автокөліктің берілген жылдамдығы ретінде орнатылғанша автокөліктің берілген жылдамдығын RES/SET ауыстырып қосқышының көмегімен ауыстыруыңызға болады. Берілген жылдамдықты ұлғайту және азайту тәсілі қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішіндегімен бірдей.
⇒ 168-бет
- Автокөліктің берілген жылдамдығы 30 км/сағ-тан бастап орнатыла алады.

■ Интеллектуалды жылдамдық шектегішін өшіру

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келген интеллектуалды жылдамдық шектегішінің өшірілуіне алып келеді.

- Жылдамдық шектегіші индикаторының



және жылдамдықты шектеу

белгілерін тану индикаторының



түсі аққа айналған кезде LIM (жылдамдық шектегіші) ажыратқышы басылады.

Аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдық шектегішінің индикаторы




жылдамдықты шектеу белгілерін

тану индикаторы



мен сіздің автокөлігіңіздің индикаторы сөнеді.



H00574

- (CRUISE) ауыстырып қосқышының басылуы.

Интеллектуалды жылдамдық шектегіші өшеді, ал интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосылады.


Аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдық шектегішінің индикаторы




сөнеді, ал бейімделетін круиз-контроль индикаторы



және алдыдағы автокөлікке дейінгі қашықтық баптауларының индикаторы ақ түспен жана бастайды



H00575




H01758

- (1) Қашықтықты баптау индикаторы
- (2) Бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы

Автокөліктің жолақ шегінен шығып кетуінің алдын алу үшін жүйе қозғалыс жолағының бойлық белгілеу сызықтары мен жолдың шекараларын таниды. Егер автокөлігіңіз жоғары жылдамдықты жолмен 60 км/сағ-тан жоғары жылдамдықпен қозғалып келе жатса және автокөліктің жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін болса, жүйе рульмен басқару жүйесін қолдану арқылы автокөлігіңізді автокөлік кесіп өтуі мүмкін белгілеу сызығына қарсы жағына қарай бағыттайды.



S04051

ЕСКЕРТУ

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы автономды жүргізу жүйесі болып табылмайды.

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясының мүмкіндіктерін асыра бағаламаңыз. Бұл жүйе зейінсіз жүргізу кезінде көмектесуге арналмаған және автокөлікті қолдарыңызды рульге қоймай-ақ басқаруға мүмкіндік беретін жүйе болып табылмайды. Қозғалыс кезінде міндетті түрде руль дөңгелегін қолдарыңызбен мықтап ұстаңыз. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі немесе сіздің автокөлігіңізбен параллель жүріп бара жатқан қашықтықты және автокөліктің айналасындағы мән-жайды қадағалаңыз.

Егер жүйенің бақылау деңгейі мен уақытты таңдауы сіздің өз жүргізу стиліңізден өзгеше екенін байқасаңыз, жүйе қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын қолданбаңыз.

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы барлық уақыт және барлық жағдайларда бірдей іске қосыла бермейді. Егер тек қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясына ғана сенсеңіз, бұл апатқа, мысалы, сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолақтың жанында орналасқан кедергіге немесе көршілес жолақтағы көлік құралына соқтығысуға алып келуі мүмкін.

- Жүйені қолданбас бұрын күнделікті қарап тексеру кезінде шиналармен және тежеу жүйесімен байланысты мәселелердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Жалғасы келесі бетте→

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жүйе келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын қолданбаңыз.
 - Шиналардағы ауа қысымы ұсынылған мәнге сәйкес келмейді. ¹
 - Тозу дәрежелері біркелкі емес шиналар орнатылған. ^{*1}
 - Өлшемдері ұсынылмаған шиналар орнатылған. ^{*1}
 - Дөңгелектердің теңгерімі бұзылған, мысалы, теңгергіш жүгі түсіп қалған немесе ығысып кеткен және т.с.с. ^{*1}
 - Дөңгелекті орнату бұрыштары бұзылған. ^{*1}
 - Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықтың көмегімен жөнделген ауасы шығып кеткен шинасы бар дөңгелек қолданылуда.
 - Аспа конструкциясына өзгертулер енгізілген (SUBARU түпнұсқа бөлшектерін қоса алғанда).
 - Автокөлікке стереокамераның шолуына кедергі келтіретін зат орнатылған.
 - Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
 - Руль дөңгелегінде қалыптан тыс діріл сезіледі немесе руль дөңгелегін бұрау әдеттегімен салыстырғанда ауырлаған.
 - Руль дөңгелегі SUBARU түпнұсқа емес руль дөңгелегіне ауыстырылған.
 - Фаралар ластанған немесе оларға қар, мұз немесе балшық тиген. (Объектілер жеткіліксіз жарықтандырылған және оларды анықтау қиын.)
 - Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі дұрыс реттелмеген. (Объектілер жеткіліксіз жарықтандырылған және оларды анықтау қиын.)
 - Фаралар, тұман фаралары және басқа жарықтар: рұқсат етілмеген өзгертулер енгізілген.
 - Автокөліктің апатқа ұшырауының немесе ақаулықтың туындауының нәтижесінде автокөліктің бағдар тұрақтылығы бұзылған.
 - Тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл) жанып тұр. ^{*2}
 - Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шанақ күйі әдеттегіден ауытқыған.
 - Максималды жолаушылар санынан асып кеткен.
 - Тіркеме, басқа автокөлік және т.б. сүйрелуде.
 - Аспаптар тақтасы тиісінше жұмыс істеп тұрған жоқ. Мысалы, бақылау шамдары, ескертуші сигнал бергіштер, индикаторлар дұрыс қосылмайды немесе өшірілмейді, дыбыстық ескертулер берілмейді немесе аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация қалыпты индикациядан өзгеше. ^{*3}
- *1: дөңгелектер мен шиналар аса маңызды функцияларды орындайды. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды қолданыңыз.
- Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *2: егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *3: аспаптар тақтасының функциялары мен жұмысы туралы толық ақпаратты автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы жоғары жылдамдықты тас жолдарда, автострадаларда, ақылы жолдарда, автомагистральдарда және кіруі шектелген осыған ұқсас жолдарда қолдануға арналған. Ол қалалық жағдайларда қолдануға арналмаған. Келесі жағдайларда қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Кәдімгі жолдар (жоғарыда айтылғандарға жатпайтын жолдар).
Қозғалыс жағдайларына (жолдардың күрделілігіне және басқа факторларға) байланысты жүйе өз міндеттерін жол жағдайлары талап ететіндей дәрежеде орындай алмауы, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Тік бұрылыстары бар жолдар

- Жол/құрылыс жұмыстарына және т.б. байланысты жолақтармен қозғалыстың шектеулері немесе уақытша қозғалу жолақтары бар жолдар.

- Жолда жолдың ескі белгілеу сызықтарының іздері бар.

- Тұраққа қойылған автокөліктердің жанынан өтуден сақтаныңыз.

- Жол төсемінде мұз, қар, шалшық сулар және т.б. бар.

- Жол төсемінде жарықтар немесе құрылыс іздері бар.

- Мұз, қар немесе басқа сырғанақ заттектер басқан жолдар.

Дөңгелектер тайғанауы мүмкін, бұдан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз ықтимал.


- Жолайрыққа немесе жол қиылысына кіру үшін тік бұрылысқа, сондай-ақ жол шетіндегі инфрақұрылым аумағына, тұрақ алаңына, ақы төлеу пунктіне немесе басқа объектілерге кіру.

- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысы кезінде шашыраған судан, қардан, балшықтан немесе шаңнан көрініс нашарлаған.

- Стереокамераның көру аймағына алдыңғы әйнектегі ылғалдың іздері, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар, балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. түсіп тұр.

- Ылғалдың немесе балшықтың іздері алдыңғы әйнектен толық кетірілмеген. Стереокамераның қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтай алмау қаупі бар.


- Стереокамераның көру аймағы шектелген немесе толық жабылған (мысалы, автокөлігіңіздің төбедегі жүксалғышында ұзын өлшемде зат болған жағдайда).



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Келесі жағдайларда стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтауы мүмкін және жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі.
 - Нашар ауа райында (мысалы, жаңбырда, қар жауғанда немесе қалың тұман кезінде).
 - Жолдың беті ылғал және фаралардың сәулесімен жылтырап тұр.
 - Автокөлігіңіз қозғалып келе жатқан жолақта басқа жол көрсеткіштері (көрсеткілер, жазулар және т.б.) бар.
 - Автокөлігіңіз бен алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің арасындағы қашықтық қысқа, бұл қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтауды қиындатады.
 - Автокөлігіңіз көршілес жолаққа ауысты немесе алдыда орналасқан автокөлік басқа жолаққа ауысты.
 - Жолдың иілу пішіні кенеттен өзгерді.
 - Қоршаулардың немесе басқа объектілердің көлеңкелері қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарына түсіп тұр.
 - Камера объективіне күшті жарық (күн жарығы немесе қарсы көліктің фараларының сәулесі және т.б.) түсіп тұр.
 - Қозғалыс жолағының ені тым кіші, немесе тым үлкен.
 - Қозғалыс жолағының ені өзгерді.
 - Жұмысының ерекшеліктеріне байланысты стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтай алады.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары жоқ немесе өшіп қалған.
 - Автокөлік сары түсті бойлық белгілеу сызықтары бар қозғалыс жолағымен қозғалып келеді.
 - Белгілеу сызықтарының түсі жол төсемінің түсіне ұқсайды.
 - Жолақтардың қосарлы белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолақтардың жіңішке белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолда белгілеу сызықтары болып табылмайтын сызықтар бар.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары қабырғаларға және бағандарға тиіп тұр.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының пішіні кенеттен өзгереді (бұрылысқа кіру / бұрылыстан шығу, ирелең жолдар және т.б.).



- Жолайрықтарға, жол қиылыстарына, жол жанындағы инфрақұрылым аймақтарына және тұрақтарға апаратын жолақтармен қозғалған кезде.
- Жол жиегінде жиектас немесе тіреуіш қабырға бар.
- Жарықтандыру қарқындылығы күрт өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
- Алдыңғы әйнекжуғышты қолданған кезде немесе одан кейін сұйықтық іздері алдыңғы әйнектен толық кетпейді.





ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясының жұмысы келесі жағдайларда оңтайлы болмауы мүмкін. Сонымен қатар бұл функция жұмыс істемеуі немесе автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін.
 - Сіздің автокөлігіңіздің салмағы қатты өзгергеннен кейін бірден.
 - Тікелей дөңгелектерді/шиналарды ауыстырғаннан немесе шиналардағы ауа қысымын реттегеннен кейін.
 - Камераны немесе онымен байланысты компоненттерді калибрлеуден, жөндеуден немесе ауыстырудан кейін.
 - Аспа немесе рульмен басқару жүйесінің бөлшектерін жөндеуден немесе ауыстырудан кейін.
 - Қысқы шиналар немесе SUBARU түпнұсқа шиналары болып табылмайтын шиналар қолданылуда.
 - Автокөлікке қарсы соққан жел әсер етіп тұр.
 - Жол көлбеуінің кенеттен өзгеруі (өрге көтерілу немесе ылдифға түсу).
 - Жолдарды қиылысуы бағытындағы көлбеу үлкен немесе бірден өзгереді.
 - Кедір-бұдырлар, ирелең жол, жол төсеміндегі жапсарлар.
 - Автокөлік жылдамдығын күрт үдетуде/баялатуда.
 - Сыртқы ауаның төмен температурасында қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден.
 - Сыртқы температура жоғары.
- Егер қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын қолданбайтын болсаңыз, оны міндетті түрде өшіріп қойыңыз. Егер бұл функцияны қосулы күйінде қалдырсаңыз, ол кездейсоқ іске қосылып кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
⇒194-бет
- Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын қосқан кезде руль дөңгелегіне түсірілетін күш өзгеруі мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер бұл жүйе ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеп тұрса, дыбыстық ескерту беріледі және аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны пайда болады.
- Егер қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы үздіксіз жұмыс істеп тұрса және жүргізуші руль дөңгелегін басқармай отырса, дыбыстық ескерту беріледі және аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны пайда болады. Жүйенің іске қосылуларының санына байланысты хабарлар оны өшіргеннен кейін де берілуі мүмкін.
- Егер қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы белгілі уақыт бойы жұмыс істемей тұрса немесе өшірілсе, ескертулердің берілуі тыйылады.


Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын қалай қолдану қажет

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы келесі жағдайларда қосылады.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр.
- Орталық ақпараттық дисплейде Lane Departure (Қозғалыс жолағынан шығу) экранында EyeSight жүйесінің баптауларында All Functions (Барлық функциялар) немесе Lane Departure Prevention Function Only (Тек қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы ғана) таңдаңыз.

⇒277-бет


Егер қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы қосулы болса, аспаптар тақтасының дисплейінде жолақтың белгілеу сызықтарының индикаторы (сұр түсті) және сіздің автокөлігіңіздің индикаторы көрсетіледі.



(1) Қозғалыс жолағының белгілеу сызығының индикаторы (сұр түсті)

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы күту режиміне ауысады, және қозғалыс жолағының белгілеу сызығының индикаторы (ақ түсті) келесі шарттардың бәрі орындалған жағдайда жанады.


- Сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы келесі диапазонда.
 - Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтау: шамамен 60–145 км/сағ
 - Жол шекараларын анықтау: шамамен 60–100 км/сағ
- Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жұмыс істемей тұр.
- Жүргізуші руль дөңгелегін басқарып отыр.
- Жолағының ені шамамен 3-4 м-ді құрайтын жолда.
- Түзу жолда немесе жатық бұрылыста.
- Қозғалыс жолағының ортасымен қозғалу.



(1) Ақ

*: қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының индикаторы белгілеу сызықтарын тапқан кезде ақ түспен жанады.


Автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін кезде қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы жұмыс істей бастайды және бұл функция белсенді болған жағындағы қозғалыс жолағының белгілеу сызықтары индикаторының түсі ақтан сары түске өзгереді.



(1) Сары



ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізушінің қолдары белгілі уақыт бойы руль дөңгелегінде жәй жатса немесе руль дөңгелегін басқару орын алмаса, жүйе уақытша өшеді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясының өшірілуі туралы хабарлама көрсетіледі.
- Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы сол бағытында қозғалысын жалғастыратын болса, автокөліктің жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін екенін анықтаған кезде іске қосылады. Сондықтан жүйе қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясынан бұрын іске қосылады (=> 215-бет). Бұл қоршаған мән-жайға және жолдың күйіне байланысты болуы мүмкін.
- Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының индикаторы күту режимінде және жұмыс режимінде тек сол немесе оң жағынан ғана жануы мүмкін.
- Тіпті егер қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы өшірілуі болса да, қозғалтқышты өшіріп, келесі қосқан кезде ол қайтадан қосылады. Қозғалтқышты қайтадан оталдырған кезде бұл жүйе үшін әдепкі қалып бойынша «Қос. » мәні орнатылады.
- Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын және төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қосқан кезде:
 - Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін белсендіргеннен және қарсы келе жатқан немесе сіздің автокөлігіңіздің артынан жүріп келе жатқан көлік құралын анықтау тыйылғаннан кейін егер сіздің автокөлігіңіздің қозғалыс жолағынан шығып кету ықтималдығы әлі де бар болса, басқару қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясына ауысады.
 - Егер қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясының жұмысы кезінде маңайда автокөлік анықталса, басқару төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесіне ауыстырылады.
- Егер бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосулы тұрғанда  индикаторы (ақ түсті) жанып тұрса, қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы белсендірілмейді.

■ Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын өшіру

● Жүргізушінің өшіруі

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келгені қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын уақытша өшіруге алып келеді.



Бұл функцияны уақытша өшірген кезде қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының индикаторының түсі сұр түске айналады.

- Тежегіш педалінің қатты басылуы.
- Бұрылыс көрсеткішін қосу.
- Жүйе жүргізушінің жолақты ауыстыру үшін руль дөңгелегін басқарып отырғанын анықтайды.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылады.

● Автоматты түрде өшу

Келесі жағдайларда қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы уақытша өшеді.

Егер жүйе уақытша өшірулі болса, қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының индикаторының түсі сұр түске айналады.

- Жүйе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтамайды.
- Автокөлік жылдамдығы шамамен 60 км/сағ-тан төмен немесе шамамен 150 км/сағ-тан жоғары.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айнарудан сақтау жүйесі белсендірілген.
- Кез келген есік (жүксалғыш қақпағынан өзге) ашылады.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.
- Селектор иінтірегі D не M күйлерінен өзге күйге ауыстырылады.
- Автокөлік тік бұрылысқа кіріп жатыр.
- Тік бұрылыста қозғалған кезде.
- Күрделі жол жағдайларында қозғалған кезде.
- Басқа жүйенің жұмысына байланысты.
- EyeSight жүйесінің қатесіне байланысты. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  сары)
⇒ 272-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  ақ түсті)
⇒ 273-бет

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы

- Жүйе жүргізушінің белгілі бір уақыт бойы руль дөңгелегімен әрекеттерін анықтамайды.

- Жүйе руль дөңгелегімен әрекеттердің жоқ екенін анықтаған кезде аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі. Үзілу экраны жүйе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттерін анықтамайынша көрсетіліп тұрады.



Егер жүйе бұрынғыша бұл әрекеттерді анықтамай тұрса, қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы уақытша өшеді. Жүйе жүргізушіге аспаптар тақтасының дисплейіндегі үзілу экранының көмегімен және дыбыстық ескертумен (1 қысқа / 1 ұзақ) ескертеді.




■ Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын өшіру

Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын өшіру үшін орталық ақпараттық дисплейді пайдаланыңыз.

Бұл функция EyeSight жүйесінің баптауларында Lane Departure (Жолақтан шығу) экранында Warning Buzzer Only (Тек зуммер) немесе OFF (Өшір.) таңдалған жағдайда өшеді.

=> 277-бет

Аспаптар тақтасының дисплейінде  индикаторы пайда болады.

● Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясының өшірілу индикаторы

Бұл индикатор оталдыру жүйесі қосқаннан кейін (ON күйі) пайда болады, және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секундтан соң сөнеді.


Ол қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы өшірілген кезде жанып тұрады.

Ол сондай-ақ келесі жағдайларда жанады.


- EyeSight жүйесінің қатесіне байланысты. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал

бергіші  : сары)

⇒ 272-бет


- EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  : ақ түсті)

⇒ 273-бет




Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі

Егер жоғары жылдамдықты тас жолда, автострадада және т.с.с. автокөліктің қозғалу жылдамдығы шамамен 50 км/сағ немесе одан жоғары болса және артыңыздан ілесіп немесе көршілес жолақпен қарсы бағытта жақындап келе жатқан автокөлік бар болғанда қозғалыс жолағынан шығып кету ықтималдығы болса, бұл жүйе жүргізушіге руль дөңгелегін автокөлігіңіздің жүріп келе жатқан қозғалыс жолағынан шығып кетуінің алдын алатын бағытқа қарай бұруға көмектеседі. Осы кезде дыбыстық ескерту (3 қысқа гудок) беріледі және экранда үзілу экраны пайда болады.



H02188

- (1) Сіздің автокөлігіңіз
- (2) Көршілес жолақпен жүріп келе жатқан автокөліктің артынан ілесу



H02189

- (1) Сіздің автокөлігіңіз
- (2) Көршілес қозғалыс жолағындағы қарсы келе жатқан автокөлік


ЕСКЕРТУ

Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі автономды жүргізу жүйесі болып табылмайды.

Бұл жүйенің мүмкіндіктерін шектен тыс бағаламаңыз. Бұл жүйе зейінсіз жүргізу кезінде көмектесуге арналмаған және автокөлікті қолдарыңызды рульге қоймай-ақ басқаруға мүмкіндік беретін жүйе болып табылмайды. Қозғалыс кезінде міндетті түрде руль дөңгелегін қолдарыңызбен мықтап етіп ұстаңыз. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі немесе сіздің автокөлігіңізбен параллель жүріп бара жатқан қашықтықты және автокөліктің айналасындағы мән-жайды қадағалаңыз.

Егер жүйенің бақылау деңгейі мен уақытты таңдауы сіздің өз жүргізу стиліңізден өзгеше екенін байқасаңыз, жүйе қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қолданбаңыз.

Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі тек сіздің автокөлігіңіз қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін болса, ал көршілес жолақта (артқы жақтан немесе қарсы бағытта) оған көлік құралы жақындап келе жатса ғана белсендіреді. Сондықтан жүйе келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Жеңіл автокөліктер, мотоциклдер, пішіні ерекше көлік құралдары.
- Велосипедтер.
- Жаяу жүргіншілер.
- Автокөлік кенеттен пайда болады.
- Автокөліктің бір бөлігі көрінбейді.
- Жақындап келе жатқан автокөліктің жылдамдығы өте жоғары.
- Қарсы келе жатқан автокөлік тым баяу немесе тоқтап жатыр.
- Жүйе соқтығысу мүмкін емес деп есептейді.

Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі барлық уақыт және барлық жағдайларда бірдей іске қосылмайды. Егер автокөлік жүріп келе жатқан жолақта ұсталуы үшін тек төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесіне ғана сенетін болсаңыз, бұл апатқа, мысалы, сіздің қозғалыс жолағыңызда орналасқан кедергіге немесе көршілес жолақта қозғалып келе жатқан автокөлікке соқтығысуға алып келуі мүмкін.

- Жүйені қолданбас бұрын күнделікті қарап тексеру кезінде шиналармен және тежеу жүйесімен байланысты мәселелердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жүйе келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қолданбаңыз.
 - Шиналардағы ауа қысымы нормаға сәйкес келмейді. ^{*1}
 - Тозу дәрежелері біркелкі емес шиналар орнатылған. ^{*1}

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Өлшемдері ұсынылмаған шиналар орнатылған. *1
 - Дөңгелектердің теңгерімі бұзылған (мысалы, теңгергіш жүк түсіп қалған немесе дұрыс орнатылмаған және т.с.с.). *1
 - Дөңгелекті орнату бұрыштары бұзылған. *1
 - Шиналарды жөндеуге арналған жиынтықтың көмегімен жөнделген ауасы шығып кеткен шинасы бар дөңгелек қолданылуда.
 - Аспа конструкциясына өзгертулер енгізілген (SUBARU түпнұсқа бөлшектерін қоса алғанда).
 - Автокөлікке стереокамераның шолуына кедергі келтіретін зат орнатылған.
 - Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
 - Руль дөңгелегінде қалыптан тыс діріл сезіледі немесе руль дөңгелегін бұрау әдеттегімен салыстырғанда ауырлаған.
 - Руль дөңгелегі SUBARU түпнұсқа емес руль дөңгелегіне ауыстырылған.
 - Фаралар ластанған немесе оларға қар, мұз немесе балшық тиген. (Объектілер жеткіліксіз жарықтандырылған және оларды анықтау қиын.)
 - Фаралардың оптикалық осьтерінің күйі дұрыс реттелмеген. (Объектілер жеткіліксіз жарықтандырылған және оларды анықтау қиын.)
 - Фаралар, тұман фаралары және басқа жарықтар: рұқсат етілмеген өзгертулер енгізілген.
 - Автокөліктің апатқа ұшырауының немесе ақаулықтың туындауының нәтижесінде автокөліктің бағдар тұрақтылығы бұзылған.
 - Тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл) жанып тұр. *2
 - Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шанақ күйі әдеттегіден ауытқыған.
 - Максималды жолаушылар санынан асып кеткен.
 - Тіркеме, басқа автокөлік және т.б. сүйрелуде.
 - Аспаптар тақтасы тиісінше жұмыс істеп тұрған жоқ. Мысалы, бақылау шамдары, ескертуші сигнал бергіштер, индикаторлар дұрыс қосылмайды немесе өшірілмейді, дыбыстық ескертулер берілмейді немесе аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация қалыпты индикациядан өзгеше. *3
- *1: дөңгелектер мен шиналар аса маңызды функцияларды орындайды. Міндетті түрде автокөлік өндірушісі ұсынған дөңгелектер мен шиналарды қолданыңыз.
- Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *2: егер тежеу жүйесінің бақылау шамы (қызыл түсті) сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Толық ақпаратты автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.
- *3: аспаптар тақтасының функциялары мен жұмысы туралы толық ақпаратты автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі жоғары жылдамдықты тас жолдарда, автострадаларда, ақылы жолдарда, автомагистральдарда және кіруі шектелген осыған ұқсас жолдарда қолдануға арналған. Ол қалалық жағдайларда қолдануға арналмаған. Келесі жағдайларда төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Кәдімгі жолдар (жоғарыда айтылғандарға жатпайтын жолдар).

Қозғалыс жағдайларына (жолдардың күрделілігіне және басқа факторларға) байланысты жүйе өз міндеттерін жол жағдайлары талап ететіндей дәрежеде орындай алмауы, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Тік бұрылыстары бар жолдар

- Жол/құрылыс жұмыстарына және т.б. байланысты жолақтармен қозғалыстың шектеулері немесе уақытша қозғалу жолақтары бар жолдар.

- Жолда жолдың ескі белгілеу сызықтарының іздері бар.

- Тұраққа қойылған автокөліктердің жанынан өтуден сақтаныңыз.

- Жол төсемінде мұз, қар, шалшық сулар және т.б. бар.

- Жол төсемінде жарықтар немесе құрылыс іздері бар.

- Мұз, қар немесе басқа сырғанақ заттектер басқан жолдар.

Дөңгелектер тайғанауы мүмкін, бұдан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз ықтимал.


- Жолайрыққа немесе жол қиылысына кіру үшін тік бұрылысқа, сондай-ақ жол шетіндегі инфрақұрылым аумағына, тұрақ алаңына, ақы төлеу пунктіне немесе басқа объектілерге кіру.

- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысы кезінде шашыраған судан, қардан, балшықтан немесе шаңнан көрініс нашарлаған.

- Стереокамераның көру аймағына алдыңғы әйнектегі ылғалдың іздері, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар, балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. түсіп тұр.

- Ылғалдың немесе балшықтың іздері алдыңғы әйнектен толық кетірілмеген. Стереокамераның қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын немесе қарсы келе жатқан автокөлікті анықтай алмау қаупі бар.


- Стереокамераның көру аймағы шектелген немесе толық жабылған (мысалы, автокөлігіңіздің төбедегі жүксалғышында ұзын өлшемде зат болған жағдайда).



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Келесі жағдайларда стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын немесе қарсы келе жатқан автокөліктерді қиын анықтауы мүмкін және жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі.
 - Нашар ауа райында (мысалы, жаңбырда, қар жауғанда немесе қалың тұман кезінде).
 - Жолдың беті ылғал және фаралардың сәулесімен жылтырап тұр.
 - Автокөлігіңіз қозғалып келе жатқан жолақта басқа жол көрсеткіштері (көрсеткілер, жазулар және т.б.) бар.
 - Автокөлігіңіз бен алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің арасындағы қашықтық қысқа, бұл қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтауды қиындатады.
 - Автокөлігіңіз көршілес жолаққа ауысты немесе алдыда орналасқан автокөлік басқа жолаққа ауысты.
 - Жолдың иілу пішіні кенеттен өзгерді.
 - Қоршаулардың немесе басқа осындай объектілердің көлеңкелері қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарына түсіп тұр.
 - Камера объективіне күшті жарық (күн жарығы немесе қарсы көліктің фараларының сәулесі және т.б.) түсіп тұр.
 - Қозғалыс жолағының ені тым кіші, немесе тым үлкен.
 - Қозғалыс жолағының ені өзгерді.
 - Жұмысының ерекшеліктеріне байланысты стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтай алады.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары жоқ немесе өшіп қалған.
 - Автокөлік сары түсті бойлық белгілеу сызықтары бар қозғалыс жолағымен қозғалып келеді.
 - Белгілеу сызықтарының түсі жол төсемінің түсіне ұқсайды.
 - Жолақтардың қосарлы белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолақтардың жіңішке белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолда белгілеу сызықтары болып табылмайтын сызықтар бар.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары қабырғаларға және бағандарға тиіп тұр.



Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының пішіні кенеттен өзгереді (бұрылысқа кіру / бұрылыстан шығу, ирелең жолдар және т.б.).






- Жолайрықтарға, жол қиылыстарына, жол жанындағы инфрақұрылым аймақтарына және тұрақтарға апаратын жолақтармен қозғалған кезде.
- Жол жиегінде жиектас немесе тіреуіш қабырға бар.
- Жарықтандыру қарқындылығы күрт өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
- Алдыңғы әйнекжуғышты қолданған кезде немесе одан кейін сұйықтық іздері алдыңғы әйнектен толық кетпейді.



ЕСКЕРТУ

- Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесінің әрекеті келесі жағдайларды оңтайлы болмауы мүмкін. Сонымен бірге жүйе жұмыс істемеуі немесе ол өшірулі болуы мүмкін.
 - Сіздің автокөлігіңіздің салмағы қатты өзгергеннен кейін бірден.
 - Тікелей дөңгелектерді/шиналарды ауыстырғаннан немесе шиналардағы ауа қысымын реттегеннен кейін.
 - Камераны немесе онымен байланысты компоненттерді калибрлеуден, жөндеуден немесе ауыстырудан кейін.
 - Аспа немесе рульмен басқару жүйесінің бөлшектерін жөндеуден немесе ауыстырудан кейін.
 - Қысқы шиналар немесе SUBARU түпнұсқа шиналары болып табылмайтын шиналар қолданылуда.
 - Автокөлікке қарсы соққан жел әсер етіп тұр.
 - Жол көлбеуінің кенеттен өзгеруі (өрге көтерілу немесе ылдифға түсу).
 - Жолдарды қиылысуы бағытындағы көлбеу үлкен немесе бірден өзгереді.
 - Кедір-бұдырлар, ирелең жол, жол төсеміндегі жапсарлар.
 - Автокөлік жылдамдығын күрт үдетуде/баяулатуда.
 - Сыртқы ауаның төмен температурасында қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден.
 - Сыртқы температура жоғары.
- Егер төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қолданбайтын болсаңыз, оны міндетті түрде өшіріп қойыңыз. Егер бұл функцияны қосуды күйінде қалдырсаңыз, ол кездейсоқ іске қосылып кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
 - ⇒206-бет
- Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қосқан кезде руль дөңгелегін бұруға қажетті күш өзгеруі мүмкін.
- Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесінде қолданылатын артқы радар датчиктерінің анықтау тиімділігінің шегі болады.
 - ⇒Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі уақытша өшеді (немесе өшуі мүмкін), және  индикаторы пайда болады. Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесінің әрекеті осы жағдайлар жойылғаннан кейін қайта жалғастырылады, және  индикаторы өшіп қалады. Алайда егер бұл  индикаторы ұзақ уақыт бойы жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн .
 - Қардың немесе мұздың көп мөлшері артқы радар датчиктерінің орналасқан аймақтарында артқы бампердің бетіне жабысады.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.


- Автокөлік қар басқан жолмен немесе айналада ешқандай заттар жоқ жағдайларда (мысалы, шөлде) ұзақ уақыт бойы жүріп келе жатыр.
- Артқы радар датчиктерінің айналасындағы аймақтарда температура жазда өрге қарай ұзақ уақыт бойы қозғалудан және т. б. шектен тыс көтерілді.
- Артқы радар датчиктерінің айналасындағы аймақтардағы температура шектен тыс төмендеп кетеді.
- Автокөліктің аккумулятор батареясының кернеуі нормадан төмендеді.
- Автокөліктің аккумулятор батареясының кернеуі нормадан жоғарылады.
- Артқы радар датчигі айтарлықтай ығысқан (егер бұл осылай болса, қайтадан калибрлеу қажет). Датчикті (-терді) SUBARU дилеріне барып калибрлетуге кеңес беріледі.
- Артқы радар датчиктерінің межелі объектілерді анықтау бойынша мүмкіндіктері шектеулі. Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі келесі жағдайларда кедергілерді анықтай алмауы және дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Артқы бампердің артқы радар датчиктері орнатылған аймақтары деформацияланған.
 - Артқы бампердің артқы радар датчиктері орнатылған аймақтарындағы бетіне мұз, қар немесе балшық жабысып қалған.
 - Артқы бампердегі артқы радар датчиктері орналасқан жерлерге жапсырмалар және т.б. жабыстырылған.
 - Нашар ауа райы жағдайларында, мысалы, жаңбыр, қар немесе тұман кезінде.
 - Ылғал, қар, су басқан және т.с.с. жолдарда.
- Артқы радар датчиктері келесі автокөліктерді және объектілерді анықтамауы немесе қиын анықтауы мүмкін.
 - Шағын мотоциклдер, велосипедтер, жаяу жүргіншілер, жолдағы немесе жол жиегіндегі қозғалыссыз объектілер және т.б.
 - Шанағының пішіні радар сәулелерін шағылыстырмайтын автокөліктер (шанағы төмен автокөліктер, мысалы, жүгі жоқ тіркеме немесе спорттық автокөлік).
 - Тіпті анықталу аймағында (немесе артта көршілес жолақта немесе артқы жүріспен жүрген кезде сіздің автокөлігіңіздің жанында) орналасса да, автокөлігіңізге жақындап келе жатпаған автокөліктер. (Жүйе жақындап келе жатқан автокөліктің бар-жоғын радар датчиктері сигналдарының негізінде анықтайды).
 - Айтарлықтай көбірек/азырақ жылдамдықпен қозғалып келе жатқан автокөліктер.
 - Ұзақ уақыт бойы сіздің автокөлігіңізге параллель және оныкімен бірдей дерлік жылдамдықпен қозғалып келе жатқан көлік құралдары.
 - Қарсы келе жатқан автокөліктер.
 - Көршілес жолақтың арғы жағындағы жолақта орналасқан автокөліктер.
 - Сіз басып озуға әрекет жасап жатқан айтарлықтай төменірек жылдамдықпен жүріп келе жатқан автокөліктер.

Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қалай қолдану қажет

Орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қосыңыз.

Бұл жүйе EyeSight жүйесінің баптауларында Emergency Lane Keeping Assist (Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі) экранында ON (Қос.) тармағын таңдаған кезде қосылады.

⇒277-бет

Бұл жүйе қосылған кезде аспаптар тақтасының дисплейінде  индикаторы сөнеді. Оталдыру жүйесін өшіргеннен және қозғалтқышты тоқтатқаннан кейін бұл жүйе қозғалтқышты келесі іске қосқан кезде автоматты түрде қосылады.

Жүйе келесі шарттардың бәрі орындалған кезде белсендіріле алады. Алайда тіпті төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталғанның өзінде төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі іске қосылмайтын жағдайлар болады, себебі қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын, артқы жақтан немесе қарсы бағыттан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтау мүмкін болмай жатыр.

- Сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы келесі диапазонда.
 - Қарсы келе жатқан автокөлікті анықтау: шамамен 50–100 км/сағ
 - Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтау: шамамен 50–145 км/сағ
- Жүйе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтап жатыр.
- Жүйе артқы жақтан жақындап келе жатқан немесе алдыда орналасқан автокөлікті анықтайды.
- SRVD жүйесі өшірулі.
- Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жұмыс істемей тұр.
- Жүргізуші руль дөңгелегін басқарып отыр.
- Жолағының ені шамамен 3-4 м-ді құрайтын жолда.
- Түзу жолда немесе жатық бұрылыста.
- Қозғалыс жолағының ортасымен қозғалу.


Автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін кезде төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі іске қосылады. Үзілу экранына сіздің автокөлігіңіз кесіп өтуі мүмкін белгілеу сызығының кескіні шығарылады және дыбыстық ескерту беріледі (3 қысқа гудок).



*: суретте қозғалыс жолағының сол жақ белгілеу сызығын кесіп өтуі мүмкін автокөлік көрсетілген.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер Driving Lane Customize (Қозғалу бағытын таңдау (оң жақпен/сол жақпен қозғалыс)) функциясының көмегімен дұрыс қозғалу бағыты таңдалмаған болса, жүйе тиісінше жұмыс істемейді мүмкін.
⇒277-бет
- Егер SRVD жүйесі өшірулі болса, төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі жұмыс істемейді. Бұл ретте аспаптар тақтасының дисплейінде  индикаторы жанады.
- Егер артқы жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті немесе көршілес жолақта қозғалып келе жатқан қарсы бағыттағы автокөлікті анықтай алмаса, төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі жұмыс істемейді.
- Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын және төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін қосқан кезде:
 - Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін белсендіргеннен және қарсы келе жатқан немесе сіздің автокөлігіңіздің артынан жүріп келе жатқан көлік құралын анықтау тыйылғаннан кейін егер сіздің автокөлігіңіздің қозғалыс жолағынан шығып кету ықтималдығы әлі де бар болса, басқару қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясына ауысады.
 - Егер қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясының жұмысы кезінде маңайда автокөлік анықталса, басқару төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесіне ауыстырылады.
- Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсенді болса, төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі жұмыс істемейді.

■ Апаттық жағдайда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін өшіру




● Жүргізушінің өшіруі

Төменде келтірілген әрекеттердің кез келгені төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесінің уақытша өшірілуіне алып келеді.


- Тежегіш педалінің қатты басылуы.
- Бұрылыс көрсеткіші қосылады (тек қарсы бағыттағы көлік болған жағдайда).
- Жүйе жүргізушінің руль дөңгелегін белсенді бұрып отырғанын анықтайды.


● Автоматты түрде өшу

Келесі жағдайларда төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі уақытша өшіріледі.

- Жүйе қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтамайды.
- Автокөлік жылдамдығы шамамен 50 км/сағ-тан төмен немесе шамамен 150 км/сағ-тан жоғары.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айнарудан сақтау жүйесі белсендірілген.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.
- Кез келген есік (жүксалғыш қақпағынан өзге) ашылады.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.
- Селектор иінтірегі D не M күйлерінен өзге күйге ауыстырылады.
- Автокөлік тік бұрылысқа кіріп жатыр.
- Тік бұрылыста қозғалған кезде.
- Күрделі жол жағдайларында қозғалған кезде.
- Басқа жүйенің жұмысына байланысты.
- EyeSight жүйесінің қатесіне байланысты. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  сары)
⇒ 272-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  ақ түсті)
⇒ 273-бет
- Төтенше жағдайда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі ақаулы немесе уақытша өшірілуі. (Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесінің өшірілу индикаторы )

■ Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесінің ақаулығы және уақытша өшуі

Егер төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі уақытша өшсе,  индикаторы жанады. Уақытша өшудің себебі жойылса, жүйе қайтадан қосылады. Бұл индикатор сондай-ақ қатты ыстық немесе суық ауа райы жағдайларында, сондай-ақ аккумулятор батареясының кернеуі нормадан ауытқыған кезде жана бастайды.


Егер  индикаторы ұзақ уақыт бойы жанып тұрса, EyeSight жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесінің өшірілуі

Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесін өшіру үшін орталық ақпараттық дисплейді пайдаланыңыз.

Бұл жүйе EyeSight жүйесінің баптауларында Emergency Lane Keeping Assist (Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі) экранында OFF (Өшір.) тармағын таңдасаңыз, өшеді.


⇒277-бет

Егер төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі өшірулі болса, аспаптар тақтасының дисплейінде  индикаторы жанады.

●Төтенше жағдайларда жолақта ұстау жүйесінің өшірілу индикаторы

Бұл индикатор оталдыру жүйесі қосқаннан кейін (ON күйі) пайда болады, және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секундтан соң сөнеді.

Ол төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі өшірілген кезде жанады.





Акселераторды апат алды басқару жүйесі

Егер сіздің автокөлігіңіздің алдында кедергі анықталса және автокөлік тоқтатылса немесе өте баяу қозғалып келе жатса, жүйе акселератор педалінің (жүргізушінің қателігінен) қажетті мөлшерден көбірек басылғанын анықтайды және жүргізушіге тежелуге немесе жауап әрекетін жасауына қосымша уақыт беру үшін қозғалтқыштың қуатын айтарлықтай шектейді және автокөліктің алдыға қарай анағұрлым баяу қозғалуын қамтамасыз етеді.

Жүйенің әрекеті кезінде қайталанатын қысқа гудоктар беріледі және үзілу экраны көрсетіледі.

Бұл жүйе селектор тұтқасы D не M күйінде тұрған жағдайда ғана белсендіріледі.



ЕСКЕРТУ

Апат алдында акселераторды басқару жүйесіне шектен тыс сеніп қалмаңыз. Төтенше жағдайда акселераторды басқару жүйесі барлық жағдайларда бірде соқтығысуларды болдырмауға көмектесуге арналмаған. Қозғалтқышты оталдырмас және қозғалысты бастамасы бұрын әрдайым селектор иінтірегінің және педальдардың күйін, сондай-ақ айналадағы мән-жайды тексеріңіз. Егер тек апат алдында акселераторды басқару жүйесіне ғана сенім артсаңыз, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Апат алдында акселераторды басқару жүйесі автокөлікті тоқтаған күйде ұстап тұруға арналмаған.
- Апат алдында акселераторды басқару жүйесі кез келген жағдайларда үдеуді азайтпайды. Ол сондай-ақ жақтан соқтығысулардың алдын алуға арналмаған.
- Апат алдында акселераторды басқару жүйесі алдыңғы жақтан кедергі анықталған кезде іске қосылады. Алайда бұл жүйе кедергі анықталмаған кезде (мысалы, құзға және т. б. жақындаған кезде) үдеуді азайтпайды.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Егер жаныңызда кедергі бар болса, акселератор педалін тым қатты баспаңыз. Егер жүргізуші үдеуді бақылау үшін тек апат алдында акселераторды басқару жүйесіне ғана сенім артса, бұл соқтығысуға алып келуі мүмкін.
- Егер автокөлігіңіз темір жол өткелінде тұрып қалса және сіз өткелдің шлагбаумынан айналып шығып кетуге әрекет жасап жатсаңыз, стереокамера шлагбаумды кедергі ретінде анықтауы мүмкін және апат алдында акселераторды басқару жүйесі іске қосылуы мүмкін. Бұл жағдайда сабырлық сақтаңыз және акселератор педалін басуды жалғастырыңыз немесе апат алдында акселераторды басқару жүйесін өшіріңіз.

⇒213-бет

- Апат алдында акселераторды басқару жүйесі келесі жағдайларға байланысты белсендірілмеуі мүмкін:

- Сіздің автокөлігіңіз бен кедергінің арасындағы қашықтық, жылдамдық айырмашылығы және көлденең ығысу.
- Объектілерді стереокамерамен анықтау шарттары.


Атап айтқанда жүйе келесі жағдайларда белсендірілмеуі мүмкін.

- Қолайсыз ауа райы (күшті жаңбыр, боран немесе қалың тұман).
- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысы кезінде шашыраған судан, қардан, балшықтан немесе шаңнан көрініс нашарлаған.
- Қараңғы жерде (жабық тұрақ және т. б.).
- Кедергі фаралар жарықтандыратын аймақ шегінен тыс орналасқан.
- Қатты түсіп тұрған қарсы жарық (мысалы, күн шыққан немесе батар кездегі күн жарығы, фаралардың сәулелері және т.с.с.).
- Стереокамераның жұмысына алдыңғы әйнектегі булану, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар немесе балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. кедергі келтіріп тұр.
- Алдыңғы әйнекте әйнекжуғышты өшіргеннен кейін жуу сұйықтығының іздері қалып қойған.
- Жаңбыр тамшыларына немесе алдыңғы әйнек жуғышының/тазартқышының әрекетінен кейін қалып қойған іздерге байланысты кедергіні дұрыс анықтау мүмкін емес.
- Стереокамераның көру аймағы шектелген немесе толық жабылған (мысалы, автокөлігіңіздің төбедегі жүксалғышында ұзын өлшемде зат болған жағдайда).
- Аласа кедергілер жағдайында (тіреуіш қабырға, тосқауыл, бойы аласа автокөлік және т. б.).
- Кедергінің өлшемі мен биіктігі стереокамера анықтай алатынынан кішірек.
- Ұсақ жануарлар немесе кішкентай балалар
- Отырған немесе жатқан адамдар


Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Сізге ең жақын автокөліктің артқы бөлігі тым кіші немесе тым жақын орналасқан (мысалы, тіркеме немесе қарсы келе жатқан автокөлік). Жүйе автокөліктің сіздің автокөлігіңізге ең жақын орналасқан бөлігін анықтамауы мүмкін.




- Алдыңғы жақта біркелкі суреті бар шарбақ, қабырға және т. б. (жолақтар, қаланған кірпіш және т. б.) немесе суреті жоқ бет орналасқан.
- Автокөліктің алдында мөлдір материалдан немесе айна тәрізді әйнектен жасалған қабырға немесе есік орналасқан.
- Көдергі (басқа көлік құралы, мотоциклші, велосипедші, жаяу жүргінші, жануар немесе бала және т. б.) қапталыңыздан сізден басып озып барады немесе кенеттен жолға шыға келеді.
- Көдергі сіздің автокөлігіңіздің алдында тікелей жолақты ауыстырғаннан кейін пайда болады.
- Тік бұрылыстарда, тік өрлерде немесе ылдиларда.
- Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шанақ күйі әдеттегіден ауытқыған.
- Жарықтандыру қарқындылығы күрт өзгергенде, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
- Алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің артқы шамдары түнде немесе туннель ішінде жанбайды.
- Автокөліктің айналасы толықтай қараңғы және ешқандай заттар жоқ.
- Айнала қоршаған кеңістік негізінен бір түсті (мысалы, боран, қарлы үйінділері және т.с.с. жағдайларында).
- Жүйе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттері соқтығысуды болдырмауға бағытталғанын анықтайды.
- Қауіпсіздік мақсатында апат алдында акселераторды басқару жүйесін мәжбүрлеп тексеруші болмаңыз. Бұл оның дұрыс емес жұмыс істеуіне және апатқа әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ


- Келесі жағдайларда апат алдында акселераторды басқару жүйесін өшіріп қойыңыз. Өйтпесе апат алдында акселераторды басқару жүйесі күтпеген жерден іске қосылып кетуі мүмкін.
 - ⇒213-бет
 - Автокөлік сүйрелуде.
 - Автокөлік эвакуатор автокөліктің платформасына тиеліп жатыр.
 - Автокөлік айналатын барабандары бар динамометрлік стендте орналасқан, бір ось астынан сұғылатын арбаға және т. б. орнатылған.
 - Автокөлік көтергішпен көтеріледі, қозғалтқыш оталады және дөңгелектер бос айналады.
 - Жарыс жолында жүргізу.
 - Баннерлердің, жалаулардың немесе өсімдіктердің бұтақтарының жанынан өту.
 - Қалың/биік өсімдіктер автокөлікке тиіп жатыр.
- Апат алдында акселераторды басқару жүйесі келесі жағдайларда іске қосылуы мүмкін. Сондықтан зейініңізді қауіпсіз жүргізуге шоғырландырыңыз.
 - Сіздің автокөлігіңіз алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке жақын орналасқан.
 - Автоматты қақпадан өту.
 - Сіздің автокөлігіңіздің алдындағы қабырғадағы немесе жол төсеміндегі шағылысуды немесе белгілерді анықталатын мақсатты объектіден ажырату қиын.
 - Сіздің автокөлігіңіз жолдың көлбеуі тез өзгертін жерде орналасқан.



Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Бу немесе түтін бұлтының ішімен қозғалу.
- Алдыда жүріп бара жатқан автокөліктерден шығып жатқан пайдаланылған газдардың құрамындағы бу суық ауа райында және т.б. көзге жақсы көрініп тұр.




S00652

- Гидранттың, көктайғаққа қарсы реагенттерді шашыратуға арналған жабдықтың шашырандыларының және т.с.с. астынан өту.



S02828

- Қолайсыз ауа райында, мысалы, қар күшті жауып тұрғанда немесе боранда.
- Бұрылыста немесе жол қиылысында кедергі бар.
- Сіздің автокөлігіңіз автокөліктің, кедергінің немесе өсімдіктің жанынан өтіп бара жатыр.
- Қабырғаға немесе алдыда орналасқан автокөлікке өте жақын тоқтау.



S02057



ЕСКЕРТПЕ

- Акселератор педалін басқан кезде шамамен 3 секунд ішінде акселераторды төтенше басқару жүйесі біртіндеп акселератордың қалыпты жұмысына кедергі жасауын доғарады.
 - Автоматты шұғыл тежеу жүйесін өшірген кезде сондай-ақ апат алдында акселераторды басқару жүйесі де өшіріледі.
- ⇒78-бет


Апат алдында акселераторды басқару жүйесін қосу/өшіру


Автокөлік тоқтап тұрған кезде орталық ақпараттық дисплейден апат алдында акселераторды басқару жүйесін қосыңыз/өшіріңіз.

Бұл функция EyeSight жүйесінің баптауларында Pre-Collision Braking (Автоматты шұғыл тежеу) экранында Setting ON (Баптауларды орнату) түймесін таңдаған кезде қосылады.

Бұл жүйе EyeSight жүйесінің баптауларында Pre-Collision Braking (Автоматты шұғыл тежеу) экранында Setting OFF (Баптауды өшіру) түймесін таңдаған кезде өшеді.

⇒277-бет

Егер апат алдында акселераторды басқару жүйесі өшірілген болса, аспаптар тақтасында  индикаторы жанады.

Егер апат алдында акселераторды басқару жүйесі қосулы болса, аспаптар тақтасында  индикаторы жанады.




ЕСКЕРТПЕ

- Апат алдында акселераторды басқару жүйесін қосу/өшіру автоматты шұғыл тежеу жүйесімен, апаттық жағдайда рульді автономды бұру жүйесімен және алдыңғы жақта қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежеу жүйесімен байланысты.
- Тіпті апат алдында акселераторды басқару жүйесі өшірулі болса да, қозғалтқышты өшіріп, қайта қосқан кезде ол қайтадан қосылады. Қозғалтқышты қайтадан оталдырған кезде бұл жүйе үшін әдепкі қалып бойынша «Қос.» мәні орнатылады.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы жұмыс істеп тұрған кезде өшіріле алмайды.

■ Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің өшірілу индикаторы

Бұл индикатор оталдыру жүйесі қосқаннан кейін (ON күйі) жанады, және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секундтан соң сенеді. Ол автоматты шұғыл тежеу жүйесі мен апат алдында акселераторды басқару жүйесі өшірілген кезде жанады.

Ол сондай-ақ келесі жағдайларда жанады.


- EyeSight жүйесінің қатесіне байланысты. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  сары)

⇒ 272-бет

- EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі.

(EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  ақ түсті)




⇒ 273-бет




S04150



ЕСКЕРТПЕ

- Егер апаттық шұғыл тежеу жүйесінің  өшірілу индикаторы жанса, сондай-ақ апаттық жағдайда рульді автономды бұру жүйесінің  өшірілу индикаторы және алдыңғы жақта қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу жүйесінің  өшірілу индикаторы жанады.



⇒ 62- және 76-бет

- Егер автоматты шұғыл тежеу жүйесінің  өшірілу индикаторы жанып тұрса, бұл жүйе (автоматты шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйені қоса алғанда), сондай-ақ апаттық жағдайда рульді автономды бұру, алдыңғы жақта қиылысқан қозғалыс болған жағдайда тежелу және апат алдында акселераторды басқару жүйелері жұмыс істемейді.

Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту

Егер автокөлігіңіздің жылдамдығы шамамен 50 км/сағ немесе одан жоғары болса, бұл жүйе автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін екенін анықтаған жағдайда жүргізушіге ескертеді.

Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы іске қосылған жағдайда 3 қысқа дыбыстық ескерту беріледі және үзілу экраны көрсетіледі.



*: суретте қозғалыс жолағының сол жақ белгілеу сызығын кесіп өтуі мүмкін автокөлік көрсетілген.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы барлық жағдайларда бірдей жұмыс істемейді. Ол сондай-ақ автокөлікті жүріп келе жатқан қозғалыс жолағының шегіне автоматты түрде қайтармайды. Егер жүргізуші автокөлікті қозғалыс жолағында ұстап отыру үшін тек осы функцияға сенім артатын болса, қозғалыс жолағынан шығу орын алуы мүмкін, бұл апатқа алып келеді.


Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту қозғалыс жолағының белгілеу сызықтары анықталған кезде белсендіріледі. Алайда бұл жолдың шетін (жиіктерді, жол жиегіндегі орларды және т. б.) анықтай және жүргізушіге қауіп туралы ескерте алатын жүйе емес.

- Келесі жағдайларда стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтауы мүмкін және жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі.
 - Нашар ауа райында (мысалы, жаңбырда, қар жауғанда немесе қалың тұман кезінде).

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жолдың беті ылғал және фаралардың сәулесімен жылтырап тұр.
- Автокөлігіңіз қозғалып келе жатқан жолақта басқа жол көрсеткіштері (көрсеткілер, жазулар және т.б.) бар.
- Автокөлігіңіз бен алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің арасындағы қашықтық қысқа, бұл қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтауды қиындатады.
- Автокөлігіңіз көршілес жолаққа ауысты немесе алдыда орналасқан автокөлік басқа жолаққа ауысты.
- Жолдың иілу пішіні кенеттен өзгерді.
- Қоршаулардың немесе басқа осындай объектілердің көлеңкелері қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарына түсіп тұр.
- Камера объективіне күшті жарық (күн жарығы немесе қарсы көліктің фараларының сәулесі және т.б.) түсіп тұр.
- Қозғалыс жолағының ені тым кіші, немесе тым үлкен.
- Қозғалыс жолағының ені өзгерді.
- Жұмысының ерекшеліктеріне байланысты стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтай алады.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары жоқ немесе өшіп қалған.
 - Автокөлік сары түсті бойлық белгілеу сызықтары бар қозғалыс жолағымен қозғалып келеді.
 - Белгілеу сызықтарының түсі жол төсемінің түсіне ұқсайды.
 - Жолақтардың қосарлы белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолақтардың жіңішке белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолда белгілеу сызықтары болып табылмайтын сызықтар бар.




Жалғасы келесі бетте⇒

Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары қабырғаларға және бағандарға тиіп тұр.
- Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының пішіні кенеттен өзгереді (бұрылысқа кіру / бұрылыстан шығу, ирелең жолдар және т.б.).
- Жол жиегінде жиектас немесе тіреуіш қабырға бар.
- Жарықтандыру қарқындылығы күрт өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
- Алдыңғы әйнекжуғышты қолданған кезде немесе одан кейін сұйықтық іздері алдыңғы әйнектен толық кетпейді.
- Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шанақ күйі әдеттегіден ауытқыған.
- Жол төсемінде мұз, қар, шалшық сулар және т.б. бар.
- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысы кезінде шашыраған судан, қардан, балшықтан немесе шаңнан көрініс нашарлаған.
- Стереокамераның көру аймағына алдыңғы әйнектегі ылғалдың іздері, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар, балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. түсіп тұр.
- Ылғалдың немесе балшықтың іздері алдыңғы әйнектен толық кетірілмеген. Стереокамераның қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын немесе қарсы келе жатқан автокөлікті анықтай алмау қаупі бар.
- Стереокамераның көру аймағы шектелген немесе толық жабылған (мысалы, автокөлігіңіздің төбедегі жүксалғышында ұзын өлшемде зат болған жағдайда).




 **ЕСКЕРТУ**

Келесі жағдайларда қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы іске қосылмауы мүмкін:

- Автокөлік жылдамдығы шамамен 50 км/сағ-тан аспайды.
- Руль дөңгелегі кез келген жаққа елеулі бұрышқа бұралады.
- Жолдың бойлы көлбеу бұрышы күрт өзгереді (ерге көтерілу немесе ылдифа түсу).
- Тік бұрылыста қозғалған кезде.
- Тежегіш педалі басылады немесе ол басылғаннан кейін бірден.
- Бұрылыс көрсеткіші жұмыс істеп тұр.
- Бұрылыс көрсеткішінің ауыстырып қосқышы бастапқы күйіне оралғаннан кейін шамамен 3 секунд бойы.
- Автокөлік қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы іске қосылғаннан кейін қозғалыс жолағының шегіне қайтып оралмайды.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Келесі жағдайлар жолдың белгілеу сызықтарының дұрыс анықталмауына және қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясының ақаулығына алып келуі мүмкін.
 - Ылғал немесе қар басқан жолдағы шиналардың іздері.
 - Қар мен асфальт арасында шекаралар, жолды жөндеу жұмыстарының іздері және т.б. бар.
 - Қоршаулардың көлеңкелері.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары екі тәсілмен жағылған.
 - Жол жұмыстарынан кейін қалған белгілеу сызықтары немесе бұрынғы белгілеу сызықтарының іздері бар.
- Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы әртүрлі факторлардың, мысалы, автокөліктің жолдың белгілеу сызықтарына жақындау жылдамдығының негізінде ескертуді белсендіру уақытын анықтайды. Сондықтан ескерту белсендірілетін күй өзгеруі мүмкін.
- Егер  бақылау шамы жанып тұрса, қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы жұмыс істемейді.
⇒ 219-бет


Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясын қосу/өшіру


Бұл функция орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен қосылады/өшіріледі:

EyeSight жүйесінің баптауларында Lane Departure (Қозғалыс жолағынан шығу) экранында All Functions (Барлық функциялар) немесе Warning Buzzer Only (Тек ескертуші зуммер) позициясын таңдағанда.

Бұл функция EyeSight жүйесінің баптауларында Lane Departure (Қозғалыс жолағынан шығу) экранында Departure Prevention Function Only (Тек қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы ғана) немесе OFF (Өшір.) таңдалған жағдайда өшеді.

⇒277-бет

Егер қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы өшірулі болса, аспаптар тақтасында  индикаторы жанады.

Егер қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы өшірулі болса, аспаптар тақтасында  индикаторы жанбайды.

Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясының дыбыстық ескертуін орталық ақпараттық дисплейдің бас экранынан өшіруге болады.

⇒277-бет





ЕСКЕРТПЕ


- Тіпті егер қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы өшірулі болса да, қозғалтқышты өшіріп, келесі қосқан кезде ол әдепкі қалып бойынша қосылады. Қозғалтқышты қайтадан оталдырған кезде бұл жүйе үшін әдепкі қалып бойынша «Қос. » мәні орнатылады.
- Тіпті қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескерту функциясы мен бұл жүйенің дыбыстық ескертуі өшірулі болса да, жүргізушінің қатты ұйқысырап отырғанының немесе автокөліктің қозғалыс жолағының шегінде тербеліп келе жатқанының белгілерін анықтаса, олар іске қосылады. Осы кезде 5 қысқа дыбыстық ескерту беріледі және дисплейде әдеттегіден өзгеше үзілу экраны пайда болады. Бұл жағдайда қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы және сәйкес дыбыстық ескерту жүргізуші қозғалтқышты өшіріп қайта қосқанға немесе орталық ақпараттық дисплейде баптауларды өзгерткенге дейін белсенді болады.

■ Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясының өшірілу индикаторы

Бұл индикатор оталдыру жүйесі қосқаннан кейін (ON күйі) жанады, және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секундтан соң сөнеді. Ол қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы өшірілген кезде жанады.

Ол сондай-ақ келесі жағдайларда жанады.


- EyeSight жүйесінің қатесіне байланысты. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші : сары)
⇒ 272-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы : ақ түсті)
⇒ 273-бет



Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы

Бұл функция қозғалыс жолағының шегінде тербелуді немесе дрейфті анықтайды және жүргізушіге ескертеді. Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы іске қосылған жағдайда 5 қысқа дыбыстық ескерту беріледі және үзілу экраны көрсетіледі.

Бұл жүйе автокөлік жылдамдығы шамамен 60 км/сағ-тан асқанда белсендіріледі және автокөлік жылдамдығы шамамен 40 км/сағ-тан төмен түскенде өшеді. Жүйе автокөлік жылдамдығы шамамен 60 км/сағ-қа дейін артқан кезде белсендіріледі.




ЕСКЕРТУ

- Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы барлық жағдайларда бірдей іске қосылмайды. Бұл жүйе автокөліктің бүйірге теңселуін автоматты түрде баспайды. Егер жүргізуші автокөліктің теңселуінің алдын алу үшін тек осы функцияға ғана сенім артатын болса, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Келесі жағдайларда стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтауы мүмкін және жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Түнде немесе туннельде фаралар қосылмаған күйі.
 - Нашар ауа райында (мысалы, жаңбырда, қар жауғанда немесе қалың тұман кезінде).
 - Жолдың беті ылғал және фаралардың сәулесімен жылтырап тұр.
 - Автокөлігіңіз қозғалып келе жатқан жолақта басқа жол көрсеткіштері (көрсеткілер, жазулар және т.б.) бар.
 - Автокөлігіңіз бен алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің арасындағы қашықтық қысқа, бұл қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын анықтауды қиындатады.
 - Автокөлігіңіз көршілес жолаққа ауысты немесе алдыда орналасқан автокөлік басқа жолаққа ауысты.

Жалғасы келесі бетте⇒


⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жолдың иілу пішіні кенеттен өзгерді.
- Қоршаулардың немесе басқа осындай объектілердің көлеңкелері қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарына түсіп тұр.
- Камера объективіне күшті жарық (күн жарығы немесе қарсы көліктің фараларының сәулесі және т.б.) түсіп тұр.
- Қозғалыс жолағының ені тым кіші, немесе тым үлкен.
- Қозғалыс жолағының ені өзгерді.



- Жұмысының ерекшеліктеріне байланысты стереокамера қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын қиын анықтай алады.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары жоқ немесе өшіп қалған.
 - Автокөлік сары түсті бойлық белгілеу сызықтары бар қозғалыс жолағымен қозғалып келеді.
 - Белгілеу сызықтарының түсі жол төсемінің түсіне ұқсайды.
 - Жолақтардың қосарлы белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолақтардың жіңішке белгілеу сызықтары қолданылған.
 - Жолда белгілеу сызықтары болып табылмайтын сызықтар бар.
 - Қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары қабырғаларға және бағандарға тиіп тұр.

- Қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарының пішіні кенеттен өзгереді (бұрылысқа кіру / бұрылыстан шығу, ирелең жолдар және т.б.).



- Жол жиегінде жиектас немесе тіреуіш қабырға бар.
- Жарықтандыру қарқындылығы күрт өзгереді, мысалы, туннельден шыққанда немесе оған кіргенде немесе эстакаданың астымен жүріп өткенде.
- Алдыңғы әйнекжуғышты қолданған кезде немесе одан кейін сұйықтық іздері алдыңғы әйнектен толық кетпейді.
- Автокөлікке жүкті дұрыс тиемеудің немесе басқа факторлардың салдарынан шаңақ күйі әдеттегіден ауытқыған.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- Жол төсемінде мұз, қар, шалшық сулар және т.б. бар.
- Желмен таралған құмнан, түтіннен немесе су буынан; алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің немесе қарсы бағыттағы көліктің қозғалысы кезінде шашыраған судан, қардан, балшықтан немесе шаңнан көрініс нашарлаған.
- Стереокамераның көру аймағына алдыңғы әйнектегі ылғалдың іздері, қар, балшық, қырау, шаң, сызаттар немесе дақтар, балшықтан шағылысып тұрған жарық және т.с.с. түсіп тұр.
- Ылғалдың немесе балшықтың іздері алдыңғы әйнектен толық кетірілмеген. Стереокамераның қозғалыс жолағының белгілеу сызықтарын немесе қарсы келе жатқан автокөлікті анықтай алмау қаупі бар.
- Стереокамераның көру аймағы шектелген немесе толық жабылған (мысалы, автокөлігіңіздің төбедегі жүксалғышында ұзын өлшемде зат болған жағдайда).



ЕСКЕРТУ

Келесі жағдайларда жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы іске қосылмауы мүмкін.

- Ирелең жолда.
- Жолдың бойлы көлбеу бұрышы күрт өзгереді (ерге көтерілу немесе ылдифа түсу).
- Автокөлік жылдамдығы қатты өзгерген кезде.
- Жолақты ауыстырғаннан кейін бірден.



ЕСКЕРТПЕ

- Бүйірге тербелудің бар-жоғы өткен бірнеше минутта алынған автокөліктің қозғалысы туралы деректер негізінде анықталады. Тербелу автокөлік бір жағынан екінші жағына ығыса бастағаннан кейін бірден анықталмайды. Сонымен бірге жүйенің ескертуі тербелу тыйылғаннан кейін де біршама уақыт беріліп тұруы мүмкін.
- Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы — жүргізушіге ескертетін функция. Егер жүргізуші шаршаса, зейіні жолға шоғырланған болмаса немесе жүргізуге тиісті көңіл аудармайтын болса, ол міндетті түрде тынығу үшін үзіліс жасауы тиіс.
- Ортаға дәлдеу функциясының жұмысы кезінде жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы жұмыс істемейді.


⇒140-бет

Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясын қосу/өшіру

Бұл функцияны орталық ақпараттық дисплейдің көмегімен қосуға/өшіруге болады. EyeSight жүйесінің баптауларында Lane Sway Warning (Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы) экранынан ON (Қос.) немесе OFF (Өшір.) баптауын таңдауыңызға болады.

⇒277-бет

Егер жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы өшірулі болса, аспаптар тақтасының дисплейінде  индикаторы жанады.

Егер жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы қосылса, аспаптар тақтасындағы  индикаторы сөнеді.




ЕСКЕРТПЕ

Тіпті егер жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы өшірулі болса да, қозғалтқышты өшіріп, қайта қосқан кезде бұл функция қосылады. Қозғалтқышты қайтадан оталдырған кезде бұл жүйе үшін әдепкі қалып бойынша «Қос. » мәні орнатылады.


■ Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясының өшірілу индикаторы

Бұл индикатор оталдыру жүйесі қосқаннан кейін (ON күйі) пайда болады, және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секундтан соң сөнеді. Ол жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы өшірілген кезде пайда болады.

Ол сондай-ақ келесі жағдайларда жанады.


- EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  ақ түсті)

⇒ 273-бет



Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясының индикаторы

Бұл индикатор жүйеде ақаулық пайда болған жағдайда жанады. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.




Алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау

Алдыңғы жақта тоқтаған автокөлік қозғалысын бастаған кезде алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау функциясы іске қосылады: аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі және дыбыстық ескерту беріледі. Егер алдыда орналасқан автокөлік үнемі тоқтай беретін болса (шамамен 12 м белгіленген қашықтық шегінде, ал сіздің автокөлігіңіз бірнеше секунд бойы немесе одан ұзақ қозғалысты бастамайтын болса) жүйе алдыда орналасқан автокөлікті анықтауды жалғастырады, және алдыда орналасқан автокөлік шамамен 4 м немесе одан көп жылжитын болса, ал сіздің автокөлігіңіз қозғалыссыз қалса, бұл ескерту белсендіріледі.

Бұл функция селектор тұтқасы D, M немесе N күйінде тұрған жағдайда ғана белсендіріледі.

Алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау функциясы белсендірілген кезде екі тонды дыбыстық ескерту беріледі және үзілу экраны көрсетіледі.





ЕСКЕРТУ

Тіпті ескертулерді естіп және көріп тұрсаңыз да, қозғалысты қайта жалғастырмас бұрын автокөліктің айналасындағы мән-жайды мұқият тексеріп алыңыз. Егер тек алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау функциясына ғана сенсеңіз, бұл апатқа алып келуі мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау функциясын қосуға немесе өшіруге болады.
⇒ 277-бет
- Келесі жағдайларда алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау функциясы тіпті алдыда орналасқан автокөлік қозғалысын бастамаса да қосылуы немесе тіпті көшбасшы автокөлік қозғалысты бастағаннан кейін де қосылмауы мүмкін:
 - Мотоцикл немесе осыған ұқсас объект сіздің автокөлігіңіз бен алдыда тоқтаған автокөліктің арасына кіріп жатыр.
 - Ауа райы немесе жол жағдайлар алдыда орналасқан автокөлікті анықтауға кедергі келтіруі мүмкін.
 - Стереокамера алдыда орналасқан автокөлікті анықтауын доғаруда.
- Келесі жағдайларда алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау функциясы белсендірілмейді.
 - EyeSight жүйесінде қателік пайда болғанда. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  : сары)
⇒ 272-бет
 - EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  : ақ түсті)
⇒ 273-бет

Жол белгілерін тану жүйесі

Жол белгілерін тану жүйесі — жол белгілерін анықтау үшін стереокамера және ISA MAP картасы қолданылатын жүйе. Сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолаққа қатысты әрекет ететін жылдамдықты шектеу немесе басқа шектеу белгісі анықталған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде сәйкес жол белгісінің (кішірейтілген) кескіні көрсетіледі. Жол белгілерінің көрсетілуі жылдамдық режимін және жол қозғалысының басқа да ережелерін сақтауды жеңілдетеді, сондай-ақ жылдамдық режимінің бұзылуларынан сақтануға көмектеседі.



ЕСКЕРТУ

- Жол белгілерін тану жүйесі жүргізушіге көмектесуге арналған және жол белгілерінің талаптарын сақтау қажеттігінің күшін жоймайды. Жүргізуші жылдамдық режимінің сақталуы үшін жауап береді. Жүргізуші жол қозғалысы ережелерін сақтауы, әрдайым айналадағы мән-жайға назар аударуы және қауіпсіз жүргізу ережелерін ұстануы тиіс.
- Стереокамераның және ISA MAP картасының көмегімен алынатын ақпараттың негізінде аспаптар тақтасының дисплейінде танылып жатқан жол белгісінің белгішесі көрсетіледі. Бұл жүйе дұрыс жұмыс істеуі үшін картографиялық деректерді (ISA MAP) жүйелі түрде жаңартып отырыңыз.
⇒ 240-бет

ЕСКЕРТПЕ

- Жол белгілері стереокамераның көмегімен алынатын кескіндердің және ISA MAP деректерінің негізінде танылады. Сондықтан жол белгілері келесі жағдайларда танылмауы немесе дұрыс танылмауы мүмкін.
Автокөліктің күйі:
 - Стереокамераның көру аймағы шектелген немесе толық жабылған (мысалы, автокөлігіңіздің төбедегі жүксалғышында ұзын өлшемде зат болған жағдайда).
 - Алдыңғы әйнекте құм, қар және т. б. бар.
 - Алдыңғы әйнек буланған.
 - Фаралар автокөлік алдындағы кеңістікті нашар жарықтандырып тұр.
 - Автокөлік шектен тыс жүктемеден немесе басқа факторлардан бір жағына қисайған.
 - Автокөлік жылдамдығы тым жоғары.

Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

Айналадағы жағдайлар:

- Ауада алдыда жүріп бара жатқан автокөліктен көтерілген құмның, тамшылардың және т.б. болуына байланысты көру мүмкіндігінің нашарлауы.
- Айналадағы кеңістіктің жарықтығы жеткіліксіз немесе жарықтық күрт өзгеріп жатыр, мысалы, түнде, туннельде, туннельге кіргенде немесе туннельден шыққанда, алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің күшті артқы шамдарының жарығы немесе қарсы келе жатқан автокөліктің фараларының жарығы.
- Нашар ауа райында, мысалы, нөсер жауын, тұман кезінде немесе қар жауып тұрғанда.

Жол белгілерінің күйі:

- Жол белгілерінің түстері оңып кеткен, жол белгісі ластанған, зақымдалған немесе майысқан.
- Жол белгісі толықтай немесе ішінара ағаштармен, автокөліктермен, жапсырмалармен және т.б. жабылған.
- Жол белгісі тым жарқын немесе тым күңгірт (электронды көмескі жарығы бар белгілерді қоса алғанда).
- Жүйе танылып жатқан жол белгісіне ұқсайтын белгіні немесе басқа объектіні анықтайды (мысалы, автобус шанағының артқы бөлігінде көрсетілген жылдамдық шектеуін).
- Жол белгісі сіздің автокөлігіңізге қарсы орналаспаған.
- Жол белгісі стандартты емес орынға орнатылған (тым биік, төмен, алыс және т. б.).
- Жол белгісі тік бұрылыста, мысалы, шеңберлі жолайрықта немесе жол қиылысында орналасқан.
- Жол белгісі тас жолдың жолайрығында немесе іргелес жолда орналасқан.
- Жүйе сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолаққа қатысы бар жол белгілерін көрсетуге арналған. Жол белгісінің түріне, жолдың күйіне және т. б. байланысты аспаптар тақтасының дисплейіндегі белгінің көрсетілуі тіпті жаңа белгі анықталған жағдайда да өзгермеуі мүмкін.
- Күнді және уақытты көрсететін қосымша ақпараттың белгілері бар жол белгілері үшін жылдамдық шектеуі стереокамераның және ISA MAP деректерінің көмегімен алынатын ақпараттың негізінде көрсетіледі. Сондықтан аспаптар тақтасында көрсетілетін жылдамдықты шектеу мәні жол белгісінің күйіне, сондай-ақ күнге және уақытқа байланысты нақты мәннен өзгеше болуы мүмкін.
- Жол белгілерін тану жүйесінің әрекеті орталық ақпараттық дисплейде көрсетілетін және жүргізуші белгілеген уақытқа байланысты емес.
- Егер жүйе тіркемесі бар автокөліктерге арналған жылдамдық шектеуін белгілейтін қосымша ақпарат белгісін анықтаса, тіркемесі бар автокөліктер үшін жылдамдық шектеуі сіздің тіркеме сүйрегеніңізге не сүйремегініңізге қарамастан көрсетіле алады.


Жалғасы келесі бетте⇒

⇒ Алдыңғы беттің жалғасы.

- ISA MAP деректері сенімді емес жерлерде, мысалы, туннельде, дыбыс өткізбейтін қабырғалардың немесе осыған ұқсас қондырғылардың жанында, электрмагнитті немесе басқа кедергілердің әсерін ұшырайтын орындарда, немесе мемлекеттік шекаралардың жанында келесідей сценарийлер орын алуы мүмкін.
 - Жол белгілері сіз орналасқан ел/аймақ үшін дұрыс емес танылуы немесе жылдамдықты шектеудің белгісіз мәні көрсетілуі мүмкін.
 - Тіпті жол белгілерін тану жүйесіне қолдау берілмейтін елде/аймақта орналассаңыз да, жылдамдық шектеуінің белгісіз мәні көрсетілмеуі мүмкін.
- Жол белгілерін тану жүйесі өшірілмейді.
- Танылатын жол белгілері елге/аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Жол белгілерінің көрсетілуі

Аспаптар тақтасының дисплейінде екі жол белгісіне дейін көрсетіле алады.



- (1) А аймағы
(2) В аймағы


А және В аймақтарында көрсетілетін жол белгілерінің тіркесімдері мен олардың мағыналары келесі мысалдарда көрсетілген.

А аймағы (мысал)	В аймағы (мысал)	Мағынасы
		<ul style="list-style-type: none"> Сіздің автокөлігіңіз үшін қолданылатын жылдамдық шектеуі 100 км/сағ-ты құрайды. Алайда қосымша ақпарат белгісінде көрсетілген шарттарға сәйкес (мысалы, дымқыл жолда) жылдамдық шектеуі 80 км/сағ-ты құрайды.
		<ul style="list-style-type: none"> Егер қосымша ақпарат белгісінде көрсетілген шарттар жоғары ықтималдықпен әрекет ететіні анықталған болса, сіздің автокөлігіңіз үшін тиімді жылдамдық шектеуі 80 км/сағ-ты құрайды. Алайда егер қосымша ақпарат белгісінде көрсетілген шарттар орындалмаса (мысалы, егер жол ылғал болмаса), жылдамдық шектеуі 100 км/сағ-ты құрайды.

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді, интеллектуалды жылдамдық шектегішін немесе интеллектуалды бейімделетін емес круиз-контрольді қолданған жағдайда автокөліктің берілген жылдамдығы ретінде А аймағында көрсетілген шекті жылдамдық қолданылады.

■ Жылдамдық шектеуінің белгісі

- Қозғалыс кезінде жылдамдық шектеуінің белгісі анықталған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде сәйкес жол белгісі (кішірейтілген түрде) көрсетіледі. Анықталған жылдамдық шектеуінің мәні жол белгісінің кескінінде жылдамдық түрінде көрсетіледі.
- Жылдамдық шектеуінің күшін жою индикаторы тіпті жылдамдық шектеуінің белгілері жоқ немесе жылдамдық шектелмеген жол аймақтарымен қозғалған кезде де көрсетілуі мүмкін.
- Егер сіздің автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолақ үшін жылдамдық шектеуінің мәні өзгерсе, сіздің автокөлігіңіз сәйкес жол белгісінің жанынан өткен кезде аспаптар тақтасында автокөлік жылдамдығы өзгереді.



(1) Жылдамдық шектеуінің күшін жою белгісінің кескіні

- Егер әр жолақ үшін жылдамдық шектеуінің мәндері әртүрлі болса, аспаптар тақтасында сіздің автокөлігіңіз қазіргі сәтте жүріп келе жатқан жолаққа арналған жылдамдық шектеуінің мәні көрсетіледі.
- Тіпті жылдамдық шектеуінің белгісі анықталмаса да, егер жылдамдық шектеуі ISA MAP деректерінің негізінде анықтала алатын болса, онда осы жылдамдық шектеуі аспаптар тақтасында көрсетіледі.
- Жол белгісінің кескініндегі жылдамдық шектеуінің мәні өзгерген жағдайда 1 қысқа дыбыстық ескерту беріледі.



ЕСКЕРТПЕ


- Жылдамдық шектеуі мәнінің өзгергені туралы дыбыстық ескертуді қосуға немесе өшіруге болады.
⇒ 277-бет
- Қозғалтқышты өшіріп қайта қосқан кезде жылдамдық шектеуі мәнінің өзгеруі туралы дыбыстық ескертудің қосылу/өшірілу күйі қалпына келеді.

● **Жылдамдық шектеуінің мәнін анықтау мүмкін емес болғандағы индикация**

Егер жылдамдық шектеуінің мәнін анықтау мүмкін болмаса, жылдамды шектеуінің анықталмаған мәнінің индикаторы көрсетіледі.

Жылдамдық шектеуінің мәні келесі жағдайларда анықтала алмайды.

- Жоғары жылдамдықты тас жолдардан, автострадалардан немесе автомагистральдардан шығуды көрсететін жол белгісі анықталды.
- Жол қиылысында оңға не солға бұрылғаннан кейін жол белгілері жоқ.



(1) Анықталмаған жылдамдық шектеуі мәнінің индикаторы


- Сіздің автокөлігіңіз соңғы жылдамдық шектеуінің белгісін анықтаған сәттен бері белгілі бір қашықтықты жүріп өтті.
- ISA MAP деректері белгілі уақыт ішінде немесе қашықтықта дұрыс анықталмады.
- Сіз жол белгілерін тану жүйесін қолдануға болмайтын елдің шекарасында немесе оған жақын жерде тұрсыз.
- **ISA** (Интеллектуалды жылдамдық шектегішінің ескертуші индикаторы)
⇒ жанды. 238-бет
- EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі. (EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы **EyeSight**: ақ түсті)
⇒ 273-бет

● Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту беріледі

Егер сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы жылдамдық шектегішінде белгіленген мәннен асып кетсе, аспаптар тақтасында жол белгісінің кескіні жыпылықтайды (көрсетілетін болса, қосымша ақпарат белгісінің кескінін қоса алғанда).





Егер бірнеше жол белгісі көрсетіліп тұрса, үстіңгі оң жақтағы жол белгісінің кескіні жыпылықтап тұрады (егер көрсетілетін болса, қосымша ақпарат белгісінің кескінін қоса алғанда).



Кескін біршама уақыттан кейін жыпылықтауын тоқтатады.

 **ЕСКЕРТПЕ**


- Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту өшірілген кезде  индикаторы жанады.
- Жылдамдықты шектен асыру туралы ескертуді қосып немесе өшіріп қоюға болады.
⇒ 277-бет
- Қозғалтқышты өшіріп қайта қосқан кезде жылдамдықты шектен асыру туралы дыбыстық ескертудің қосылу/өшірілу күйі қалпына келеді.



■ Тыйым салушы белгі

Қозғалыс кезінде анықталған тыйым салушы белгілер аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. Келесі белгілердің көрсетілуі үшін EyeSight жүйесінің баптауларында Traffic Information Advance Warning (Трафик туралы алдын ала ескерту) экранында ON (Қос.) немесе OFF (Өшір.) баптауын таңдауға болады.

⇒277-бет




(1) Тыйым салушы белгінің кескіні







Кескін	Тыйым салушы белгі кескінінің мағынасы
	Кіруге тыйым салынған
	Тоқтамай жүріп өтуге тыйым салынған
	Өткізіп жіберіңіз / Жол беріңіз

■ Қосымша ақпарат белгілері

Егер жылдамдық шектеуінің белгісі қосымша ақпарат белгісі, мысалы, ылғал жолдың белгісі бірге көрсетілсе, аспаптар тақтасының дисплейінде қосымша ақпарат белгісіне сәйкес кескін пайда болады.



(1) Қосымша ақпарат белгісі


Кескін	Қосымша ақпарат белгісінің мағынасы
	Ылғал жолдағы жылдамдық шектеуі
	Көктайғақтағы жылдамдық шектеуі
	Көрсетілген уақыттағы жылдамдық шектеуі
	Солға бұрылғаннан кейінгі жылдамдық шектеуі
	Оңға бұрылғаннан кейінгі жылдамдық шектеуі
	Басқа қосымша ақпарат белгілеріне арналған жылдамдық шектеуі

■ «Қозғалуға тыйым салынған» белгісі

«Қозғалуға тыйым салынған» белгісі анықталған кезде аспаптар тақтасының дисплейінде осы белгінің кескіні көрсетіледі.

«Қозғалуға тыйым салынған» белгісінің көрсетілуі келесі жағдайларда өшіріледі.


- Жүріп өту шектеуінің күшін жоятын жол белгісі анықталды.
- Тыйым салушы белгі анықталды.
- «Қозғалуға тыйым салынған» белгісінен басымдығы жоғарырақ жылдамдық шектеуінің белгісі анықталды.
- Жүйе сіздің жол қиылысында бұрылыс көрсеткішін қосып оңға немесе солға бұрылғаныңызды анықтайды.



(1) «Қозғалуға тыйым салынған» белгісінің кескіні

Интеллектуалды жылдамдықты шектеу жүйесінің ескертуші сигнал бергіші

Бұл индикатор жүйеде ақаулық пайда болған жағдайда жанады. Жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.




Жол белгілерін тану жүйесін қолдануға болатын елдер/аймақтар

Жол белгілерін тану жүйесі келесі елдерде/аймақтарда жүргенде қолданыла алады.

- Австралия
- Жаңа Зеландия

Жол белгілерін тану жүйесі жоғарыда көрсетілгендерден өзге елдерде/аймақтарда қолданыла алмайды. Бұл ретте аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдық шектеуінің белгісі мәні көрсетіледі.



(1) Анықталмаған жылдамдық шектеуі мәнінің индикаторы



ЕСКЕРТПЕ

- Жүйе сіздің жол белгілерін тану жүйесін қолдануға болатын елде орналасқаныңызды анықтай алуы үшін біршама уақыт қажет. Жүйе сіздің орналасқан жеріңізді дәл анықтай алмайтын жағдайларда, мысалы, жол белгілерін тану жүйесін қолдануға болмайтын елге кіріп келе жатқанда немесе жүйені іске қосқаннан кейін бірден жол белгілерін тану жүйесі тіпті оны қолдануға болмайтын елде орналассаңыз да, жұмыс істеп тұруы мүмкін.
- Қандай елдерде/аймақтарда жол белгілерін тану жүйесін қолдануға болатыны туралы соңғы ақпаратты алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

ISA MAP деректері туралы

ISA MAP деректері — навигация жүйесінде қолданылатын картографиялық деректермен салыстырғанда жылдамдық шектеулері туралы анағұрлым толығырақ ақпараты бар картографиялық деректер.

■ ISA MAP деректерін жаңарту

ISA MAP деректерін жаңартуды жыл сайын өткізу жоспарлануда. Жаңарту кезінде SUBARU арнайы құрылғысына жалғану қажет болады, сондықтан жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ ISA MAP деректерінің нұсқасын тексеру

ISA MAP картасының ағымдағы нұсқасын орталық ақпараттық дисплейден тексеруге болады.

⇒277-бет

Өзіңіз орналасқан елді немесе аймақты тексеріңіз.

Аймақ	Ел/аймақ
Океания	Австралия, Жаңа Зеландия

■ ISA MAP деректерінің жаңартуларын тексеру

Сіздің ISA MAP деректерінің жаңартулары туралы ақпаратты және мәліметтерді қалай табатыныңыз өзіңіз тұратын немесе қазір орналасқан елге байланысты.

Австралия

Жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Жаңа Зеландия:

Келесі URL-мекенжайды тексеріңіз.

<https://www.subaru.co.nz/owners/isa/>

■ Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат

ISA MAP деректерін өңдейтін құрылғыға ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал орнатылған. Лицензия туралы ақпаратты келесі URL бойынша табуға болады.

http://www.embedded-carmultimedia.jp/RTOS/License/oss/HDL_S_License/

■ ISA MAP лицензиясы

ISA MAP бойынша лицензиялық ақпаратты келесі URL бойынша табуға болады.

http://www.embedded-carmultimedia.jp/RTOS/License/map/HDL_S0201_License/

EyeSight жүйесінің проекциялық дисплейі

EyeSight жүйесінің әрекетінің күйі алдыңғы айнектің астыңғы бөлігінде көрсетіледі. Бұл жүргізушіге жолдан көзін бұрмастан ескертулерді және көрсетілетін ақпаратты қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Жарықдиодты индикаторларды қосуға немесе өшіруге болады.

⇒277-бет

Тек жасыл индикатордың жарықтығын ғана көмескі жарықтың жарықтығының реттегіш дискісін бұрау арқылы реттеуге болады. Қараңғы ортада қызыл және сары индикаторлардың жарықтығы таңдалған баптауларға сәйкес азаяды.

⇒Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.




H02551

EyeSight жүйесінің проекциялық дисплейін басқару

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйіне ауыстырылған кезде жарықдиодты индикаторлар сары → қызыл → жасыл тәртібімен жанады.

EyeSight Assist Monitor (EyeSight жүйесінің проекциялық дисплейі) баптауы қосылған кезде олар екі рет жанады.

Жүргізушіге қозғалыс кезінде EyeSight жүйесінің күйі туралы ақпарат беру үшін жарықдиодты индикаторлар осы жүйенің күйіне байланысты жанады, ал олардан таралатын жарық алдыңғы әйнектің астыңғы бөлігіне проекцияланады.



Дисплей	шарттары
Қызыл индикаторлар бірге жыпылықтап тұр (4 дана)	<ul style="list-style-type: none"> Қашықтықтың қауіпті кішіреюі туралы ескерту, автоматты шұғыл тежеу жүйесі (алдын ала немесе негізгі тежелу), апаттық жағдайда рульді автономды бұру, қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу туралы ескерту (оң жақтан және сол жақтан), қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу туралы ескерту (алдын ала немесе негізгі тежелу), «Кедергі анықталды» ескертуі немесе апат алдында акселераторды басқару жүйесі жұмыс істеп тұр. Жүйе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттерін анықтамаған кезде қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы өшірулі болған. Автономды шұғыл тежеу жүйесі жұмыс істеп тұр.
Қызыл түсті индикатор жыпылықтап тұр (бір жағынан)	<ul style="list-style-type: none"> Алдыңғы жақтан (оң жақтан немесе сол жақтан) қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу жүйесі жұмыс істеп тұр. Индикатор жақындап келе жатқан автокөлік анықталған жағынан жыпылықтайды. Басқа жағындағы индикатор жанады. Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсенді болса және автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кете алатын болса. Сіздің автокөлігіңіздің дөңгелегі қозғалыс жолағының шегінен шығып кететін тарап жыпылықтайды, ал келесі тарап жанып тұрады. Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі

Дисплей	шарттары
	белсендірілген. (Индикатор көршілес автокөлік анықталған жағынан жыпылықтайды. Индикатор басқа жағынан жанып тұрады.)
Сары түсті индикатор жыпылықтап тұр (бір жағынан)	<ul style="list-style-type: none"> • Көлденең қозғалыстың (оң жақтан немесе сол жақтан) болуы туралы ескерту жұмыс істеп тұр. Индикатор жақындап келе жатқан автокөлік анықталған жағынан жыпылықтайды. Басқа жағындағы индикатор жанады. • Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жұмыс істеп тұр. Сіздің автокөлігіңіздің деңгелегі қозғалыс жолағының шегінен шығып кететін тарап жыпылықтайды, ал келесі тарап жанып тұрады.
Сары түсті индикаторлар жыпылықтап тұр (кезек-кезек)	Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы жұмыс істеп тұр.
Сары түсті индикаторлар бірге жыпылықтап тұр	<ul style="list-style-type: none"> • Алдыңғы жақта көлденең қозғалыс туралы ескерту жұмыс істеп тұр. • Белгілі уақыт ішінде қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу немесе қозғалыс жолағында ұстау функциясы жұмыс істеп тұрғанда жүргізушінің руль деңгелегімен әрекеттері анықталмай жатыр. • Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы автоматты түрде өшірілді (тез жыпықтап тұр). Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы автоматты түрде өшірілді (тез жыпылықтап тұр).
Жасыл индикатор жанып тұр	Бейімделетін круиз-контрольдің немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің жұмысы кезінде алдыда автокөлік немесе басқа көлік құралы анықталады.

Круиз-контроль

Круиз-контроль — жоғары жылдамдықты тас жолдармен, автострадалармен және автомагистральдармен жүрген кезде анағұрлым жайлы жүргізуге арналған жүргізушінің көмекші жүйесі. Оның көмегімен жүргізушінің берген жылдамдығын тұрақты ұстап отыруға болады. Белгіленген жылдамдық шектеулерінен асырмаған жөн екенін есте ұстаңыз.



ЕСКЕРТУ

- Круиз-контроль режимінде жүрген кезде жүйе бейімделетін круиз-контрольді қолданғандағыдай алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықтың сақталуын бақыламайды.

Қауіпсіз жүргізуге тырысыңыз және қажет болса, алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету үшін автокөлікті баяулатуға тежегіш педалін қолданыңыз.

- Келесі жағдайларда круиз-контрольді қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Қарқынды қозғалысы бар жолдар немесе тік бұрылыстары бар жолдар / ирелең жолдар.

Мұндай жол жағдайлары үшін сәйкес келетін жылдамдықты ұстап отыру қиын болатын жағдайлар.

- Қатып қалған жол, мұз, қар және т.с.с. басқан жол. Дөңгелектер сырғанауы мүмкін, бұл автокөлікті басқарудан айырылуға алып келеді.

- Тік ылдилар

Автокөліктің берілген жылдамдығынан асырыла алады.

- Тік ылдида


Тежеу жүйесінің бөлшектері қызып кетуі мүмкін.

- Круиз-контрольді қолданған кезде жылдамдықты әрдайым жылдамдық шектеуіне, қозғалыс қарқындылығына, жолдың күйіне және басқа да жағдайларға сәйкес белгілеңіз.






ЕСКЕРТУ

Круиз-контрольді қолданғаннан кейін аспаптар тақтасының дисплейінде міндетті түрде круиз-контрольдің қандай режимінің таңдалғанын тексеріңіз: Бейімделетін круиз-контроль немесе (бейімделмейтін) круиз-контроль.

- Егер бейімделетін круиз-контроль таңдалған болса,  индикаторы жанады.

- Егер круиз-контроль режимі таңдалған болса,  индикаторы жанады.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі крузи-контроль өшірулі тұрған және  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылған кезде бейімделетін крузи-контроль белсендіріледі.
 - Негізгі крузи-контроль қосулы тұрғанда бейімделетіннен крузи-контрольге ауысу алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты баптау  /  ауыстырып қосқышының көмегімен жүзеге асырылады*.
- *: крузи-контроль режиміне ауысу үшін ауыстырып қосқышты шамамен 2 секунд немесе одан ұзақ басып тұрыңыз.
- Крузи-контрольді тіпті EyeSight жүйесін уақытша өшірген жағдайда да қолдануға болады.



Крузи-контрольді қалай қолдану қажет


■ Крузи-контрольді баптау



1. Крузи-контрольді қолдану үшін орталық ақпараттық дисплейді қолданыңыз. Бұл жүйені EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Крузи-контроль) экранында Manual (Қолмен) түймесін таңдау арқылы қолдануға болады.

⇒277-бет

2. Бейімделетін крузи-контрольді күту режиміне ауыстыру.



Ауыстырып қосқышты  (CRUISE) басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасының дисплейінде бейімделетін крузи-контрольдің индикаторы (...) (ақ түсті), сіздің автокөлігіңіздің индикаторы  және қашықтықты баптау индикаторы көрсетіледі. Автокөліктің берілген жылдамдығының – km/h (- км/сағ) жазуы пайда болады.


 (CRUISE) ауыстырып қосқышының басқан кезде крузи-контрольдің бастапқы режимі әрдайым бейімделетін крузи-контроль болады.





- (1) Қашықтықты баптау индикаторы
- (2) Бейімделетін крузи-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

3. Круиз-контроль режиміне ауысу.

Бейімделетін круиз-контроль режимінен круиз-контроль режиміне ауысу үшін  /  қашықтықты белгілеу ауыстырып қосқышын шамамен 2 секунд бойы немесе одан ұзақ басып тұрыңыз. Осы кезде 1 қысқа дыбыстық ескерту беріледі.

Аспаптар тақтасының дисплейінде қашықтық баптауының индикаторы сөнеді және  индикаторы (ақ түсті) көрсетіледі.




(1) Круиз-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

Дайындық күйін орнату үшін:

Келесі барлық шарттар орындалған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде **READY** индикаторы көрсетіледі және круиз-контрольді белсендіруге болады.

- Барлық есіктер (жүксалғыш қақпағынан өзге) жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосулы емес. Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанбай тұр.
- Селектор тұтқасы D не M күйінде тұр.
- Тежегіш педалі басылмаған.
- Автокөлік тік еңісте тұрған жоқ.
- Руль дөңгелегі тараптардың бір де бір жағына қатты бұрылмаған.
- X-MODE режимі өшірулі (X-MODE индикаторы жанбай тұр).
- Автокөлік жылдамдығы шамамен 30–145 км/сағ диапазонында.
- Қозғалтқыш жоғары айналу жиілігінде жұмыс істеп тұрған жоқ.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айналудан сақтау жүйесі белсендірілмеген.





(1) READY (дайындық) индикаторы


4. Қажетті жылдамдыққа жету үшін газ педалін басыңыз.

5. Автокөлік қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ жағына немесе SET/- жағына қарай басыңыз.

Ауыстырып қосқышты басу сәтінде автокөлік жылдамдығы автокөліктің берілген жылдамдығына айналады және тұрақты жылдамдықпен қозғалу басталады.



Круиз-контрольді қосқан кезде **READY** READY индикаторы сөнеді, автокөліктің берілген жылдамдығы көрсетіледі, ал  круиз-контроль индикаторының түсі ақ түстен жасыл түске өзгереді.



(1) Жасыл



ЕСКЕРТУ

- Круиз-контрольдің жұмысы кезінде Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі берілмейді.
- Круиз-контрольді қолданған кезде жылдамдықты әрдайым жылдамдық шектеуіне, қозғалыс қарқындылығына, жолдың күйіне және басқа да жағдайларға сәйкес белгілеңіз.

ЕСКЕРТУ

Круиз-контрольді қолдану кезінде автокөлікке дейінгі қашықтықты ұстап отыру үшін акселераторды және тежеу жүйесін басқару жүзеге асырылмайды. Қажет болса, акселератор және тежегіш педальдарын қолданыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ылдиға қарай түскенде автокөліктің берілген жылдамдығын ұстау үшін автоматты тежеу функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Тіпті берілген жылдамдық автокөліктің ағымдағы жылдамдығынан жоғары болса да, қисық жолмен қозғалғанда автокөлік жылдамдықты үдетпеуі немесе баяуламауы мүмкін.
- Бейімделетін круиз-контроль режиміне қайту үшін круиз-контрольді өшіріңіз, содан кейін қашықтықты белгілеу үшін  /  ауыстырып қосқышын басып қалыңыз. Бейімделетін круиз-контроль режиміне ауысқан кезде 1 қысқа дыбыстық ескерту беріледі.


■ Автокөліктің берілген жылдамдығын ұлғайту

● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану

- RES/+ түймесін басып қалыңыз.
Ауыстырып қосқышты әр басқан сайын автокөліктің белгіленген жылдамдығы 5 км/сағ-қа артады.

- RES/+ түймесін үздіксіз басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығы 1 км/сағ қадаммен ұлғаяды.


Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығының мәні өзгереді.



● Акселератор педалін қолдану

1. Автокөліктің жылдамдығын ұлғайту үшін акселератор педалін басыңыз.
2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз.


Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.




■ Автокөліктің берілген жылдамдығын азайту

● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану

- SET/- түймесін басып қалыңыз. Ауыстырып қосқышты әр басқан сайын автокөліктің берілген жылдамдығы 5 км/сағ-қа азаяды.
 - SET/- түймесін үздіксіз басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығы 1 км/сағ қадаммен кемиді.
- Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығының мәні өзгереді.




● Тежегіш педалін қолдану


1. Автокөліктің жылдамдығын азайт үшін тежегіш педалін басыңыз. Кәдімгі круиз-контроль өшеді және осы кезде  круиз-контроль индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді.
2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз. Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.

■ Уақытша үдеу

Жылдамдықты сәл көбейту үшін газ педалін басыңыз. Акселератор педалін жіберген кезде автокөлік берілген жылдамдыққа қайтып оралады.

■ Уақытша баяулау

Уақытша баяулау үшін тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалін басқан кезде круиз-контроль өшеді. Автокөліктің берілген жылдамдығының мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін жалғастырып тұрған кезде кәдімгі круиз-контрольдің  индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді. Тежегіш педалін жіберіңіз және берілген жылдамдықпен қозғалысты қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ жағына қарай басыңыз.




(1) Ақ


■ Круиз-контрольді өшіру

● Жүргізушінің өшіруі

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келгені круиз-контрольдің өшірілуіне алып келеді.


 круиз-контроль индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді, ал автокөліктің берілген жылдамдығының мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетілуін.

- Тежегіш педалі басылады.




(1) Ақ


-  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.



● Автоматты түрде өшу

Келесі жағдайларда 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту беріледі және круиз-контроль автоматты түрде

өшеді.  круиз-контроль индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі.

- Селектор интірегі D не M күйлерінен өзге күйге ауыстырылады.
- Автокөліктің жылдамдығы шамамен 25 км/сағ-қа дейін немесе одан аз мәнге төмендеді (тік өрге көтерілуге немесе басқа себепке байланысты).
- X-MODE режимі қосылды (X-MODE индикаторы жанып тұр).
- Автокөлік жылдамдығы шамамен 160 км/сағ-қа дейін немесе одан жоғары ұлғаяды.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айнарудан сақтау жүйесі белсендірілген.
- Кез келген есік (жүксалғыш қақпағынан өзге) ашылады.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.
- EyeSight жүйесінің қатесіне байланысты. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  : сары)
⇒ 272-бет
- Руль дөңгелегі кез келген жаққа елеулі бұрышқа бұралады.
- Жолдың көлбеуі тым үлкен.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің негізгі тежелуі белсендіріледі.
- Акселератор педалі ұзақ уақыт басылады.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігі айтарлықтай ұлғайды.


Шарттар қалпына келгеннен кейін круиз-контрольді белсендіру үшін оны баптауды қайтадан орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

Круиз-контрольді сырғанақ жолда қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Селектор интірегін N күйіне қойған кезде круиз-контроль автоматты түрде өшеді. Селектор интірегін тек қажеттілік жағдайында ғана N күйіне ауыстырыңыз. Өйтпесе қозғалтқышпен тежелу функциясы қолжетімсіз болып қалады, бұл белгілі бір жағдайларда апатқа алып келуі мүмкін.




(1) Ақ


H01327





ЕСКЕРТПЕ

- Егер EyeSight жүйесі ақаулы болса,  EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші (сары түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. Бұл жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер қозғалтқышты қайта қосқаннан кейін сигнал бергіш әлі жанып тұрса, круиз-контрольді қолдануға болмайды. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде жүргізуге кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
⇒272-бет
- Егер круиз-контроль автоматты түрде өшірілген болса, оның өшірілуіне алып келген жағдайларды жойғаннан кейін қажетті жылдамдықты қайтадан белгілеңіз. Егер круиз-контрольді тіпті оның өшірілуіне алып келген себептерді жойғаннан кейін белсендіру мүмкін болмаса, EyeSight жүйесі ақаулы болғаны. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде жүргізуге кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

■ Жүргізушінің бұған дейін берген автокөлік жылдамдығын қалпына келтіру

Жүргізушінің бұған дейін берген жылдамдығы туралы деректер жүйенің жадында сақталады. Осы жылдамдықты қайта қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырыңыз.  круиз-контроль индикаторының түсі ақтан жасылға өзгереді.


Егер бұған дейін берілген жылдамдық туралы деректер сақталған болса, және автокөліктің ағымдағы жылдамдығы шамамен 30 км/сағ-ты немесе одан жоғары мәнді құрайтын болса, автокөліктің берілген жылдамдығын қалпына келтіруіңізге болады.



(1) Жасыл




ЕСКЕРТПЕ



- Автокөліктің бұған дейін берілген жылдамдығы туралы деректер келесі жағдайларда жадтан өшіріледі:
 - Круиз-контроль  (CRUISE) ауыстырып қосқышының көмегімен өшіріледі.
 - Жылдамдық шектегішінің LIM ауыстырып қосқышы круиз-контроль режимінен қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші режиміне ауысу үшін басылады.
 - Круиз-контрольдің бейімделмейтін режимі бейімделетін режимге өзгертілді.
- Автокөлік тұрақты және 30–145 км/сағ диапазонында берілген жылдамдықпен қозғалып келеді.
- Егер жадта автокөліктің жылдамдығы туралы (автокөліктің бұған дейінгі берілген жылдамдығы) сақталмаған болса, онда RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырған кезде автокөліктің ағымдағы жылдамдығы берілген жылдамдық болып орнатылады.


⇒246-бет

■ Круиз-контрольді өшіру

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келгені круиз-контрольдің өшірілуіне алып келеді.



- Егер круиз-контроль белсенді болмаса,  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.



Аспаптар тақтасының дисплейінде круиз-контроль индикаторы  мен сіздің автокөлігіңіздің индикаторы  сөнеді.



- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады.

Круиз-контроль өшеді, ал жылдамдық шектегіші қолмен істеу режимінде қосылады.

Аспаптар тақтасының дисплейінде кәдімгі круиз-контрольдің  индикаторы сөнеді, ал жылдамдық шектегішінің  индикаторы ақ түспен жанады.



(1) Жылдамдық шектегішінің индикаторы (ақ түсті)

Интеллектуалды круиз-контроль

Интеллектуалды круиз-контроль — жоғары жылдамдықты тас жолдармен, автострадалармен және автомагистральдармен жүрген кезде анағұрлым жайлы жүргізуге арналған жүргізушінің көмекші жүйесі. Оның көмегімен автокөлігіңіз тұрақты жылдамдықпен қозғала алады. Бұл ретте автокөліктің берілген жылдамдығы жол белгілерін тану жүйесі таныған жол белгілеріне сәйкес автоматты түрде ұсталып отырады. Белгіленген жылдамдық шектеулерінен асырмаған жөн екенін есте ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ




- Интеллектуалды круиз-контроль режимінде жүрген кезде жүйе бейімделетін круиз-контрольді қолданғандағыдай алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықтың сақталуын бақыламайды.
Қауіпсіз жүргізуге тырысыңыз және қажет болса, алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты қамтамасыз ету үшін автокөлікті баяулатуға тежегіш педалін қолданыңыз.
- Келесі жағдайларда интеллектуалды круиз-контрольді қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.
 - Қарқынды қозғалысы бар жолдар немесе тік бұрылыстары бар жолдар / ирелең жолдар.
Мұндай жол жағдайлары үшін сәйкес келетін жылдамдықты ұстап отыру қиын болатын жағдайлар.
 - Қатып қалған жол, мұз, қар және т.с.с. басқан жол. Дөңгелектер сырғанауы мүмкін, бұл автокөлікті басқарудан айырылуға алып келеді.
 - Тік ылдилар
Автокөліктің берілген жылдамдығынан асырыла алады.
 - Тік ылдида
Тежеу жүйесінің бөлшектері қызып кетуі мүмкін.
- Интеллектуалды круиз-контрольді қолданған кезде жылдамдықты әрдайым жылдамдық шектеуіне, қозғалыс қарқындылығына, жолдың күйіне және басқа да жағдайларға сәйкес белгілеңіз.
- Интеллектуалды круиз-контроль — жүргізушіге көмектесетін, алайда жол белгілерінің талаптарын сақтау қажеттігінің күшін жоймайтын жүйе. Жүргізуші жергілікті жол қозғалысы ережелерін сақтауы және қауіпсіз жүргізу ережелерін ұстануы тиіс.

ЕСКЕРТУ

Круиз-контрольді қолданғаннан кейін аспаптар тақтасының дисплейінде міндетті түрде круиз-контрольдің қандай режимінің таңдалғанын тексеріңіз: Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды круиз-контроль белсендірілген.

- Егер интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль таңдалған болса, бейімделетін круиз-контрольдің  индикаторы және жылдамдық шектеуінің белгілерін тану жүйесінің  индикаторы жанады.
- Егер интеллектуалды круиз-контроль таңдалған болса,  индикаторы және жылдамдық шектеуінің белгілерін тану жүйесінің  индикаторы жанады.
- Егер жол белгілерін тану жүйесі жылдамдық шектеуін дұрыс анықтай алмаса, автокөліктің нақты жылдамдығы қолданыстағы жылдамдық шектеуінен өзгеше болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі круиз-контроль өшірулі тұрған және  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылған кезде бейімделетін круиз-контроль белсендіріледі.
- Негізгі круиз-контроль қосулы тұрғанда интеллектуалды бейімделетіннен интеллектуалды круиз-контрольге ауысу алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты баптау  /  ауыстырып қосқышының көмегімен жүзеге асырылады*.

* : интеллектуалды круиз-контроль режиміне ауысу үшін ауыстырып қосқышты шамамен 2 секунд немесе одан ұзақ басып тұрыңыз.




Интеллектуалды круиз-контрольді қалай қолдану қажет

■ Интеллектуалды круиз-контрольді баптау


1. Интеллектуалды круиз-контрольді қолдану үшін орталық ақпараттық дисплейді қолданыңыз. Бұл функцияны EyeSight жүйесінің баптауларында Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / Круиз-контроль) экранында Intelligent (Интеллектуалды) позициясын таңдау арқылы қолдануға болады.



⇒277-бет

2. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді күту режиміне ауыстыру.

 (CRUISE) ауыстырып қосқышын басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасының дисплейінде  бейімделетін круиз-контрольдің (ақ түсті), жылдамдықты шектеу белгілерін анықтау  (ақ түсті), сіздің автокөлігіңіздің, сондай-ақ қашықтықты баптау индикаторлары көрсетіледі.


Автокөліктің берілген жылдамдығының – km/h (- км/сағ) жазуы пайда болады.


 (CRUISE) ауыстырып қосқышының басқан кезде круиз-контрольдің бастапқы режимі әрдайым интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль болады.





- (1) Қашықтықты баптау индикаторы
- (2) Жылдамдықты шектеу белгілерін анықтау индикаторы (ақ түсті)
- (3) Бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

3. Интеллектуалды круиз-контроль режиміне ауысу.

Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль режимінен интеллектуалды круиз-контроль режиміне ауысу үшін ауыстырып қосқышты  (қашықтықты белгілеу) шамамен 2 секунд бойы немесе одан ұзақ басып тұрыңыз. Осы кезде 1 қысқа дыбыстық ескерту беріледі.

Аспаптар тақтасының дисплейінде қашықтық баптауының индикаторы сөнеді және  индикаторы (ақ түсті) көрсетіледі.



- (1) Круиз-контрольдің индикаторы (ақ түсті)

Дайындық күйін орнату үшін:

Келесі барлық шарттар орындалған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде **READY** READY (дайындық) индикаторы көрсетіледі және интеллектуалды круиз-контрольді белсендіруге болады.

- Барлық есіктер (жүксалғыш қақпағынан өзге) жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосулы емес. Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанбай тұр.
- Селектор тұтқасы D не M күйінде тұр.
- Тежегіш педалі басылмаған.
- Автокөлік тік еңісте тұрған жоқ.
- Руль дөңгелегі тараптардың бір де бір жағына қатты бұрылмаған.
- X-MODE режимі өшірулі (X-MODE индикаторы жанбай тұр).
- Автокөлік жылдамдығы шамамен 30–145 км/сағ диапазонында.
- Қозғалтқыш жоғары айналу жиілігінде жұмыс істеп тұрған жоқ.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айналудан сақтау жүйесі белсендірілмеген.






(1) READY (дайындық) индикаторы


4. Қажетті жылдамдыққа жету үшін газ педалін басыңыз.

5. Автокөлік қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ жағына немесе SET/- жағына қарай басыңыз.

Ауыстырып қосқышты басу сәтінде автокөлік жылдамдығы автокөліктің берілген жылдамдығына айналады және тұрақты жылдамдықпен қозғалу басталады.



Интеллектуалды круиз-контрольді қосқан кезде **READY** READY индикаторы сөнеді, автокөліктің берілген жылдамдығының мәні көрсетіледі, және круиз-контроль индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін тану индикаторының  түсі ақтан жасылға өзгереді.



(1) Жасыл

6. Жылдамдық шектеуінің белгісін анықтаған кезде сіздің автокөлігіңіз танылған жол белгісінде белгіленген жылдамдықпен қозғала бастайды. Аспаптар тақтасының дисплейінде жол белгісі кескінінің жиектемесі жасыл түспен жанады.



(1) Жол белгілерінің кескіні (жасыл)

 **ЕСКЕРТУ**

Интеллектуалды круиз-контрольдің жұмысы кезінде Obstacle Detected (Көдергі анықталды) ескертуі берілмейді.

 **ЕСКЕРТУ**

- Интеллектуалды круиз-контрольді қолдану кезінде алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты ұстап отыру үшін акселераторды және тежеу жүйесін басқару жүзеге асырылмайды. Қажет болса, акселератор және тежегіш педальдарын қолданыңыз.
- Автокөліктің берілген жылдамдығы нақты жылдамдық шектеуінен өзгеше болуы мүмкін. Жолдағы және оның айналасындағы нақты мән-жайға сәйкес жылдамдықты беру үшін акселератор және тежегіш педалін немесе RES/SET ауыстырып қосқышын қолданыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ**


- Ылдиға қарай түскенде автокөліктің берілген жылдамдығын ұстау үшін автоматты тежеу функциясы іске қосылуы мүмкін.
- Тіпті берілген жылдамдық автокөліктің ағымдағы жылдамдығынан жоғары болса да, қисық жолмен қозғалғанда автокөлік жылдамдықты үдетпеуі немесе баяуламауы мүмкін.
- Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль режиміне қайту үшін интеллектуалды круиз-контрольді өшіріңіз, содан кейін қашықтықты белгілеу үшін  /  ауыстырып қосқышын басып қалыңыз. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль режиміне ауысқан кезде 1 қысқа дыбыстық ескерту беріледі.
- Интеллектуалды круиз-контроль белсенді болған жағдайда рұқсат етілген жылдамдықтан асыру туралы ескерту берілмейді.
- RES/SET ауыстырып қосқышының көмегімен автокөліктің берілген жылдамдығын өзгерткен кезде аспаптар тақтасындағы жол белгілерінің кескінінің айналасындағы жасыл түсті жиектеме сөнеді.
- Жылдамдық шектеуінің белгілері жоқ жол аймақтарында автокөліктің берілген жылдамдығы өзгермейді.
- Егер жылдамдық шектеуінің жоқтығын білдіретін жол белгісі анықталса, автокөліктің берілген жылдамдығы 130 км/сағ болып орнатылады.

■ Автокөліктің берілген жылдамдығын ұлғайту

● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану


- RES/+ түймесін басып қалыңыз.
Ауыстырып қосқышты әр басқан сайын автокөліктің белгіленген жылдамдығы 5 км/сағ-қа артады.
- RES/+ түймесін үздіксіз басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығы 1 км/сағ қадаммен ұлғаяды.

Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығының мәні өзгереді.



● Акселератор педалін қолдану

1. Автокөліктің жылдамдығын ұлғайту үшін акселератор педалін басыңыз.
2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз.
Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.



■ Автокөліктің берілген жылдамдығын азайту


● RES/SET ауыстырып қосқышын қолдану

- SET/- түймесін басып қалыңыз.

Ауыстырып қосқышты әр басқан сайын автокөліктің берілген жылдамдығы 5 км/сағ-қа азаяды.


- SET/- түймесін үздіксіз басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығы 1 км/сағ қадаммен кемиді.


Аспаптар тақтасының дисплейіндегі ауыстырып қосқышты басқан кезде автокөліктің берілген жылдамдығының мәні өзгереді.



● Тежегіш педалін қолдану

1. Автокөліктің жылдамдығын азайт үшін тежегіш педалін басыңыз.

Интеллектуалды круиз-контроль өшеді; бейімделетін круиз-контрольдің индикаторының  және жылдамдықты шектеу белгілерін тану индикаторының

 түсі жасылдан аққа өзгереді. Бұл ретте жол белгілерінің айналасындағы жасыл жиіктеме де сөнеді.

2. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде RES/SET ауыстырып қосқышын SET/- күйіне ауыстырыңыз.

Ауыстырып қосқышты басқан сәттегі жылдамдық автокөліктің жаңа берілген жылдамдығы ретінде белгіленеді, және оның мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі.

■ Уақытша үдеу


Жылдамдықты сәл көбейту үшін газ педалін басыңыз.

Акселератор педалін жіберген кезде автокөлік берілген жылдамдыққа қайтып оралады.

■ Уақытша баяулау

Уақытша баяулау үшін тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалін басқан кезде интеллектуалды круиз-контроль өшеді. Осы кезде автокөліктің берілген жылдамдығының мәні аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіліп тұра береді, ал круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуінің  белгілерін тану индикаторының түсі жасылдан аққа өзгереді. Бұл ретте жол белгілерінің айналасындағы жасыл жиектеме де сөнеді.

Тежегіш педалін жіберіңіз және автокөліктің берілген жылдамдығын қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ жағына қарай басыңыз.





(1) Ақ


■ Интеллектуалды круиз-контрольді өшіру

● Жүргізушінің өшіруі

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келгені интеллектуалды круиз-контрольді өшірілуіне алып келеді.


Круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, ал осы кезде аспаптар тақтасының дисплейінде автокөліктің берілген жылдамдығының мәні көрсетілуін жалғастырады. Бұл ретте жол белгілерінің айналасындағы жасыл жиектеме де сөнеді.

- Тежегіш педалі басылады.




(1) Ақ

-  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады.




● Автоматты түрде өшу

Келесі жағдайларда 1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту беріледі және бейімделмейтін интеллектуалды круиз-контроль автоматты түрде өшеді. Круиз-контроль индикаторының  және жылдамдық шектеуін анықтау индикаторының  түсі жасылдан аққа өзгереді, және жол белгілері кескіндерінің айналасындағы жасыл түсті жиектеме сөнеді. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі.



(1) Ақ

- Селектор иінтірегі D не M күйлерінен өзге күйге ауыстырылады.
- Автокөліктің жылдамдығы шамамен 25 км/сағ-қа дейін немесе одан аз мәнге төмендеді (тік өрге көтерілуге немесе басқа себепке байланысты).
- X-MODE режимі қосылды (X-MODE индикаторы жанып тұр).
- Автокөлік жылдамдығы шамамен 160 км/сағ-қа дейін немесе одан жоғары ұлғаяды.
- Автокөлік динамикасын басқару жүйесі немесе бос айнарудан сақтау жүйесі белсендірілген.
- Кез келген есік (жүксалғыш қақпағынан өзге) ашылады.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.
- EyeSight жүйесінің қатесіне байланысты. (EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  сары түсті)
⇒272-бет
- Руль дөңгелегі кез келген жаққа елеулі бұрышқа бұралады.
- Жолдың көлбеуі тым үлкен.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің негізгі тежелуі белсендіріледі.
- Акселератор педалі ұзақ уақыт басылады.
- Қозғалтқыштың айналу жиілігі айтарлықтай ұлғайды.

Шарттар қалпына келгеннен кейін интеллектуалды круиз-контрольді қайтадан белсендіру үшін оған баптау жүргізіңіз.

 **ЕСКЕРТУ**

Интеллектуалды круиз-контрольді сырғанақ жолда қолданбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.



 **ЕСКЕРТУ**

Селектор интірегін N күйіне қойған кезде интеллектуалды кәдімгі круиз-контроль автоматты түрде өшеді. Селектор интірегін тек қажеттілік жағдайында ғана N күйіне ауыстырыңыз. Әйтпесе қозғалтқышпен тежелу функциясы қолжетімсіз болып қалады, бұл белгілі бір жағдайларда апатқа алып келуі мүмкін.



 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер EyeSight жүйесі ақаулы болса,  EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші (сары түсті) аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. Бұл жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріп, қайта қосыңыз. Егер қозғалтқышты қайта қосқаннан кейін индикатор әлі жанып тұрса, интеллектуалды круиз-контрольді қолдану мүмкін емес. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде жүргізуге кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
⇒272-бет
- Егер интеллектуалды круиз-контроль автоматты түрде өшірілген болса, оның өшірілуіне алып келген жағдайларды жойғаннан кейін берілген жылдамдықты қайтадан белгілеңіз. Егер интеллектуалды круиз-контрольді тіпті оның өшірілуіне алып келген себептерді жойғаннан кейін белсендіру мүмкін болмаса, EyeSight жүйесі ақаулы болғаны. Бұл автокөлікті кәдімгі режимде жүргізуге кедергі жасамайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

■ Жүргізушінің бұған дейін берген автокөлік жылдамдығын қалпына келтіру


Жүргізушінің бұған дейін берген жылдамдығы туралы деректер жүйенің жадында сақталады. Осы жылдамдықты қайта қалпына келтіру үшін RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырыңыз. Круиз-контроль индикаторы  мен жылдамдықты шектеу белгілерін анықтау индикаторының  түсі ақтан жасылға өзгереді.

Егер бұған дейін берілген жылдамдық туралы деректер сақталған болса, және автокөліктің ағымдағы жылдамдығы шамамен 30 км/сағ-ты немесе одан жоғары мәнді құрайтын болса, автокөліктің берілген жылдамдығын қалпына келтіруіңізге болады.




(1) Жасыл

Егер жылдамдық шектеуі анықталса, аспаптар тақтасында жол белгісі кескінінің айналасындағы жиектеме жасыл түспен жана бастайды, ал содан кейін автокөлік танылған жол белгісінде көрсетілген жылдамдықпен қозғала бастайды.



(1) Жасыл


**ЕСКЕРТПЕ**


- Автокөліктің бұған дейін берілген жылдамдығы туралы деректер келесі жағдайларда жадтан өшіріледі:
 - Круиз-контроль  (CRUISE) ауыстырып қосқышының көмегімен өшіріледі.
 - LIM ауыстырып қосқышы (жылдамдық шектегіші) интеллектуалды круиз-контрольден интеллектуалды жылдамдық шектегішіне ауысу үшін басылады.
 - Круиз-контроль режимі интеллектуалдыдан бейімделетін интеллектуалдыға ауысады.
- Автокөлік тұрақты және 30–145 км/сағ диапазонында берілген жылдамдықпен қозғалып келеді.
- Егер жадта автокөліктің жылдамдығы туралы (автокөліктің бұған дейінгі берілген жылдамдығы) сақталмаған болса, онда RES/SET ауыстырып қосқышын RES/+ күйіне ауыстырған кезде автокөліктің ағымдағы жылдамдығы берілген жылдамдық болып орнатылады.



⇒257-бет


■ Интеллектуалды круиз-контрольді өшіру

Төменде сипатталған әрекеттердің кез келгені бейімделмейтін интеллектуалды круиз-контрольдің өшірілуіне алып келеді.

- Егер интеллектуалды круиз-контроль белсенді болмаса,  (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылады. Аспаптар тақтасының дисплейінде круиз-контроль индикаторы , жылдамдықты шектеу белгілерін тану индикаторы  мен сіздің автокөлігіңіздің индикаторы сөнеді.



- LIM (жылдамдық шектегіші) ауыстырып қосқышы басылады. Интеллектуалды круиз-контроль өшеді және интеллектуалды жылдамдық шектегіші қосылады. Аспаптар тақтасының дисплейінде кәдімгі круиз-контрольдің  индикаторы сөнеді, ал жылдамдық шектегішінің  индикаторы ақ түспен жанады.



(1) Жылдамдық шектегішінің индикаторы (ақ түсті)

Ескертулер тізімі

Ескерту	Күй	Бет
Дара үздіксіз дыбыстық ескерту	Автоматты шұғыл тежеу жүйесі: Негізгі тежелу режимі белсенді.	⇒46-бет
	Апаттық жағдайда рульді автономды бұру жүйесі белсенді.	⇒52-бет
	Алдыңғы жақта қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу туралы ескерту және негізгі тежелу белсенді.	⇒73-бет
1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту	Бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, круиз-контроль немесе интеллектуалды круиз-контроль автоматты түрде өшеді.	⇒104-, 134-, 252- және 264-бет
	Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші немесе интеллектуалды жылдамдық шектегіші автоматты түрде өшеді.	⇒169- және 179-бет
	Автоматты түрде тоқтау функциясы өшеді, және автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.	⇒104- бет және 134
	Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы немесе қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы автоматты түрде өшеді.	⇒150- бет және 192
1 қысқа және 1 ұзақ дыбыстық ескерту (қайталанатын)	Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі руль дөңгелегін басқару қажеттігі туралы ескертудің берілуі кезінде автоматты түрде өшеді.	⇒150-бет
	Автоматты апаттық тоқтату жүйесі (қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі белсенді емес)	⇒155-бет
Дыбыстық ескерту (қысқа гудоктар)	Автоматты шұғыл тежеу жүйесі: Ескертуші тежелу режимі белсенді.	⇒46-бет
	Автоматты шұғыл тежеу жүйесі: Қашықтықтың қауіпті кішіреюі туралы ескерту белсенді.	
	Алдыңғы жақта қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу туралы ескерту және ескертуші тежелу белсенді.	⇒73-бет

Ескерту	Күй	Бет
	Бейімделетін круиз-контрольдің немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі белсенді.	⇒108- және 138-бет
	Апат алдында акселераторды басқару жүйесі белсенді.	⇒207-бет
2 қысқа дыбыстық ескерту (қайталананды)	Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы әрекет етіп тұрғанда белгілі уақыт бойы жүйе жүргізушінің руль дөңгелегін басқарып отырғанын анықтамайды.	⇒150-бет
	Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп тұр немесе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттері болмаған кезде бірнеше рет іске қосылады.	⇒189-бет
3 қысқа дыбыстық ескерту	Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсенді болса және автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кете алатын болса.	⇒153-бет
	•Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту белсенді.	⇒215-бет
	Қозғалыс кезінде алдыңғы жақтан көлденең қозғалыс туралы ескерту функциясы белсенді.	⇒Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.
3 қысқа дыбыстық ескерту	Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі белсенді.	⇒195-бет
1 қысқа дыбыстық ескерту	Бейімделетін круиз-контрольді немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қосқан кезде келесі әрекеттердің бірі орын алады. - Алдыда автокөлік анықталды. * - Алдыда автокөлік анықталмайды. *	⇒90-, 118-бет
	Круиз-контроль режимі өзгереді (бейімделетін круиз-контроль ↔ круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль ↔ интеллектуалды круиз-контроль).	⇒246-, 257-бет

Ескерту	Күй	Бет
	Жылдамдық шектеуінің мәні жол белгісінің кескініне өзгермейді.	⇒231-бет
	EyeSight жүйесі ақаулы.	⇒272-бет
	EyeSight жүйесі уақытша өшіріледі.	⇒273-бет
	Автоматты апаттық тоқтату жүйесі белсендірілгендіктен бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қолданыла алмайды.	⇒159-бет
5 қысқа дыбыстық ескерту	Жүйе жүргізушінің ұйқысырау белгілерін анықтаған кезде қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту функциясы белсендіріледі.	⇒218-бет
	Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы белсенді.	⇒220-бет
5 үзік дыбыстық ескерту, 1 қысқа және 1 ұзақ	Бейімделетін круиз-контрольдің немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің жылдамдық мәнін сақтай отырып автоматты тоқтату функциясы шамамен 10 минут бойы әрекет етуін жалғастырады, содан кейін автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегіші қосылады.	⇒101- және 131-бет
Екі тонды дыбыстық ескерту	Алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау белсендірілген.	⇒225-бет
1 дыбыстық ескерту және 1 ұзақ дыбыстық ескерту (қайталаанады)	Автоматты апаттық тоқтату жүйесі (қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі белсенді)	⇒155-бет


*: алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтау немесе анықтаудың тоқтатылуы туралы ескерту, қосуға немесе өшіруге болады.


⇒277-бет


EyeSight жүйесінің ақаулығы және уақытша өшірілуі

EyeSight жүйесінің ақаулығы анықталған жағдайда аспаптар тақтасындағы индикаторлар мен үзілу экрандары жүргізушіге ақаулық туралы ақпарат береді. Экрандағы ескертулерді тексеріңіз және сәйкес шаралар қолданыңыз.


Ақаулық (стереокамера күйінің бұзылуын қоса алғанда)

EyeSight жүйесінің 1 қысқа дыбыстық ескертуі және ескертуші сигнал бергіші  беріледі: сары, жанып немесе жыпылықтап тұр. Сондай-ақ аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі.






Көрсетілетін экран	Себебі	Әрекет
 S03005	EyeSight жүйесінде ақаулық пайда болды немесе стереокамераның күйі бұзылды.	Тексеру және/немесе калибрлеу қажет. SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ


Егер EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) және қозғалтқыштың ақаулығының бақылау шамы (CHECK ENGINE) қозғалыс кезінде бірге жанатын болса, автокөлігіңізді тексерту/жөндету үшін мүмкіндігінше тездетіп SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Егер қозғалтқыштың және т.б. қандай да бір ақаулықтары бар болса, EyeSight жүйесін қолдануға болмайды.

⇒ Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.


ЕСКЕРТПЕ


- Егер EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) жанып немесе жыпылықтап тұрса, автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз, содан кейін оны қайтадан аталдырыңыз.
- Егер EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) тіпті қозғалтқышты өшіріп қайта қосқаннан кейін де жанып немесе жыпылықтап тұрса, бұл EyeSight жүйесінің ақаулы екенін білдіреді. Бұл жағдайда EyeSight жүйесінің барлық функциялары өшіріледі. Көлікті әлі де бұрынғыша қалыпты жүргізу мүмкіндігі бар. Мұндай жағдайда тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласқан жөн.
- Егер EyeSight жүйесінің ескертуші сигнал бергіші  (сары түсті) жанып немесе жыпылықтап тұрса, арты жүріспен жүргенде автоматты түрде тежеу жүйесі (RAB) жұмыс істемейді.

Уақытша өшіру

1 қысқа дыбыстық ескерту беріледі, және EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  ақ түспен жана бастайды. Сондай-ақ аспаптар тақтасының дисплейінде үзілу экраны көрсетіледі.

Себеп жойылған кезде уақытша өшіру үзіледі және EyeSight жүйесі автоматты түрде қайта қосылады.





Көрсетілетін экран	Себебі	Әрекет
 EyeSight Disabled No Camera View S02996	Стереокамера алдыда орналасқан объектілерді қиын анықтай алады. <ul style="list-style-type: none"> • Алдыңғы әйнек ластанған немесе буланған. • Нашар ауа райы жағдайлары. • Қарсы бағыттан түскен күшті жарық. 	<ul style="list-style-type: none"> • Егер стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің сыртқы беті ластанған немесе буланған болса, алдыңғы әйнекті тазалаңыз. • Егер стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің ішкі беті буланған болса, ол тазаланғаннан кейін біршама уақыт өткенде EyeSight өшіп, қайта

Көрсетілетін экран	Себебі	Әрекет
		<p>қосылады. Сонымен бірге алдыңғы әйнекке ауа үрлеуді/оны жылытуды қосуға болады.</p> <p>⇒ Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нашар ауа райы жағдайларында немесе қарсы бағыттан күшті жарық түсіп тұрғанда жағдайлар жақсарғаннан және автокөлікті біршама уақыт жүргізуші басқарғаннан кейін EyeSight жүйесі өшіп, қайта қосылады. • Егер стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің ішкі жағы немесе камера объективтерінің айналасындағы аймақ ластанған болса немесе үнемі буланып кете берсе, тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
<p>EyeSight Disabled Temp Range S02997</p>	<p>Төмен немесе жоғары температурада</p>	<p>Температура EyeSight жүйесінің жұмыс диапазонының шегіне келген сәтті жүйе өшіріліп, қайта қосылады.</p> <p>Егер автокөлік ішінде температура жұмыс диапазонында болса да, жүйе қайтадан іске қосылмаса, тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.</p>
<p>EyeSight Disabled Check Manual S02998</p>	<ul style="list-style-type: none"> • EyeSight жүйесі іске қосылады. • Жүйе автокөліктің қатты қисайып тұрғанын анықтады. • Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін 	<p>Жүйе себеп жойылғаннан кейін қайта іске қосылады.</p> <p>Бұл ретте жүйенің қайта жүктелуіне біршама уақыт қажет болуы мүмкін.</p> <p>Егер жағдайлар жойылғаннан және белгілі</p>

Көрсетілетін экран	Себебі	Әрекет
	<p>негізгі автоматты тежелу 3 рет іске қосылды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қозғалтқыш тоқтатылды (егер қозғалтқыш автоматты старт-стоп жүйесімен тоқтатылмаған болса). • Рульмен басқару электрқұшейткіші қызып кетудің алдын алу күйінде тұр, себебі руль дөңгелегі автокөлікті тоқтату кезінде немесе өте төмен жылдамдықпен қозғалу кезінде қозғалысқа келтірілді. 	<p>уақыт өткеннен кейін де жүйе қайтадан іске қосылмаса, тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.</p>
	<p>Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін тежегіш педалі басылған күйінде қалса, автокөлік динамикасын басқару жүйесінің бақылау шамы / осы жүйенің белсендірілу индикаторы жанады.</p>	<p>Тежегіш педалін жібергеннен кейін жүйе қалыпты жұмыс режиміне қайтып оралады. Егер жүйенің әрекетін бұрынғыша қайта қалпына келмей тұрса, тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.</p>



ЕСКЕРТПЕ


- EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  ақ түспен жанып тұрған кезде қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін, интеллектуалды жылдамдық шектегішін, круиз-контрольді немесе интеллектуалды круиз-контрольді қоспағанда, EyeSight жүйесінің функцияларының бір де бірін қолдану мүмкін болмайды. Алайда бұл күйде жүйе жол белгілерін танымайды, ал автокөліктің белгіленген жылдамдығы орнатылған жылдамдық шектеуінің белгілеріне сәйкес жаңартылмайды.
- EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  ақ түспен жанып тұрған кезде артқы жүріспен автоматты тежеу жүйесі (RAB) іске қосылмауы мүмкін.

Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат

EyeSight жүйесіне ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал (OSS) орнатылған. Мұндай бағдарламалық жасақтаманың лицензиялық ақпаратын және/немесе бастапқы кодын келесі сілтеме бойынша табуға болады:



<https://oss.veoneer.com/subaru>

Баптауларды өзгерту



- (1) Баптаулар белгішесі
- (2) HOME (басты экранға) белгішесі
- (3) Автокөлік баптауларының белгішесі
- (4) Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық туралы дыбыстық ескертудің ажыратқышы
- (5) Қозғалыс жолағынан шығу туралы дыбыстық ескерту ажыратқышы

EyeSight жүйесінің баптауларын келесідей жолмен өзгертуге болады:

1. HOME  (басты экранға) түймесін түртіңіз.
2. Settings  (Баптаулар).
3. → Car (Автокөлік).
4. Қажетті мезірді таңдаңыз.


Баптауларды өзгерту


Төменде келтірілген элементтердің баптауларын өз қалауыңыз бойынша қолмен өзгертуге болады.

Позиция		Баптау	
EyeSight	Автоматты шұғыл тежеу	ON/OFF (Қос./Өшір.)	
	Алдыдан соқтығысулар туралы ескерту функциясы	Алыс/Қалыпты/Жақын	
	Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау	ON/OFF (Қос./Өшір.)	
	Жүру жолағында ұстау функциясы	All Functions / Lane Departure Prevention Function Only / Warning Buzzer Only / OFF (Барлық функциялар / Тек қозғалыс жолағында ұстау / Тек дыбыстық ескерту / Өшір.)	
	Круз-контроль жүйесінің көмегімен үдеу	Eco/Comfort/Standard/Dynamics (Үнемді/Жайлы/Стандартты/Динамикалық режим)	
	Lead Vehicle Acquisition Sound (Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті «қармаудың» дыбыстық ескертуі)	ON/OFF (Қос./Өшір.)	
	Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / круз-контроль)	Manual / Intelligent (Қолмен басқарылатын / интеллектуалды)	
	Traffic Information Advance Warning (Жолдағы мән-жай туралы алдын ала ескерту)	Кіруге тыйым салынған	ON/OFF (Қос./Өшір.)
		Тоқтамай жүріп өтуге тыйым салынған	ON/OFF (Қос./Өшір.)
		Yield / Give Way (Өткізіп жіберу / жол беру)	ON/OFF (Қос./Өшір.)
	Speed Limit Warning Function (Жылдамдық шектеуі туралы ескерту)	ON/OFF (Қос./Өшір.)	
	Жылдамдықты шектеу мәнінің өзгеруі туралы дыбыстық ескерту	ON/OFF (Қос./Өшір.)	
Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы	ON/OFF (Қос./Өшір.)		

	Позиция	Баптау
	Lead Vehicle Moving Monitor (Алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің қозғалысын қадағалау)	ON/OFF (Қос./Өшір.)
	Сол жақ бағыттағы/оң жақ бағыттағы қозғалысты таңдау	Right Lane / Left Lane (Оң жақ/Сол жақ)
EyeSight жүйесінің проекциялық дисплейі	Қызыл индикатор	ON/OFF (Қос./Өшір.)
	Сары индикатор	ON/OFF (Қос./Өшір.)
	Жасыл индикатор	ON/OFF (Қос./Өшір.)
Warning Volume (Дыбыстық ескертудің дыбыс күші)		Min/Mid/Max (Минималды/Орташа/Максим алды)
ISA Map Information (ISA картасы туралы ақпарат)		—

Баптауларды өзгерту

Қозғалыс кезінде өзгертуге болатын элементтер көрсетілуі үшін автокөлік баптауларының  белгішесін түртіңіз. EyeSight жүйесінің баптауларын келесідей жолмен өзгертуге болады:

1. Автокөлік баптауларының  белгішесін түртіңіз.
2. Қажетті мәзірді таңдаңыз.

Позиция		Баптау
Автокөлікті басқару	Круиз-контроль жүйесінің көмегімен үдеу	Eco/Comfort/Standard/Dynamics (Үнемді/Жайлы/Станд./Динамик. режим)
Driving Assistance (Жүргізушінің көмекші жүйелері)	Автоматты шұғыл тежеу	ON/OFF (Қос./Өшір.)
	Алдыдан соқтығысулар туралы ескерту функциясы	Алыс/Қалыпты/Жақын
	Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау	ON/OFF (Қос./Өшір.)
	Жүру жолағында ұстау функциясы	All Functions / Lane Departure Prevention Function Only / Warning Buzzer Only / OFF (Барлық функциялар / Тек қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы / Тек ескертуші дыбыстық ескерту / Өшірулі)
Speed Assistance (Жылдамдық шектегіші)	Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / круиз-контроль)	Қолмен басқарылатын / интеллектуалды
	Speed Limit Warning Function (Жылдамдық шектеуі туралы ескерту)	ON/OFF (Қос./Өшір.)
	Жылдамдықты шектеу мәнінің өзгеруі туралы дыбыстық ескерту	ON/OFF (Қос./Өшір.)
Басқа баптаулар	Warning Volume (Дыбыстық ескертудің дыбыс күші)	Min/Mid/Max (Минималды/Орташа/Максим алды)
	Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы	ON/OFF (Қос./Өшір.)

Бас экранда баптауға болатын элементтер

- **Following Distance Warning sound switch** (Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық туралы дыбыстық ескертудің ажыратқышы)

Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық туралы дыбыстық ескертуді қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

Дыбыстық ескерту өшірулі кезде ажыратқыш қызғылт сары түспен жанып тұрады.

Дыбыстық ескертуді қосқан кезде ажыратқыштың көмескі жарығы сөнеді.

⇒46- және 73-бет

- **Қозғалыс жолағынан шығу туралы дыбыстық ескерту ажыратқышы**

Қозғалыс жолағынан шығу туралы дыбыстық ескертуді қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

Дыбыстық ескерту өшірулі кезде ажыратқыш қызғылт сары түспен жанып тұрады.

Дыбыстық ескертуді қосқан кезде ажыратқыштың көмескі жарығы сөнеді.

⇒218-бет

Баптаулар мәзірінде қолдануға болатын элементтер

● Автоматты шұғыл тежеу

Автоматты шұғыл тежеу жүйесін және апат алдында акселераторды басқару жүйесін қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

● Алдыдан соқтығысулар туралы ескерту функциясы

Қашықтықтың қауіпті кішіреюі туралы ескертудің беріле бастау уақытын белгілеуге болады.

- Far (Алыс): қашықтықтың қауіпті азаюы туралы ескерту Normal (Қалыпты) баптауындағыдан ертерек белсендіріледі.
- Normal (Қалыпты): бұл қашықтықтың қауіпті азаюы туралы ескертудің беріле бастау уақытының стандартты баптауы.
- Near (Жақын): қашықтықтың қауіпті азаюы туралы ескерту Normal (Қалыпты) баптауындағыдан кешірек белсендіріледі.

● Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау

Апаттық жағдайларда жолақта ұстау жүйесін қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

● Жүру жолағында ұстау функциясы

Жолақтан шығу туралы ескерту функциясын және/немесе қозғалыс жолағынан шығу туралы дыбыстық ескертуді қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

- All Functions (Барлық функциялар): қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы және дыбыстық ескерту қосылады.
- Lane Departure Prevention Function Only (Тек қозғалыс жолағында ұстау): тек қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы ғана қосылады.
- Warning Buzzer Only (Тек ескертуші зуммер): тек ескертуші зуммер ғана қосылады.
- OFF (Өшір.): жолақта ұстау жүйесі және дыбыстық ескерту өшіріледі.

● Круиз-контроль жүйесінің көмегімен үдеу

Бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің үдеу параметрлерін таңдаған кезде төрт деңгейдің бірін таңдауға болады.

- Eco (Үнемді): негізгі көңіл жатық қозғалысқа және отынның максималды үнемделуіне бөлінетін режим.
- Comfort (Жайлы): жатық қозғалысқа бағытталған режим.
- Standard (Стандартты): белсенді үдеуге бағытталған режим.
- Dynamic (Динамикалық): режим максималды үдеу қажет болған кезде қолданылады.

● Lead Vehicle Acquisition Sound (Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті «қармаудың» дыбыстық ескертуі)

Lead Vehicle Acquisition Sound параметрін (Көшбасшы автокөлікті қармаған кездегі дыбыс) қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

● **Speed Limiter / Cruise Control (Жылдамдық шектегіші / круиз-контроль)**

Круиз-контроль және жылдамдық шектегіші үшін Manual (қолмен басқарылатын) және Intelligent (Интеллектуалды) режимдерін таңдауға болады.

- Manual (Қолмен басқарылатын): бейімделетін круиз-контроль, қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші және круиз-контроль қосулы, ал интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды жылдамдық шектегіші және интеллектуалды круиз-контроль өшірулі.
- Intelligent (интеллектуалды): бейімделетін круиз-контроль, қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші және круиз-контроль өшірулі, ал интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды жылдамдық шектегіші және интеллектуалды круиз-контроль қосулы.

● **Traffic Information Advance Warning (Жолдағы мән-жай туралы алдын ала ескерту)**

Келесі тыйым салушы белгілердің көрсетілуін қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

- Кіруге тыйым салынған
- Тоқтамай жүріп өтуге тыйым салынған
- Өткізіп жіберіңіз / Жол беріңіз

● **Speed Limit Warning Function (Жылдамдық шектеуі туралы ескерту)**

Жылдамдық шектеуі туралы ескерту функциясын қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

● **Жылдамдықты шектеу мәнінің өзгеруі туралы дыбыстық ескерту**

Жылдамдық шектеуі мәнінің өзгергені туралы дыбыстық ескертуді қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

● **Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы**

Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясын қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

● **Lead Vehicle Moving Monitor (Алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің қозғалысын қадағалау)**

Lead Vehicle Start Alert «Көшбасшы автокөлікті қармаған кездегі дыбыс» функциясының баптауын қосуға (On) немесе өшіруге (Off) болады.

● **Select Drive on Left / Drive on Right (Driving Lane Customize) (Сол жақ/оң жақ қозғалыс (қозғалыс жолағын баптау)) таңдаңыз**

Сол жақ және оң жақ қозғалыс режимдерін ауыстырып қосуға болады.

Бейімделетін круиз-контроль (⇒ 82-бет), интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль (110-бет) және апаттық жағдайда қозғалыс жолағында ұстау (195-бет) жүйелері жолақпен берілген қозғалу бағытына бейімделеді.⇒⇒

 **ЕСКЕРТУ**

Егер Driving Lane Customize (қозғалыс жолақтарының бағыты) баптауы нақты қозғалыс бағытына сәйкес келмейтін болса, EyeSight жүйесінің функциялары толық көлемде қолжетімді болмауы мүмкін.

● **EyeSight жүйесінің проекциялық дисплейі**

EyeSight жүйесінің проекциялық дисплейінің әрбір жарықдиодты индикаторы үшін қосылу/өшірілу түсін беруге болады.


⇒243-бет

● **Warning Volume (Дыбыстық ескертудің дыбыс күші)**

Минималды, орташа және максималды (Min/Mid/Max) дыбыс деңгейін таңдауға болады.


Хабарламалар экрандарының тізімі

Егер EyeSight жүйесінің хабарламасы немесе ақаулығы табылса, аспаптар тақтасының дисплейінде сәйкес хабарлама пайда болады. Хабарламаға байланысты бір мезгілде дыбыстық ескерту / хабар беріледі.




H01031

Егер экранда қандай да бір хабарлама көрсетіліп тұрса, хабарламалар тізімін қараңыз және сәйкес әрекеттерді орындаңыз. **i** белгісі жанып тұрған кезде хабарлама қайтадан көрсетілуі үшін **i** ауыстырып қосқышын басуға болады.










H01670


















H00550

(1) (...) белгісі **i**

Хабарламалардың экрандық тізімі (сақтық шаралары мен ескертпелер)

Көрсетілетін экран	Позиция	 Белгі	Бет
 Obstacle Detected S02999	Pre-Collision Braking System (Автоматты шұғыл тежеу жүйесі)	(Жоқ)	⇒46-бет
	Апаттық жағдайда рульді автономды бұру жүйесі	(Жоқ)	⇒52-бет
	Алдыңғы жақта қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу	(Жоқ)	⇒63-бет
	Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертуі	(Жоқ)	⇒108- және 138-бет
	Акселераторды апат алды басқару жүйесі	(Жоқ)	⇒207-бет
 Apply Brake To Hold Position S03000	Тежегіш педалін басу	(Жоқ)	⇒50-бет
 Pre-Collision Braking System Activated S03532	Автоматты шұғыл тежеу жүйесін қолдану	(Жоқ)	⇒50-бет
 Watch for Oncoming Vehicles H00913	Front Cross Traffic Information (Көлденең бағыттағы қозғалыс туралы ескерту)	(Жоқ)	⇒Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.
	Алдыңғы жақта қиылысатын қозғалыс болған жағдайда тежелу	(Жоқ)	⇒63-бет
 Steep Slope S03722	Бейімделетін круиз-контроль / интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль / круиз-контроль / интеллектуалды круиз-контроль (өте тік көлбеуде) автоматты түрде өшеді.	(Жоқ)	⇒104-, 134-, 252- және 264-бет
 Keep Hands On Steering Wheel S03314	Рульмен басқару жүйесінің жұмысы қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу немесе қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функцияларымен анықталмайды.	(Жоқ)	⇒150- және 192-бет











Көрсетілетін экран	Позиция	Белгі	Бет
 <p>Keep Hands On Steering Wheel</p> <p>S03315</p>	<p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы әрекет етіп тұрғанда белгілі уақыт бойы жүйе жүргізушінің руль дөңгелегін басқарып отырғанын анықтамайды. (Руль дөңгелегінің белгішесі қызыл түспен жанады.)</p> <p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсенді болса және автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кете алатын болса. (Руль дөңгелегінің белгішесі қызыл түспен жанады.)</p> <p>Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы ұзақ уақыт бойы жұмыс істеп тұр немесе жүргізушінің руль дөңгелегімен әрекеттері болмаған кезде бірнеше рет іске қосылады. (Руль дөңгелегінің белгішесі қызыл түспен жанады.)</p>	(Жоқ)	⇒150-, 153- және 193-бет
 <p>Keep Hands On Steering Wheel</p> <p>S03564</p>	<p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу жүйесі руль дөңгелегін басқару қажеттігі туралы ескертудің берілуі кезінде автоматты түрде өшеді. (Руль дөңгелегінің белгішесі қызыл түспен жанады.)</p>		⇒150- және 153-бет
 <p>Function Unavailable Turn Engine OFF</p> <p>H01428</p>	<p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы өшеді, себебі ол белсенді кезде автокөлік қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін. (Руль дөңгелегінің белгішесі қызыл түспен жанады.)</p>	(Жоқ)	
 <p>Function Unavailable Turn Engine OFF</p> <p>H01428</p>	<p>Автоматты апаттық тоқтату жүйесі белсендірілгендіктен бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қолданыла алмайды.</p>	(Жоқ)	⇒159-бет

Көрсетілетін экран	Позиция	 Белгі	Бет
 S03324	Төтенше жағдайларда қозғалыс жолағында ұстау жүйесі	(Жоқ)	⇒203-бет
 S03002	Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту	(Жоқ)	⇒215-бет
 H01517	Жолақпен қозғалу ауытқулары туралы ескерту функциясы	(Жоқ)	⇒220-бет
 S03004	Алдыда орналасқан автокөліктің қозғалысты бастағаны туралы хабарлау	(Жоқ)	⇒225-бет
 203196	EyeSight жүйесінің автоматты түрде өшірілуі	(Жоқ)	⇒104- және 134-бет
 S03391		(Жоқ)	⇒150-бет
 S03334		(Жоқ)	⇒169-бет
 S04092		(Жоқ)	⇒179-бет
 S03313		(Жоқ)	⇒192-бет
 203198		(Жоқ)	⇒252- және 264-бет







Экрандағы хабарламалар тізімі (ақаулық, уақытша өшіру)












Көрсетілетін экран	Позиция	i Белгі	Бет
EyeSight Off Check Manual <small>S03005</small>	EyeSight жүйесінің ақаулығы	(Иә) сары	⇒272-бет
EyeSight Disabled No Camera View <small>S02996</small>	EyeSight жүйесінің уақытша өшірілуі	Иә (көрсетіледі)	⇒273-бет
EyeSight Disabled Temp Range <small>S02997</small>		Иә (көрсетіледі)	
EyeSight Disabled Check Manual <small>S02998</small>		Иә (көрсетіледі)	








Ақауларды іздеу және жою













	<p>Бейімделетін круиз-контроль белсендіріле алмайды.</p>
	<p>Орталық ақпараттық дисплейде EyeSight жүйесінің баптауларында Manual (Қолмен) мәні таңдалған ба? Егер Intelligent (Интеллектуалды) мәні таңдалған болса. Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосылады. ⇒90-бет</p>
	<p> (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылған ба? Егер сіз  (CRUISE) ауыстырып қосқышын баспаған болсаңыз, бейімделетін круиз-контрольдің  индикаторы көрсетілмейді.</p>
	<p>EyeSight жүйесі уақытша өшірулі ме? EyeSight жүйесі уақытша өшірілген кезде EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы : аспаптар тақтасының дисплейінде ақ түспен жанады. Уақытша өшірілудің себептері жойылғаннан кейін бейімделетін круиз-контрольді қайтадан белсендіріңіз.</p>
	<p>READY READY (дайындық) индикаторы көрсетіліп тұр ма? Егер READY READY индикаторы көрсетілмей тұрса, бейімделетін круиз-контроль белсендіріле алмайды. Дисплейде READY READY индикаторы көрсетіліп тұрған кезде бейімделетін круиз-контрольді белсендіріңіз.</p>
	<p>Автоматты апаттық тоқтату жүйесі белсендірілген бе? Бейімделетін круиз-контрольді автоматты апаттық тоқтату жүйесі іске қосылғаннан кейін  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басу жолымен белсендіруге болмайды. ⇒159-бет</p>















	<p>Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендіріле алмайды.</p>
	<p>Орталық ақпараттық дисплейде EyeSight жүйесінің баптауларында Intelligent (Интеллектуалды) опциясы таңдалған ба? Егер Manual (Қолмен) мәні таңдалған болса, бейімделетін круиз-контроль белсендіріледі. ⇒118-бет</p>
	<p> (CRUISE) ауыстырып қосқышы басылған ба? Егер  (CRUISE) ауыстырып қосқышын баспаған болсаңыз, бейімделетін круиз-контроль  индикаторы мен жылдамдық шектеуінің белгілерін тану  индикаторы көрсетілмейді.</p>
	<p>EyeSight жүйесі уақытша өшірулі ме? EyeSight жүйесі уақытша өшірілген кезде EyeSight жүйесінің уақытша өшірілу индикаторы  аспаптар тақтасының дисплейінде ақ түспен жанады. Уақытша өшірілудің себептері жойылғаннан кейін интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қайтадан белсендіріңіз.</p>
	<p>READY READY (дайындық) индикаторы көрсетіліп тұр ма? Егер READY READY индикаторы көрсетілмей тұрса, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендіріле алмайды. READY READY индикаторы көрсетіліп тұрса, интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді белсендіріңіз.</p>
	<p>Автоматты апаттық тоқтату жүйесі белсендірілген бе? Автоматты апаттық тоқтату жүйесі іске қосылғаннан кейін интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль  (CRUISE) ауыстырып қосқышын басу жолымен белсендіріле алмайды. ⇒159-бет</p>










	<p>Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші немесе интеллектуалды жылдамдық шектегіші белсендіріле алмайды.</p>
	<p>Орталық ақпараттық дисплейде EyeSight жүйесінің баптауларында баптау (Manual/Intelligent (Қолмен басқарылатын / интеллектуалды) опциясы дұрыс таңдалған ба? Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегішін қолдану үшін Manual (Қолмен) нұсқасын, және интеллектуалды жылдамдық шектегішін таңдау үшін Intelligent (Интеллектуалды) нұсқасын таңдаңыз. ⇒166-, 175-бет</p>
	<p>Круиз-контроль немесе интеллектуалды круиз-контроль белсендіріле алмайды.</p>
	<p>Орталық ақпараттық дисплейде EyeSight жүйесінің баптауларында баптау (Manual/Intelligent (Қолмен басқарылатын / интеллектуалды) опциясы дұрыс таңдалған ба? Круиз-контрольді қолдану үшін Manual (Қолмен) нұсқасын және интеллектуалды круиз-контрольді қолдану үшін Intelligent (Интеллектуалды) нұсқасын таңдаңыз. ⇒246-, 257-бет</p>
	<p>READY READY индикаторы көрсетілмейді.</p>
	<p>Функцияны баптауға қойылатын талаптар орындалған ба? READY READY индикаторының көмескі жарғының шарттарының сипаттамасы келесі беттерде келтірілген. ⇒90-бет (Бейімделетін круиз-контроль) ⇒118-бет (Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль) ⇒166-бет (Қолмен басқарылатын жылдамдық шектегіші) ⇒175-бет (Интеллектуалды жылдамдық шектегіші) ⇒246-бет (Круиз-контроль) ⇒257-бет (Интеллектуалды круиз-контроль)</p>













	<p>Автокөлік (сіздің автокөлігіңіздің алдында) анықталмады, анықтау іркіліп орындалуда немесе алдыда орналасқан автокөлік тез жоғалып кетіп жатыр.</p>
	<p>Алдыда орналасқан автокөлік тоқтады ма, ол сіздің автокөлігіңізге қатысты баяу қозғалып бара жатыр ма әлде қозғалыссыз дерлік тұр ма? Тоқтаған автокөліктерді, сіздің автокөлігіңізге қатысты баяу қозғалып бара жатқан автокөліктерді, және өте баяу қозғалып бара жатқан автокөліктерді анықтау қиын болуы мүмкін.</p>
	<p>Алдыңғы әйнек ластанған немесе буланған ба? Егер стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің сыртқы беті ластанған болса, алдыңғы әйнекті тазалаңыз. Егер камералар объективтерінің айналасындағы аймақ ластанған немесе үнемі буланып кете беретін болса, автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.</p>
	<p>Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік алыста орналасқан ба? Стереокамераның максималды анықтау қашықтығы шамамен 130 метрді құрайды. Егер автокөлік үлкен қашықтықта орналасса, анықтау мүмкін емес.</p>
	<p>Автокөлік бұрылыста қозғалып бара жатыр ма? Стереокамераның күйі дұрыс калибрленген жағдайда анықтау қашықтығы көлденең бағытта шектелген.</p>
	<p>Автокөлік өрлері мен ылдилары кезектесетін жолда (мысалы, эстакадада) немесе үйінді үстіндегі жолда орналасқан ба? Анықтау қашықтығы тік бағытта шектелген.</p>
	<p>Бұған дейін алдыда анықталған автокөлік өзгерді ме? Алдыда жүріп бара жатқан автокөлік өзгергеннен кейін анықтау кідіріспен орындалуы мүмкін.</p>
	<p>Алдыда жүріп бара жатқан автокөліктің дөңгелектерінің астына су, қар немесе басқа заттектер түсті ме? Егер көшбасшы автокөліктің дөңгелектері ауаға судың немесе қардың бөлшектерін көтеріп жатса, алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтау мүмкін емес болуы мүмкін.</p>
	<p>Бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсенді күйде тіпті егер алдыда бір де бір автокөлік анықталмаса да, тежеу жүйесін басқару белсендіріледі.</p>
	<p>Көршілес жолақта автокөлік бар ма? Жол жағдайларына байланысты көршілес жолақтардағы автокөліктер де, сіздің автокөлігіңіздің тікелей алдында орналасқан автокөлік те анықталуы мүмкін.</p>
	<p>Сіздің автокөлігіңіз бұрылыста немесе оның жанында қозғалып бара жатыр ма? Қисық бойымен қозғалған кезде егер руль дөңгелегінің бұрылу бұрышы тым үлкен болып кетсе немесе жол жиегінде конструкциялар бар болса, тежелуді басқару қоршаулардың жанында қозғалғанда белсендірілуі мүмкін.</p>

	<p>Қозғалысты бастау туралы ескерту жүйесі тіпті алдыда автокөлік жоқ болса да белсендіріледі.</p>
	<p>Айналадағы объектілерге, жолдағы мән-жайға және ауа райына байланысты алдыдағы автокөліктің қозғала бастауы туралы ескерту жүйесі сіздің автокөлігіңіздің алдында автокөліктен өзге объектілердің пайда болуына жауап ретінде ескерту беруі мүмкін.</p>
	<p>EyeSight жүйесі уақытша өшірілуден кейін қайта қосылмайды.</p>
	<p>Сіздің автокөлігіңіз жаңбырдың астында нашар жұмыс істеп тұрған әйнектазартқышпен қозғалып бара жатыр ма немесе алдыңғы әйнекте дақ бар ма? Әйнектазартқыш щеткаларын жаңаларына ауыстырыңыз немесе алдыңғы әйнекті дақтардан тазалаңыз. Қозғалыс қолайсыз ауа райы жағдайларында (нөсер жаңбыр, қар, тұман немесе шаң) орындалып жатыр ма? Мұндай жағдайларда EyeSight жүйесі көру мүмкіндігі өте нашар болған кезде уақытша өшірілуі мүмкін.</p>
	<p>Сіздің автокөлігіңіз қарсы бағыттан түскен күшті жарықтың (күн батар, шығар кездегі күннің жарығы және т. б.) немесе түнгі уақытта қарсы келе жатқан автокөліктердің фараларының күшті жарығының әсеріне ұшырап жатыр ма? Бұл жағдайларда EyeSight жүйесі уақытша өшірілуі мүмкін.</p>
	<p>Автокөлігіңізді тұраққа қою аптап ыстық немесе қатты суық ауа райы жағдайларында орындалып жатыр ма? Бұл жағдайлардың кез келгенінде EyeSight жүйесі температура камера жұмыс істей алатын температураға дейін көтерілмейінше немесе төмендемейінше уақытша өшірілуі мүмкін.</p>
	<p>Стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің ішкі немесе сыртқы бөлігі ластанған немесе буланған ба? Бұл жағдайда EyeSight уақытша өшірілуі мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Егер стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің сыртқы беті ластанған немесе буланған болса, алдыңғы әйнекті тазалаңыз. • Егер стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің ішкі беті буланған болса, ол тазаланғаннан кейін біршама уақыт өткенде EyeSight өшіп, қайта қосылады. Сонымен бірге алдыңғы әйнекке ауа үрлеуді/оны жылытуды қосуға болады. <p>⇒Толық мәліметтерді автокөлікті пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Егер стереокамераның алдындағы алдыңғы әйнектің ішкі жағы немесе камера объективтерінің айналасындағы аймақ ластанған болса немесе үнемі буланып кете берсе, тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.


	<p>Obstacle Detected (Кедергі анықталды) ескертулері қалыпты жұмыспен салыстырғанда кейде ерте, ал кейде кеш шығарылады.</p>
	<p>«Кедергі анықталды» дыбыстық ескертуі жүйе алдыда орналасқан автокөлікке дейінгі қашықтық және оның жылдамдығымен салыстырғандағы жылдамдық айырмашылығы секілді жағдайларға қарай тежелу қарқындылығын күшейту қажет екенін анықтаған кезде беріледі. Нәтижесінде ескертудің беріле бастау уақыты алдыда орналасқан автокөлікке қатысты тежелудің қаншалықты қарқынды қолданылып жатқанына және осы автокөліктің жылдамдығына қатысты салыстырмалы жылдамдыққа байланысты өзгеруі мүмкін.</p>
	<p>Егер көшбасшы автокөлік жүріс бөлігінен бұрылып кетсе немесе оған дейінгі қашықтық ұлғайса, үдеу кейде баяуырақ немесе тезірек орын алады.</p>
	<p>Алдыда жүріп бара жатқан автокөлікті «жоғалту» уақытына байланысты EyeSight жүйесінің жауап әрекет ету қабілеті баяулауы мүмкін, мұның нәтижесінде үдеудің басталуы қалыпты жұмыс кезіндегімен салыстырғанда кешіккен, ал тежелу уақыты — әлдеқайда ұзақ болып көрінуі мүмкін.</p>
	<p>Крузиз-контроль үшін үдеудің қандай деңгейін таңдадыңыз*? Үдеу деңгейі өзгеруі мүмкін, себебі круиз-контроль параметрлері таңдалған режимге байланысты. *: бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль, круиз-контроль және интеллектуалды круиз-контроль</p>
	<p>Крузиз-контроль автоматты түрде өшеді.</p>
	<p>Сіз келесі операциялардың бірін орындадыңыз ба? ⇒103-бет (Бейімделетін круиз-контроль) ⇒133-бет (Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль) ⇒251-бет (Крузиз-контроль) ⇒263-бет (Интеллектуалды круиз-контроль)</p>
	<p>Бейімделетін круиз-контрольді немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолдану кезінде EyeSight жүйесі уақытша өшірулі болды ма?</p>
	<p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясының  ажыратқышы басылған, алайда ол белсендірілмейді.</p>
	<p>Бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль қосылған ба? ⇒148-бет</p>
	<p>Автоматты шұғыл тежеу жүйесі қосылған ба? ⇒148-бет</p>

	<p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясының  ажыратқышы басылса да, бұл функцияның  индикаторы жанбайды.</p>
	<p>Бейімделетін немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшірілген бе? Бейімделетін немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль өшірулі кезде жолақта ортаға дәлдеу функциясының  индикаторы жанбайды.</p>
	<p>Қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы және қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы кенеттен өшеді.</p>
	<p>Сіз қолдарыңызды руль дөңгелегінен алдыңыз ба? Сіз қозғалыс кезінде қолдарыңызды жай ғана руль дөңгелегіне қойдыңыз ба? Егер жүйе жүргізушінің руль дөңгелегіне түсіріп отырған айналдыру сәтін анықтамаса, ол қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясын уақытша өшіреді.</p>
	<p>Сіздің автокөлігіңіз тік бұрылысқа кірді ме? Жолақта ортаға дәлдеу функциясы және қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы тік бұрылыста қозғалған кезде жұмыс істемейді.</p>
	<p>Сіз келесі операциялардың бірін орындадыңыз ба? ⇒150-бет (Жолақта ортаға дәлдеу функциясы) ⇒192-бет (Қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы)</p>
	<p>Тіпті қозғалыс жолақтарының белгілеу сызықтары бар болса да, қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы мен қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясы жұмыс істемейді.</p>
	<p>Жолдың ені тым кіші немесе үлкен бе? Жолақта ортаға дәлдеу функциясының және қозғалыс жолағынан шығудың алдын алу функциясының жұмыс істеуі үшін жолдың ені шамамен 3-4 м-ді құрауы тиіс.</p>
	<p>Менің автокөлігімнің алдында артқы габарит шамдары жанып тұрған көлік құралы қозғалып барады, алайда қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсендірілмейді.</p>
	<p>Көшбасшы автокөліктің ені тым кіші емес пе? Егер алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы мотоцикл, мопед, скутер, аса ықшам автокөлік немесе басқа енсіз көлік құралы болып табылса, қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсендірілмейді.</p>
	<p>Көшбасшы автокөлік пен сіздің автокөлігіңіздің арасында жылдамдық айырмашылығы бар ма? Немесе көшбасшы автокөлік тура сіздің автокөлігіңіздің алдында орналаспаған ба? Алдыдағы көлік құралы мен сіздің автокөлігіңіздің жылдамдықтарының арасында айырмашылық бар кезде немесе алдыда орналасқан автокөлік жолақтың шетімен қозғалып келе жатқанда қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы іске қосылмауы мүмкін.</p>

	<p>Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсенді болса, сіздің руль дөңгелегін ұстап отырғаныңызға қарамастан аспаптар тақтасының дисплейінде Keep Hands On Steering Wheel (Руль дөңгелегін қолдарыңызбен ұстаңыз) ескертуі бар үзілу экраны көрсетіледі.</p>
	<p>Жүйе тіпті сіз руль дөңгелегін қолдарыңызбен ұстап отырсаңыз да, руль дөңгелегімен әрекеттерді анықтамауы мүмкін. Ескертуі бар үзілу экраны жабылмайынша руль дөңгелегімен әрекеттер жасай беріңіз. Егер жүйе ешқандай әрекеттерді анықтамауын жалғастырса, қозғалысты автоматты апаттық тоқтату жүйесі белсендіріледі.</p>
	<p>Егер автокөлік қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы белсенді күйде қозғалыс жолағынан шығып кетуі мүмкін болса, аспаптар тақтасының дисплейінде Keep Hands On Steering Wheel (Руль дөңгелегін қолдарыңызбен ұстаңыз) ескертуі пайда болады. Егер қозғалыс жолағында ортаға дәлдеу функциясы осы күйде өшірілсе, OFF (Өшір.) түймесі көрсетіледі. (⇒ 153-бет)</p>
	<p>Тежелуді автоматты басқару жүйесі іске қосылғанда біршама шуыл пайда болады.</p>
	<p>Бұл тежеу жүйесін автоматты басқару жүйесінің жұмысының дыбысы — жүйеде механикалық және электргидравликалық компоненттер бар, және олар тежеу жүйесін автоматты басқару кезінде мезгіл-мезгілімен белгілі бір дыбыстар шығарады. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.</p>
	<p>Бейімделетін круиз-контрольмен немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольмен қарқынды қозғалыс жағдайларында қозғалған кезде тежелуді басқару жүйесі жиі белсендіріледі.</p>
	<p>Бейімделетін круиз-контроль немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль белсендірілген кезде EyeSight жүйесі алдыда орналасқан автокөліктердің немесе объектілердің қозғалысының негізінде басқаруды жүзеге асырады. Нәтижесінде жүйе камера модулі анықтаған көлік құралдарының немесе объектілердің қозғалу параметрлеріне бейімделгенше үдеу және баяулау жиі орын алуы мүмкін. Егер белгілі бір жағдайларда (мысалы, қарқынды қозғалыста, нашар ауа райында, қалалық жағдайларда және т. б.) алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі тұрақты қашықтықты ұстап отыру қиын болса, бейімделетін круиз-контрольді немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольді қолданбаңыз.</p>
	<p>Электрмеханикалық тұрақ тежегіші автоматты тоқтату функциясының әрекеті кезінде автоматты түрде қосылады.</p>
	<p>Электрмеханикалық тұрақ тежегіші келесі жағдайларда автоматты түрде қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Автоматты тоқтату функциясы (⇒ 101- және 131-бет) шамамен 10 минут бойы үздіксіз әрекет етеді. • Автоматты түрде өшірілу шарттары орындалуда (⇒ 104- және 134-бет).

	<p>Бейімделетін круиз-контрольдің немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің автоматты тоқтату функциясы қосұлы күйде қозғалтқыш тоқтатылады.</p>
	<p>Старт-старт жүйесінің бақылау шамы (жасыл) жанып тұр ма? Қозғалтқыш старт-стоп жүйесінің әрекетінің нәтижесінде тоқтатылады. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.</p>
	<p>Старт-стоп жүйесі бейімделетін круиз-контрольдің автоматты тоқтату функциясы қосұлы күйде қозғалтқышты тоқтатпайды.</p>
	<p>Старт-стоп жүйесінің әрекет ету шарттары туралы ақпаратты автокөліктің пайдалану бойынша нұсқаулығынан табуға болады.</p>
	<p>Бейімделетін круиз-контрольдің немесе интеллектуалды бейімделетін круиз-контрольдің автоматты тоқтату функциясы қосұлы күйде қозғалтқыш автоматты тоқтатудан кейін қайта іске қосылмайды.</p>
	<p>Старт-стоп жүйесінің бақылау шамы (сары) жанып тұр ма? Егер бақылау шамы (сары) жанып тұрса, селектор иінтірегін Р күйіне ауыстырыңыз және тежегіш педалі басылған күйде қозғалтқышты оталдырыңыз. Егер қозғалтқышты оталдырғаннан бақылау шамы (сары) сөнбесе, жүйені тексерту үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласыңыз.</p>
	<p>Жол белгісінің кескіні «---» болып өзгереді.</p>
	<p>Кейбір жағдайларда жол белгілері танылмауы мүмкін. ⇒232-бет ⇒239-бет</p>
	<p>Аспаптар тақтасының дисплейінде күтілмеген немесе дұрыс емес жол белгісі көрсетіледі.</p>
	<p>Кейбір жағдайларда жол белгілері танылмауы немесе дұрыс танылмауы мүмкін. ⇒227-бет</p>
	<p>Жылдамдықты шектеу белгісінің жоқ екеніне қарамастан жол белгісінің кескінінде көрсетілетін жылдамдықты шектеу мәні өзгерді.</p>
	<p>Тіпті жылдамдықты шектеу белгісі анықталмаса да, жылдамдық шектеуі ISA MAP деректерінің негізінде анықтала алатын кезде осы жылдамдық шектеуі аспаптар тақтасының дисплейінде көрсетіледі. ⇒231-бет</p>

MEMO



МЕМО